

Анастасия Новыхтың кітаптарында барлық әлем діндері пайда болып және қазіргі таңда жоғалған алғашқы (исконные) рухани ашық-шындық берілген. Себебі оның кітаптары арқылы берілетін ішкі күш адамның рухани оянуына септігін тигізіп, оны Шындық рухымен қанаттандырады, өзінің және айналасының рухани өзгеруіне шабыттандырады. Дегенмен, егерде әрбір оқырман өзінің рухани тұңғығын ашып, өзінің шынайы рухани табиғатын сезінсе оны өзі де түсіне алады.

Анастасия Новых кітабы көптеген сұрақтарға жауап береді. Мен кіммін? Менің өмірімнің мәні неде? Өзіңді қалай түсінуге болады? Қалай қайғыруды қойып, өзіңнің ойыңды бақылауда ұстауды үйренуге болады? Өз өмірің мен тағдырыңды қалай өзгертуге болады?

Адамның шынайы табиғаты қандай? Ғылым не туралы айтпайды (көзге көрінбейтін әлемдегі адам құрылысы туралы) және неге әлі күнге дейін бұл үнсіздік қастандығы сақталып келе жатыр?

Адам өлгеннен кейін онымен не болады? Оның жаны (душа) бар ма? Жан, тұлға дегеніміз не, олардың байланыстары қандай және олардың мақсаты неде? Жанды, тұлғаны, тәнді өлгеннен кейін не күтіп тұр? Әлемнің, микро және макроәлемнің құпиялары қандай? Хайуани сана дегеніміз не? Қалай материалдық әлем жүйесін зерттеуге және оның кодтау әсерінен тыс өмір сүруге үйренуге болады? Қалай бұл дүние құлы болмауға болады? Адамды және адамзатты жақын он жылдықта не күтіп тұр? Жаһандық катаклизмдер жағдайында аман қалып және рухани құтқарылу үшін қалай өзіңді, өзіңнің тағдырыңды, қоршаған қоғам өмірін өзгертуге болады?

Анастасия Новыхтың әлем және адам туралы іргелі білімдер жазылған негізгі кітабы «АллатРа» болып табылады. Бұл шығарманың түпнұсқасы Анастасия Новыхтың өзге де кітаптары секілді орыс тілінде жазылған. Бұл кітаптардың өзге тілдегі аудармалары түпнұсқа емес екендігін түсіну керек. Бұл өзге адамдарға ақпаратты жеткізуге тырысып, осы аудармаларды жүзеге асыратын адамдардың мағыналары мен түсініктерінің аудармалары деп айтуға болады. Шынайы білуші оның тек шын мағынасын ғана емес, сонымен қатар әсер ету күшін, бұл кітаптың рухын түсіну үшін «АллатРа» кітабын тек түпнұсқасында оқиды.

Күн сайын кітаптар арқылы берілген білім арқасында өзін және әлемді ашқан адамдар саны артып келеді. Әлемнің әр түрлі елдерінің адамдары осы

шынайы (исконному) дүниетаным арқасында бірігеді. Олар бір-бірімен танысады, бірге кітапта жазылған ежелгі рухани өзін-өзі тану техникасын қолданады және бірігіп өздерін және әлемді жақсы жаққа өзгертеді.

Анастасия Новыхтың кітаптарында келтірілген энциклопедиялық мәліметтер әртүрлі ғылым бағытында өз растығын тапқанын ескерейік: физика, астрономия, медицина, психология, тарих, археология, этнология және т.б. Кітапта келтірілген білімдер ежелгі уақыттағы барлық құрлықтағы адамдар ортақ рухани білімге ие болғандығын нақты растайды. Қазіргі уақытта кітаптар әлемнің көптеген тілдеріне аударылған және оны өзінің мәдениеті мен ежелгі қасиетті білім түсінігінің кілттерімен байыта отырып, бұл шынайы (исконные) білімді өз халқына жеткізуді мәртебе санайтын адамдармен аударылу жалғасуда.

Бүгінгі таңда Анастасия Новыхтың кітаптарын оқыған әлемнің әр түрлі елдерінің адамдарының жалпы халықтық бастамасының арқасында «АЛЛАТРА» Халықаралық қоғамдық қозғалысы құрылды. Қозғалыс мақсаты халық арасындағы жаңа сапалы мейірім негізіндегі қарым-қатынас құру, арам ойсыз өзара көмек, ешқандай мекен-жайына, әлеуметтік, ұлттық, саяси, діни бағытына қарамай барлық әлем бойынша жасампаз қарым-қатынас құру. Мәдени-адамгершілік, рухани құндылықтар негізіндегі бірігу мен достық барлық әлемдегі адамдарды «АЛЛАТРА» арқасында біріктіреді.

## **Анастасия Новых** Сэнсэй. 3-ші кітап.

Адам **Жарыққа** ұмтылады. Таза Сәуле өзінде Алғашқыны, өзі жаратылғанды **сақтайды**. Өйткені ол **Қайнар көзден** шығып жатқан Сәулелі Нұр. Бірақ көбіне адам шағылысқан сәулені Нұрдың (Сәуленің) өзі деп қабылдайды. Оған көзі байланып, оның жәй ғана бұрмаланған сәулесі екенін түсінбей Ақиқатты аңсайды. Және тек шын **Көз (Око)** ғана бар мәнін көруге қауқарлы!

Кітап 1991 жылдың жаз айларындағы оқиғаларды бейнелейтін бұрынғы оныншы сынып оқушысының жеке күнделігіндегі естеліктеріне сүйеніп жазылған.

### Пролог

— Болмыс иесін қараңғылық бар жағынан қоршады. Және тек от жалыны жарығының үні ғана, оның бар екендігін сағымдай көрсетеді.

**Түнектің келуін барлығы қорқынышпен күтеді,  
Ақыр заман уақытын болжауға тырыса.  
Бірақ шайтан олармен бірге дүниеге келеді,  
Құдайы жоқ ойлары мен сезімдері құлпында.**

**Зынданның есігі құлыптаулы болған кезде,  
Қараңғы түнекті көрген, жарықты ұмытар.  
Тіпті оның рухы сол күмән шайқасында,  
Тиым салынғанды таңдап, түнекпен қосылар.**

**Диірмен ойлар лезде барлығын жояды,  
Дала дәнін бір сәтте шаңға айналдыра.  
Ал түнек мінсіз кумирлерді бейнелейді,  
Ежелгі мәңгілік құпияны «жаңамен» алмастыра.**

**Бірақ рухымен мықты, ішкі жарық сәулесін танып,  
Қараңғылық көрпесін сыпырар.  
Мызғымас жалғыз сенімімен мәңгілікті тауып,**

**Басқа әлемдердің есігін ашар.**

**Құпиясы Құдайменен жазылған,  
Бірақ та ол көруші көздерден жасырылған.  
Қасиетті дыбысты ұғынушы ғана,  
Оның ұлы күшін тани алған.**

**Құпия белгісі енгізілген,  
Ағысын жылдамдатып уақыттың.  
Соңғы мүмкіндік адамға сый ретінде берілген,  
Төрешің осы әлемде, қорытындылауда соңын.**

**Рух дірілдеп, одан ерік (еркіндік) ұшқын алар,  
Мәңгілік шамшырақтан алау жанып.  
Еркіндікте туылып, жарық берген,  
Ғасырлар тағдырына нұрын шашып.**

Бұл әлем таңғаларлық ғажап, оның әрбір сәті болжауға келмейді және ондағы сенімді басылған әрбір қадам — белгісіздікке қадам басу, өйткені сен оның салдары не болатынын білмейсің. Сенің армандауыңа, болашаққа жоспар құруыңа болады. Бірақ сен оны қаласаң да, қаламасаң да өмір өзінің өзгерістерін сөзсіз кіргізеді. Сен құдды бір көптеген сынақтары бар ойынға қатысушы секілдісің. Барлық сынақтардан өтсең — өз арманыңды аласың. Бірақ арманың осыншама ауыртпалықтар мен жоғалтуларға тұрады ма? Әңгіме сенің не туралы армандағаныңда?

Біртүрлі көрінседе, барлығы көзге көрінбейтін заңдылықтармен, барлық адамдарда сол баяғы (бір) қайғы қайталанады: егер адамның арманы дүниелік деңгейде қалса, онда барлық сынақтардан өтіп, өзінің армандаған межесіне келген кезде, оның орындалмаған арманы неге екені білгісіз күткен үмітін ақтамайды, онымен бітпей уақыт өте ол бостыққа айналып, бар мәнін жоғалтады. Ал оған күш жұмсалды және ең жақсы жылдары кетті. Адам тағы да сары уайымға салынады, кейін жаңа дүниелік мақсатқа жету жолында бар күшін салады, бірақ ол шын мәнінде жасаған қателіктерін қайтадан жасайды. Және осындай бос әурешілік ойыны өлімге дейін жалғасады. Ақыр соңында өкінішті нәтижеге: мүмкін болғанның барлығынан жеңіледі, өмірлік күште жоқ, айналадағының барлығы сол баяғы ақымақ қателіктерді еш мәнсіз

қайталағандай көрінеді, тек ендігі айырмашылығы басқа адамдармен жасалған. Және ақыр соңында сүйегі қаусаған Өлім атты кемпір келеді, құдды бір ойынхана крупьесі (крупье-казино ойынын жүргізетін адам) секілді жалған жымысымен сенің толық (тотального) жеңілісің туралы: «Кешір адам баласы, бірақ бүгін сенің күнің емес» - дейді. Ал шындығында ең таңғаларлығы, әркім өз ішінен осындай бейбақ жалғыз мен ғана деп ойлайды. Және ол байғұс түптеп келгенде, өздерінің ақымақ армандарының арқасында жарнамалық тақтайшасында: «Олар барлығы секілді өмір сүрді және барлығы секілді өлді» - деп жазылған ғаламдық алдау (өтірік) жүйесінің торына түскен миллиардтаған құм түйіршіктерінің жәй ғана бір түйірі екендігін түсінбейді.

Бірақ өмірде бәрін жалмайтын дүниелік азулы ауыздан айналып өтер жолдардың бар екендігін білетіндер аз. Және олардың жол басшысы (жол сілтері) — рухани мақсаттар. Бұл, ол жол тегіс әрі ыңғайлы дегенді білдірмейді. Керісінше, өмір бойы төмпешіктер мен ойқы-шойқы жолдар, сенің Жаратушыға жетілген болмыс ретінде барамын деген жалғыз ойлаған арманыңды үздіксіз тексеру мен сынауға толы. Жол қиын. Бірақ егер ішкі жан дүниенің сенім негізіне зейініңді жинасаң, өткен әр күніңмен оны шынықтыра түссең, ғажайыптар болады: қиындықтарды еңсеру қызықты сталкингке айналады, жайсыздықтар — өмір жолындағы қауіптерді ескертетін белгіге, күтпеген кездесулер мен оқиғалар — жүрісіңді дұрыс бағытқа көрсететін белгішелерге айналады. Және қарап тұрсаң, барлығы өте қарапайым (оңай) екен! Тек дүниелік ақымақ армандарға бой бермей, ғаламдық алдаудың торына түсіретін оның кең жолдарына бұрылмасаң болғаны.

Осындай өмірлік жолға байланысты қаншалықты біртүрлі көрінсе де, құдды бір көрінбейтін заңдылықтарға сай, бар ойымен руханиятқа ұмтылған адамдарда, сол баяғы бір тарих қайталанатын: адамгершілікпен, абыроймен өз өмірінің жылдарын артқа тастап, дүниелік қиындықтарды Құдайға деген махаббатымен жарып өтіп, сыры белгісіз рухани (құдайы) күшке, рухының (жанының) қуанышы мен ішкі жан дүниесінің тыныштығына ие болады. Оларға Өмір қорқынышты емес, оларға Өлім қорқынышты емес. Өйткені Өмір олар үшін — Рухының сапарындағы уақытша пана, өйткені Өлім олар үшін — мәңгілік өмірдің, Құдай әлемінің Қақпасы. Және бар мәні, рухани адамдар жәй ғана сеніп қоймайды, олар жоғары әлемнің бар екенін біледі. Ал дүниелік ойлармен өзін алдандырғандар, өтірік жүйеде сіңіп, тіпті бұл ақиқатқа сенуге де күштері жоқ. Өйткені шын өмірді дүние шынжырынан көре алмағанымен қоймай, тіпті өз өмірін дұрыс бағалай алмайды. Дегенмен бұл әлемде әркімге ниетіне қарай: кім нені қаласа, сол беріледі.

\* \* \*

Біздер түске таяу ояндық. Күн айтарлықтай жоғары тұрды. Аспан ашық еді. Теңізде тұнған тыныштық. Кешегі дауылдан кейін теңіз жағасы, әрине таңғаларлықтай еді. Қызық, кешегі дауыл қатты ашуымен тиген құрлықтың бір бөлігі керемет тазарып қана қоймай, тіпті жаңарып қалғандай. Оның жаңарған аумағы, дауылмен жағаға шығарылған балдырларымен, өркениеттің әртүрлі қоқыстары, кесінділерімен теңіздің өзі сызған ирелеңдеген шекара өтіп жатты. Теңіз адамдармен әзілдескендей құрлықты өздерінің қоқыстарымен толтырды. Дегенмен теңіз өзі үшін, өзінің жақын құрлығы үшін тұра алады. Жалғыз ғана күшті дауыл — ал қандай тәртіп десеңші, бастапқы тазалығындай!

Судан зардап шекпеген құрлық, оның ішінде біздің лагер орналасқан жерде бар, көзге аянышты көрінеді. Бірақ бұл бейберекетсіздік кешегі оқиғалармен салыстырғанда, әрине ештеңе емес. Әдеттегі ұйқы мен сергек тәртібі бұзылған менің ағзам үшін аз болғандай, көлік апатынан кейінгі жағдай секілді мүлдем шаршаған тәніме, кешегі Сэнсэйдің әңгімелері мен демонстрацияларын басымда сюжетше айналдырып, ойларым өз эмоциясында асып-тасып жатты. Жалпылама тәнімнің әлсіз тартқан фонында олардың қанық болғаны соншалықты, тіпті жаңа ғана болғандай әсер береді. Біздерді Сэнсэй әлемінен бөліп тұрған осыншама ұйқы сағаты болмағандай.

Кешегі қатты таңғалыстардың әсерінде тек жалғыз менің ғана жүрмегенім айдан анық еді. Себебі, «таңғы» серуендегі балалардың алғашқы айтқан сөздері — бір күн бұрын болған оқиғалар туралы болды. Әртүрлі таңғалыстың бұл каламбурында, алдын ала құрғақ (кепкен) тамақтармен азықтанып, біздер лагер аумағын ретке келтіруге кірістік. Жұмыс көп болды. Бірақ Сэнсэйдің басшылығымен, тату (достық) бірлікпен, жұмыс тез ыңғайға келді. Үлкен балалар (жігіттер) көлікті ретке келтіріп, шатырды дұрыстап бекітуге кірісіп кетті. Қалғандары — лагер аумағының қоқысын жинауға, кешегі дауылдан зардап шеккен өз заттарын дұрыстап жууға кірісті. Қарқынды шаруашылық жұмысымыздан кейін шатырлар арасына жіпті кердік те, өз заттарымызды іліп қойдық. Біздің лагер цыған тобырына ұқсап шыға келді.

Халық мазасы кеткен бал омартасындай (улей) «ызылдап» кетті. Осы кезде, кешегі Сэнсэйден көрген мен естігенді талқылаған әңгімелер естілді. Лагерді тазалап жатқан кезде маған біресе балалардың бір тобының қасында, біресе екінші тобының қасында жүріп, олардың таңғалыстарын естуге мүмкіндік болды.

— Жоқ, ойдың осыншалықты күшке ие екендігін қарасаңшы! — деп Костя біздермен бірге дауылдан кейінгі жағалаудың бір бөлігін тазарта, талқылай сөйледі.

— Иә, кеше Сэнсэй жоғары класс көрсетті! — деді Андрей.

— Ага! — деп басын изеді Руслан. — Ол қалайша... Отырдық, отырдық, бабах және қандай дауыл десеңші! Мен ақыр заман басталды деп ойлап кеттім! Киіміміздің жібіне дейін су болды. Андрей күлді.

— Ой өзімшіл, жалғыз сен ғана малынып, басқаларымыз құрқақ қалғандай.

— Жо, мен оны жәй, жалпылама айттым, — деп Руслан асығыс ақтала бастады.

— Ондаймен, ондаймен салыстырғанда біздердің суға малынған заттармыз не болыпты..., — деп Юра өзінің сезімдерін шабыттана білдіргісі келді, бірақ керекті сөздері аузына түспеді.

Костя өз аумағын тазалап жатып, құрғақ бұтаны жерден алды да дәмін татып көрді. Бірақ лезде жиіркеніп (скривившись), түкіріп тастады.

— Тьфу, неткен жиіркенішті еді! — деп оны үйілген қоқыстарға лақтырды да, тыржиган күйі:

— Сэнсэйдің қалайша ащы жусанды тәтті қылу қолынан келді? — деп сұрады.

Андрей оның мимикасына қарап, күлді де көңілді айтты:

— Берген кезде өзінше болмай дәмін байқап көру керек еді.

Костя досының мазақтағанын елемей, таңғала (озадаченно) мәнін түсінуге тырысты.

— Түсінсем бұйырмасын. Мүмкін маған тәтті болып көрінген шығар?

— Иә, солай! — деп Андрей мысқылдай наразы болды. — Маған да солай көрінді, балаларға да солай. Кешір, бірақ мен шекерді бұрыштан ажырата алатын жағдайдамын.

— Иә, бірақ ол оны қалай жасады?! — деп Костя еш басыла алмады. Кеше өзі тәтті дәмін татқаны мен өз сенбеуінің ортасында сенделгені анық.

— Қалай, қалай? — деп оның үнін Андрей мазақтады. — Маған кенеше неге жабысып қалдың? Әнекей Сэнсэй, бар да өзінен сұра.

Андрей кезекті жиналған қоқыс үйіндісін әрірек, қамыс жаққа қарай алып кетті. Ол келген кезде Костя тағы да оған өзінің «данышпан болжамын» айтты.

— Мүмкін бұл массалық гипноз болған шығар?

— Жоқ, біздерді гипноз күйіне түсіруге болатынын мен түсінемін. Ал теңіз ше? Оған бәрібір, ол теңіз емес пе! — деп кезекті болжау нұсқасын бірден бұзды.

— Иә, теңіз түкіре алады, — деп Руслан соңғы сөздерді естігені анық, қоқыстарды ортақ үйіндіге жинап жатып айтып қалды.

Балалар күлді, ал Андрей сергек сөйледі:

— Ал негізінде Сэнсэйді кездестіріп жолымыз болды. Тек бір ғана кештің өзінде бар өмірімізде көре алмайтын — қаншама нәрсені естіп, көре алдық!

— Енді, көргенімізден түйгеніміз көп емес-ау, — деп Костя қарсы сөзін айтты. — Мен мысалға оны қалай жасағанын әлі түсінген жоқпын.

— Қап, «Философ» болғаның құрысын! Сенің басыңмен тек философия тасын ғана жаруға болады, — деп Андрей оған мысқылдады. — Ештеңе етпес, уайымдама, өскен соң, түсінесің.

— Өзің бір нәрсе түсінгендей, — деп Костя жауап қайтарды.

— Теориялық тұрғыдан иә. Тек іс жүзінде меңгеру ғана қалды, — деп күлді Андрей.

— Жоқ, Андрюха саған практиканы сеніп тапсыруға болмайды, — деп Руслан көңілді айтты. — Әйтпесе ол бізде: бір от алса, кейін ешкім тоқтата алмайды.

Балалар күлді. Мен жұмысымды аяқтап, Татьянаға көмектесуге кеттім. Ол біздің үлкен балалар Женька мен Стас бекіткен шатыр жанындағы тазалықпен алысып жатыр екен. Жігіттердің де әңгімесі сол тақырыпта еді. Бірақ өздеріне жұрт назарын аудармай, тыныш қана әңгімелесіп жатты.

— ...Айтпа, сол дауылды есіме алсам, әлі күнге дейін денем қалтырайды, — деп кезекті жібін бекіте, Женька Стасқа ұяла айтты. — Сэнсэй теңіз суы құйылған стаканды қолында қанша уақыт ұстады?! Бір минут қана ма?! Ал кейін қандай дауыл тұрды десеңші! Мен шынымды айтсам, барлығымызды су шайып кететін шығар деп ойладым. Тіпті ойша жақындарыммен қоштасып та үлгердім.

— Қоштасып үлгерген жалғыз сен емессің, — деп Стас байқай сөйледі.

— Бұл енді ойын емес. Бұл күш орасан қуатты... Сен білесің бе, Сэнсэйдің біздерге айтқандары және біздерді неге үйреткісі келгенін, барлығының қаншалықты маңызды екенін тек енді ғана түсіндім. Осындай білімді меңгерудің (білудің) қаншалықты жауапкершілік екенін елестете аласың ба?

— Айтпа, бұлар жаман ниеттілердің қолына түссе...

— Қолын қоя берші, тек бастарына емес, — деді Женька. — Бар пәле бастан. Сондықтан басты бар қоқыстан тазарту үшін өзіңмен мұқият жұмыс жасау керек. Әйтпесе анда-санда сасық ойлар кіріп тұрады.

— Дәл айттың, қанша сақтанғаныңмен бәрібір, жөнсіз ойлар шығып тұрады.

— Демек, бұған тиянақты қарау керек. Рухани жұмыс — біздің бар өмірлік ұсақ-түйектен әлдеқайда маңызды.

Женька арқан қазығын құммен толтырып, үнсіз қалды. Ал кейін теңіз жаққа қарап, ойлана айтты:



— Мен бүгін де ұйықтай алмадым. Сол толқындар көз алдымнан кетпейді. Иә, егер сол кезде Сэнсэй теңізді тоқтатпағанда, ойлап көрші, бұл жерде ешнәрсе қалмас еді.

— Бұл анық, — деп Стас мұндана басын изеді. — Жәй ғана осыны түсінуден-ақ зәре-кұтың қашады.

— Эх, — деп Женька ауыр күрсінді де Стаспен бірге басқа шатырға қарай қозғалды.

Біз Татьяна екеуміз тазалық жұмыстарына беріліп, Сэнсэй, Николай Андреевич, Володя және Виктор жанында тұрған көлікке қалай жақындағанымызды білмей қалыппыз. Төртеуі «Волганы» тиісті жағдайға әкелу үшін моторды қарап жатты.

— Андреич, түнде оны қыздыру қалай қолыңнан келді, түсінсем бұйырмасын?— деп Володя күлкімен айтты.

Оған Николай Андреевичте күлімдеп жауап берді:

— Тірі қалғың келсе, одан да қиынын қыздырасың.

Ер адамдар күлді. Және күлкі басылған кезде Володя:

— Иә, кешегі кешіміз естен кетпестей болды.

— Бастысы, қаншама алған әсерлер! — деп Николай Андреевичте келісе айтты.

Сэнсэй темекісін тұтатты. Виктор жалпы дамыл қаққан сәтті пайдаланып, Сэнсэйге өз ойларын айтуға асықты.

— Мен таңға дейін көз іліндіре алмадым. Ойда болдым. Адамдар қалайша Әулиенің қасында, тіпті Агапиттің жанында бола тұра, лезде оның Ілімін осы дүниеге оңай айырбастай салған. — Виктор айналасына жаратпаған наразы жүзімен қарады да, ішкі жан күйімен айтты, — бұл бейберекетсіздікке?! Бұның барлығы уақытша емес пе! Бір ғана сәт! Бұл бір сәттік қарныңның тоюын мәңгілік аштыққа айырбастаумен тең. Жоқ, мен бұны түсінбеймін... Және адамдар Құдай әлемін осы алдамшы дүниеге айырбастайтындай осыншалықты опасыздыққа қалайша түскен?

— Енді сен нені қалап едің, — деп Сэнсэй біртүрлі мұндана күлді. — Пенденің аты пенде. Олар тіпті Құдайдың бар екендігіне күмән келтіреді, ал сен Мәңгілік туралы айтасың. Сондықтан да олар жанымен сезінгенді емес, көзімен көргенді таңдайды. Бұл адамдар... Олар тіпті бір күннің өзінде өз ойларын үш өзгертеді. Ал сен олардың ғаламдық таңдауы туралы айтасың. Көпшіліктің өмірі ағынға ұқсас: ол қай бағытқа қозғалса, ағынмен сол бағытқа кетеді...

Осы кезде жағалаудан қатты айқай естілді. Ол жерде балалардың күлкісімен Стас қолында Женьканың кеше кешкісін теңізге су алуға барған стаканымен артынан қуып жүр. Жігіт досының артынан қуа, күлкімен айқайлайды:

— Бұл сенің сүйікті стаканың емес пе!

Оған Женька епті жалтарып:

— Оны менен алып кет! Бұл стаканға менің аллергиям бар. Мен саған алып кет деп тұрмын! Әйтпесе қазір оны бір жеріңе тығып жіберемін және қолыңды сындырамын!

Сэнсэй бұл картинаға қарап күлді де, бітпеген темекісін сөндіріп, моторды қарау үшін тағы да капот астына еңкейді. Қалған ер адамдар да қосылуға асықты. Мен олардың сөздеріне құлағымды түріп, әңгімелерінің жалғасын естуге талпындым. Бірақ капот астынан көліктің бұзылғанына қатысы болуы мүмкін техникалық термин сөздер ғана естілді. Әңгіменің жалғасы болмайтынын түсініп, мен қайтадан тұрмыстық жұмысыма кірісіп кеттім.

Сәл кейінірек ұжым түскі ас дайындауға тату кірісіп кетті. Біздің жас тобымызды — Андрей, Костя, Слава, Татьяна және мені — картоп тазалауға қойды. Николай Андреевич Сэнсэймен бірге көлікпен арпалысып жатты. Ал қалғандары — Женька, Стас, Виктор, Юра, Руслан, біздің спецназ Володямен бірге — от жағуға отын жинау үшін және түнде дауыл ұшырып әкеткен үрмелі қайықты іздеуге кетті.

Картопты бесеу болып тазалау (қабығын аршу) — бұл әрине күлкілі шаруа. Күнделікті тәжірбиесінің жоқтығынан нашар аршығандар, сәйкесінше картопты тазалағылары да келмеді. Бірақ басқа жағынан өз жолдастарының алдында «ұятқа» қалуға да болмайтын. Сондықтан компромисс әзілден табылды.

Барлығы Костядан басталды. Оның лақап аты Философ болуы тектен-тек емес еді. Басында ол өз жұмысын адал атқарып, қырсық картоптың (және ең үлкенін таңдап алған) қабығын дұрыс ашуға тырысты. Бірақ үшіншісіне келген кезде оның энтузиазмы тез сарқылып қалды. Табандылығы апатиямен және өсімдері пішінсіз ең ұсқынсыздарын қараумен алмасты. Осы кезде Философқа күтпеген жерден шабыт келе қалды. Ол құдды нағыз шебердей картоптардан толық образдар жасай бастады, бірақ көбіне ол образдарды біздердің қиялымызда суреттеді. Осылай «Венера Таврическая», «бір көзді қарақшы» пайда болды. Және Костяның пышақпен өңдеуінен кейін «бір аяқты балтақтыға» айналып шыға келді. «Қорқынышты» күйдегі ғарыш келімсектері, ал кейін Андрейдің егде тартқан шағының портретіне де жетті. Бұған Андрейдің өзі сол бойда картоптан Костяның физиономиясын жобамен кескіндеді де, айтуы бойынша егер ол ақымақтығын жалғастыра беретін болса, жақын болашақта дәл осындай кейіпке енеді-міс. Бірақ бұл Костяның одан әрмен шамына тигендей. Және де ерекше құлшыныспен отырғандардың әрқайсысына «портреттерді» іздеуге кірісті. Андрейге мүсінін салуда жолы болған екен. Келесі «шедевр-портреттерін» Костя біздердің өткен болмаса

болашақтағы өмірімізбен әдемілеп сөзбен байланыстырып берді. Және ұсқынсыздарын таңдауға тырысқаны соншалықты, сөз шеберін шіріген картоп қабығымен тасша жаудыртуға аз-ақ қалдық. Егер дер кезінде жанымыздан өтіп бара жатқан Николай Андреевич болмағанда, Костяның беті Андрей мүсіндеген картоптан аумай қалар еді.

— Ал керек болса! — деп Николай Андреевич Костяның жанында шашылып жатқан картоп қабықтарына қарады. — Тазалап, тазалап енді қайтадан қоқыстайсыңдар ма?!

— Қазір біздер тазалаймыз, — деп бәріміз үшін Татьяна жауап берді.

— Түсінікті, жергілікті маңызы бар төбелес, — деді психотерапевт.

— Жоға, жәй ғана алдын-алу іс-шарасы, — деп Андрей күлді.

— Алдын-алу іс-шарасы, — деп Костя шамына тиді. — Иә сонымен саған басыннан осыншалықты ақылды сөздерді табу қалайша мүмкін болды?

Бұл сөздерінің арқасында оған тағыда Андрейден бір уыс картоптың қабығы ұшты. Костя күле жалтаруға тырысты да, Николай Андреевичке: — Мен тура Нострадамус секілдімін, олардың болашақ өмірлері туралы бар шындықты айттым. Ал олар — пайғамбарды — шіріген картоппен!

— Ештеңе етпейді Костя, — деп Николай Андреевич жігерін көтерді. — Нострадамус одан да зорын көрген.

— Иә, бұл қудалау — Ұлылардың тағдыры! — деп Костя паңдана (пафосом) сөйледі.

— Сен Ұлыларға қызықпа, — деп оны Андрей мазақтады. — Біздер сені онсызда қудалаймыз.

Барлығы тағы да күліп, өздерінің шаруашылық істерін жалғастырды. Көп ұзамай үлкен балалар да (жігіттер де) келді. Бақытымызға орай, үрмелі қайық табылыпты. Бірақ екі жастығы (подушечек) жоқ екен. Бұл әрине қиын емес. Ал отын үшін ағаш шыбықтарды жинау қиынырақ болған. Кешегі дауылдан кейін көбісі әлі кеуіп үлгермеген.

— Мұндай отын қорымен біздер тіпті сорпа да пісіре алмаймыз, — деп бар жиналған кішкене құрғақ бұталарға қарап Виктор қорытындылады.

— Дегенмен, примус пешін сатып алу керек, — деп Женька танымал «Джентльмены удачи» кинофильмінің басты кейіпкеріне еліктеп, әзілмен айтты.

— Аршылмаған картоп қалды ма? — деп Виктор тазаланған картоптар салынған шелекке меңзеп сұрады.

— Қалды, — деп пакетке қарап жауап бердім.

— Жақсы. Оны жанған от астына құмға көмейік. Егер отында піспесе, мүмкін осыдан бір нәрсе шығатын шығар.

Және солай жасадық. Негізінде біздер тамақ жайында қатты бас ауыртпадық. Кешегі базарға баруымыз және қорымызды толтырып алуымыз, біздің денсаулығымызға алаңдағаны анық, Николай Андреевич көбірек айтқан (настаивал) ыссы тамақсыз аялдауымызға мүмкіндік берді. Біздер алдын-ала жер қазып, оған тазаланбаған картоптарды салып, үстіне от жағып, осындай отын қорымен картоптан екінші асты дайындаймыз деген үмітімізді жоғалтып, сорпа дайындауға кірістік.

Тағамды ұзақ, күлкілі дайындау процесі кезінде, сылдыр сорпамызды Костя мен Татьяна кезекшілік етіп тұрған сәтте, балалардың бірі бізден алыс емес жердегі жағалау бойымен кербездене жүзіп бара жатқан әдемі ақ түсті яхтаны көрді. Барлығы өзінің ұзақ шаруашылық жұмыстарын тастап, көгілдір аспан мен теңіз суының қою көк фонына, осындай қардай аппақ ғажайыпқа сүйсініп жағаға жиналып қалды. Тек Сэнсэй мен Николай Андреевич қана «Вольга» капотының астында ықыласпен жұмыс жасап жатты.

— Біреулердің жолы болғыш, — деп Руслан қызғанышпен айтты. — Адамдар яхтамен серуендеп жүр.

— Ал саған кім кедергі? — деді сэмпай (Виктор). — Өнекей үрмелі қайық, барда серуендей бер.

— Иә, қайығың бар болсын, ал бұл яхта емес пе! — деп «яхта» деген сөздің өзінен ләззат алғандай, Руслан сөзін созыңқырап айтты.

— Иә, мұндаймен жүзуден мен де қашпас едім, — деп күтпеген жерден Женькада сөзімен келісе кетті.

— Сұлу, — деп Стас басын изеді.

Костя да қолын төсіне айқастырып өз ойын айтудан қалыс қалмады:

— Мен мұндайды тіпті теледидардан да көрген емеспін.

Володя сол бағытқа күдіктене қарап:

— Қызық, біздің өлкемізде ол қайдан пайда болды? — деді.

— Мүмкін қандай да бір патриот, жаңа орыс (новый русский) қалжыңдап жатқан шығар, — деп Женька күле айтты.

— Жақсы жаңа орыс екен, — деді Володя әзілмен. — Яхтасына қарағанда — ең жоқ дегенде мұнай өңдеу компанияның қожайыны секілді...

— Иә, — деп күрсінді Виктор. — Бізге олай өмір сүру қайда. Егер олай бола қалса, оның өзінде де ұзақ емес. Жарайды, жүріңдер. Көрдіндер, бізге осы да жетеді. Орындалмас армандарға ерудің не қажеті бар? Бәрібір он минуттан кейін көкжиек таза, аспан ашық болады.

Бірақ Виктордың кеңесімен біздер енді кеткелі жатқанда, кенеттен лагерімізге қарама-қарсы яхта тоқтай қалды. Бұл қызыға қараған көздерімізді тағы да өзіне бұрды. Яхтадағы адамдар әбігерленіп жатты. Сол жақ бетінен суға қайық түсірілгендей, себебі бірнеше минуттан кейін яхтаның артынан

әдемілігі кем емес және ерекше, ескі заманға сай оюлы әдемі борты мен ескегі бар қайық көрінді. Қайықта алты адам болды. Және біреуі ақ түсті костюмде, басында қардай аппақ қалпағы бар, қалғандары секілді отырмай, жақындаған жағалауға қарап тұрды. Қайық сәл жақындаған кезде біздер қайық жолаушыларын біршама анық көре алдық.

Қайықтың басында бізге арқасымен отырған қара киімді және жартылай таз басында күлкілі жіңішке өрілген шашы бар ер адам. Ол құдды бір мумия секілді еш қозғалмастан, бұрылмастан, жағадағы болып жатқан еш қызықтырмағандай отыр. Қайық ортасында көк түспен көмкерілген, ақ форма киген төрт ескекші-матростар. Ал қайықтың артқы бөлігінде керемет аппақ костюм киген және сырт пішіміне қарағанда осы яхтаның иесі тұрды. Оның киген киімі шымыр дене бітімін көрсетеді. Ақ қалпағы құпиялы көлеңке түсіріп, көздерін жауып тұр. Басы сәл жанына бұрылған (қисайған). Пиджагының түймесі жеңіл ағытылған. Қолдары шалбарының қалтасында. Ер адам кенет шайқалудан суға құлап кетемін деп еш алаңдамастан қайықта нық тұр.

Біздер не болып жатқанын түсінбестен, барлығын қызыға бақылап тұрдық. Тек Володя ғана болып жатқанды дұрыс бағалап:

— Бұл жерде бір гәп бар. Сэнсәйді шақыру керек, — деді.

Сэнсэй мен Николай Андреевич келген кезде, қайық жағалаудан алыс емес еді.

— Сэнсэй, бұл кім болуы мүмкін? — деп бәріміздің сұрағымызды Стас қойды.

— Енді, біздер қонақта емеспіз бе, — деп Сэнсэй ластанған қолын шүберекке сүртіп, кішкене мұңдана, құпия жауап берді.

Біздерге қарағанда бұл қонаққа Сэнсэй мүлдем таңғалмады. Және маған Сэнсэй бұл оқиғаға, әдемі яхталар біздерге күн сайын келетіндей әдеттегідей қарағандай боп көрінді.

— Қандай мағынада қонақтамыз? — деп Женька бүйірін таяна, бажандады.

— Қорық аумағында ма? — деп Николай Андреевич сұрақты нақтылады.

— Енді соған ұқсас, — деді де Сэнсэй қолын сүртіп, жақындаған қайыққа мұқият қарады.

— Иә, бұл қорық қағаз жүзінде ғана солай! Жағалау басында «жабайылардың» қанша шатырларын көрдік, — деп мамандығы заң саласында болған Виктор наразы болды. — Біздің уақытта осы құм жолағы кімге керек? Бір жапырақ жерге ақша шашып, бұл жерде кім оны қориды?

— Ол да дұрыс, — деп Володя келісе айтты. — Және егер осы жағалауды (косу), қайдағы бір «советтік» басшы сатып алып үлгерсе де, ол осындай қымбат яхтамен жүреді ме? Жоқ, бұл анық инспекция емес.

— Кім біледі, — деп Сэнсэй иығын көтерді.

— Мен бір жаңа орыс деп айтып тұрмын! — деп Женька қайықта тұрған адамға назарын салып, өзінің нұсқасын тағы еске салды.

— Біздің жабайы жерде, біздердей аборигендер арасында оған не керек болды екен? — деп Костя таңғалды. — Егер менде осындай яхта болса тек атакты шипажайларға ғана тоқтайтын едім.

— Енді бізде экзотика емес пе! — деп Андрей күлді.

Мен бұрылып қарадым да: «Бұл нақты, бізде экзотика таңғаларлықтай», — деп ойладым. Айнала дауылдан кейінгі бейберекетсіз шашылғанымен қоймай, қаңғыбастардың панасы секілді лагеріміз біздердің жуылып ілініп тұрған заттарымыз бен шалбарларымызға толы еді.

— Жоқ, шыныменде оларға не керек? — деп тіпті Юраның өзі шыдай алмады.

— Неге, не керек... Бензиндері таусылғанда, — деп Женька әдеттегідей әзілін айтты. — Көрмеймісің, қалай есіп келе жатқандарын.

Балалар күлді.

— Осылай барлығында жомарттығымыз көрінеді, — деп Николай Андреевич күлді. — Яхта сатып аламыз, оны аямай жуамыз, ал таңертеңгісін бензинге ақша жетпей қалады.

— Бұл дұрыс, — деп Володя басқаларымен бірге күліп, басын изеді.

Қайық жүзіп жеткен кезде екі матрос суға секіріп, қайықты жағаға, құмға тартты. Жолаушылар қайықтан түсті.

«Елшілер» біз ойлағаннан басқаша, ақ костюмдегі ер адам, өзін жар сала таныстырусыз деп айтпақшы бірінші болып біздің жаққа қарай қозғалды. Бет-әлпеті қырық жас шамасында. Орта бойлы, сымбатты келген. Бет-жүзі қайратты көрінгеніне қарамастан, тартымды, мінсіз деп айтуға болады. Құйып қойғандай өзіне әдемі жарасқан ақ костюмі, жеке тапсырыспен тігілгені көрініп тұрды. Күнге қарайған жүзі мен қолдарына керемет жарасып тұр. Оң қолында, орта саусағында сопақша үлкен қызыл рубин тасы, жандары көк түсті тастармен әшекейленген, үлкен алтын сақина (перстень) жалтырайды.

Сенімділігі мен сабырлылығына қоса бөтен ер адамның бар сырт келбеті, оның білінбес (көрінбейтін) үстемдігін (артықшылығын) көрсетіп тұрғандай. Біздерге алыстан-ақ, оның әтірі болуы керек, ерекше жағымды хош иістің лебі келді.

Оның сол жағында, кішкене қашықтықта, оның құдды бір көлеңкесіндей, кара қытай кимоносында кішкене бойлы ер адам келеді. Ол анық шығыстан еді, қытайға болмаса маңғолға ұқсайды. Қысық көз, маңдайы кең. Басының жартысы төбесімен бірге мұқият қырылған және таздығы жылтырап тұр. Жандарындағы кара-шайырлы шаштары, желке жағына ұқыпты, селдір

өрілген. Жанары суық әрі ешқандай сезім білдірмесе де, жүзінде мөрше, жылы шарайлы күлкі тұрды. Ер адам өзінің басшысынан айырмашылығы, ыстық құмды жалаң аяғымен баса, еш дыбыссыз жасырын жүрісімен қозғалады.

Біздерге жақындап арамыздан Сэнсәйді көріп, яхта иесі езулене жымыды. Оның сүйкімді, жағымды күлкісі көрінді. Біздердің айтып жеткізе алмас таңғалысымызға орай, әлгі ер адам Сэнсәйге ескі таныстарша келді де, біз үшін құпия сол баяғы, бұлбұлдың (құстардың) сайрауына ұқсас тілде сәлемдесті. Сэнсәйде әдеттегі күлкісімен (дежурный улыбка) жымыып, қолын беріп амандасты. Маған Сэнсәй бұл кездесуге қатты қуанбағандай көрінді. Мен бұл жағдай біз үшін түсініксіз тілде айтылған жақсы емес жаңалықтармен байланысты деп ойладым. Қалай болғанда да бұл ыңғайсыздық жағдайы тек интуитивті деңгейде ғана сезілді, себебі Сэнсәй де әлгі ер адамда бір-бірімен күліп амандасып жатты.

Түсініксіз тілде бірнеше сөздерді айтып, біз үшін кенеттен Сэнсәймен орыс тілінде сөйлей жөнелді және тіпті ешқандай акцентсіз.

— Көріп тұрмын, баяғыша жалғыз емессің? Әлі күнге дейін жастарға шыныменде Шығыс қызықты ма? — деді де жылы шыраймен біздерге, мысқылдаған жүзімен бе, әлде өткір көз қарасымен, болмаса біздерді зерттегендей қарады.

— Көріп тұрғаныңдай, — деп Сэнсәй жауап берді.

Бейтаныс ер адам күліп жіберді.

— Бұл кешегі күн емес пе. Бүгінде сәнді беруші — Батыс секілді еді.

— Енді, әркімге әрқалай.

— Дегенмен, бұл маңызды емес.., — деді де үзіліс жасап, шақырусыз қонақ ойнаған даусымен: — Бұл елде әртүрлі сәннің сіңісуі қиын екенін мен ұмытып кетіппін, — деп қосты.

— Дәл солай.

Ер адам тағы да біздер жақты көзімен бір шолып өтті де, Татьяна мен маған назарын аздап кідіртті.

— Ал, мені достарыңмен таныстыр.

— Ал сені қалай таныстырайын? — деп Сэнсәй жымыып, көп мәнді сұрады.

— Иә, сен дұрыс айтасың, — деп лезде басын изеді де, тағы да езуін тарта жымыды. — Менің титулым (лауазымым) қазір өте ұзақ. Сондықтан салтанатсыз, еш рәсімділіксіз және ұзақ сәлемдесусіз-ақ (алғысөзсіз) бастайық. Қысқа сөйлеу — Таланттың бауыры деп айтпақшы...

Және осы кезде мүлдем кенеттен, ол маған қолын ұсынып, өзін таныстырды:

— Ариман. Жәй ғана Арик десеңіз болады!

Мен тіпті сасқалақтап, аздап кері шегіндім.

Жауапты сәтте қателесу демекші, өзіме жат, қарлыққан даусыммен:

— Настя, — дедім.

Бірақ әрмен қарай одан да күлкілі жағдай орын алды. Әдетімше оның қолын қатты қысып, тәнімде пайда болған дірілді жасыруға тырыстым. Осы кезде ер адам менің қолымды ерніне апарып, сүюге талпынды. Бірақ, мұндай жөнсіздік оны да ыңғайсыз жағдайға түсіргендей. Ақыр соңында мығым ұстауымен менің дірілдеген қолдарымды өз ерніне апара алды. Осындай сыпайы (сабаз) мәнері мені әдеттегі күйімнен мүлдем жаңылдырды (шатастырды). Мен тек жүзімнің ғана емес, тіпті құлақтарымның ұшына дейін қызарып кеткенін сезіндім.

Мен тез назарымды аударып, өз қылығым үшін ұялып, жерге, нақтырақ айтсақ құмға кіріп кетуге дайын болдым.

Ер адамның Татьянамен амандасуы әлдеқайда оңай әрі көркем көрінді. Менің «сәтсіз қол беріп амандасқанымды» байқап, ол осындай сәлемдесуге дайындалғандай көрінді. Бірақ ер адам жігіттер тобына амандасуға көше бастағанда, кенеттен бірінші болып біздің қалжыңбас Женька әдеттегідей кулана қолын ұсынды. Жігіт сәлем бере тізерлеп отырды да (реверанс), Татьяна екеумізге қалай жасау керектігін көрсеткісі келгендей, құрметті әйел адамша сүю үшін қолын ұсынды. Және қылымсыған (назды) үнімен:

— Женья, — деді. Бірақ лезде тұрып және сүюге берген қолын өзгерте: — Бірақ сіз үшін жәй ғана Жека болсын.

Мұндай әзілге барлығы, оның ішінде Сэнсэй мен Ариман да дауыстай күлді. Тіпті қытайлық та өзіне бірінші рет шын күлуге рұқсат берді. Женьканың әзілі алғашқы ыңғайсыздық пен кідірген жағдайды біршама жеңілдеткендей.

Ариман басқаларымен толық танысқан кезде, Женька яхта жаққа қарап іскерше:

— Жақсы қайық, — деді.

— Мағанда ұнайды, — деп Ариманда жағалау жолағына қарап күлді. — Бұл жерде жақсы дауыл болғанын көріп тұрмын.

— Иә, қайдағы-жоқтының бәрін шығарды, — деп Сэнсэй басын изеді.

— Жарты күн тазаладық, — деп әңгімеге жақын тұрған Виктор қосылды.

— Сіз не, кешегі дауылды көрмедіңіз бе? — деп Николай Андреевич таңғалды.

— Кешегі? — деп Ариман қайталай сұрады және көз қиығымен Сэнсэйге қарап: — Жоқ. Көрмедім. Мен бұл жерден алыста болдым, — деді.

— Өкінішті, — деп Женька кенеттен «жанашыр» сөзін айтты. — Бұл қайық сол дауылға шыдай ала ма, жоқ па көру қызықты болатын еді.

Ариман күлді де, тәкәппарлана:



— Менің есімде ол атлант мұхитының дауылына төтеп берген, қайдағы-жоқ өлкеде... — деп айтқысы келген сөзін тоқтатып, қайта ойланyp, теңізге қарады да: — бұл шалшықтағы дауылың не тұрыпты, — деді.

— Хм, мықты кеме екен, — деп бағалағандай Женька басын шайқады.

Мен осы сәтте ауаға таралған күйіктің жиіркенішті иісін сездім. Басқалары да сезгендей, бірақ қайдан шығып жатқанын түсінбей, өздерінің бар кейпімен «мәдениеттіліктерін» көрсетіп, ыңғайсыз иісті елемеуге тырысты. Ақыр аяғында Ариман шыдай алмай:

— Жігіттер (балалар) меніңше сіздерде бір нәрсе жанып жатқан сияқты, — деді.

— Сорпа!!! — деп Татьяна дер кезінде байқап, Костямен оттағы бұйырмаған сылдыр көжеге жүгіріп кетті.

Ал Женька ешнәрсе болмағандай маңызды түр танытып, қонақжай үй иесі секілді айтты.

— Ал біздермен түскі ас ішуді қаламайсыз ба?

Арамыздағы кейбіреулері түскі асымыздың быт-шыты шыққанын түсініп, шыдай алмай қарқылдап күліп жіберді. Ариманда оның әзілін бағалап, көңілді жауап берді.

— Рахмет айтамын. Бірақ менде қарсы ұсыныс бар. Сіздерді менің асымды бөлісуге шақырамын. Егер сіздер аста болуларыңызбен құрмет көрсетсеңіздер, мен қуанышты болар едім.

— Бұған біздер әрқашан ерекше ықыласпен дайынбыз, — деп Женька барлығымыз үшін қуана сөйлеп, рахметін лепіріп айтуға тырысты: — Біздер сізге ондай құрметті қуана береміз. Себебі бізге де асыңызды ұжымымызбен бөлісіп сізге құрмет көрсету, біз үшін де құрмет.

Бұл қаламбурдан барлығы тағы да күлкіге батты. Ал Женька барлығына қосымша, маңғаз түрімен, «құрметті қонақ» алдында қолынан келгенше басын иді. Барлығымен бірге күлген Ариман қолын сілтеді де:

— Енді осындай тума дүлдүлдің отты сөздеріне қарсы тұру мүмкін бе?! Сіздер осындай құрметмен менің ұсынысымды қабылдағандарыңызға мен қуаныштымын, — деді.

Бұл сөздерді кезекті қалжың деп ойлап, барлығы тағы да күлді. Бұл сәтте Ариман қытайлық жаққа қарады да, тыныш даусымен:

— Велиар, ұйымдастыр, — деді.

Қытайлықтың есімін естіп, мен біршама таңғалдым. Себебі ол оның образына мүлдем үйлеспейтін. Жарайды егер Шинг Ху, Чан Ши болса түсінер едім. Бірақ Велиар — осындай жасырын, түнерген адам үшін тым артық еді.

Қытайлық тапсырма алып, Ариманға құрметпен басын изеді де, асығыс қайық жаққа беттеді. Және ол күтіп тұрған матростарға тапсырма беріп жатқан кезде Виктор Ариманнан:

— Ал сіздің жолдасыңыз (Велиар) қолдарындағы мазолдарға қарағанда, шығыс жекпе-жек өнерімен шұғылданады ма? — деп сұрады.

— Иә, ол жақсы шебер, — деп Ариман мақтана айтты.

— Ал ол қай ұрыс стилдерімен жұмыс жасайды? — деп Виктор сұрады.

— Бәрінен аз-аздан, — деп жалтара жауап берді де Ариман қызыға сұрады: — Не боп қалды, қыздырынуға ынта бар ма?

— Болады, — деп Виктор иығын көтеріп сыпайы жауап берді.

— Бар, бар! — деп әңгімелерін естіген Женька көңілді айтты. — Және көп мөлшерде!

— Енді олай болса, не мәселесі бар, — деп Ариман күлді.

Мен қайық тұрған жаққа қарадым. Менің таңғалысыма матростар Велиардан тапсырма алып, қайықтан қозғалмалы моторды шығарды да, оны қайыққа бекітіп жағалаудан тез қозғалып кетті. Қытайлық болса өз иесіне адал итше жылдам қайтып келді. Ариман оған тез-тез шет тілінде бір нәрселерді түсіндіріп жатты.

— О?! — деп Женька таңғалды да, Сэнсэйден жәй даусымен сұрады. — Ол қандай тілде міңгерлеп тұр?

— Бұл ву — қытай диалектілерінің бірі, — деп жауап берді.

— Ааа, — деп жігіт бұл туралы білгендей, бірақ ұмытып қалғандай соза сөйледі.

— Ал ол не айтып жатыр? — деп жақын тұрған Володя сұрады.

Сэнсэй оған енді ғана бір нәрсе айтқысы келіп еді, сол бойда Ариман бұрылды да ұжымнан сыпайы кешірім сұрады.

— Кешіріңдер. Ол орыс тіліндегі бар сөзді түсіне бермейді. Ана тілінде түсіндіруге тура келді... Ал қалай, қыздырынамыз ба?

— Не? Дәл қазір ме? — деп Женька таңғалды.

— Әрине, несіне созамыз? Велиарда қалап тұр, — деп Ариман әзіл-шыны белгісіз жауап берді де: — Түскі ас дайын болғанша, жеңімпазды анықтап үлгереміз, — деп қосты.

Бұл ойды балалар (жігіттер) қолдай кетті, себебі сәті келсе артық спарринг жасауды жіберіп алу (оның үстіне танымайтын әріптеспен) олардың қағидасы емес еді. Біздер лагеріміздің жанына сәл жылжыдық. Жігіттер қыздырынуды бастады. Женьканың басқаларына қарағанда төбелеске құмары көбірек болғандай, осы кезде шетте бір нәрсе туралы әңгімелесіп тұрған Ариман мен Сэнсэйге келді. Велиардың басынан сәл ғана кіші жұдырығындағы мазолдерге қарап, ол Ариманнан:

— Егер байқамай абайсызда оған зақым келтіріп алсам ештеңе етпейді ме?  
— деп сұрады.

Жігіт қисық мысқылымен Велиар тұрған жаққа басын изеді. Шыныменде, бойшаң Женьканың қасында, қытайлық ергежейлідей көрінеді.

Ариман күлді де, рұқсатын бергендей:

— Ауната бер, Қытайда ол сияқтылар әлі толып жатыр, — деді.

Велиар қолын босаңсытқандай кішкене сілкіп, өзінің бірінші қарсыласын күтіп алға-артқа жүрді. Ол туралы Женька Ариманнан сұраған кезде, қытайлық бір нәрсені сезгені анық еді. Себебі риза болған жігіт тағы да қыздырына бастаған кезде, Велиар Женька жаққа бірнеше мысқыл тартқан жақсы емес көзқарасын жіберді.

Қыздырынып, жігіттер аяқ астынан жасалған құмды ринг жанына топтаса қалды. Бірінші болып рингке шыдамы таусылған Женька шықты. Велиардың көздерінде, өзінің спаринг-қарсыласы ретінде Женьканы көргісі келгендей, сотқарлықтың оты жарқ етті. Әдеттегі дәстүрлі тағзым етуден соң, Ариманның шапалақ даусынан кейін, төбелес басталып кетті.

Женька, өзінің жеңісіне сенімді болғаны сонша, қытайлықпен ұзақ алысуды жөн көрмегендей. Ол оған қарсы тұрған кезде, екеуі аю мен жылпыс күзендей көрінді. Ол қытайлықты бір қолымен ұстап алуға тырысты, ал екінші қолымен оны шыбынша жабыстыра ұруды ойланғаны анық. Бірақ олай болмады. Енді ғана жігіт шапшаң қарсыласының төсіндегі кимоносынан ұстай беріп еді, Велиар Женьканың қолын өзіне және төменге епті тартты да, жігітті ұшыра лақтарғаны соншалықты, ол ауада толық бір сальто жасап үлгерді. Халық көргеніне таңғала хормен айқайлап жіберуге шақ қалды. Женька жерге құлап, сол бойда үйренген тактикасына сай домалады да, аяғына тұрып кетті. Бірақ денесі автоматты қимылдаса да, оның аң-таң болған түріне қарағанда, қайдағы бір кішкентай қытайлықтың, оның ұлы Өзімшілдігін қалайша оңай лақтырғанына сене алмағаны анық еді.

Бұл жағдай Женьканы одан бетер ашуландырды. Ол құдды бір балық ауындай қолдарын тарбитып, жартылай иілген аяқтарымен зигзаг күйіндегі жүгірісімен Велиарға жақындай бастады. Велиар шыныменде Женьканың тұзағынан қорыққандай бірнеше шегінулер жасады. Бірақ қытайлық кейін тез ырғып секірді де, ауада аяғымен басына дәл тиген бірнеше тура соққылар имитациясын жасады. Ал жерге түскен кезде лезде қауіпсіз аймаққа кетті. Оның соққылары нысанасына жақын болғаны соншалықты, мұндай бассыздықты күтпеген Женька, тіпті шайқастың қымбат сәттерін жіберіп, біртүрлі абдырап (сасып) қалды. Ал Қытайлық еш уақыт жібермей тағы оған ұмтылды да, аяғымен айнала күшті шалу әдісін жасады. Және әдісі кішкене бойына мүлдем сай емес қуатты күшпен болғаны соншалықты Женька сол

бойда арқасымен жерге құлап, аяқтары басынан асып кетті. Асау қарсыласының осы сәтін пайдаланып, қытайлық Женьканың жұмсақ жерінен ойнағандай теуіп жіберді. Халықтың күлкісімен жігіт абдырағандай атып тұрып, соққы тиген жерін жүре уқалаумен болды. Бұл масқара соққы, ол үшін бетінен шапалақпен тартып жібергеннен де жаман болғаны анық еді. Оның суық түріне қарағанда, оңай жеңіс туралы ақымақ бос армандарын тастап, қиын спарингке дайындалғандай.

Женька келесі соққысына бар күшін салуға тырысты, бірақ Велиар лезде техникасын айкидоға ауыстарды да, қарсыластың күшін пайдаланып, оны ұшуға жіберді. Және соңында сабақ болуы үшін құйрықтан салып жіберді. Ендігі халық күлкісін жасыра алмады. Женька болса, аяғына атып тұрып қайтадан төбелеске қойып кетті. Қытайлықтың басына аяғымен өзінің қуатты «Маваши» соққысын жіберді. Бірақ Велиар тез отырып, кезекті аяқтан шалу әдісімен оны құлатып түсірді. Жігіттің тағы да арқасы жерге тиді. Ал Велиар қосымша қуыққа бағытталған соққы имитациясын жасады. Ол соққының шынайы болғаны соншалықты, көріп отырған ерлер жақтан лезде жаны ашыған: «Оййй!» деген ауыр күрсінудері шығып жатты.

Бұл жағдай Женька шыдамының соңғы тамшысы болғандай. Жігіт жерден атып тұрып, әдістердің бірнеше сериясын жасады. Бірақ қанша тырысып, бар күшін салса да, оның қолдары мен аяқтары бос ауаны сермеумен болды, себебі қытайлық қалай екені түсініксіз, Женька жұдырығының жойқын соққыларынан бірнеше миллиметрдей ғана тигізбей епті жалтарумен болды. Оның үстіне қарсыласының өте жылдам қозғалысына қарамастан, Велиар тек соққылардан жалтарып қана қоймай, жауапты нәтижелі соққыларын да жіберіп үлгерді. Ал жалпы, барлығына, егер бұл шын төбелес болғанда Женьканың ешқандай мүмкіндігі болмайтыны түсінікті еді. Бірақ Женька өзінің айқын жеңілісіне қарамастан, еш қайтпастан төбелеске қайта ұмтылумен болды. Жігітті аяған болуы керек, Ариман қолын соғып спарингтің аяқталғанын білдірді. Болған жағдайға Женьканың көңілі түскені соншалықты, ұяттан басын салбыратып, тіпті дәстүрлі тағзым да жасамай, біздер жаққа қозғалды. Велиар болса, керісінше мүлдем ашусыз, артынан сыпайы әдептілікпен тағзым жасады (басын иді) және Ариманды бұл әлемдегі ең кешірімді әрі жүрегі ең кең адам деп есептегендей, оғанда тағзым етті.

Осындай ұрыстан кейін біздің жауынгерлер ойланып қалды. Қытайлық шынымен өз тәнін де, әдістерді де асқан шеберлікпен меңгерген екен. Оның әдістерінің көбісі Сэнсэйдің біздерге үйреткендеріне ұқсамайтын еді.

Екінші болып жалғыз адамға екі адам болып Стас пен Виктор шықты. Бірақ бұл жағдай Велиардың одан әрмен арқасын қоздырып, бұл ұрыстың дәмін көбірек келтіргендей. Дәстүрлі тағзым етуден кейін, жігіттер қытайлыққа

тоқсан градус шамасында қарсы орналасты. Қытайлық болса оларға қырынан тұрып, назарына екі қарсыласын да таса қылмай ұстады. Қол шапалағынан кейін ұрыс басталып кетті. Велиарға бірінші болып тіке «цки» соққысымен Виктор шабуыл жасады. Тез жақындаған Велиар шабуылды салқынқандылықпен іліп әкетті және Виктор соққыға күшін салып, оның бағытын өзгерте алмаған сәтте. Және қытайлық тек іліп әкетіп ғана қоймай, өзіне секіріп келе жатқан Стасқа бағыттап жіберді. Біздің жауынгерлер, кездейсоқ кездесіп, физика заңдылығына сай екеуі де жерге құлады. Велиар болса, өзіне риза болғандай шегініп, тіпті оларға келесі соққысын да жасамады. Ол, тек тезірек айқастарынан шығуға тырысып жатқандарына күліп қарап тұрды. Қалған көрермендер де күліп жатты. Жігіттер көтеріліп, бір мезгілде Велиарға екі жақтан шабуыл жасады. Велиар бір шетке ырғып шығып, лезде қорғанысқа көшті. Және уақыт жоғалтпай, сол бойда түсініксіз бақыруларымен (айқайымен) күшті қарсы шабуылға көшті. Үнінің қатты болуынан ба, әлде сөздерінен бе, бақырған жағымсыз даусы, тіпті көрермендердің құлағын тұндырып, тек қорқыныш қана емес іш аумағындағы жағымсыз сезімді де тудырды. Біздің жігіттер шабуыл кезінде осындай дыбыстық қолдауды анық күтпеген еді. Көрермендер де бұл бақырудан қорқып қалғандай. Және бұл келесі Велиардың шабуылы кезінде өз нәтижесін берді, біздің жігіттер тағы да бір-бірлерінің үстерінде жатып естерін жинады. Бұл жолы көрермендердің де, біздің жауынгерлердің де күлкілері сап тиылды.

Велиар жеңген адамдай қолдарын артына қойып, жігіттердің орындарынан тұрып жатқанын бақылап тұрған сәтте, Стас пен Виктор бірнеше сөз айтып ақылдасып алғандай көрінді, себебі олар ұрыс тұрысына тұрған кезде, ұрыс тактикалары мүлдем өзгеріп, біршама жинақталып әрі кәсібилене түсті. Басында Велиар қорғанысқа кетті. Бірақ бірнеше ауыр соққыларды денесі мен басына жіберіп алған кезде, ол лезде өз әдісін (техникасын) өзгертті. Қытайлық біртүрлі түсініксіз ұрыс тұрысына көшіп, өте төмен отырды. Және сол ұрыс тұрысынан агрессивті және жылдам қарсы шабуылдар жасады. Және оның тәні соншалықты иіле (эластично) әрі епті (плавно) қозғалғанымен бірге, адам емес, құдды бір қара құйындай өте жылдам қозғалды. Барлығын бір деммен жасағандай. Өзінің әрбір қауіпті қарсы шабуылдарында қытайлық көз, тамақ, қуық, жүрек және тағы басқа қауіпті аймақтарға бағытталған бірнеше соққылар имитациясын жасады. Жігіттердің өмірімен жәй ғана ойнағандай әсер қалдырды.

Балалардың дайындығы жаман емес болса да, олар қанша талпынғанымен бәрібір ұрыс техникасында, Велиардың ұрысты жүргізу техникасынан біршама жеңілгені көрініп тұрды. Ұрыстың агрессивті әрі қауіпті (қатыгез) болғаны соншалықты, шын ұрыс жағдайына максималды жақын болды, тіпті

осындай шиеленістен ауада тоқ өрісі пайда болғандай. Мұны біздің жігіттер де түсінгені анық, себебі Велиарға қарағанда, оларға қорғанысты ұстау біршама қиын еді.

Көрермендердің кейбірі өздерінің достары үшін алаңдап, ал басқалары осындай ұрысқа таңғала қарап, шиеленісті күйде тұрды.

— Қарашы, қандай техника (әдіс)! — деп Андрей Костяны бүйірінен түртті. Ал кейін, көзін Велиардан алмай Сэнсэйден: — Керемет! Сэнсэй, ал бұл қандай ұрыс өнері? — деп сұрады.

— Бұл қандай өнер болсын? — деп Сэнсэй қытайлықтың агрессивті шабуылдарына тойтарыс беруге тырысып жатқан біздің жігіттерді назарынан жібермей, бүртүрлі шиеленісті тұрып, жиіркенішпен айтты. — Бұл «ассасиндер» мектебі. Ниндзюцу ұрыс стилі.

— Өте мықты мектеп! — деп Андрей керемет ұрысқа таңдана айтты.

— Өте оңбаған мектеп, — деп Сэнсэй қатыңқы жауап берді.

— Енді, олай үзілді-кесілді ойлаудың не қажеті бар? Әркімнің жеке басымдылығы болады, — деп Ариман Сэнсэйдің «жақсы емес» сөздерін естіп, әңгімені іліп әкетті. — Оның үстіне, біздер тек сіздердің қонақжай мемлекеттеріңізде ғана емес, әлемнің біршама қауіпті аймақтарында да боламыз, — деп Велиардың ұрыс қозғалысын ақтағандай сөйледі. Және болған шиеленісті жағдайды түпкілікті тарқату үшін, кенет өз кандидатурасын спаринг-серіктестерге ұсынды: — Егер бұл ұрыс стилі Сэнсэйге сонша ұнамаса, сіздер үшін біршама таныс ұрыс стилін мен өзім көрсетейін. Велиар кішкене демала тұрсын.

Ариман қолын соғып спарингті тоқтатты. Сэнсэйге деген құрметі болар, шайқасты «тен» деп аяқтады, дегенмен шайқаста кімнің жеңгені түсінікті еді. Жауынгерлер дәстүрлі тағзым жасады. Велиар өзіне белгі берген Ариманға беттеді. Ал біздің жігіттер ауыр демала, көк терге түсіп, денелері көгеріп, біздерге қарай жүрді. Жол бойы жарақат алған жерлерін тынымсыз ысқылаумен болды. Олардың Володя мен Женька жігерлендіргендей арқаларынан қақты. Үлкен жігіттер арасында шайқас туралы тыныш талқылау басталды. Және Велиардың шеберлігін сырттай көрген Женька, ендігі жеңілісінен кейінгі көңілсіз күйінен арылған. Керісінше, жалғыз өзі осындай мықты қарсыласты жеңуге талпыныс жасағанын ұғынғандай, біршама жігерленіп қалған. Ұрыста жеңілседе, тәжірибе алғанына көңілі толғандай.

Бұл кезде шаршаудың көлеңкесі де жоқ Велиар, тіпті ентікпеген қалпы Ариманның қасына келіп, өзінен шешіп спарингке дайындалып жатқан оның қалпағын, пиджагын, галустугін алып, ұқыпты қызметшісіндей тұрды. Қытайлық өзінің өзгермес жымыысымен ауыр спарингтен емес, терең медитациядан шыққандай әсер қалдырады, мызғымас сабырлы кейіпте тұр.

Ариман болса, білінер-білінбес күлкісімен, таңғалған біздің жігіттердің талқысын бақылап, қардай аппақ көйлегінің жеңін түрді. Және тіпті сағаты мен сырттай қарағанда өте қымбат көрінетін үлкен рубин тасы бар жүзігін шешпестен рингке шықты да, бұл спаррингке қатысқысы келетіндердің барлығын еш шектеусіз шақырды.

Айта кету керек, өзінің қардай аппақ таза түрімен басында біздің жігіттерді кішкене ыңғайсыздандырып тастады. Себебі тіпті Велиардың өзі де жақсы төбелескенімен, бірақ бәрібір құмда аунап, домалаудан қашып құтылмады. Бірақ оның құлаған кездегі пайда болған дақтарды көрсетпейтін қара кимоносы болды. Ал мынауың? Ариман біздерді екі-ойлы қылып тастады. Егер үлкен жігіттер Велиардың ұрыс техникасын көрсетуінен кейін Ариманнан не күтерлерін білмей үнсіз қалса, кішілеріміз, ашығын айтқанда, таңғалдық.

— Мүмкін сіз сағатыңызды шешерсіз? — деп Руслан Ариманның бағалы «Роллекс» сағатына меңзеп ұсыныс жасады. — Ал кенет байқаусызда сынып қалса?

Ариман сағатына назарын салып, күлді де:

— Бос нәрсе! Дегенмен... сіздер мені қызықты ойға әкелдіңіздер. Қанекей менің сынағымды күшейтейік. Бірінші болып шабуыл жасағандардан, маған кім соққысын дарыта алса және бәрібір, ең бастысы ол нысанасына тисе, сол адам осы сағатты сыйлыққа алады. Ал егер менің арқамды жерге тигізсе, — мына яхтаны барлық заттарымен бірге алады, — деп Ариман өзінің әдемі кемесі тұрған жаққа қарай жәй ғана қолын сілтеді.

Біздің тобымызда таңғалыстың көтеріңкі үні естілді.

— Келістік! — деп Руслан, Костя мен Андрей толқи хормен айқайлап жіберді.

Балалар сол бойда рингке атып шығып, әдемі сағатқа құштарлана қарады.

Ариман үлкен жігіттердің ойланып тұрғандарын көріп:

— Сіздерге шайқастың еш қулықсыз болатынына және тек сіздерге түсінікті ұрыс стилдерін қолдануға уәде беремін. Менің жағымнан ешқандай рұқсат етілмеген соққылар болмайды. Классика болса классика болсын! Ал сіздер маған өздерің қалағандай шабуыл жасауларыңызға болады.

— Маған бұл ұнап тұрған жоқ, — деп Виктор Володяға абайлап (сақтықпен) сөйледі. — Бұл жерде бір гәп бар сияқты.

— Байқап көрейік, — деп Володя жауап берді. — Қалай болғанда да тәжірибе алу артық болмайды.

Үлкен жігіттер жиналып ақылдасты да, рингке шықты. Және араларында жаңа ғана ұрысқа шыққан Виктор мен Стас та болды.

— Сізге қарсы топтасып әрекет жасау рұқсат етіледі ме? — деп Володя сұрады.

— Кез-келген құрамда және қалаған комбинацияда, — деп Аримен разы болғандай айтты.

Женька қардай аппақ яхтаға қарады да, құмға құшырлана (смачно) түкіріп, ескерткен даусымен:

— Ал болды Ариман! Үйіңе жаяу қайтасың, — деді.

— Қуана-қуана, — деп ол күле жауап берді.

Қарсыласының олимпияда чемпионы секілді сабырлығы, үлкендерді біршама сақтандырса, кішілері керісінше, кәсібилердің шабуылына Ариман алаңдаған кезде, өздерінің «Роллекс» құнына тең армандаған соққыларын дөп тигіземіз деп ойлап еркінсіді. Рингке біздерден тоғыз адам шықты, көрермен болуға Татьяна және мен, Сэнсэй, Николай Андреевич және Велиар қалды.

Жігіттер Ариманды шеңберлей қоршады. Стас пен Виктор Ариманның алдыңғы жағында, Володя мен Женька екі бүйірлей тұрды. Женька тіпті қарсыласының назарына түспес үшін сәл артына қарай жылжыды. Ал қалғандары: Руслан, Андрей, Костя, Слава мен Юра — өз мақсаттары үшін ең қолайлы позиция деп ойлағаны анық, Ариманның артқы жағына орналасты. Дәстүрлі тағзым етіп, Сэнсэйдің қол шапалағынан кейін ұрыс басталып кетті. Володя, Стас және Виктор бір мезгілде жеңіл білінбес қадамдарымен қарсыласына алдамшы ұмтылыстар жасап, Ариманға жақындай бастады. Бірақ Ариман оларды тесіп өткен назарымен басқа жаққа көз салып, сабырлы тұрды. Менің түсінгенім бойынша, жігіттер Ариманның шеткі көру сезімін қоздырып, өздерінің тез алдамшы ұмтылыстарымен қарсыластың назарын өздеріне аударғысы келген. Сәтін тауып, олар шын шабуылға көшті. Стас секіре «Мае Тоби Гери» әдісімен соққысын Ариманның басына көздеді. Володя мен Виктор Ариманның денесіне соққы бағыттауға тырысты. Сол сәтте, тұрған Женька Ариманның артқы жағынан аяғын ұстауға ұмтылды. Олар теориялық тұрғыдан жеңіліссіз тактиканы таңдады. Себебі осындай қысымнан соң Ариман қорғана жүріп міндетті түрде артқа шегініп, Женьканың қолдарына ілініп, сүрінетін де, яхта жігіттерге қалушы еді. Бірақ бар күткендеріне қарамастан Ариман оп-оңай артқа қарай сальто жасады. Женьканың артына, аяғы құмға тиген кезде, ол лезде артқа және оңға қадам жасады да, ұрысқа үлкен жігіттермен бірге ұмтылған бір топ балаға жолды ашты. Ариманның осындай тез күтпеген орын ауыстыруының нәтижесінде үлкендер Женьканың алпауыт денесіне сүрініп, жігіттің үстіне құлады. Ал Ариманға артынан шабуыл жасамақ болғандар шабуылдарының инерциясымен олардың үстіне кеп құлады. Жерде жыбырлап жатқан көп дене пайда болды (копошались). Мұның барлығы әп сәтте орын алды. Шабуыл



жасаушылардан тек Слава ғана Ариманның артында жалғыз қалды. Бірақ ол еш саспастан оған артынан соққы жасауға тырысты. Бірақ Ариман сәл бұрыла қолын епті ұстап алды да, айналдырып жібергені соншалықты, жігіт төрт аяқтап жерге құлады. Және оған өз-өзіне келуге мүмкіндік бермей, футболкасының жағасы мен шолақ шалбарының (шорти) белінен ұстап, жыбырлап жатқан тобырға лақтыра салды. Сэнсэй мен Николай Андреевич балалардың осындай ыңғайсыз ебедейсіздіктерін (оплошность) бақылап, біздерді де еріксіз күлдірген қатты күлкілерін жіберді. Тіпті Велиардың өзі болып жатқанды маңғаздана қарап, рахаттана күліп алды.

Жігіттер ұятты құлауларынан әрең тұра бастады. Құмнан соңғы болып үсті-басы лас болған Женька көтерілді. Осы сәттегі оның жүзін көру керек еді. Ол қайдағы бір аборигеннің көздер орнына екі тесігі ғана (щёлками) бар құмды маскасына ұқсайтын. Және орнынан тұрып, бет-жүзін тазалаудың орнына бетін құмға кімнің бірінші болып үтіктегенін іздей бастады. Бірақ кінәліні таба алмайтынын түсінген болуы керек, себебі үстінде пресс ретінде соғысқұмар бар топ құлаған болып шықты. Женька тезірек өзін қалпына келтіруге тырысты. Ол бетінен құмды қағып, жолшыбай сәнді шашын ұсақ сықырлаған кірден тазартуға талпынды. Бұл әрекетінен кейін шашы этеш айдарына (гребень ирокеза) ұқсап кетті. Және отты жанарын күлкісін әрең тиып тұрған Ариманға бұрып, өзінің бар ашуын сөздеріне салып, әскери труба (армейская труба) даңғырлап:

— Енді жетеді! Яхта нақты біздікі болады! — деді.

Және жігіт бірінші болып ұрысқа ұмтылды. Артынан қалғандары да бейберекетсіз жүгірді. Бірақ Ариман нағыз тореадорша шабуылшылардан керемет жалтарып, сонымен бірге ұрыс өнерінің классикасын көрсетті. Ол еш білдіртпестен өте шапшаң қозғалды, ешқандай соққы жасамай, тек айкидо ұрыс стилінің керемет әдістерін ғана қолданды. Оған тек жақындағаннан-ақ, балалар айналып құлап жатқандай әсер қалтырады. Осының барлығын Ариманның оңай, еркін әрі әдемі жасағаны соншалықты, шыныменде біздерді өзіне арбайтын таңғалысымызды тудырды.

Біздің жауынгерлерге жапа-тармағай шабуылдың пайдасы жоқ екені түсінікті болған кезде, олар тағы да үлкендердің көмегімен жиналып, ендігі жоспарлы шабуылға көшті. Жігіттер Ариманды шахматты тізбелікпен (шахматным порядком), үш қатар тығыз жартылай шеңбермен қоршады. Және үш қатарда да мықты жауынгерлердің болуын ойластырды. Жанындағы бірінші төрттікте Володя мен Виктор, ортадағы екінші үштікте Женька, ал соңғы жұпта Стас болды. Осылайша олар Ариманға қарай қозғалып, оны теңізге қарай ығыстырды. Құрғақ құм жолағы біткен кезде, Ариман тоқтады. Және осы кезде ұрыс басталып кетті. Бірінші қатарда келе жатқан Андрей мен

Руслан бірінші болып шабуылды бастады. Және Ариман олармен айналыса бастаған кезде, Женька қатты жүгіріп (разогнался), ұрыс даусымен: «Ки-я-я!» деп секірді де аяғымен «Йоко Тоби Гери» соққысын жұмсады. Ол шыныменде кинодағыдай әдемі секірді. Бірақ Ариман кезекті шабуыл жасаушыны лақтырып, Женьканың соққысынан жалтарып қана қоймай, жігіттің жұмсақ жерінен жүзігі орналасқан оң қолының сыртқы жағымен салып (шапалақ) қалды. Бұдан лезде Женьканың даусы «Ки-я-я!»-дан қыңқыл «Уй-я-я!» даусына ауысып, Ариманнан асып барып суға гүмп етті. Малмандай су болып тұрды да, шүртиіп-абдыраған (наsupленно-озадаченный) күйімен, жақсы ниеті үшін зақым келген жерін қатты ысқылай бастады. Жігіттердің Ариманнан тоқтаусыз тоңқайып жатқан аймақты айналып өтіп, Женька судан шығуға асықпады. Жігіттің сол аяғы ақсандап қалыпты. Аяғын сылтып басып (подковыляя), ауыртып алған жерін ысқылауын тоқтатпай бізге келген кезде, жігіттің көзінде жас тұрды. Ауырған жері жанына қатты батқаны анық еді. Бірақ ол ішкі күйін білдіртпеуге тырысты. Жігіт келген кезде Николай Андреевич әзілдеп сұрады:

— Женька, сен не, берілдің бе?

— Мен бе?! Ешқашан да! Мен бұл жерде тек ойладым... Маған бұл яхтаның не керегі бар деп, оның үстіне қалада?

Ариманның шапалағынан кейін өзінің ниетін тез өзгерткен жігіттің шешіміне біздер күлдік. Женьканың артынан армансыз аунап (кұлап, домалап), құмға тойған балалар бірінің артынан бірі шайқастан шыға бастады. Олардың энтузиазмдары тез сарқылып қалды, оның үстіне балаларды допша домалатқан Ариман жаңа ғана рингке шыққандай әлі де біршама сергек көрінеді. Ал біздің ұрыстан шыққан қайғылы-жауынгерлерімізде осындай ауадағы акробатикадан кейін, тіпті құмнан көтерілуге әлдері болмады. «Жатқан» адамды ұрмайды деген жазылмаған қағида бар емес пе. Сондықтан ешкімде құмнан тұруға ұмтылмады. Олар тек табандылықпен Ариманға шабуылдарын жалғастырып жатқан жолдастарына үнсіз жанашырлық танытты. Жауынгерлер азайған сайын, оларды Ариман одан да әдемі әдіс-тәсілдерін көрсетіп шаршата бастады. Оның қимыл-қозғалысы, жылдамдығы мен әдіс-тәсілдері (техникасы) өзінің шеберлігінде Сэнсэйден кем түспеді. Ақыр соңында тек Володя ғана қалды.

Ариман қарсыласын айналып өтіп, қытығына тиіп көңілді сөз бастады.

— Саған сағатты болмаса яхтаны соншалықты ұту маңызды ма?

— Олардың маған не қажеті бар? Тек айтқан сөз (берген уәде, державу) үшін ұят.

Ариман күліп жіберді.

— Ал қалай, берілемісің?

— Орыстар ешқашан берілмейді, — деді Володя.

— Ох, маған осы орыстарың-ай! (Ох уж мне эти русские!) Ал жарайды...

Володя соңғы күшін салғаны анық, жанкешті шабуылын жасады. Ауаны ысқыра кескен, қолдары мен аяқтарын сермеді. Егер осы соққыларының ең болмағанда біреуі нысанасына дөп тисе, Ариманға анық жақсы болмас еді. Бірақ жазмыштан озмыш жоқ демекші, олай болмады. Оның шабуылдарына Ариман ойнай төтеп беріп, таңғаларлықтай оңай жалтарып кетті. Ал кейін сәтін тауып Володяны лақтырғаны соншалықты, ол ауада бірнеше рет айналып жерге басымен құлап, мойнын үзуге шақ қалды. Бірақ Ариман оны епті ұстап (подстраховал), осының арқасында Володя еш жарақатсыз құмға ыңғайлы құлады. Ариман оған ыңғайлы түсуіне көмектескенімен қоймай, жанына отырып:

— Ал қалай? — деп сұрады.

Володя аздап теңселе, жатқан күйін отырған күйіне ауыстырып, көзін жыпылықтатып (жұмып, сығырайтып), басын шайқады да:

— Енді, осымен болды (бітті)! — деді.

— Енді бітсе, демек болғаны, — деп Ариман көңілді айтты.

Ариман оның иығын достарша қақты. Әдептілікке сай, қарсыласының күйін ескерген болуы керек, оған және Сэнсэйге дәстүрлі тағзымын жасады.

Таңғалған біздер көргенімізден жарыла қол соқтық. Ариман өзінің шеберлігімен, сыпайылығымен, ашуланбайтынымен (беззлостью) және өзінің аяушылық әдіс-тәсілімен жас жауынгерлердің жүрегін жаулап алды. Гуілдеген талқылау басталып, жігіттер өздерін қалыпқа келтіре бастады.

— Керемет! — деп біздердің «активистер» таңғалды. — Біздер де осылай жасай алсақ. Ариман тіпті жейдесін де бұлдерген жоқ. Міне саған шеберлік!

Салтанаттың басты кейіпкері, күн ыстық болса да асықпай галстугін, пиджагы мен қалпағын киді.

— Гажап! Сіздің әдіс-тәсіліңіз Сэнсэйдің техникасына ұқсайды екен, — деп Стас Ариманға қарап, байқампаздықпен айтты.

— Енді қалай деп едің... Біздің Ұстазымыз бір.

Ариманның бұл сөздері біздердің барлығымыздың ерекше қызығушылығымызды тудырды, себебі Сэнсэйдің Ұстазы туралы ақпарат біздер үшін бірінші рет естілді. Үлкен балалар көз тастады. Ал Виктор Сэнсәйден:

— Сэнсэй, ал сен Ариманмен спаррингке түсуге қалай қарайсың? — деп сұрады.

Сэнсэй Ариманға қарап жымыды.

— Иә, көптен бері қалап жүрмін. Оған қанша рет ұсыныс тастасам да, әрдайым бастартумен келеді.

Барлығымыз үнсіз таңғала Ариманға қарадық.

— Жоқ, жетеді, — деп галстугін түзей, күлімдеп жауап берді. — Риза болындар (благодарствуйте). Бұл мен үшін әрине құрмет, бірақ... бұл әлемде әркімге өзінікі тиесілі. — Және бұл тақырыпты әрі қарай дамытқысы келмей, асыға: — Ал қалай, немістер айтпақшы, соғыс соғысымен, ал түскі ас кесте (расписанию) бойынша. Барлығы дайын болғанын көріп тұрмын. Мырзалар, түскі асқа мархабат, — деді.

Біздер Ариманға үнсіз таңғала қарадық.

Біздің ұжым Ариман нұсқап шақырған жаққа таңғала қарады. Құмарлықпен түскі ас туралы мүлдем ұмытып кетіппіз. Және шынымды айтсам, Ариманның қарсы ұсынысын (түскі асқа шақыруын) Женьканың клоунадасына әзіл ретінде берген жауабы деп ойладым. Бірақ санам бұл ойдың іске асатынын болжаса да, ойлаған картина тіске басар бутербродтар, шұжық, сусындар, ең көп дегенде яхтадан әкелінген жеміс-жейдектер бар бір үстелді бейнелеген. Таңғалу қорымның барлығы үнемшіл байлар туралы кинодан алынған еді. Бірақ біздің көргенімізден аузымыз ашылып қалды, себебі ол біз күткеннен әлдеқайда асып түсті.

Лагерімізден алыс емес жерде, тап теңіз жағасында, шабдалы түстес, тартылған (керілген) үлкен шатырлар түріндегі толық бір жанға жайлы ғимарат пайда болған. Және шатырдың жоғарғы жағы жұқа фольгамен қапталғандай, жарқыраған күміс түсті болды. Жартылай мөлдір (полупрозрачным) жібектен, түрлі-түсті тағамға толы үлкен ақ үстел көрінеді. Біздер өз көзімізге өзіміз сенбедік. Осындай әдеміліктен тіпті демің тарылады екен. Тек осы әдеміліктің барлығына арамызда таңғалмаған жалғыз адам Сэнсэй болды. Ол тек шатырға қарап күрсінді де, Ариманға жымыып:

— Сен әрқашан өз репертуарыңдасың, — деді.

Ариман біздерді таңғалдырғанына риза болғандай жымыды да, Сэнсэйге күлкімен жауап берді:

— Қайтесің енді, әдет болып қалған.

— Бәрі әрине тамаша, рахмет, бірақ... Сен дер кезінде келдің. Менде бүгін ораза (разгрузочный день) екенін қайдан біліп қойдың, — деді Сэнсэй әзіл-шыны аралас.

— Солай ма? Өте өкінішті, — деп Ариман жымыысын сақтай сөйледі. Және қолын берілгендей аздап көтерді де: — Сені білетіндіктен, тіпті өтініп те сұрамаймын. Бірақ ең болмағанда түскі аста бол, балалар менің асымнан дәм татсын. Мұндай тағамдарды олар өмірлерінде әлі татып көрмегеніне сенімдімін! — деп қосты.

— Бұл нақты! — деп Сэнсэй де жымып, иығын көтерді де: — Маған қиын емес, қатысайын... Ал олар ендігі ересек адамдар, өздері үшін шешім қабылдай алады, — деді.

Ариман тағы да разы болғандай жымыды. Және осы әңгімені тыңдап таңғалып тұрған біздің ұжымға көзінің қиығын салды да, маған әдейіліп қатты даусымен айтқандай көрінді, тез сөйледі.

— Еш алаңдама, мен барлығын ескердім, алкогольді сусындар болмайды. — Және балаларға қарап, әзіл-шыны аралас: — Шынымды айтсам, ішімдік (арақ-шарап) ішпейтін ұжыммен кездескеніме өзімде қуаныштымын. Әйтпесе бітпейтін таныстырылымдар (презентаций), фуршеттер, түскі қонақ асылар мен іскерлік кездесулерден (түскі ас) шаршадым. Торайша қарындары жарылғанша ішіп-жеген, зеріккен салонды элитаға, қалтасы қалындарға қараудың қаншалықты жүрек айнытар екенін сіздер тіпті елестете алмайсыздар. Бұл туралы өзінің «Евгения Онегина» шығармасында Александр Сергеевич Пушкин жақсы айтқан:

«...Сөз болады дайым бірақ  
Көкі мылжың, жөнсізі де.  
Сөздің бәрі қамсыз, қансыз,  
Ғайбаттайды тіпті жансыз;  
Мәнсіз, дәмсіз сөзі құрғақ,  
Сұрау, өсек, құр жыбырлақ;  
Жаңылса да, табылса да,  
Бір күнде бір пікір айтпас.  
Ерінген ес езу тартпас,  
Жүрек жылтпас ойнаса да.  
Мәнсіз қауым болмас сенің  
Езу жияр есерлігің!».

Иә, ол замандарда да, қазірде ол ортада еш өзгеріс болмаған... Сондықтан балалар, сіздердің ұжыммен дастарханда бас қосу, сіздер әрине сенбессіздер, бірақ мен үшін үлкен құрмет әрі орасан ғанибет (удовольствие).

Ариман айтқан сөздерімен біздерді құлатып түсіргендей болды (наповал). Ақсүйек қоғамға тойғаны соншалықты, қарапайым өмірге қосылғысы келген бұл ер адамға тіпті аяушылық сезімім де пайда болды. Бірақ Ариман сөздеріне біздердің таңғалып (сүйсініп, очарования) тұрған сәтімізде Женька жаңа өрескел (ляпсус) сөзін айтты. Ол тәкаппарланып басын изеді де, қолын ысқылап (бір нәрсе күткендей), маңғаздықпен сөйледі:

— Не үшін түскі астан бас тартамыз? Басқаның ақшасына тамақтануға әрқашан мархабат, — деді.

Сэнсэй мен Ариманға қосылып, біздің ұжым тағы да күлкіге қарқ болды.

Кенеттен яхтадан скрипкамен әуездеткен, жанды сергітетін керемет музыка естілді. Ол ойнақтаған жеңіл ескен самалдай бар жағалауға таралды.

— О?! Моцарт «Кішкене түнгі серенада» («Маленькая ночная серенада»), — деп Сэнсэй Ариманға көз қиығын салып, жымия айтты.

Ариман ақталғандай қолын сілтеп:

— Екі жүз жыл өтсе де, әлі күнге дейін бірінші рет тыңдағандай естіледі. Міне классика деп осыны айт!

Барлығымыз жолы біздердің шатырларымыздан өтетін, жарқырап тұрған шатырға қарай қозғалдық. Бұл керемет шатырмен салыстырғанда, кебу үшін шалбарлар мен жемпірлер ілініп тұрған, тіпті Костяның «өркениет атрибуттарына» қарамастан біздің лагеріміз «қаңғыбастардың панасы» секілді көрінеді. Тек мені ғана емес, басқаларын да ұят қысқаны анық еді. Басқа балалар да біршама ыңғайсыздық сезінгендей, біздің кедей, жұпыны лагерді байқамауға тырысып, аяқтарының астына болмаса жолға қарады. Айырмашылық әрине көзге қатты байқалып тұрды.

Бір минуттық масқаралықты еңсеріп, Костя «басқа ғаламшарлық құрылыс» деп ат қойып үлгергенге де жеттік. Кіреберіс алдында әрқайсысы бір қолында үлкен құмыра, ал екінші қолында хош иісті сұйық құтысы мен қол орамалын ұстаған екі матрос-даяшы тұрды. Сондықтан барлығы жағымды қолын жуып және аппақ мамықтай қол орамалға сүртіне алды.

Айта кету керек, күн райы шанхай түске кіріп біршама ыстық болды. Бірақ шатырға кіре бергенде, біздерді жағымды салқын самалдың лебі есті. Шатырдың бір жерінде дыбыссыз кондиционердің жұмыс жасап тұрғаны анық еді. Ортада аппақ дастархан жайылған тікбұрышты ұзын үстел. Кейін белгілі болғандай, ол бірнеше құрамалы пластикалық үстелден жинақталған екен. Айналасында сол үстел материалынан жасалған піл сүйегі түстес фигуралы отырғыш-креслолар тұрды. Тіпті құмның өзі ерекше, құрмалы мөлдір плиталармен жабылып, өзінше бір оюлы еден секілді көрінеді. Үлкен үстелден алыс емес жерде қосымша үстел-тумбочка тұрды, кейінірек белгілі болғандай ол мини-тоңазытқыштың рөлін де атқарады екен.

Үлкен де, кішкене үстел де көздің жауын алар тағамдарға толы болды. Тағамдардың осындай көп болуынан біздердің көздеріміз жүгіріп кетті. Ол жерде не болмады десеңші! Ет тағамдары, балық, тіске басарлар (нарезки), теңіз мекендеушілерінен жасалған салаттар, кішкене бутербродтар. Уылдырықтың бірнеше түрі тұрды. Және жақын уақыттан бері біздер үшін ұшынған бағада дүкен сөрелерінде пайда болған тек қара және қызыл уылдырықтар ғана емес. Ол жерде тағы да үлкен қою сұр, қою қызыл (бордовая), уылдырықшасында қызыл жылтыры бар қызғылт-сары және

мүлдем ерекше алтын құтыдағы сұр түсті уылдырықтар болды. Ортада қиық (усечённая) пирамида секілді тау боп үйілген, шырынды, жасыл аскөктермен және ішінде қара және жасыл зәйтүн бөліктері орналасақан фигуралы лимон тілімдерімен сәнделген, тау боп үйілген қызыл шаяндар. Және тек осы тағам ғана емес, басқа тағамдардың безендірілуі де мінсіз еді: сәнді (пышных) гүлдерден бастап, аспазшының қиялынан туындаған көкөністер мен жеміс-жидектер және әртүрлі тұздықтардан жасалған ғажайып пішіндегі нақыштармен жасалған табиғи бейнелерге дейін. Және осының барлығы дәмді көрінгені соншалықты, үстелге қойылған тағамдарды қарап, еріксіз сілекейіміз шұбыра бастады.

Біздің ұжымда таңғалған гуілдер естілді: «Ал керек болса!», «Мен мұндайды тәтті түсімде де көрген емеспін», «Керемет!». Ал Женька болса басқаларынан айырмашылығы әртүрлі тағамдар мен үстелдің жабдықталғанына таңғалса да, бірақ онысын сыртқа көрсетпеді. Уылдырықтың осынша молшылығына қарап, іскерше таңдайын қақты (прищёлкнул).

— Иә, барлығы бар, ал бірақ заморский баклажан жоқ екен, — деді де, пірөдар даусына салып, жаны ашығандай (сочувственно): — Жоғарыдағылар кедейленді, ой кедейленді... — деп қосты.

Велиар оның сөзін тура қабылдап, қонақтың тілегін орындауға дайын күйінде Ариманға сұрақ көздерімен қарады. Бірақ Ариман оны тоқтатты.

— Еш алаңдама. Бұл елдегі осындай бір халықтық эзіл, — деп түсіндірді. — Оларда қазір «қайта құру» жүріп жатыр, сондықтан дүкен сөрелерінде тек баклажан икрасы (баялды икрасы) ғана бар.

Қытайлық таңғала көздерін жыпылықтатты. Тіршілігін баклажан икрасымен қолдап, өзінің дүниелік жұпыны тіршілігіне қарамастан жарқын болашақ құруға тырысып жатқан халықтың ерекше тамақ рационасына таңғалғаны анық. Бірақ бұл жерде эзілдің не қатысы бар екенін дұрыс түсінбегендей, әдеттегідей жымиды да, сыпайы басын изеп, артқа кетті.

— Өтірік! — деп Женька күле наразы болды. Өзінің ұлттық ар-намысына тигенін сезіп, тәкәппарлана айтты: — Ал біздерде тағы кәді уылдырығы (кәді қоспасы) бар!

Барлығы Женьканың патриотты эзіліне күліп, Ариманның шақыруымен ортақ үстелге жайғаса бастады. Біздің ұжым әдеттегідей Сэнсәйдің жан-жағына отырды, құдды бір айналма қорғаныш жасағандай. Ариман болса, Велиарға бір тапсырмаларды беріп, кішкене кідіріп қонақтардан кейін отырды. Сәйкесінше бос орындыққа, Сэнсәйге қарама-қарсы жайғасты. Барлығы жайғасып болса да, Женька мүлдем ыңғайлы отыра алмады. Оның кипалақтағанына (умаживания) қарап Стас күлді де:

— Сен неменеге қипалақтап отырсың? — деп сұрады.

— Маған қатты орындық түскен сияқты, — деп Женька жауап берді.

— Ендеше орныңнан тұр, — деп досы күле ұсынысын айтты.

— Дұрыс айтады, — деп Женьканың басқа жағында отырған Володя келісе кетті. — Осылай саған тамақ көбірек сияды.

Үстелдегі жақын тұрған дәмді тағамдарға Стас қарады да:

— Жоқ. Дұрысы отырсын да қипалақтамасын, — деді.

Олар тыныш ғана күлді, ал Женька ақыры өзіне ыңғайлы жайғасып — аяғын аяғына айқастырып және оң жағына шынтақтай (шынтағын сүйеп) тынышталды да, жігіттердің жауабына «тісін ақсита» ойнай жымиды. Бұл қылығы жігіттерді одан әрмен күлкіге батырды.

Ариман қонақжай үй иесіндей тағамдарды мақтай бастады, бұл онсызда қарындары ашқан жігіттердің сілекейін шұбыртты. Таңғалған жұртшылықтың сұрақтарына жауап беріп, әртүрлі тағамдарды таныстырды.

— Ал бұл қандай уылдырық? — деп Виктор жанында тұрған қою қызыл (бордовая) уылдырықты меңзеді. Ол таза шыны ыдыстан жасалған (хрустальной вазочке) ас сауытшада тұрды. Ал ас сауытшаның өзі төрт бөліктен тұрды, біреуінде — қаймақ, басқасында — сары май, үшіншісінде — үгілген ірімшік, ал төртінші ыдыста — уылдырықтың өзі.

— Бұл форель уылдырығы. Оның дәмі тұздылау (ащылау), сондықтан оны қышқыл сүт өнімдерімен пайдаланған дұрыс.

— Ал мына бірі? — деп Виктор форель уылдырығынан алыс емес жерде, әдемі ас сауыттағы (вазочке) дәндері ірі қызыл теңбілі бар қызғылт сары уылдырықты нұсқады.

— Бұл кета уылдырығы (кетовая икра) — барша албырт уылдырықтарының (лососевой икры) ішіндегі ең дәмдісі және ең сапалысы, — деп Ариман айтты да, кішкене кідірістен кейін: — Бірақ мен сіздерге мына уылдырықтың дәмін көруге ерекше ұсыныс жасар едім. — Ол алтын құтышадағы дәндері ірі, күміс түсті уылдырықты көрсетті. — Бұл өте сирек және қымбат уылдырық. Ақ бекіре балығының уылдырығы. Оны алуда жүз жасқа жақындаған бекірелерді пайдаланады. Уылдырықтың қымбат болуына байланысты осындай 995 сынамалы таза алтыннан жасалған құтышада сақтайды. Дәмін көріңіздер, өзіне тән жұмсақ-жаңғақ дәмі бар. Заманауи тағам талғампаздары (гурманы) бұл уылдырықты әлемдегі ең дәмді уылдырық дейді. — Ариман үнсіз қалды, көз көрмеген таза алтыннан жасалған және ең қымбат уылдырығы бар ыдысқа тесірейе қараған біздің ұжымға қарап, жеңіл жымиды. Және ендігі Сэнсэйге қарап, мақтанғандай қосты. — Мінекей, тіпті осыны да әкелдім! Енді сені немен таңғалдырарымды да білмеймін. Мүмкін бұл сыйымның дәмін татып көрерсің?



Сэнсэй жымыып тағы да сыпайы жауап берді:

— Жоқ, рахмет. Барлығы шыныменде өте дәмді көрінеді...

— ...шыныменде дәмді, — деп Ариман ескере айтты.

— Мен оған мүлдем шүбә келтірмеймін. Бірақ өкінішке орай, жей алмаймын... Бүгін аузым берік... Сен мені білесің.

Ариман жасанды ойнай күрсінді.

— Өкінішті, мен сонша тырысып едім, — деп балаларға ма, әлде өз-өзіне айтты ма түсініксіз, күле сөйледі. — Мінекей темірдей берік ерік күші! «Жоқ» деді ме, демек «жоқ»... Ал мен бұл уылдырықты Парсы елінің өзінен алып келген едім...

— Қайдағы Парсы елі?! — деп Сэнсэй оның сөзін жөндегендей күлді.

Ариман Сэнсэйге таңғала қарады да, қателескенін түсінді.

— Мен Парсы елі дедім бе? Міне, саған склероз. Енді, әрине Ираннан! — деп Сэнсэймен күлкілері біткен кезде Ариман сөз бастады: — Шыныменде, бұл елдің 2458 жыл бойына қандай әдемі аты болды! 1935 жылы Персия деген керемет атты Иранға ауыстырып жіберді. Бүйіткен ұлы реформаторлары бар болсын! Бұл жаңалықты естісе, Ұлы Кирдің өзі қабірінде дөңбекшитін шығар.

— Ал Ұлы Кир дегеніміз кім? — деп Костя қызығушылықпен сұрады.

— Мінекей, бұл күнге де жеттік, — деп Ариман тағы да күлді. — Ұлы Кирдің кім болғанын жастар ендігі білмейді. Ұлы Кир өз заманында Шығысты билеген күдіретті билеушілердің бірі болған. Ол Бірінші Ахеменидтер империясын құрушы. Мидян империясын талқандап, Кіші Азияның көп бөлігін жаулап алған, оның ішінде күдіретті Вавилонда бар (оған Палестина жерлерімен Сирияда кірген); Орта Азияның айтарлықтай жерлерін өзіне қаратқан. Міне адамда қандай харизма болған, мен түсінемін! Айтпақшы Інжілдегі Валтасар тойы естеріңізде ме (по Библии Валтасаров пир)? Вавилонның соңғы патшасы Набонидтың ұлы Белшарусураның (Валтасар есімінің Інжілдегі нұсқасы) ұлан-асыр тойы кезінде, патша сарайында «мене, мене, текел, упарсин» деген отты жазулар пайда болады. Бұл сол түні Вавилонның құлайтынын хабарлаған жазулар еді. Енді былай, Валтасар біздің заманымызға дейінгі 539 жылы Вавилонды парсылар, яғни Ұлы Кир әскері алған кезде қаза табады.

— Оны біздер қайдан білейік? — деп Виктор бәріміз үшін ақталып күлді. — Бізге өзіміздің тарихымызды реттеп алсақ қалай.

— Ал бұл кейбір мағынасында сіздердің де тарихтарыңыздың бір бөлшегі, — деді Ариман. — Өйткені парсылар халық ретінде қайдан келді? Біздің заманымызға дейінгі 2000 жылдан бастап қазіргі Ресейдің оңтүстік жерлерінен сол аймақтарға көшкен Арий (племён Ариев) тайпаларынан бастау алады.

Тіпті сіздердің жақсы көретін біздің заманымызға дейінгі VI ғасырда өмір сүрген Заратуштра пайғамбарының тегі де сол жерлерден шыққан. Сондықтан Парсы елі өз заманында әлемнің түрленуі мен құрылысына айтарлықтай үлесін қосқан. Ал жақсы, Марк Туллий Цицерон айтпақшы, тарих — бұл жәй ғана естеліктердің өмірі (история — это всего лишь жизнь памяти). — Және күлкісімен: — Сондықтан, қираған үйіндіні жайына қалдырып, керемет қазіргі сәтімізге оралайық, — деді.

Барлығы тағы да күлді. Ариман үзіліс жасап, мерекелі түскі асты үйлесімді толықтырған яхтадан шыққан кезекті Моцарт әуеніне құлағын түрді. Ал кейін тағы да жігіттерге тағамдарды қолымен сәл меңзеп, таңдаудың көптігін көрсетті.

— Дәм алыңыздар, еш ұялмаңыздар. Осы сәтті, әзірше жас әрі керемет болып тұрғанда пайдаланып, ләззат алыңыздар. Осындай мүмкіндік сіздерде енді қашан болады?! Мінекей, бешамель тұздығында бекіре балығы, бөдене турамасы (перепела фаршированные), коньяк тұздығындағы фуа гра, сугатадзуси...

— Немене, немене? — деп Женька түсініксіз, бірақ әдемі сәнделген, балық формасындағы өзіндік мөлшердегі үзімдері бар тағамға қарап сұрады.

— Сугатадзуси — бұл суши, жапон асханасының тағамы. Ол макрель балығынан, суға бұққан күрішке фаршталып, тілімдерге кесіледі. Оны соя тұздығымен байқап көріңіздер. Өте дәмді! Айтпақшы, бұл тағамды тек ағаш таяқшалармен жеуге кеңес беремін. Олар табиғи материалдардан жасалған. Бұл тағамның энергетикасын бұзбайды деп саналады. Тағамнан тек қана физикалық ләззат емес, ең бірінші эстетикалық, рухани ләззат алуға тырысыңыздар. Жапондар сияқты. Өйткені жапондардың тамақ ішу философиясы табиғат әсемдігімен қосылып, онымен толық үйлесімде өмір сүру... — Және кішкене үнсіздіктен кейін, тақпақтата жөнелді:

«Хаги күзгі жапырағында  
Тербеледі, төгілмей  
Мөлдір шықтың тамшылары».

Ерекше бұл өлең шумақтарын Ариман шабыт алған ақындай айтқаны соншалықты, барлығы еріксіз құлақ түрді. Таңырқаған біздің ұжымды риза болған көзімен шолып өтіп, ол тағы да сөз бастады.

— Басә... Бұл XVII ғасырда өмір сүрген ұлы жапон ақыны, ол шыныменде әдемі хокку жазған, солай емес пе? Ал сіздерге оның үш жолды өлең шумақтары қалай?

«Самал жел есті,  
Серпілді балық шомыла...  
Шашырата суды жан-жағына».

Ол тағы да үзіліс жасады, айтылған шумақтың мәнін тыңдаушылар бағаласын дегені анық. Бірақ, біздердің жапон поэзиясынан мүлдем ешнәрсе түсінбеген түрімізге қарап, Ариман білінер-білінбес ғана жымиды. Ариман назарын Сэнсэйге аударды, мүмкін әңгіменің не туралы болып жатқанын түсінетін жалғыз адам шығар. Және тағы да біздерге айтқан әңгімесін жалғастырды.

Жапондар көп қырлы таңғаларлық, керемет салт-дәстүрі бар жұмбақ халық. Тамақтары сияқты олардың философиясы да жеңіл әрі тойымды (сытная)... Айтпақшы, тамақ алдында мен «ошибори» хош иісін қолдануға кеңес беремін, — деп Ариман кішкене үнсіздіктен кейін айтты.

Біздер үстелге қарап, оны тағамдардың бірі шығар деп ойлап, көздерімізбен «ошибориды» іздедік. Ол «айтқанды» бар жаққа жүгірген көздерімізбен іздегенімізді түсініп, Ариман тағы да білінер-білінбес жымиып, біздердің сасқалақтаған түрлерімізді көрмегендей кейіп таныта, ешнәрсе болмағандай әңгімесін жалғастырды:

— «Ошибори» — бұл алдарыңызда жатқан дымқыл майлықтар. Тағы да жапон салт-дәстүріне сай, тамақтану алдында қолды жуу, жаман энергиядан арылудың жақсы актысы болып саналады. Хош иіс тәбетті күшейтеді. Бұдан тағам анағұрлым дәмді әрі пайдалы бола түседі.

Біздің халық ақыры «ошибориды» дәл алдарынан тауып, разы болған күлкілерімен қардай аппақ дымқыл майлықтармен қолдарын сүртіп, шығыстың өте жағымды, нәзік хош иісін тарата бастады. Айта кету керек, мен өмірімде бірінші рет осыншама көп экзотикалық тағамдарды көрдім. Тіпті жабайы біздер үшін ұсақ-түйек болып көрінген дымқыл майлықтарды да.

— Трюфельден жасалған мына тағамды да байқап көруге кеңес беремін, — деп Ариман өз үстелін мақтай бастады.

— Трюфель — бұл саңырауқұлақ па? — деп Руслан қасында отырған Стастан тыныш сұрады. Бірақ оны Ариман естіп қалды.

— Трюфель — бұл жәй саңырауқұлақ емес, — деп Стастың орнына «банкет» иесі жауап берді. — Бұл әлемдегі ең қымбат әрі элиталы саңырауқұлақтар. Мына тағам, оны Ақ бриллиант деп те атайды, пьмонттық ақ трюфельден жасалған... Ал мына тағам Қара інжу (маржан) аталып кеткен перигорск қара трюфелінен әзірленген. Кез-келген тағам сыншысын (гурманы) естен тандыратын олардың қаншалықты хош иісті екенін дәмін татып бағалайсыздар. Трюфельдің бұл екі түрі жоғары асхананың фавориттері...

Ас әзірлеу өнерінің шыңындағы бізге белгісіз экзотикалық тағамды Ариманның мақтауына қарай халық басында жасқана қараса да, кейін барған сайын бұл тағамға сенімді қол сала бастады. Ариманнан алыс емес жерде

тұрған Велиар, өз тілінде екі даяшы-жігітке бұйрықтар айтып, қонақтардың тарелкасына, өздерінің назарлары түскен тағамдардың лезде болуын мұқият бақылады.

Үстел басындағылардың көпшілігінің тамақтану барысында (тек Сэнсэй, Николай Андреевич және неге екені түсініксіз ағзамда кінарат пайда болған мен, үшеуімізден басқа) балаларда бірнеше тілектері оянғандай. Мысалға, маған жақын отырған Костя қасында тұрған устрицаның дәмін көргісі келді. Ол тарелкасына бірнешеуін салып алды. Сол бойда даяшы келіп оның ыдысына бірнеше лимон тілімдерін салды. Костя оларға түсінбеген күйі қарады да, назарын сұрақ көздерімен Андрейге бұрды. Бірақ ол да солай болуы керек шығар дегендей аздап иығын көтерді. Ал біздің Философ, осындай шетін мәселеде өзінің білімсіздігін көрсетпес үшін, басында устрицаны жеп, ал кейін лимонды босқа қоймаған шығар деп ойлады. Бірақ ол вилкасымен устрицаға енді ғана тиісе бергенде, ол аздап қимылдады. Біздің Философ қорыққанынан селк етіп, таңғалысынан айқайлап жіберді: «Ол тірі екен!». Сөздеріне басында біздің ұжым аздап әбігерленіп, кейін барлығымыз күлдік.

— Әрине, тірі, — деп Ариман күле жауап берді. — Осылай басқалай дайындалған кез-келген нұсқасынан дәмдірек болады. Оған лимон шырынын сығыңыз. Устрицаның аяғын вилкамен ажыратыңыз. Ал кейін қабыршағынан (раковины) лимон шырынымен еш қорықпастан сорып алыңыз. Сонда сіз ерекше ләззат беретін дәмін сезінесіз.

Костя тағы да өзінің тарелкасында жыбырлаған тіршілікке қарады. Ариман болса барлығына салтанатты хабарлады:

— Константин шын эстет пен гурманға лайықты тамаша таңдау жасады. Өйткені устрицалар ішінен осыларды таңдады. Ал бұлар «Персебестің» өзі! Оларды тағы «теңіз трюфельдері» деп те атайды. Бұлар ең бағалы ұлулар (моллюски), себебі оларды аулау (табу) өте қиын. Олар су асты жартастарында, жету өте қиын жерлерде өседі... Устрицалар — жабыса өсетін (прирастающие), қозғалмайтын гермафродит-ұлулар...

Бұл ұлулардың өмір сүру салты туралы Ариман айтып жатқан кезде, Костя оның айтқан кеңесіне сай жасамақшы болды. Сілекейін дірілдей жұтып, устрицаның жанында жатқан лимон тілімін құдды бір ол ұлу оның саусағын тістеп алатындай абайлап алды да, екіге бөліп шырынын сыға бастады. Және оның көздері жарылғыш қауіп бар тәжірибе жасап жатқан химик секілді еді. Жеткілікті жиналған лимон тамшысы, ұлуға тамды, ал ол рефлекті жиырыла қалды. Костя кішкентай тірі ағзаның қимылына сәл ғана селк етті, бірақ ендігі бақырған жоқ, онысына да рахмет. Өзіне ұнамаған процедураны, барлығын Ариман айтқандай жасады. Және жиіркенен-тітіркенген жүзімен, құдды бір келі шырышты көп лимон қосылғанды жұту күтіп тұрғандай, бұл бейбақ

устрицаны қабыршағынан бір деммен сорып алды. Не айтуға болады, серт етсең, уәдене тұр деп айтпақшы (назвался груздём, полезай в кузовок), «талғампаз тағам сыншысын» соңына дейін ойнау керек еді. Осындай азапты процедурадан кейін, Костя маринатталған қиярдай тітіркенді. Андрей болса, устрицаны жұтқан процесті сыртынан бақылап, досын күлкімен қолпаштап тыныш қана айтты:

— Ештеңе етпейді, ауызға түскеннің барлығы пайдалы.

— Ага, — деп Костя ақырын даусымен айтты, — ол шыныменде асқазанға пайдалы.

Андрей күліп, мысқыл әзілімен:

— Ал сен не ойлап едің? Бұл бейбақ тіршілік иесін түгелімен жұтып қойдың, енді бұл құбыжық сені ішіңнен жейтін болады, — деді.

— Босқа күтпендер (Не дождётесь), — деп Костя мысқылдады. — Менің жүйке мен асқорыту жүйем мықты.

Осындай азапты процестен кейін бала «осы тағамның тіл үйірер дәмін» тез-тез басқа тағамдарды шайнамай жұтумен басуға тырысты.

— Ал қалай? — деп арамызда отырған Татьяна жәй үнімен келемеждей сұрады.

Костя тағамды бір сусынмен жұтты да, естілер-естілмес үнімен жауап берді:

— Мен ендігі мұндай... қозғалмайтын гермафродиттің дәмін...

— Түсінікті, — деп Татьяна күліп жіберді.

Бұл кезде Ариман оның назарын аударып, жағымды жымыиысымен:

— Константин, сізге ұнады ма? — деп сұрады.

Жігіт лезде бақытты болған киіпке еніп, асығыс жауап берді:

— Иә, иә, өте дәмді! Мұндайды ешқашан байқап көрген емеспін. Дәмі тіл үйіреді!

Біздер Татьяна екеуміз, осындай аяқ астынан Костяның тітіркенген түрінен риза болған қалыпқа ауысқанына күлкімізді әрең тидық. Егер ол отырмай тұрып тұрса, беліне дейін иілетін еді. Ариман жігіттермен әңгімелесіп алаңдаған кезде, Костя өз тарелкасындағы екінші устрицаға отты көздерімен (испепеляющий взгляд) қарады. Бірақ сол бойда сергектеніп, Андрейге мысқыл күлкісімен ұсыныс жасады.

— Байқап көргің келеді ме? Өте дәмді!

— Жоқ, рахмет. Мен тіршілік иелерін азаптауға қол қойған жоқпын, — деп ол күле жауап берді.

Осы сәтте үстел басында отырғандардың назарын Женька өзіне аударды. Бірнеше тағамның дәмін татып, оның батыл дегустацияға түпкілікті кіргені көрініп тұр. Және үстел ортасында тау боп үйілген үлкен шаяндарды (раков) нұсқап, Ариманнан сұрады:

— Шамасы, бұл шаяндар Чернобыльден келген шығар? Жаңадан шыққан үлкен түрі ме?

Ариман күліп жіберді.

— Жоқ бұл лангустар. Дәмін көруге кеңес беремін. Өте жұмсақ ет.

Ол көз қиығымен Велиарға қарады, ал ол лезде тапсырма берді. Даяшы-жігіт лангусты табаққа (поднос) бұтарлайтын арнайы ас үй құралдарымен өзін жеке салды да, Женькаға ұсынды. Ол ас үй құралдарының бар жиынтығына қисая қарады да, ашық айтты:

— Ал маған бұл хирургия құралдары не үшін қажет? Мен садист болмаса стоматолог емеспін. Бұл өлген жануарды азаптайын деп жатқаным жоқ. Мен не қайдағы бір маньякпын ба?! — Және тарелкасынан лобстерді қолына алып, оған қарады да: — Оның үстіне, оның қызарған түріне қарағанда, сіздің аспазшыңызға барлығын мойындаған сияқты, — деді.

Барлығы күлкіге қарқ болды. Ариманда осындай тағамға көз көрмеген әрекетке кішкене абыржып тұрған даяшыға рұқсат еткендей басын изеп, күлді. Мүмкін оған Женька құралсыз лобстерді қалай бұтарлайтыны қызық болған шығар, себебі шетке ығысып, ол күлкілі жігіттің іс-әрекетін қызыға бақылады. Женька болса өзінің іс-әрекетіне еш қымсынбай, «жұмсақ етті» алу үшін өзінің бар шеберлігін салып, лобстерді өзінше бұтарлай бастады.

Басында менде барлығы секілді тағамдарды мақтау сөздерін естіп, өз тарелкама қасымда тұрған теңіз өнімдерінен жасалған салатты салдым. Және әрине асырып мақтаған күміс түсті уылдырықты да қостым. Айтпақшы тарелкалардың өзі біршама ерекше екен. Жеңіл, фарфорлы, жартылай жалаңаш нимфалардың сюжет түріндегі суреттері салынған. Және менің екі жақын көршілерімнің тарелкасына қарағанда, тарелкалардың әртүрлі, бірақ бір тақырыпты сипаттайтын суреттері бар болып шықты.

Ыдысымды дәмді асқа толтырып, енді ғана дәмін татуға оқтала бергенім сол еді, аяқ астынан ішкі дискомфорт пен жүрегімнің айнығанын сезіне бастадым. Енді болмағанда құсып тастар едім. Мен асығыс шанышқымды қайта үстелге қойып, назарымды еденге аудардым. Бірақ еденнің түзу сызықтары құдды бір тірілгендей көз алдымда басында баяу, ал кейін барған сайын жылдам түсініксіз белгілерге бұралып, ішкі күйім одан әрмен нашарлай түсті. Басым айналып, дем алысым жиеледі. Талып қалуға қорыққан мен бар күшіммен орындыққа жабысып, көздерімді жұмдым. Басымның айналуы сол бойда кетті. Уақытша жағдайымның жақсарғанын пайдаланып, мен назарымды көкірек тұсым (солнечном сплетении), өзімнің «лотос гүліме» аударуға тырыстым. Бір кездері Сэнсэйдің біздерге берген осы қарапайым медитациясы, мен үшін экстрималды жағдайларда өзінше бір алғашқы көмектей еді. Ол мені әлі жолда ешқашан қалдырған емес. Және шыныменде, бірнеше минут ішінде

медитацияны жасап, менің күйім біршама тұрақталды, дем алысым қалыпты жағдайға түсіп, тіпті жүрек айнысымда біршама басылғандай. Мен көзімді аштым. Менің қуанышыма орай, менің уақытша жағдайымның нашарлағанын ешкім байқамай қалған екен. Ұжым тамақ пен Ариман әңгімесіне ынтамен еніп кеткен. Жалғыз Сэнсэй ғана мен жаққа біртүрлі мейірбан көздерімен қарады. Ішкі жан дүнием одан сайын тыныштала түсті. Бірақ сол бойда назарын басқа жаққа аударып, Женьканың кезекті әзіліне күлкімен бір нәрселерді айтты. Ал мен арқамнан ауыр жүк түскендей дем алдым да, ағзамдағы түсініксіз «қорқыныштардан» үстелдегі тағамға да, еденге де қарамай, орындықта ыңғайлырақ отыруға тырыстым.

Бұл кезде Сэнсэйдің мен жаққа қараған назарын байқап үлгерген болуы керек, кенеттен Ариман маған сұрағын қойды:

— Ал сен неге тамақ жемей отырсың? Байқап көр, өте дәмді.

Оның сөздері барлығының назарын маған аударып, мен өзімді ыңғайсыз сезіндім.

— Шыныменде өте дәмді, — деп жанымда отырған Татьяна, Ариман мақтаған үлкен акуладан жасалған кішкене кәуәпты жеп, сөздерін растады.

Бұл етті көрген кезде жағдайым тағы жылдам нашарлай бастады. Екінші рет талып қалуға қорқып, мен тағамдарға қарамай сөйлеуге тырыстым:

— Жоға, рахмет, мен кішкене өзіме-өзім келе алмай отырмын. Дұрысы жәй ғана отыра берейін.

— Мүмкін сенің десерт жегің келетін шығар? — деп Ариман қамқорлықпен сұрады.

Осы сөздерін айта бергені сол еді, Велиар саусақтарын шертті. Даяшылардың бірі тумбочка-тоңазытқыштан әдемі шыны ыдыстағы балмұздақты алып, мен бір нәрсе айтып үлгерместен, ептілікпен алдыма қойып үлгерді. Біздің ұжым бұл тәттіге таңғала қарап қалды. Ол жылдары осындай балмұздақты бірінші рет көруім еді. Ол үш түсті болды, хош иісті сироп құйылған ара балы түстес (медового цвета), балғын құлпынаймен, экзотикалық жаңғақтармен, қара шоколад кесектерімен және миниатюрлі сәндік үшін жағалау қолшатырларымен безендірілген.

— Еш ұялма, — деп Ариман жымыып қолпаштады.

Мен өзіме осыншалықты артық назар аударудан мүлдем абдырап қалдым.

— Рахмет, бірақ мен...

Және осы кезде мені барлығының назарын Стас пен Женькаға аударған сарқылмас балалардың әзілі құтқарды. Стас, Женьканың кезекті лангусқа ұмтылып жатқанын көріп, біршама қатты даусымен оны мазақтады.

— Енді сенде бұл буынаяқтыларға (членистоногим) жабысып қалғандай!

Женька оған таңғалған көздерімен қарап:

— Олардың немен жүретінін білмеймін, бірақ шыныменде өте дәмді екен, — деді. Біздің ұжым күлкі гуіліне басты, ал жігіт ешнәрсе болмағандай өзінің күлкілі әңгімесін (каламбур) жалғастыра берді: — Жоқ, Стас, мен саған шыныменде айтып тұрмын. Припятьке барып, ол жақта осы дәмді мангустарды аулап көру керек.

— Мангус емес, ауылбай, лангус, — деп Стас сөзін дұрыстады.

— А, — деп Женька қолын сілтеді. — Не айырмашылығы бар!

— Айырмашылығы үлкен, — деп Стас күлді. — Мангустар — үлбір тонға оралған жерде өмір сүретін жыртқыш сүтқоректілер. Ал лангустар — буынаяқты, омыртқасыз жалаңаш су түбінде өмір сүретін тіршілік иесі.

— Ал керек болса! — деп Женька балалардың күлкісімен таңғалды. — Осындай қайдағы-жоқпен жүргенімен қоса, оларды біреу шешіндіргені ме. Күн сайын жалаңаш артымен салқын суға түсетін бұл бейшаралардың қалай өмір сүретінін елестетіп көрші! Қорқынышты!

Осы сөздерін айта Женька ойнап тітіркенді. Біздің ұжым жігіттің осындай сөздеріне кезекті рет гуілдеп күліп жіберді. Ал кейін шаяндар туралы күлкілі әңгімеге ауысты.

— Мынадай әзіл әңгіме (анекдот) естідіндер ме, — деп Виктор күлді. — Мейрамханаға келген қонақ әкелген шаянға қарап, даяшыдан: «Неліктен шаянда толған қысқаш (клевня)?» деп сұрайды. Даяшы: «Ол қазанда басқасымен төбелесті», деп жауап береді. Әлгі қонақта еш саспастан: «Ендеше мында жеңімпазды әкеліндер» деп айтыпты... (Посетитель ресторана спрашивает у официанта, глядя на поданного рака: «Почему у рака одна клежня?») А тот говорит: «Он подрался в котле с другим». Ну, посетитель не растерялся и сказал: «Тогда подайте сюда победителя!»)

Біздің ұжым өздерін ертегі айтып алаңдатып жатқан кезде (тешил себя байками), мен барлығының назарынан және тағам жеуге еріксіз үгіттеген қонақжай шатыр иесінен (Ариман) сәтті құтылып, өзінің дәмді түріне карамастан менің ағзамда басқа тағамдар сияқты мүлдем кереғар реакция тудырған балмұздақты өзімнен жеңіл итеріп қойдым.

— Сен не жегің келмей тұр ма?! — деп Татьяна тыныш даусымен таңғалды.

— Жейсің бе? — деп менде ыңғайсыз жағдайдан құтылатын сәтті тапқандай, тыныш ғана сыбырладым.

— Әрине (Давай). — Ол менің балмұздақ порциямды өзіне жақындатты да, байқампаздықпен: — Өзіңнің сүйікті тәттіңнен бас тартатындай саған шыныменде жақсы емес болып тұрған шығар, — деді.

Өмірі дәмін татып көрмеген осындай балмұздақтың түрінен бас тартқан өзімнің табандылығыма өзім де таңғалдым. Бірақ дәл сол сәтте мен өзімнің



ағзамда түсініксіз революцияны сезінгенім соншалықты, басқаша жасай алмадым.

— Ал сіз неліктен дәмнен ауыз тимедіңіз? — деп біздің ұжымның кезекті әзіл әңгімесіне күліп, Ариман Николай Андреевичтен сұрады. — Мүмкін ерекше бір нәрсе қалайтын шығарсыз? Менің аспазшым тамақ пісіруде өте өнерлі. Қалаған тапсырысыңызды орындайды.

Осыған дейін даяшы табақшасына салғанды біртүрлі салбыраңқы қарап отырған Николай Андреевич кішкене оянып, сыпайы жауап берді:

— О, әуре болудың қажеті жоқ. Барлығы шыныменде керемет әрі дәмді. Тек... ыңғайсыз мезгілде асқазанымның ауруы басталды (гастрит). Мен өзімді білемін, бұл кезде ең дұрысы тамақтан тиылу.

— Ендеше сізге дәрі таблеткасын берейік? Менде өте жақсы таблетка бар. Ауырсынуды лезде басады.

— Қамқорлығыңызға көп рахмет. Бірақ мен сіздердің келер алдарыңызда ғана өзімнің дәрімді ішіп алдым. Ал оларды ішке қабылдаған кезде, басқа дәрілік заттармен араластырмаған дұрыс. Ештеңе етпейді, — деп әзілмен айтты, — осындай молшылыққа бір нәрсе қылып шыдармын.

— Иә, Сэнсэй адамдарды неге жеткізгенсің, — деп Ариман күле сөйледі.

— Бұл сөздерді кім айтып тұр, — деп Сэнсэй де жауап беріп, тек өздеріне ғана белгілі болған осы әзілге екеуі де күлді.

Айта кету керек, Ариманның өзі тағамдарды барынша мақтаумен болса да, оларға мүлдем қол тигізбеді десе болады. Біздердің күнделікті тағамдарымыз іспетті, оған бұл тағамдар еш қызықты емесі анық еді. Дұрысында еш қызығушылығын тудырмаған секілді. Маған оның назары Сэнсэй мен оның айналасына көбірек болғандай көрінді.

Ариман өзінің яхтасымен саяхаттаған кезде, өздерімен болған күлкілі оқиғаларды айтып, көп әзілдеді. Айтқан сөздеріне қарағанда жер шарының біраз жерлерінде болғанға ұқсайды. Балалар оның әңгімесін құлақ түре тыңдады. Олай болмасқа! Біздер әлем туралы не білеміз? Тек теледидардан шектеулі фрагменттермен көрсеткенді ғана. Ал бұл жерде тек шекарадан шығып қана қоймай, әртүрлі елдерді аралаған, оның үстіне әлемге әйгілі адамдар ортасында болған тірі куәгердің өзі.

Өкінішке орай, басында өзіме не болғанын түсінемін деп, Ариманның не туралы айтқандарын есіме сақтауға еш тырыспаппын. Өйткені екінші күні қатарынан менің ағзам өзіне жат «бұзылудың» белгілерін көрсетіп жатқан. Оның үстіне біздің психотерапевт те асқазанының ауруына сілтеп, күмәнді шағымын айтқан. Ақыр аяғы мен кеше күннің ыстығына бұзылған тағамды Николай Андреевич екеуіміз жеген шығармыз деп ысыра салдым. Дегенмен, енді бір жағынан қарағанда тамақтан уланудың айқын белгілері байқалмады.

Өзімнің «кофенің түбіндегі қою қағына қарап болжауымнан» түпкілікті шатасып, пайдасыз бұл істен және осы қуанышты емес ішкі күйімнен Ариман соншалықты шабытпен айтып жатқанға жәй ғана алаңдаймын деп шештім.

— ... Мальдив аралдарында, әрине, әдемі жерлер жетерлік, дегенмен ол жерде ішің пысқаннан өліп кетесің. Тек дайвинг түріндегі су асты ойын-сауығы болмаса. Дайвингте ең бастысы не?

Ариман үзіліс жасап, біздерге күлімдеп қарады.

— Су асты әлемінің сұлулығы мен оны мекен етушілер, — деп Стас көңілді айтты.

— Жоқ. Дайвингте ең бастысы, сенің суға сүңгулерің, судан шығуыңмен саны бірдей болуында.

— Ааа, енді бұл өз алдына, — деп жігіт басқаларымен бірге күлді.

— Бұл әрине әзіл, — деп Ариман сөзін жалғастырды. — Ал негізінде уақыт өте дайвингте жалықтырып жібереді. Көп уақыт өтпей-ақ су асты құздарын (риффы) бес саусағыңдай жаттап аласың, барлық манта балықтарын, мурен, наполеондар мен жергілікті акулалардың «жүзін» бірден танитын боласың.

— «Жүзінен» бірден танитын боласың? — деп Руслан түсінбеді.

— Иә, — деп Ариман қолын сілтеді. — Ол жақта жергілікті дайвинг нұсқаушылар барынша көп туристерді тарту үшін біртіндеп балықтарды тамақтандырады. Әрине, бұл балықтар үшін жақсы, балық аулаудың қажеті жоқ, тамақ ауыздарына өздері келіп түседі деп айтуға болады. Және бір жерде, уақытылы сағатпен.

— Тегін тамақ! — деп кезекті лангусын бұтарлап жатқан Женька сөздерін толықтырды.

Біздің ұжым тағы да көңілді күлді.

— Күлкі күлкісімен, ал жергілікті халық үшін — бұл бизнес, — деді Ариман.

— Ал Мальдив аралдары қай жерде орналасқан? — деп Руслан географияны мүлдем түсіне алмағандай сұрады.

— Шри-Ланкадан 640 километр қашықтықта Үнді мұхитында.

— Түсінікті, — деп Шри-Ланканың қай жерде орналасқанын білетіндей түр танытып, жігіт көп мәнді сөйледі.

— Дайвинг — бұл әрине керемет, — деп Ариман жалғастырды. — Бұрынырақта мен экстрималды спорт түрлерімен ерекше ынтызарлықпен әуестенгенмін: альпинизм, дельтапланеризм, сёрфинг және рафтинг...

— Рафтингпен? Ал бұл не? — деп Андрей таңғала сұрады.

— Бұл байдаркамен тау сарқырамасымен (өзенімен) төменге қарай түсу. Ойлап қараңдаршы, сарқыраған су ағыны, мұздай суық су шашыраулары. Және сен осының барлығының ортасында тау тастарынан әрең бұлтарып,

кезекті тау құзына қадалған, қорқыныштан бақырайған көздеріңмен үлкен жылдамдықпен құлдилап келесің. Тынысың тарылады (Аж дух захватывает)! Әрине тамаша. Бірақ бұл мені тез зергітіп жіберді... Өмірімде мен нені байқап көрмедім. Мотоспортты да, автоспортты да көрдім. Ал негізінде бұл жазылмас ауру секілді. Бұл спорт түрлеріне егер біреу шыныменде түсетін болса — бәрі құрыды дей бер. Ол жақтан шығу мүмкін емес. Сені үнемі дәл нашакор секілді жылдамдыққа, мотордың ақырған үніне тартып тұрады. Өңінде де түсінде де, рөлге отырмай, осы естен кетпес қандағы адреналиннің көтерілуін сезінбейінше аңсаумен боласың... бірақ мен өз «ауруымнан» тез айықтым. Кейін ұзақ уақыт аңшылықпен әуестендім. Басында Африка сафариінде, кейін Австралиядағы су асты «сафариінде»...

— Біздер де Женька екеуіміз осы спорт түрімен әуестенеміз, — деп Стас мақтана айтты.

— Иә, — деп Женькада қолпаштады. — Бірақ біздің шаруамыз әлі Австралияға жеткен жоқ. Жер шарындағы бұл орын біздің ұлы да құдіретті мекенімізден өте алыста жатыр. Бізде де тіпті табиғат-ананың өзі көз салмаған өте қызықты жерлер жетерлік. Ол жердегі бай экзотикалық фаунаға, пирания балықтары бар Австралияның жетуіне әлі көп бар.

Жанында отырған Стас бүйірінен жеңіл түртті де жәй ғана үнімен:

— Женька сен не, пирания балықтары Амазонкада өмір сүреді, ал Амазонка Оңтүстік Америкада орналасқан, — деді.

— Ендеше Австралияның бізге тіптен керегі жоқ, — деп жігіт қатты даусымен айтты, — егер ол жақта тіпті пираниялар болмаса?! — Ал кейін маңызды түрімен: — Ал негізінде Австралия секілді мемлекеттер дүниежүзілік картада соншалықты бай әрі өте үлкен мемлекетіміздегі аумағы мен ресурсы орасан зор біздің облысымыздың қаншалықты үлкен екендігін көрсету үшін ғана тұр деп есептеймін, — деп қосты.

Барлығы күлді, ал Ариман әзілмен:

— Сіз кездейсоқ ұлттық мегамәктанумен (мегаломанией) ауырмайсыз ба? — деп сұрады.

Женька оған көзін адырайтып қарады да:

— Ешнәрсемен де ауырмаймын. Ұлтшылдылығымда бәрі қалпында: олар менің арғы тегімде үлкен тізімді құрайды. Және көзімді жыпылықтатуымда да бәрі о'кей: жүйкелік (нервный) тықылдау жоқ. Сондықтан ол менің Мақтаныш (Манию) сезімімді мүлдем мазаламайды, — деп күлді де, — осындай ұсақ-түйек үшін, — деп нақтылады.

Жігіттер тағы да қарқылдап күліп жіберді. Ал Стас досына әзілдеп (мысқылдап):

— Әйтеуір оның мақтаныш сезіміне (мании) лайықты анықтамасы табылды, — деді де, барлығы күліп болған кезде үзілген әңгіме тақырыбын жалғастырды: — Иә, су асты балық аулаумен бізде шыныменде жарыта алмайсың. Жәй ғана жергілікті жұпыны өзендерде, кей кездері осында, теңізде әлек боламыз. Бірақ бұл жердегі судың мөлдірлігі жиіркенішті.

— Осыны да теңіз дейсіңдер ме, жәй ғана лайлы шалшық, — деп Ариман көңіл білдіргендей айтты да, басталып келе жатқан шабытпен: — Міне Австралияның жанында судың қаншалықты мөлдір таза әрі әртүрлі балықтарға қаншалықты бай екенін сіздер тіпті елестете де алмайсыздар, — деді.

— Олай болмасқа! — деп Стас қызыға (қызғана) күрсінді.

— Су асты үлкен құздарының (барьерные рифы) өзі неге тұрады?! Бір сөзбен, ғажайып табиғат әлемі. Шытырман оқиға мен қауіпке толы нағыз аңшылық (балық аулау)! — Халық жанды баурап алатын тамаша сөздеріне майдай еріп (еніп), Ариманға таңғала қарады. — ...Әрине осының барлығы сен үшін алғашқы рет болса, сөзсіз қызықты болады. Бірақ уақыт өте келе, шынымды айтсам бұл да жалықтырып жібереді. Сондықтан су асты аңшылығым жәйменен балық аулауға ұласты. Бірақ балық аулауда, тағы да демалыстың әртүрлі болуы үшін. Айтпақшы, балық аулауға қатысты, — деп Ариман Сэнсэйге қарады. — Мен соңғы рет финдерде Балтық теңізіндегі (Балтийском море) Аланд архипелагында (Аландском архипелаге) балық ауладым. Маған ұнады. Иіруші қармағыммен бір сағатта шамамен 30-40-тай данасын алдым және біршама ірілерін. Міне, балық аулау деп осыны айт. Әрине бір жаман жері бар... Көп аулайсың, бірақ өзіңмен тек біреуін ғана ала аласың. Қалғандарын қайтадан еркіндікке жіберуге тура келді, — деп Ариман жымыды да, Сэнсэймен бірге күлді. — Енді қайтесің, егер олардың аралдарында тек спорттық балық аулау ғана болса. Ал бірақ екінші жағынан қарасақ, жергілікті аландықтар жарап тұр. Жақсы ойластырған, ештеңе айта алмайсың. Бастары калькулятор секілді жұмыс жасайды, сондықтан да ауқатты өмір сүреді. Үнемдей алады!

Кішкене үнсіздіктен кейін Ариман әңгімесін әрі қарай жалғастырды:

— Иә-ә-ә... Жалпы дұрыс демалып білу керек. Ең жаман демалыс — бұл ештеңе істемеу. Бұны мен емес, қазір нейрофизиолог деп атайтын өткен ғасырдағы ғалымдар дәлелдеген. Адам психикасы солай жасалған — белсенділікті бір жұмыс түрінен басқасына ауыстыру ол үшін ең тамаша демалыс. Егер өз демалысыңды сауатты жоспарламасаң — жаңа күште, жаңа таңғалыстар да, кейінгі тиімді жұмыста болмайды. Бірақ, шынымды айтсам соңғы кездері әлемді аралап, тыныштықта демалған маған көбірек ұнайды.

— Иә, менде туристік саяхаттаудан бас тартпас едім, — деп Костя армандай айтты.

Ариман күлімдеді.

— Жоқ. Туризм — бұл шаблон. Әдетте барлығы болжағыш, ұжымдық топпен жылпыс жолсеріктермен сол баяғы бір жерлерді аралайсың. Бір ғана мақсат үшін — достарың мен ағайындарыңа сол жерде болғаныңды мақтанышпен айтатын сол баяғы туристік жерлердегі бірдей фотосуреттер. Жоқ, маған өркениеттің рухани, мәдени орталықтарын аралап, белгісіз өмір салтына енгеннен ләззат алып, қызықты адамдармен кездесу көбірек ұнайды. Басында ол жерлер туралы көп оқыдым, бірақ ол жерлерде өзім болған кезде... Оқығаныңмен болмаса біреуден естігенің мен өз көзіңмен көрудің арасында үлкен айырмашылық болады екен, — деп осы сөздерін айтқан кезде Ариман аздап Сэнсэйге басын меңзеді. — Бұл жер туралы немесе атақты адам туралы. Ал сол жерлерде өзің болып, есімі әлем аузында жүргендермен әңгімелескен кезде мүлдем басқа. Сен тек ақпарат қана алып қоймай, тарихымен, сол жерлердің және адамдарының күшті энергетикасымен жақындасасың. Меніңше бұл рухани жетілуің үшін көп нәрсені білдіреді. Мен көптеген рухани орталықтарда (жерлерде) болдым. Және әрбір үлкен діндер шын ілімнің дәнінен құралады деген ой түйдім. Бұл білім дәндері, әртүрлі бұлақтан тамшылап жиналғандай. Бірақ сонда да олардың қайнар көзі бір.

Ариман ұжым бұл сөздердің мәнін түсініп және лайықты қабылдау үшін көп мәнді іркіліс жасады. Ал кейін сөзін жалғастырды:

— Мен осы замандағы адамзат фавориттері болған көптеген адамдармен әңгімелесу құрметіне ие болдым. Оның ішінде әлемдік рухани көшбасшылар да бар. Мысалға, Далай-лама. Мен сіздерге айтып тұрмын, бұл мүлдем салыстыруға келмейді: ол туралы журналдар немесе кітаптардан оқумен және Далай-ламамен жеке бірнеше кештерді өткізіп, еш қысылмай қызықты тақырыптарда әңгімелесу — мүлдем басқа әңгіме. Немесе Үнді елінде, мысалға мен толық бір апта бойына заманауи Шығысқа аты аңызға айналған — Сатъя Саи Бабаның өзімен сөйлесу мүмдігіне ие болдым. Көптеген адамдар үшін ол құдайдан кем емес. Ешқашан кітап оқымаса да, бірақ индуизмнің қасиетті кітаптарының, Інжілді, Құранды және бірнеше ежелгі, қазіргі заман философтарының дәйексөздерін (цитата) еркін айтатын қызықты адам. Ол еш қиындықсыз бір затты басқа затқа оңай айналдыра алады. Бірақ барлығынан заттарды материализация жасағаны маған ұнады. Елестетіп көріңіздерші, қолын ауада осылай айналдырады және түтін пайда болады. — Осы сөздерін айтып Ариман қолын ауада айналдырды. Және біз мүлдем күтпеген ауада шыныменде кенеттен темекі түтініне ұқсас ақ түсті түтін пайда

болды. Біздер абдырап қалдық. Ариман болса өзінің таңғалдырар әңгімесін жалғастырды. — Ал кейін ол жерден тәтті нанды (печенье) алады.

Және Ариман бізгі мүлдем түсініксіз түрде түтін арасынан, құдды бір көрінбейтін қалтадан алғандай, тәтті нанды суырып алды. Біздер таңғалғанымыз соншалықты, қимылдауға қорықтық. Басында мен бұл белгісіз бір фокус шығар, Ариман бізге білдіртпей ақ жейдесінің жеңіне салып алған шығар деп ойладым. Бірақ Ариман ауадан үлкен вазаға сиятын тәтті нандарды алған кезде, «осыншама тәттілер оның жеңіне қалай сияды?» деп мен сасып қалдым.

— Ал сіз мұны қалай жасадыңыз? — деп бәріміздің таңғалысымызды, екінші тірі «Сатьяға» таңғалған көздерімен қараған Руслан айтты.

Ариман бізге көрсеткен эффектісіне риза болған түрімен, соңғы тәтті нанды алды да, салтанатты түрде әлгі тау боп үйілген тәтті нандардың үстіне қойып, вазаны (тәтті нан салынған) бір шеттен берді. Балалар таңғалыспен дәмін көріп, тәтті нандардың дәмі әртүрлі лимонды, өрік дәмі бар, шабдалы дәміне ұқсайтынын айтып жатты. Ариман болса вазаның қолдан-қолға өтуімен Русланның сұрақтарына жауап берді.

— О, бұл өте қиын. Маған Саи Бабаның өзі бір апта бойына қалай жасалатынын үйретті. — Ариман күлді де, иығын көтеріп: — Дегенмен... Мүмкін мен соншалықты қабілетсіз шығармын... — деді.

Ол біздің таңғалған ұжымға қарады. Осы кезде тәтті нан салынған ваза ыдысы Николай Андреевичке де жетті. Дәрігердің асқазаны түйілгеннен болуы керек кішкене қабақ шытқанын көріп, сол бойда Ариман:

— Тамақтан бас тартқан сіздің күйіңізге қарап дәмін көруге кеңес бермес едім, — деп Сэнсэйге жымысқылана қарады да, ақталғандай: — Қанша дегенмен ұннан жасалған тағам емес пе, — деп қосты.

Сэнсэй жымиды, ал Николай Андреевич арқасынан ауыр жүк түскендей ыдысты әрі қарай берді. Негізінде мен бұл жаңа құбылыстан пайда болған тәтті «ғажайыптың» дәмін көруге ниетті едім. Бірақ ваза маған жете берген кезде, менің өкінішіме орай ағзамда жүрек айнуымның жаңа шақырулары басталып кетті. Тездетіп ыңғайсыз жағдай болып қалмас үшін оны Татьянаға беруге тура келді. Барлық қалаушылар дәмін татып болғаннан кейін, Ариман әңгімесін әрі қарай жалғастырды:

— Сондықтан балалар, әңгімені есту мен шынайылықты көзбен көру — екі үлкен айырмашылық. Мысалға, сіздер туристік топпенен Монте-Ватикано шоқысындағы көруге рұқсат болған жерлерді аралап, ойларыңызбен Рим папасын көкке көтересіздер. Ал онымен тіпті жанында жүргендердің көпшілігіне есігі жабық оның жұмыс бөлмесінде шай үстінде жеке кездесіп өз сұрақтарыңды қойып, оның жарық ойларын есту мүлдем бөлек әңгіме...

— Рим папасының өзімен?! — деп Русланның көздері бадырайып, таңғала айтты.

— Иә, — деп Ариман жәй нәрседей айта салды. Кішкене үнсіздіктен кейін: — Онымен әңгіме-дүкен құрғаннан кейін, оның қаншалықты ұлы адам екенін түсінесің! Ол басқаларынан айрықша талантымен, ерекше дарындылығымен (харизма) ерекшеленеді. Және ол адамда апостол Петр батасының мөрі жатқанына ендігі күмән келтірмейсің.

Бұл адам өзін жақсы көріп әрі сыйлайтыны соншалықты, басқаларын да өзін жақсы көріп, сыйлауға мәжбүр етеді. Сондықтан сол сияқты жерлерді көріп, маңдай алды адамдармен кездесен кезде, көп нәрсеге басқаша көзбен қарай бастайсың.

— Ал керек болса, Ватиканның өзінде болу! — деп Русланның аузынан таңғалған сөздер еріксіз шығып кетті.

Ариман қызығушылықтан жанып тұрған балаға қарап жымыды.

— Керемет, — деп күлді. — Ватикан — менің жақсы көріп баратын жерлерімнің бірі. Сіздер ол жерде мәдениет байлықтары мен өнердің қаншалықты жиналғанын елестете де алмайсыздар. Тек Әулие Петр ғибадатханасының (бұл әлемдегі ең үлкен христиан ғибадатханасы деп есептеледі) және оның ең басты сәні — Пьета — ұлының өліміне қайғыдан жылаған Мәриям ана мүсіні және әрине Әулие Петрдің қоладан құйылған мүсінінің өзі неге тұрады. Ал Сикстин Капелласы (Сикстинская Капелла) ше?! Бұл деген Қайта өрлеу заманының ең мықты шеберлерінің қолынан шыққан нағыз жауһары (шедевр) емес пе. Ол заман үшін революция болған антропоцентризм, не деген асқан шеберлік (виртуозность), Микеланджелоның фрескалары туралы шешімнің қандай батылдығы десеңші. Ал Рафаэль Станциялары бар Борджа апартаменттерін айтсаңшы. Барлығын тізіп шыға алмайсың. Ватикан қонақжайлыққа бай. Ол жерде мұражайлар, сарай комплекстері көп. Көзбен көретін нәрсе жетерлік. Бірақ бұл Ватиканда сақталғанның көзге көрінетін жай ғана кішкене бір бөлігі. Ал көпшілік назарынан жасырылғандар, балалар сөзіме сеніңіздер, анағұрлым құнды әрі қызықтырақ.

Ал Әулие Петр алаңының көркем әсемдігін айтсаңшы! Бұл шыныменде Ватиканның визиттік карточкасы. Ойлап көріңіздер, айналасы 140 Әулиенің үлкен мүсіні бар колоннамен қоршалған орасан зор эллипс және осы алаңның пайда болуына бастамашы болған Александр VII елтаңбасы (герб) орналасқан. Ал алаңның ең ортасында — ине түріндегі ескерткіш тұр (обелиск).

— Ине түріндегі? — деп Виктор таңғалды. — Бұл ол жерде не үшін тұр? Ариман біршама жауап бергісі келмегендей айтты.

— Бұл Калигула заманындағы тарихпен байланысты. Калигуланың өзі мысырдан «ине» ескерткішін (обелис) Римге алып келген, ал Нерон оны басында өзінің циркіне орнатқан. Ал цирк қазіргі Әулие Петр ғибадатханасы тұрған жерде болған. Және тек 1586 жылы ғана «ине» тас ескерткішін қазіргі күнге дейін тұрған жерге орналастырған.

Ариман бір нәрсе туралы ойға батқандай, әңгімеге алаңдап екпінін соңғы сөздерге берді. Бұны Николай Андреевич пайдаланып, сол бойда туындаған сұрағын қойды:

— Қай жеріне?

Ариман селк етіп (встрепенулся), енді ғана аузын аша бергенде, ол үшін Сэнсэй жауап берді.

— Ол жерде Пётр басымен төменге қаратылып ағашқа шегеленген (азапталған).

Бұл сөздерді айтып Сэнсэй Ариманға қарады.

— Бұл әлгі Исадан үш рет бас тартқан адам емес пе? — деп Виктор Сэнсэйден сұрады.

— Иә.

Бірақ Сэнсэй шаршаңқы үнімен «иә» деп жауап берсе, ал Ариман әңгіме тізгінін қайтадан өзі ұстап, аздап жоғары үнімен айтты.

— Иә! Қалған өмірінде Исаға және Оның Іліміне адалдығын дәлелдеген дәл сол Пётр. Ұлы әулие және нағыз тастай мықты сенімі болған, сол адамның арқасында құрылған әрі әлі күнге дейін иек артқан католиктік шіркеудің негізін қалаушы дәл сол адам. Римдік христиандардың бірінші епископы болған дәл сол Пётр! — Және кішкене іркіліс жасап, ендігі сабырлы үнімен, бірақ шабыты кетпеген даусымен: — Бір сөзбен Ватиканның аты — Ватикан! Ол жерде қанша болсамда осы Мәңгілік Қаланың ұлылығына, осы мемлекеттің ұлылығына таңғалудан шаршамаймын. Айтпақшы, Ватикан — бар жоғы 0,44 шаршы километр, халық саны шамамен мың адамдай болатын әлемдегі ең кішкентай мемлекет.

— Бары мың-ақ па? — деп Андрей таңғалды.

— Иә, көпшілігі пірәдарлар мен нунциилар...

— Кім? — деп Стас қайта сұрады. — Нунции?

— Ватиканның дипломатикалық миссиясының басшылары, — деп Ариман түсінік берді.

— А-а-а е...лшілер де — деп Женька әзілдеп тұтыға (заиканием) Стасқа түсіндіргендей болды.

Балалар күлді. Ариман болса оның әзіліне жәй ғана жымыып:

— Бұл елшілер ең ақылды адамдар қатарында. Олардың талмай еңбек етулерінің және Ватиканға барша шын сенушілердің арқасында, бұл



кішкентай мемлекет кез-келген үлкен көшбасшы мемлекеттер қызығатындай әлемге ықпал етеді.

— Жоқ, енді бұл түсінікті, — деп Николай Андреевич асқазанының ауруы қысқаны анық, қиналған даусымен сөйледі. — Ватикан халықаралық католизцизмнің орталығы емес пе. Ол жерде Рим папасының резиденциясы орналасқан. — Және күлімдеді де сұрағын қойды: — Ал сіз католик шығарсыз?

— Мен? — деп Ариман таңғалды. — Жоқ. Мен әлемдегі ешбір дінде емеспін. Бірақ Рим папасына үлкен сыйластықпен қараймын. Ал негізінде католизцизм — менің жақсы көретін діндерімнің бірі. Католик шіркеуі өзінің өткен шағында әлемге қанша көп іс жасағанын сіздер тіпті елестете алмайсыздар! Және тек өткен замандарда ғана емес. Ол әлі күнге дейін әлемге айтарлықтай ықпал етеді. Католиктік шіркеудің әлем бойынша қатаң тәртіпке бағынған өте көп рухани әскері, көптеген монахтық ордендері мен миссионерлік ұйымдары бар. Одан әртүрлі елдердегі саяси партиялар, саналуан қоғамдық қауымдастықтар бастау алады. Жалпы осының барлығы католик дініне сенушілерден Ватиканға айтарлықтай кіріс әкеліп отырады. Оның үстіне, Ватиканның халықаралық ірі монополияларда, оның ішінде АҚШ, Ұлыбритания, Швейцария, Франция, Испания, латын елдерінде капитал салымдары бар (капиталовложениями). Және бірнеше ірі концерндердің ортақ иелері. Сонымен бірге Италия, Испания, Германия және басқа мемлекеттердегі ірі жер иесі болып саналады, әрі оларды жалға беруден орасан зор пайда көреді. Және қазіргі кезде католик шіркеуінің ықпалы Шығысқа қарқынды таралып жатыр. Мен олардың ақылды басшыларына, олардың әлемді жаулаудағы әдіс-тәсілдеріне таңғалудан жалықпаймын.

Біздің ұжым оның сөздерін мұқият тыңдап отырған кезде, Ариман Сэнсэй жаққа салтанатты қарап көп мәнді үнсіздік жасады да, басталған тақырыпқа қайта оралып қорытындылай айтты:

— Сондықтан, балалар, бұл қоғамда сен бір нәрсеге тұратын болсаң, сен үшін барша есік ашық болады. Егер мен қарапайым жұмысшы болсам, осындай жоғары мәртебелі адамдармен бір үстел басында отыру мүмкіндігіне ие бола алар ма едім? Әрине жоқ. Өкінішке орай бұл әлемде барлығын ақша шешеді. Александр Македонскийдің әкесі — Филипп II алтынға толған дорбасы бар есектің бағындырмас қамалы жоқ деп дұрыс айтқан. Ақша көптеген мүмдіктерді ашады, оның ішінде рухани жетілуге де және бұл рас. Сен ақшаң болмаса кімсің? Ешкім де емессің, сенің жағыңа ешбір адам қарамайды. Деніңнің саулығы үшін — ақша керек, басыңа баспана мен азығыңа да — ақша керек. Тіпті әлемнің рухани ілімімен танысу мүмкіндігі үшін де қалтаң бірмаша қалың болуы керек, барлық жерді аралап, барлығын

өз көзіңмен көруің үшін. Және бұл туралы аз да болса түсінігің болуы үшін, ең арзан кітапшаны сатып алуға да, бәрібір қалтаңда әйтеуір бір ақша жатуы керек. — Ариман жымыып сөйледі: — Өкінішке орай, біздің әлемде тегін ірімшік тек тышқан қақпанында ғана.

Николай Андреевич иығын көтеріп:

— Маған барлығы адамның өзіне байланысты сияқты. Егер басы орнында болса, ол әрқашан өзі үшін ақша таба алады.

— Дұрыс, — деді Ариман. — Бірақ әңгіме оның қанша ақша таба алатынында?

— Енді, кітапқа ақшасы жететіні анық, — деп әңгімеге Руслан араласты.

Ариман жеңімпазша күлді де:

— Бұл қазір сіздерге жетеді, себебі сіздер әлі жас, отбасын құрып үлгерген жоқсыздар. Ал қалай үйленіп, үй болған кезде, міне сол кезде сіздер ақшаның шын құндылығын түсінесіздер, — деді.

— Олай бола қоймас, — деді Руслан. — Мен бойдақ болып дүниеден өтемін.

Ариман қолын сілтеді.

— Жәй ғана жастықтың буы (кураж). Тек сіздер өз өмір жолдарыңда бойдақтық өмірде берген бар уәделеріңді бір сәтте ұмыттыратын адамды әлі кездестірген жоқсыздар. Отбасылы адам — жалғыздықты қалағандай, жалғыз басты адам да отбасылық өмірге ұмтылады. Өмір шындығы осы.

— Иә, кейбір мағынасында сіз дұрыс айтасыз, барлығына қаражат керек, — деп шатырға қарап Виктор мұңдана айтты.

Стас оның назарын ұстап, күлкімен:

— Бізге бұлай өмір сүру қайда, — деп әзілдеп күрсінді де: — Дегенмен жаның қалайды екен, — деп қосты.

— Ал сіздерге осылай өмір сүруге кім кедергі? — деп Ариман қарсы сөзін айтты. — Қазір сіздердің елдеріңізде көп ақша табуға үлкен мүмкіндіктердің есігі ашық. Осындай мүмкіндіктерді жіберіп алу күнә.

— Иә, бірақ оларды қалай табуға болады? — деп Виктор екі ойлы айтты.

— Үлкен қаражат табудың бірнеше жолдары бар. Бірақ олар туралы білетіндер аз ғана, — деп Ариман қызықтыра айтты.

Женька мырс етті.

— Иә солай, кім білсе, сол үнсіз. Және тек үнсіз емес, өзіне бақталас шығармас үшін, ашкөздіктен үндемейді.

Осы сөздерін айтып жігіт Ариманға жымысқылана қарады. Бірақ жігіттің бұл сөздері оған мүлдем еш қатысы жоқтай, ол философиялық жауабын берді.

— Егер адам ақылды болса — ерте ме, кеш пе ол адам көтеріледі. Ал егер кәсіпкерлік ыңғайы (мінезі, жилки) болмаса, қалай түсіндірсеңде, ол адамнан жарытып ештеңе шықпайды. Гаврил Романович Державин айтпақшы:

«Жұлдызбен оны көмсенде,  
Есек, есек боп қалады;  
Ақылмен жасар ісіңе,  
Ол тек құлағымен ғана шапалақ соғады».

Ариман өлең шумағын ерекше оқығаннан, балалар оның әзіліне еріксіз күліп жіберді. Күлкі басылған кезде, Ариман біршама байыпты айтты:

— Мен өте ірі корпорациялардың иесімін. Және олар тек дер кезінде менің ақыл-кеңесіме құлақ түріп, мәнін түсінген, соның арқасында осындай жетістікке жеткен, ақылды да талантты адамдардың арқасында өркендеп дамып келеді. Сондықтан балалар, мен жомарт адаммын...

— Бұған кім күмән келтіреді, — деп Сэнсэй жымыып тыныш ғана айтты.

— ... Егер қаласаңдар, сіздерге менімен кездесу бақыты бұйырған екен, өзімнің жинаған тәжірбиеммен бөлісе аламын, — деп Ариман балаларға ұсыныс тастады.

— Қалаймыз! — деп «барлығымыздың ойымызды» айтып Виктор күлімдеді.

Ариман риза болғандай орындыққа шалқайып, ендігі Сэнсэйге көңілді қарады да, Викторға жауап берді:

— Ешқандай мәселесі жоқ. Біздер бұл тақырыпта сәл кейінірек әңгіме айтатын боламыз. Ал қазір — менің фирмалық десертім (фирменный десерт)...

Айта кету керек, әңгіме кезінде Велиардың көмекшілері дастарханда тағамдарды ауыстырды. Бұрынғы тағамдар шатырдан алынып, матростарға берілді. Ал олар өз кезегінде көмекшілерге ақ қораптарды берді. Әңгіме кезінде үстел басына, басқа асхана ыдыстарында бейнеленген тақырыпты жалғастыратын суреттері бар, әдемі шай ыдыстарының жиынтығы (немесе шай сервизи) және ұннан жасалған тәтті өнімдер, конфеттер мен жеміс-жидектің барлық түрлері әкеленді. Сонымен Ариман сөзін айтып болған кезде, дастарханда жаңа ыдыс бұйымдары жарқырап тұрды. Біздің топ осындай тәттінің аста-төк көп болуына қарап, ауыр күрсінді. Әрбір аспаздық өнім ерекше безендіріліп, нағыз шедеврдей көрінеді. Халық көздерімен барлығын жеп үлгерсе де, асқазандары оған мүмкіндік бермеді. Сондықтан тәттілердің кеңінен дәмін көруге тек біздердің санаулы-«ауырсалмақтылар» — Виктор, Володя, Стас, Женька, Руслан ғана кірісті. Қалғандары тек бір шыныаяқ шаймен және өздерінің ойынша ең дәмді көрінген бәліштің дәмін татумен ғана шектелді.

Ал мен болсам, ағзамның келеңсіз уақытта «қырсыққанына» өзімді іштей сөгуді тоқтатқан жоқпын. Менің алдымда кондитерлік өнердің сондай

ғажайып туындылары тұрды! Ал мен іштей жағдайымның болмауынан, тіпті бір шыныаяқ шайға да қолымның ұшын тигізе алмадым.

Ариман, Андрейдің өзінен алыс емес жерде тұрған тәтті бәлішке құмарлана қолын созғанын көріп, қонақжай үй иесіндей жымыып:

— Керемет таңдау, — деп жігітті сергітіп қойды. — Айтпақшы, бұл бәліш (немесе тәтті нан) «Наполеон» деп аталады, ол 120 жылдан аса сақталған коньяктың қосылуымен ескі рецепт бойынша жасалған. Дәл осы күйінде оны императорлық үстелге қойған.

Осындай жарнамадан кейін ескі рецептпен жасалған бұл бәліштің дәмін көргісі келгендер біршама көбейді.

— Ал қалай? — деп бәлішті жеп жатқан Андрейден сұрады.

— Өте дәмді!

— Олар өте қымбат тұратын шығар, — деп Стас ұннан жасалған тәбетті ашатын өнімге қарап айтты.

Ариман күліп жіберді.

— Әрине! Егер мен ауқатты болмасам, олардың дәмін татар ма едім?

Халық дәмін көруге түпкілікті кіріскен кезде, Ариман алдындағы бір кесе шайға қолының ұшы да тимеген Сэнсэйге қарады.

— Сэнсэй саған ұнайды. Бұл жоғары сапалы көк шай.

— Оған менің еш күмәнім жоқ, — деп Сэнсэй келісті. — Рахмет... Бірақ, өкінішке орай.

— Осындай шайдан бас тарту, — деп Ариман басын шайқады.

— Қайтесің енді, ерік күшімді шындаудамын.

— Оны одан сайын күшейтіп, қайда барасың?!

— Бұл ешқашан артық етпейді, — деп Сэнсэй жымыды.

Олар күлді. Сэнсәйдің жауабы мені біршама сергітіп тастады. Әрқашан өзінді күшті, ерік күші мықты тұлғаға ұқсатқың келеді емес пе.

— Кейбірінің жолы болғыш, — деп Женька күле Сэнсэй жаққа қарады. — Ал менде күш бар. — Ол көрсете жұдырығын түйді. — Ерік бар. — Ол кеудесін толтырып дем алды. Бірақ сол сәтте желі шыққан шар секілді демін шығарды да: — Ал ерік күші (сила воли) жоқ, — деді.

Балалардың күлкісімен шайынан бір ұрттап «Наполеон» бәлішіне қолын созды. Дәмді кондитерлік өнімге таңдана қарап (Облюбовав взглядом):

— Иә, онымен қоса ақша да жоқ. Әлемде жақсы адамдардың болғаны қандай жақсы, — деп қосты. — Және бәлішіне қарап: — Әйтпегенде мен сенің дәміңді тата алмай кетер едім. Сондықтан мені кешіріп қой Наполеон Бонапартыч...

Осы сөздерімен бәліштің жартысын бір-ақ тістеп, балаларды кезекті рет күлдіртті.

— Иә, — деп Виктор ойлана айтты. — Қалай айналдырсаңда, барлығына ақша керек.

— Бұл қағаздарды (фантики) кім ойлап тапқан? — деп көзіне түскен кезекті конфетті қағазынан ала Андрей иығын көтеріп сұрады.

— Қытайлықтар, — деп Ариман еш алаңсыз айтты.

— Қытайлықтар? — деп жігіт таңғалды.

— Иә. 650 жылы Тан династиясының Қытай Императоры құны 10 000 юань-нао болатын алғашқы «нао-цзао» қағаз ақшаларын шығарған. Олар жоғары сападағы қағазға басылып, жеңіл тасымалданған. Және оларды әрқашан мыс теңгелерге айырбастауға болатын. Сондықтан ақшаның осы түрі тез танымалдылыққа ие болған. Кейін бұл үрдісті парсылар, жапондар қабылдап, осылайша әлемге таралған.

— Ал оған дейін мыс ақшалар болған ба? — деп Костя қызыға сұрады.

— Өртүрлі: мыс, күміс, алтын. Бір сөзбен айтқанда, металдан жасалған, — деп Ариман жауап берді.

— Ал теңгелерді кім ойлап тапқан? — деп біздің Философтың бітпес сұрақтары басталды.

— Тағы да қытайлықтар. Оларда алғашқы теңгелер біздің заманымызға дейінгі XII ғасырда пайда болған. Олар құйылып жасалған. Ал кейін шамамен бес ғасырдай өткен соң ежелгі грек мемлекетінің бодан (отар) елдерінде соғылған теңгелер пайда болды.

— Апыр-ай қытайлықтар не деген ақылды, мен бұрын байқамаппын, — деп Женька осы кезде Ариманның сәл артқы жағында, отырған қонақтарға менмендік пен тәкәппарлана қарап тұрған Велиарға көз қиығын салып, мысқылдап сөйледі.

— Әрбір халық өзін ақылды санайды, — деп Ариман иығын көтерді. — Мысалға римдіктер теңгені ойлап тапқан өздерінің құдайлары Сатурн, Янус, Помпелия патшасы деп есептейді. Гректер теңгені олардың батыр Тезей, біздің заманымызға дейінгі VII ғасырда билік құрған Фидон патшамен бірге ойлап тапқан деп сендіреді.

Ариман шайын ішіп, үзіліс жасады. Және осы кезде Ариманмен үзік-үзік сөздерімен ғана сөйлесіп отырған Сэнсэй, біз күтпеген Ариманмен полемикаға түсті.

— Иә, бірақ бастысы теңгені кімнің бірінші ойлап тапқанында емес, оның нені білдіретінінде. Теңге (монета) сөзінің мәнін қопарған (немесе түбінен жеткен) лингвистердің айтуынша, латын тілінен аударғанда *moneo*, *monui*, *monitum* сөздері «болжау» (предвещание), «алдын-ала ескерту» (предостережение) деген мағынаны білдіреді. Тіпті латын тілінің «*moneo*, *monui*», «*monetum*» етістігі «кеңес беру» (советовать) деген мағына береді.

Және айтпақшы, лингвистиканы қозғаған екенбіз, ендеше «капитал» сөзі де латынның «caput» сөзінен туған...

— Түсінбедім, — деп құлағы таныс сөзді естігендей Женька селт етті. — Бұл «Гитлер капут» мағынасында ма?

Жігіт ауада қолдарымен айқышты (крестті) көрсетті. Біздер күлдік, ал Сэнсэй күлімдеп жауап берді:

— Енді ол мүмкін Гитлерге «капут» әкелген шығар. Бірақ егер «капитал» сөзінің аудармасы туралы айтатын болсақ, онда caput сөзі «бас» (голова) дегенді білдіреді.

— А, ақылды деген мағынада, — деп жігіт қорытынды жасады.

— Олай емес, — деп Сэнсэй басын шайқады. — Бұл жерде мал басы (саны) туралы айтылған. — Және балалардың тіпті аузындағы тамақтарын жеуді тоқтатып, таңғалған реакциясын көріп түсіндірді: — Тек ертеректе мал басы ақша бірлігі ретінде жүрген. Және оның есебі мал басымен есептелген.

Осыны айтып Сэнсэй Ариманға разы болғандай қарады, біздерде артынан мойнымызды Ариманға бұрдық. Маған барлығының назары өзіне ауған кезде, Ариманның жүзінде болар-болмас абыржу жылт ете қалғандай көрінді. Бірақ ол лезде әдемі күлкісімен көңілді айтты:

— Сөзсіз, әрине ақша төрт аяқтап жүрген замандарда болды. Бірақ бір жақсысы ол замандар баяғыда-ақ өтіп кетті. Әйтпегенде қазір мен өз «капиталымды» мал басымен санап қиналар едім.

— Иә, мұндай капиталдан тек шығын ғана болар еді, — деп Володя қарқылдады. — Үздіксіз тамақ сұрауымен қоймай, жағымсыз иісті де тарататын еді.

— Не дұрыс болса, сол дұрыс! — деп Ариман Володяның ойша толғауына дөп түскендей айтты.

Ол Сэнсэйге қарап, бұл сөздерге айтылғаннан көп мән бергендей, екеуі тағы да қарқылдай жөнелді. Күлкілерін аяқтап, Ариман басын шайқады:

— М-да-а, адамға ақша ретінде не болмады дейсің: Борнеодағы сиырдың бас сүйегінен солomon аралдарындағы адам бас сүйегіне дейін, Африкадағы тұз кесектерінен Қытай мен Бирмадағы шай плиткаларына дейін. Тіпті ежелгі Мексикада какао бұршақтармен (дәндерімен) есептескен. Бірақ ең қызығы тіпті сол замандарда да, өздерінің «жалған ақша жасаушылары», яғни бұршақтарды қолдан жасаушылар болған, — деп Ариман күлді. — Адамдар есеп-айырысу үшін барлығын байқап көрді: темекі, күріш дәні, жүгері, кепкен балық, тері, мал басы, адам.

— Иә, — деп Сэнсэй мұндана айтты. — Ақшалар өзгерді, бірақ оларға деген көзқарас сол баяғы қалпында...

— Жалпылай алғанда, ешнәрсе өзгерген жоқ, — деп Ариман сөзіне келісті.

Бірнеше уақыт барлығы үнсіз отырды, тек Володя үнсіздікті бұзып:

— Жоқ, енді «капитал» туралы айтқандарың, Сэнсэй шынымен мені таңғалдырды. Кім ойлаған! Бұл дегенің Маркс «мал басы» туралы кітап жазғаны ма?

Үлкен жігіттер гу етіп күліп жіберді.

— Енді, Карл Маркстің «Капитал» деп аталатын еңбегіне диалектикалық материализм (диалектическому материализму) тұрғысынан қарайтын болсақ, — деп Сэнсэй күлді, — шыныменде бұл концепцияның мәтіні мүлдем басқаша болады. Себебі ол жерде сананы тұрмыс билейді (определяет). Адамдар өз тарихын өздері жазады, ал олардың шынайылығының түрткі болатын мотиві (қозғаушы мотиві) қоғамдық өндірістің материалдық жағдайымен анықталады. Қоғам бірегей механизм секілді қаралады, бұл жағдайда мал тобыры, құрылымында өндірістік күштер, өндірістік қатынастарды, меншік формасын анықтайды.

Бұл әрі қарай қоғамның, саясаттың, моральдің (мораль), діннің, философияның таптық құрылымын анықтайды.

— Ал керек болса, Сэнсэй сен де қатырасың! — деп Володя таңдана күлді. — Сен әлі «Капиталды» ұмытпағансың ба?!

— Енді әлі бір рет атуға қауқарлы оқ-дәріміз бар, — деп Сэнсэй күлді.

— Және жидектері... — деп Женька өзінің экспромтын қосуға тырысып еді, бірақ аяғына жеткізбей бөгеліп қалды. Дегенмен оны артық сөзсіз барлығы түсініп, тағы да жаңа күлкі толқыны пайда болды.

Володя күлімдеп отырды да, бірақ кейін Сэнсэйдің сөздерін жаңа интерпретациямен салыстырып, өзінің қарқылымен басқаларын да күлдіртті.

— Ал керек болса, қалай барлығы үйлесіп тұр, — деп күлкіден шыққан көз жасын сүртті. — Тура өмірдегідей.

— Ал не, Орыс елінде мал басы да ақша болған ба? — деп Юра Ариманнан үлкен жігіттердің күлкісін өзінше түсінгендей сұрады.

— Иә, — деп Ариман немқұрайлы жауап берді.

— Айтпақшы, — деп Сэнсэй байқампаздықпен айтты: — Ежелгі Орыс елінде мал басы көп жағдайда «шетел валютасы» болып есептелген. Себебі ежелгі славяндар негізінен егіншілікпен айналысқан тайпалар болған. Ал олармен мал шаруашылығымен айналысқан дала тайпалары көрші өмір сүрген. Және олар өздерінің мал басын славяндықтардың өнімдеріне айырбастап отырған.

— Бірақ славяндарда да «мал басы» (скот) сөзі «байлықты», «мүлікті» білдірген, — деп Ариман өзінің орыс тарихын білетіндігімен жарқ етті. — Себебі оларда кейін ғана жануарлар мен ақшаға бөлу (ажырату) пайда болған.

Бірақ бұл сөзіне Сэнсэй қарсылық танытты.

— «Мүліктің көптігі», «артығы», «көп болу» — бұл сөздермен «мал басының» болғандығы айтылған. Бірақ «байлық» деген мағынада емес. Өйткені алғашқы «байлық» (богатство) сөзі ежелгі славяндарда «Құдай және сен» (Бог и ты), «Құдай жаныңда» (Бог в тебе), «Жаратушымен біргесің» (В Боге ты) деген мағынада болған және астарында тек адамның ғана қолы жететін және оның шын құндылығы болып табылатын рухани байлық туралы айтылған.

— Енді ол жерде қалай жазылса да, бай болу екі мағынасында да жақсы! — деп Ариман жалпылама қорытынды жасады.

— Бұл нақты, — деп Виктор келісті.

— Бірақ бай болу үшін, — деп Ариман өз ойын жалғастырғаны анық, — ақшаны жақсы көруді, сыйлауды және есептеуді, жинауды әрі оларға ұқыпты қарауды үйрену керек. Яғни есеп-қисабын жүргізу. Қарапайым сөзбен айтатын болсақ, экономиканы меңгеру керек. Экономика — кез-келген өркениеттің қажеттілігі. Бұл аз болсын, мейлі көп болсын одан еш мәні өзгермейтін шаруашылықты басқару өнері. Өйткені тіпті ежелгі Шумер мемлекетінде экономика пайда болды емес пе. Сол шумерліктер осы ұлы өнерге бүкіл әлемді үйретті...

Сэнсэй жымыды да:

— Енді, мүлдем шындықты айтатын болсақ, Ариман, шумерліктер барша әлемді тек экономикаға ғана емес, бюрократияға да үйреткеніне келісетін шығарсың. Өйткені оларда тіпті әрбір жеміс ағашына оны отырғызған күннен бастап (еккеннен), тіркеу карточкасына ұқсас, арнайы саз тақтайшалар арналып (басталып), әр жыл сайын сол жеміс ағашынан қанша жеміс жиналғандығы жазылып отырған.

Татьяна күлді де, тыныш қана маған:

— Ол өлкелерде шырғанақ (облепиха) өспегені қандай жақсы болған. Әйтпесе қызғылт сары жидектерді санаймыз деп қиналатын еді, — деді.

Сэнсэй болса сөзін жалғастырды:

— ...Ал жеміс ағашы қартайып, тиісінше жиналған өнім азайған кезде, лауазымды тұлға жоғарғы инстанцияға сол жеміс ағашын кесу туралы өтінішпен жүгінетін болған. Тиісті «инспектор» бұл рұқсат беруді саз тақтайшасына жазып, сол жеміс ағашының кесілген діңі қоймаға түсті деген анықтамамен аяқтаған.

Володя жуан даусымен көңілді айтты:

— Бұл ағылшын әзіліндегідей екен: «Сенің бау-бақшаңа қаншалықты көмектесе, соншалықты деңгейде бұл сенің бақшаң емес».

— Өте дұрыс, — деп Сэнсэй қалғандарымен бірге күлді.



— Ал керек болса, Ежелгі Шумер елінде осындай бюрократияның болғанын тіпті де білмеппін, — деп Николай Андреевич әзілдеп күлді. — Міне саған, толған ресмилік пен қағазбастылықтың тамыры қайдан бастау алатыны! (Так вот откуда произрастают корни сплошной канцелярщины и формалистики!)

Балалар күлді, ал Ариман иығын көтеріп:

— Тиынсыз теңге де, миллионда болмайды деп айтпақшы, бұл шумерлік мысал — жәй ғана тәртіп пен үнемділіктің көрсеткіші...

Және ол әрі қарай болар-болмас тиыннан үлкен байлыққа жеткен адамдарды мысалға келтіріп, тарихқа терең үңіле бастады. Ариман әңгімесін аяқтап болған кезде, Женька риза болған түрімен:

— Енді экономика экономикасымен, ал түскі ас керемет болды, — деді.

Ариман:

— Ақша мүмкіндіктерді ашады. Мысалға, егер менің жеткілікті ақшам болмағанда, мен ешқашан әлемде осындай аспаздық өнердің шедеврлері бар екенін білмес едім. Барлығы салыстыруда танылады... Сондықтан балалар, кәрі, кедей және ауру болғанша, жас әрі дені сау бай болған жақсы, — деді.

— ...Ага, алынып-салынатын тістеріңмен (жағыңмен), — деп Виктор өз сөзін қосып, барлығын тағы да күлдіртті.

Қарындары тойған халық, өз орындықтарында салбыраңқы жайғасты (вальжно развалился). Осындай керемет түскі астан кейін, Женька өзінің қарнын сипап сөйледі:

— Иә, Ариман сен бізді түскі асыңмен құрметтедің. Енді сен... мүмкін болса жиірек... келіп тұр...

— Міндетті түрде, — деп Ариман өзіне риза болған жымиысымен Сэнсэйге қарады.

Женька байқаусызда кекірік атып, кешірім сұрағандай тағы да:

— Ой, шыныменде, ауыр. Ал аздап асқазанның қорытылуы үшін толқынға күш салып жүзіп қайтсақ қалай болады? — деді.

— Енді олай өз энергияңды жұмсаудың қажеті қанша, — деді Ариман. — Егер әрине қарсы болмасаңыздар, уақытты судағы басқа да қызықты ойын-сауықпен өткізуге болады.

Қызыққан ұжым «ура» деп бұл ойды қуана қарсы алды. Бірақ Ариман ұсынған судағы сауығын құпия ұстап, тек біздерге кезекті тосын сыйы бар екенін ғана айтты. Дәмді түскі ас үшін рахметін айтып қарындары тойған топ шатырдан шығып, жағалаудың жылы да жарық күн сәулесіне батып шашырай кетті. Балалардың кейбірі, оның ішінде менде бармын, киімдерін ауыстыру үшін өздерінің шатырларына жүгіріп жөнелді. Айта кету керек, мен шатырдан мүлдем әлім құрып, түсініксіз «есенгіреген» күйде шықтым. Және салбырап

шатырға жетемін дегенше, Татьяна суға түсетін киімін киіп ол жерден атып шықты.

— Тезірек кеттік, — деп мені асықтырып, өзінің шатырынан жылдам шыққан Костяға қарай жүгіріп кетті.

— Қазір, — деп қыздардың «апартаментіне» кіріп, осы сөзді ғана айтуға шамам жетті.

Мен осы талығуымды аз да болса жеңілдету үшін аздап дем алуды жөн көрдім. Бірақ басым жастыққа тие бергені сол еді, лезде терең ұйқыға кеттім. Және тек күн батар алдында ғана ұйқымнан ояндым. Таңғаларлығы, өзімді жақсы сезінгенім соншалықты, таңертеңгі менімен болған жайсыз жағдай мүлдем болмағандай. Шатырымнан сырттағы жағдайды көзбен шолып өттім. Ас ішкен шатырымыз ендігі жоқ екен. Есесіне біздің жағалау белгілі бір жанға жайлы демалыс үйіне айналғандай. Жағада он шақты жантайма төсек (лежанок) тұр екен. Оның бесеуіне Николай Андреевич, Володя, Сэнсэй, Ариман және қара кимоносына қарағанда Велиар жайғасқан. Алыста толқындарға шайқалып яхта тұр. Теңізде екі адам аса үлкен жылдамдықта су мотоциклымен құйғытып жүр. Бұл Стас пен Женька еді. Олар кең теңіз жазықтығында, құдды бір бостандыққа шыққан екі тентек (угорелые) жас бұқа секілді ойқастайды. Теңіздің көзге алыс жерінде сары ұзын банан секілді ілеспесі бар, ауаға толтырылғаны анық моторлы қайық толқындарды кесіп зуылдап барады. Қайықтың артындағы ілеспеде, сырт пішімдеріне қарағанда, бірдей қанық қызғылт сары құтқарушы жилет киген — Слава, Костя, Татьяна, Руслан, Юра, Андрей мен Виктор, біздің қалған бар ұжым отырғандай. Моторлы қайық үнемі өткір бұрылыстар жасап шайқалып, біздің топ айқайлаған дауыстарымен мезгіл-мезгілімен барлығы суға құлаумен болды. Және катер жан-ұшыра айқайлаған жүкті судан алып кетуге келген кезде, барлығы тырбандаған құмырсқа секілді әлгі ауа толқан жастыққа жабысып, өздерінің бұрынғы орындарына жайғасып, тағы да жылдам бұрылыстар кезінде суға құламауға тырысты.

Киімімді ауыстырып, өзімді ретке келтіріп жағада дем алып жатқандарға қосылдым. Және Николай Андреевичтің жанында тұрған бос жантаймаға (лежак) отырған кезімде менің келгенімді байқаған Сэнсэй барлығының назарын аударып:

— О, күнім ұйқыңнан тұрдың ба. Ал өзінді қалай сезініп тұрсың? — деді.

— Рахмет, ендігі жақсы болып қалдым, — дедім мен.

— Міне жақсы болды, — деп өзінен белгісіз бір жауапкершілікті алғандай Ариман, қарайған көзілдірігін көтеріп риза болғандай айтты. — Мініп серуендегің келеді ме? — деп үстіне біздің шабандоздар мінген үлкен бананды артына байлаған моторлы қайық жаққа қарай басын изеді.

Осы кезде қайық қатты бұрылыс жасап, банан аударылып, біздің балалар күнбағыстан түскен дән секілді ұшып, бастарымен суға құлап жатты.

— О жоқ, рахмет. Дұрысы осы жерде отыра берейін, — деп, өзімді олардың орнына қойып елестеттім.

— Жарайды, қалауың білсін, — деп Ариман қолын сілтеді де, қайтадан күннен қорғайтын көзілдірігін киіп теңізге қарады.

Менің келуіммен үзілгені анық, ер адамдар яхта туралы әңгімелерін қайтадан жалғастырды.

Жағалауға жылдамдықпен Женька мен Стас келді де, бізден алыс емес жерде суда бірдей күшті бұрылыс жасады (вираж). Толқындар шеңберлене әдемі жайылып, ортасында біздің шабандоздар тұрған өзінше бір екі шұңқыр (воронка) пайда болды. Су мотоциклдерін құмға шығарып, жігіттер Сэнсэйге келді. Олардың көздері, тұла бойға аз емес адреналин мөлшерін берген осындай қан қоздыратын ойын-сауықтан оттай жанып тұрды.

— Керемет! Не деген жылдамдық! — деп Женька әсерімен бөлісті. — Сондай маневрлі. Қаныңды қыздырады!

— Ғажап! — деп Стас та растады. — Техника деп осыны айт. Міне мотор!

— Сэнсэй, байқап көргің келеді ме? Өкінбейсің! — деп Женька ұсыныс жасады. — Мен осындай жылдамдықтан ләззат аламын!

Жігіттің осындай ауылбай кіршіксіз таза сөзіне ер адамдар күліп жіберді.

— Жоқ, рахмет. Маған Рахат алудың қажеті жоқ, — деп Сэнсэй күліп жауап берді. — Иә, егер экстрасенстің көрсетіліміне үлгеремін десеңіздер ендігі жинала берулерің керек шығар.

— Әрине қалаймыз! — деп Женька ерекше көтеріңкі даусымен тағы да сөйледі. Және ендігі Ариманға неге екенін қайдам, «сен» деп сөзін бастады: — Сен де өкінбейсің. Ондай «кина» сен әлі көрген жоқсың. Бұл жергілікті жердің экзотикалық қонақжайлығы.

Барлығы тағы да күлді. Бірақ демалғандар арасынан Женька мені байқап қалды. Сэнсэй серуендеуден бас тартқан соң, ойын-сауықтың әлі дәмін татып көрмеген жаңа объектіге, яғни маған жабыса қалды.

— О! Настюха! Қане мен сені самал желмен қыдыртып қайтайын!

— Жоға, — деп мен күлдім. — Басымның айналғаны енді басылды, ал сен мені тағы да шайқайын дедің бе.

Стас күле досының қолынан тартты.

— Женька, фу-у-у! Адамға не үшін жабысып қалдың? Кеттік киім ауыстыру керек. Әйтпесе шыныменде «концерттің концертіне» үлгермейміз.

Женька жымыып, тағы да күлкі үшін өзіне соншалықты ұнаған су мотоцикліне қарады да қыңсылап жіберді. Стас болса тәтті сүйектен

шәуілдеген итті (шелудивого пса) айырғандай, оны бір шетке сүйрей бастады. Және осы мизансценаға барлығы күліп болған кезде, Женька желкесін қасып:

— Эх, болмады... Өзіме осындай сатып алсам керемет болар еді! — деді.

— Енді оны қай жерде зырғытасың (айдайсың)? — деп Стас күлді. — Жергілікті лайда ма, әлде жиналған арықта ма (сточной канаве)?

— Ал несі бар, қызық болар еді!

Олар тағы да күліп жіберді.

— Ал қане, жиналыңдар, — деп Сэнсэй ер адамдарға қарап ұсыныс жасады.

Ариман басын изеді. Және екеуі кездейсоқ бірақ бірдей уақытта бастарын қарама-қарсы жаққа бұрып, өздерінің көмекшілеріне бірдей мезгілде сөйледі:

— Қалғандарын шақыр.

Тек Сэнсэйдің сөздері Женькаға, ал Ариман — Велиарға айтты. Біздің жігітке де, қытайлыққа да екі рет қайталаудың қажеті болған жоқ. Велиар қасында жатқан кішкене рацияны мәдениетті алып аузына жақындатса, ал Женька құлақ тұндырар қатты үнімен ысқырғаны соншалықты, құлақ жарғағым жарылып кетпес (барабанные перепонки) үшін, құлақтарымды әрең жауып үлгердім. Осы кездегі Велиардың жүзін көру керек еді. Байланыс батырмасын автоматты түрде басып үлгерген оның қолдары, баяу түсіп, ал көздері ысқырушы музыкант жаққа аң-таң қарап, қытайлық құдды бір динозавр заманындағы аборигендерді көргендей қарады. Жігіттен осындай қатты дабыл дыбысын күтпеген Ариман да Женька жаққа таңғала қарап, ал кейін дыбыссыз күлкісімен шайқала күлді. Біздің жігіттің ысқырығы баратын жеріне анық жеткендей, себебі катер лезде біз жаққа бұрылып қана қоймай, күтпеген жерден Велиардың рациясының арғы жағынан қайық жүргізушісінің шетел тіліндегі, «орыс тілінің» мықты спецификалық кірме сөздерімен отты сөздері естіліп жатты. Өзімен сөйлесіп жатқанын түсінген Велиар өзіне келіп, асығыс бір нәрселерді айта бастады, оны естіген Ариман Сэнсэймен бірге одан сайын қарқылдай жөнелді. Оларға Стас пен Женькада қарап, жұқпалы күлкілерін қолпаштай кетті. Және жолшыбай Женька Сэнсэйден: «Ал не болып қалды?» деп сұрауға тырысты. Оған Сэнсэй:

— Сенің ысқырығың адамға ұнап қалыпты. Осындай какофонияны ешқашан естіген жоқпын дейді.

Сэнсэйден өзіне таныс емес сөзді естіген Женька не күлерін, не жыларын білмеді. Кішкене ұлшақтанып мақтана күлді:

— Ал мен тағы айқастыра-айқастыра тіге білемін, — деді.

Ер адамдар одан әрмен күлкіге батты. Күліп болып, моторлы қайықтың келуін күтпестен, олар жинала бастады. Мен де өз шатырыма барып, өзіміздің кешкі шытырман оқиға үшін лайықты киінуге кеттім.

Спорттық формамды киіп бола берген кезде, еріндері көгеріп, бар тәні дірілдеген, бірақ көңіл-күйіне қарағанда артық көңілді эмоцияға толы, көздері отша жанған Татьяна шатырға жүгіре кірді. Тезірек киініп жатып, Ариманның бұйрығымен өздеріне ұсынған судағы ойын-сауықтан алған әсерлерімен бөлісіп жатты. Және оның күлкісі біртүрлі қызықты, бір нәрседен қатты қорыққан, бірақ ол қорқынышын айналасындағылар қорқақ деп ойламас үшін күлкіге айналдырып жіберетін, «жүйкесі тозған адамның» күлкісіне ұқсайды. Осындай серуеннен кейін таңғалатын жәйт емес! Егер менде сол бананнан қатты жылдамдықта басыммен бірнеше рет суға құлайтын болсам, осыдан кейін менің күлуімнің өзі екі талай деп ойладым.

Жарты сағатта барлығы жиналып болды. Ариман пансионатқа яхтамен жүзіп баруға, ал Николай Андреевич көлікпен бару туралы ойын айтты. Бірақ Сэнсэй жаяу жүрудің әрбір адам денсаулығына пайдалы екенін айтып, өзінің жаяу жүруге қарсы еместігін білдірді. Ешкім қарсылық білдірмеді. Жаяу болса жаяу, оның үстіне ауа райыда керемет болып тұрды. Ал табиғат картинасы кешкі күннің батуымен ғажап фонға енген. Тіпті Ариман да Сэнсэйдің ұсынысына еш кідірместен келісе кетті.

— Денсаулық үшін болса, денсаулық үшін.

Бұл кезде Ариман спорттық киімі мен кроссовкасын киіп, бізден еш айырмашылығы жоқ, «өзіміздің жігіттен» айнымай қалды. Тіпті Велиарда кимоносының орнына жаңа спорттық киім киген. Бірақ Ариман бұл киімге еш назар аудармастан киіп жүре берсе, ал Велиар спорттық киімін үнемі тартқылап, қыртыстарын жазумен болды. Оның жүзіне қарағанда, ыңғайлы қытайлық кимоносын Батыстың ыңғайсыз киіміне ауыстырғанына мүлдем разы болмағандай. Бірақ өзінің үнсіз наразылығын иесінің көзіне көрінбеген кезде ғана көрсетті.

Біздер лагерімізге Ариман яхтасының екі матросын қалдырып, еш қорықпастан бар ұжыммен жолға шықтық. Басында әзіл қосылған жәй ғана әңгімеге беріліп топтасып жүрдік.

Бірақ кейін жеке әңгіме кезінде біздің ұжым бірнеше топқа бөлініп, созылып кетті. Топ алдында Виктор, Стас, Женька, Юра мен Руслан арасында Ариман келеді. Арттарынан Володя және жеке дара келе жатқан Велиар. Кейін біздің топ: Андрей, Костя, Татьяна, мен және Слава. Және осы жүрісті психология тақырыбында сөз қозғап келе жатқан Сэнсэй мен Николай Андреевич түйіндеді.

— Иә, осылай ойын-сауық жасамағалы көп болыпты, — деп Андрей көңілді айтты.

— Айтпа, — деп Костя да сөзіне келісті. — Бұл керемет болды!

— Қанша дегенмен Ариман мықты ер азамат! — деді Слава жалпы шабытты қағып алғандай.

— Әрине!

— Осындай демалысты мен ешқашан ұмытпаспын, — деп Андрей таңғала сөйледі.

— Мұндай демалысты ұмытпайтының анық, — деп Костя басын изеді. — Үйге жеткен соң...

— Ой, есіме салмашы, — деп Татьяна күңкілдеді. — Осындай аспаннан кейін, біздің түнерген шынайылыққа.

— Ештеңе етпейді, — деп Костя оны сергіте айтты. — Әйтеуір бір күні біздің де көшеде осындай мереке болады!

— Ага, әйтеуір бір жылдарда және бізде емес, олардың ұрпақтарында, — деп Андрей күле Ариман мен Велиар жаққа қарай басын изеді. — Ал ол кезде бізде, менің әкем айтпақшы, үстелге баяғыша тек күлсалғыш қана қойылатын болады.

Балалар мұңая жымыды. Ариман мен үлкен жігіттердің әңгімесі кезінде, біздерге үнемі үзік-үзік сөздері естіліп тұрды. Және де біздерді анық болашағымыздың жақсы емес көрінісіне батырған мұңды күлкіміз тез басылғандықтан, біздер тағы да кезекті рет Ариманның сөздерін естідік.

— ...«Homo faber» — адам-дайындаушы (немесе жасаушы, даярлаушы), қазір заманауи адамды осылай атайды. Және бұл лайықты... Әлемнің құпияларына қызығушылық таныту адам табиғатына тән. Және оларды шешуге деген ұмтылысы да логикаға сияды. Тіпті осы сұрақтарға жауап іздеуі адамның жақсы өмір сүруге деген ниетін білдіреді...

— Иә-ә-ә, жақсы өмір сүру, — деп Андрей Ариман сөзін қайталады да әзілмен: — Біздің жағдайда «жақсы» үнемі әлгі әзіл әңгімедегідей болады: «Міне енді ғана жақсы өмір сүре бастап едік, ал ақша — бірден біте қалды».

— Ага, осылай әрқашанда, — деп Слава күле сөзін растады. — Тура созылмалы ауру секілді! (немесе созылмалы ақша жоқтық)

— Созылмалы емес, ата-бабадан келе жатқан, — деп Костя нақтылады. — Ақша жоқтық — бұл ұрпақтан ұрпаққа берілетін пәлекет.

Балалар күлді.

— Не шын болса, сол шын, — деп Андрей басын изеді. — Осылай жоқтық геморройымен өмір де өте шығады. Ал ол өте қысқа.

Осы кезде біздер Ариманың ерекше өлеңін естідік.

— «Раушан гүлдің етегі, қиылады желменен.

Бау-бақшада бұлбұл құс, ләззат алар таңменен.

Сенде алғын ләззатты, өйткені раушан — бір сәттік.

“Сүйсініп қал! Өлемін...»,» дейді жас гүл сыбырлаған үнімен».

— О! — деп Костя селк етті. — Бұл Омар Хайям емес пе. Қанекей, қанекей...

Костя Ариман тыңдаушыларына қосылуға асығып, біздің топты артқа қалдырды. Асығыс кетіп бара жатқан Костяға қарап, наразы болған Татьяна:

— Хм, маған да... — деп күңкілдеді.

Ол сөзін аяқтамай жатып, Андрей кекете күліп, жігіттің артынан маңғаздықпен:

— Ол кетіп бара жатып артынан көптеген адал достарын қалдырды. Себебі ол нағыз... өзімшіл сатқын еді, — деді.

Біздер күлдік. Дегенмен бес минут өтпей жатып, «өзімшіл сатқынның» қатарын Слава, тіпті Андрейдің өзі толтырды. Себебі Ариманның үлкен жігіттермен қызықты әңгімесі басталып жатқан. Татьяна екеумізге де ең болмағанда жаяу жүріс іш пыстырмас үшін оларға жақындаудан басқа амал қалмады. Топтың сәл артында келе жатқан Володя мен Велиарға теңесіп, біздер ендігі Ариманның әрбір сөзін жақсы естідік.

Балалардың бірі түскі ас кезінде бизнес туралы, оны қалай дұрыс бастау туралы айтамын деген Ариманның уәдесін есіне салды.

— Сіздерге айтайын дегенімді, — деді Ариман, — мен әртүрлі елдегі көптеген адамдарға айтып түсіндіргенмін. Және әртүрлі нәсілдегі, таптағы және ұлттағы адамдарға. Сөзіме сеніңіздер, олардың көпшілігі... — Ол бірнеше секунд ойланды да, кейін: — Тек ішінара кейбіреулері болмаса, барлығы дерлік... — Және осы кезде Ариман аздап бұрылды да артымызда Николай Андреевичпен әңгімелесіп келе жатқан Сэнсэйге көз қиығын салғандай көрінді. — Енді былай, олардың барлығы алдына қойған мақсаттарына жетіп, қоғамдағы ауқатты әрі сыйлы адамдарға айналып, өмірлерін түпкілікті өзгертті. Әрине араларында қазіргі кезде менің көмекшілеріме айналған және өздері де әлемдік компанияларды басқаратын, бизнесте үлкен жетістікке жеткендері де бар. Ал басында оларда сіздер секілді қарапайым адам болған. Бірақ олар қазір менің сіздерге айтқым кеп тұрған сөздерімді мұқият тыңдаған.

Ариман үзіліс жасады. Біздің балалар тыныштала қалды.

— Нағыз түрлену (өзгеру) күші сіздің түпсанаңызда, сіздің мықты сеніміңіз бен алдыңызға қойған мақсатқа жетемін деген санаңыздың тұрақты ойларында жатыр. Бұл туралы Сэнсэйдің сіздерге көп рет айтқанына күмәнім жоқ. Бірақ, ойды шын іске айналдырып (немесе материализациялап) сіздердің ең қатты қалаған армандарыңызды шындыққа айналдыру туралы сіздер әлі естімеген шығарсыздар деп ойлаймын.

Адамдар әлем қатыгез әрі әділетсіз деп ойлайды. Неліктен мысалға, біреулер еш жұмыс жасамаса да, оларда барлығы бар? Ал басқалары таңнан

кешке дейін салынып еңбек етсе де бейшараның қалтасында неге тиын-тебен ғана? Неліктен біреулер байлық пен сый-құрметке ие болса, ал басқалары тек қиындықтарға тап болып, тақыр кедейлікпен өмір сүреді? Біреулер европаның астаналарында зәулім сарайларға, яхталар, соңғы үлгідегі автокөліктерге ие болса, ал басқалары құлағалы тұрған үйде өмір сүріп, ең жақсы дегенде жұмысқа іші толған автобустармен барады? Неліктен жақсы адамдарды кесел (ауру) қинап, ал нағыз оңбағандар жақсы өмір сүріп, онымен қоймай жақсы денсаулыққа ие? Неліктен біреулер қауіпті кеселді жеңсе, ал енді бірі сол аурудан ажал құшады? Сіздер айтыңыздаршы, әлем әділетсіз бе?

Ариман балаларға әліптің артын баға қарады.

— Енді, иә, — деп Женька, қалғандары үнсіз қалғасын басын изегені анық, толық бір ұран тастады. — Бүгін сен әділетсіздіктің жанынан өттің. Ал ертең ше? Ертең әділетсіздік сенің жаныңнан өте шығады деп айтпақшы.

Ариман күліп жіберді:

— Жоға, балалар, шын мәнінде бұл жерде әлемнің еш қатысы жоқ. Әлем белгілі бір заңдылықтарға сай, қатаң өмір сүреді. Барлығы адамның ойлау қабілетінде, өзінің түпсана күшін пайдалануында жатыр. Өйткені біздің түпсанамыз шексіз мүмкіншіліктерге ие. Бірақ оны біздер пайдаланып жүрміз бе? Жоқ. Неліктен? Себебі біздер өзімізге үнемі күмән келтіреміз, өзімізге әрдайым көңіліміз толмайды. Бірақ бір сұрағыма жауап беріңіздерші: егер адам өзін жақсы көріп, сыйламаса, ендеше ол басқа адамдарды өзімен санасып жақсы көруге, өзін сыйлатуға қалайша мәжбүрлей алады? Балалар бастарын салбыратып, енді бірі Ариманға қарап келеді. — Өмірдегі қарапайым бір мысалды алып қарайық. Бір сыныптағы екі адам. Бірі оқуда да, ұжым достар арасында да үлгі тұтарлық. Екіншісі талантсыз, еріншек, үнемі артта жүретін ез. Бірақ уақыт өте екіншісі зауыт директорына айналса, ақылды басы бар — біріншісі сол зауытта таңның атысы, кештің батысы тиын үшін тер төгеді. Осындай казус неліктен болады? Әділетсіздік пе? Олай емес. Бар парадокс, екіншісі сырттай еш көрінбесе де, бірақ өзіне іштей сенімді болды, өзін алтындай сыйлап, жасап жатқан ісіне ешқандай (абсолютті) күмәні болмаған. Ал біріншісі сырттай маңғаздығына қарамастан, ішкі қорқынышымен, жасаған ісіне күмәнмен қараған. Күмәндану жасампаздыққа емес, қирату күшіне (құрылымына) ие.

— Иә, күмәндану — ең бірінші жау, — деп Виктор келісті. — Және ол соншалықты қалыпты жағдайға айналады...

Осы кезде Ариман мен Стастың орта тұсының сәл артқы жағында келе жатқан Женька, Стастың орнын көптен көздегені анық, аралары ашылған сәтте Ариманға жақын болу үшін лезде досын бір шетке ығыстыруға тырысты.



Бір мезгілде Виктордың сөзін іліп әкетіп және қарсылық танытқан Стастың орнын баса алдыңғы қатарға шығуға тырысқан жігіт: — Дәл, дәл (нақты). Бұл жау, соншалықты байқалмай, досың сияқты болып кетеді. Ал дос — жауыңнан жаман, жылы тартқан сайын, мезі етіп мазалауы күшейеді.

Женьканың ту сыртынан осындай бетпақ итеруіне шыдай алмаған Стас, оның табандылығына жол беруден басқа амалы қалмады. Женька болса сөзін Викторға емес, Стасқа көбірек айтқандай шаттанды.

— Және мен одан да көбін айтайын. Бұл нағыз зұлымдық! Өйткені досың әрқашан тіпті сенің заңды отырған жеріңді көздеумен болады.

Артқы жақта қалып қойған Стас, мұрын астынан өзіне міңгірледі де, Женька жаққа жаратпай қарады:

— Бұл «зұлым үш күн қонақ болуға келді, бірақ бір ғасырға қалып қойды», деп аталады, — деді.

Осы жергілікті маңызы бар шайқастардың барлығына мән бермей, өз ойына батып келе жатқан Виктор күліп жіберді.

— Сен дәл айттың! Осылайша күмәнда біздің басымызға қонақ болып алады. Бұл сөздерің нысанаға дөп тиді.

Стас күлді.

— Олай болмағанда! Осындай зор денелі сөз тындаушылар барда, бірақ құлақ асушылар жоқ болған соң, маған дөп тигізе сөйлеу ғана қалады.

Бірақ Виктор ендігі оның сөздеріне назарын аудармай, Ариманға:

— Ал қалай осы пәлекетті бастан тамырымен үзуге болады? — деп сұрағын қойды.

— Күмәндану білімсіздіктен пайда болады. Білімсіздік (немесе білмеу) сенімсіздік тудырады. Сенімді ең қатты құртатын нәрсе — ол сенімсіздік (сенбеу), — деп Ариман түсіндірді. Шүбә келтіру (Недоверие) — сенімнің антиподы. Күмәндану — сіздің түпсаналық қорқыныштарыңыз. Әрбір адамда, белгілі бір қорқыныштары, тұрақсыздығы, өзінің психологиялық комплекстері болады. Әсіресе қарапайым, көпшілік адамдар секілді ата-анасыда бейбақ, жұпыны отбасында дүниеге келген адам үшін, осының барлығын еңсеру ерекше қиынырақ болмақ. Бұл адамдар бала кезінен еркін өмір сүруді емес, тек өлместің күнін көрген мысалдарды көруімен байланысты.

— Өте дұрыс айтылған, — деді де Стас, Женька өзіне риза болып жан-жағына жалтақтап (ротозействовал) келе жатқан кезде, адымын тез басып Ариманның жанындағы өзінің орнына қайта келді. Және Стастың осындай бетпақтығына сілейіп қатып қалған Женькаға көзінің қиығын салып жымып:

— Ондай отбасыларында бір ғана заң: өзің тірі қалсаң, басқаларын таптап өт (выжил сам, выживи и другого), — деп жариялады.

— Әдетте осындай отбасыдан шыққандар, тек байлық туралы армандаумен ғана болады, — деп Ариман достар арасындағы орын алмастыруды байқамағандай түр танытып, әңгімесін жалғастырды. — Бірақ өзінің бейшаралық комплекстерінің кесірінен, олар білмейді және тіпті шын байбақуатты болуға болатыны туралы ойды да саналарына жібермейді. Адамдардың көпшілігі қорқыныштарымен өз ойында шектелген, сондықтан олар өмір сүрмейді, керісінше өлместің күнін кешеді.

Бірақ та байқасаңыз, адам туылғанда қорқыныштан ада болып дүниеге келеді. Қане өздеріңізді еске түсіріп көріңіздер. Кішкентай күндеріңізден бастап сізге тіпті еш қисынсыз әртүрлі қорқыныштарды миыңызға таңумен болады. Себебі сіздің ата-анаңыздың және жақындарыңыздың мақсаты — сізді келеңсіз жағдайдан қорғау. Олар сізге қамқорлық жасауы арқылы, өздерінің психологиялық типін сізге еріксіз таңады, ал шындыққа келетін болсақ, олар сізден «болмайды», «қолымнан келмейді», «бұл маған қол жетімді емес» деген толық бір жаман комплекстері бар сізден нағыз бейбақты жасайды. Ал олай емес пе? Әрине солай. Шыныменде, егер сіз жадыңызды шайқап, өткен өмір жылдарыңызды талдайтын болсаңыз, сізге балалық шағыңызда сансыз рет «болмайды» деп айтып, тұлғалық ой білдіруіңізді, дербестігіңіздің көрінісін кескенін көресіз.

Ата-аналарыңыздан жұмыстан оралған кезде, «басшылар ақымақ, меңіреу» деген сөздерін қанша рет естідіңіздер. Бірақ сол «ақымақ» басшылық орында отырады екен де, сондай ақылды сіздердің ата-аналарыңыз ол адамға жұмыс жасайды екен. Яғни, сіздің түпсанаңызда сіздің ата-аналарыңыздағыдай осындай ақылдыларды тек ақымақтар басқарады деген модель қалыптасады. Сол себепті, сіздер ер жетіп сол модельді түпсана деңгейінде аксиома ретінде қабылдап, сіздер де өздеріңізді құлдыққа байлайсыздар. Сөзіме сеніңіздер, мен өз ғасырымда көп нәрсені көрдім. Тіпті адам ғұлама болса да, бірақ бір нәрсеге өз бетімен шешім қабылдай алмаса, мінекей, білімі жоқ болса да бірақ өзінің ерік күші бар ақымаққа жалданып жұмыс жасайтын болады. Ерік күші (сила воли) бұл әлемде көп нәрсені білдіреді.

Бірақ балалық жылдарыңыз — сіздердің қорқыныштарыңыздың қалыптасуының тек бастапқы бөлігі ғана. Сіз қаншалықты есейген сайын, жаңа таныстығыңыздың шеңбері соншалықты көбірек қорқыныштарыңыздың комплексін тудырады. Және сізден жарытып ештеңе шықпайды, сіздің бір нәрсеге деген ұмтылысыңыздың еш мәні жоқ, ерте ме, кеш пе сіз бәрібір батпаққа батасыз, әлсізденіп, ауруға айналасыз деген түпсана деңгейіндегі иландырулары жүріп жатады. Сізге әлем құрдымға кетіп бара жатыр, өмір — тозақтың бітпес азабы, ал сіз ол жерде — жәй ғана бейшарасыз деп сендіреді.

Кейін сіз ержетесіз және осы барлық жағымсыз комплекстердің негізінде сізде газет, теледидар секілді қоршаған ортаның көмегімен бойыңызға амалсыздықтың, торығудың сезімін күшейтіп, басқа да қорқыныштарды дамыта бастайды. Және ендігі сіз, түпсанаңызға еш қиындықсыз жіберіп, жағымсыз ақпараттар ағынын бақылай алмайсыз. Сіз естіген мен көргеніңіздің барлығына сеніп, осылайша сенім күшіңіз арқылы өміріңіздің қорқынышты шынайылығын аласыз. Ал егер түпкілікті талдап қарайтын болсақ, ғаламдық масштабта, барлығы сізден айтқан сөзді екі етпейтін құлды тәрбиелеу үшін жасалады. Өйткені бұл әлемде бір ғана заң бар: «Құлдардың қожасына айналып сен еркін адам боласың, болмаса өзің еркін адамның құлына айналасың».

Сіздер әлемнің құрылымына қараңыздар. Оны миллиардтаған адамдарды өзіне жұмыс жасатқан, әлемнің тек ең күшті деген аздаған тобы ғана басқарады. Олар теледидарда көрсетіліп, газетте жазылғанның барлығына сенеді деп ойлайсыздар ма? Әрине жоқ, себебі олар, сіздер көрген оқиғаларды жасаушылар, осының барлығы олардың сценариімен жазылып, қол астындағыларды, яғни сізді үнемі қорқыныш пен құлдық санада ұстау үшін жасалады. Ал теледидар мен баспасөз олардың «патшалық бұйрықтарының» жәй ғана жаршылары. Құлдар еркіндік пен демократияны қаласа, оларға еркіндік пен демократия болады. Және тіпті құлдарының түсіне де еніп көрмеген күйде. Глашатаилар барлығын былықтыратыны соншалықты, кейін адам тек еркіндіктен бас тартып қана қоймай, барлығы бұрынғыдай қалуы үшін қолындағы темір кісенін сүйетін болады. Әлгі әзіл әңгімедегідей, адамды бақытты қылу үшін, алдымен барлығын тартып алу керек те, кейін ең болмағанда жартысын өзіне қайтарып беру қажет. Түптеп келгенде, барлық соғыстар, революция, еркіндік үшін күрес, демократия үшін — мұның барлығы әлемнің мықтыларымен ойлап табылған және құлдар илануға міндетті болған өтірік, әдемі ертегілер. Ал шындығында осының барлығының артында жәй ғана ақша тұр, үлкен ақша.

Құлдар өзінің ұлттық қадір-қасиетін сезінгісі келеді ме, мінекей жаршыларың (глашатай) дайын. Жанжалдар азартымен, жұрт алдындағы абыройын ашуды (шашу) сезінгісі келеді ме — мінекейің, қалаған талғамыңа бар (дайын). Себебі адамдар өздерінің күнделікті әуестігінде мүсәпір. Біреудің адами трагедиясынан артық оларды қызықтыратын нәрсе жоқ. Әлемнің алпауыттары сіз үшін қалаған жарық шоуыңызды қойып береді, тек құл болуыңды, тобырда болуыңды, барлығы сияқты болып, барлығы секілді ойлауыңды жалғастыра бер. Олар аз, бірақ олар басқара біледі. Ал құлдың аты құл. Құлдық сана ұрпақтан ұрпаққа беріледі және ол шынжырдан босап

шығатындар аз. Сондықтан басқарушы таппен құлдар тобыры әрқашан болған және бола да береді.

Балалар, мені тыңдаңыздар! Сіздер осы тобырдың бір бөлігі болмас үшін өздеріңнің құлдық саналарыңызды өзгерту қажет. Өздеріңді сыйлаудан бастаңыздар, кейін басқалар сіздерді сыйлау үшін. Әлемнің бар көрінісі сіздің санаңызда басталып, аяқталады. Ой — міне сіздің қару. Кез-келген жаман сендіруді (иландыруды) қабылдамаңыз, оған өзіңіздің сенім күшіңізді бермеңіз. Сіздің сеніміңіз мақсатыңызға жету жолында анық болуы қажет. Санаңызға алтын формуланы жазыңыз: байлық, жетістік, сәттілік. Білместік, қорқыныш пен ырымшылдыққа өзіңізді алдауға (немесе ақымақ қылуға) мүмкіндік бермеңіз. Бұл тек сізді басқарғысы келгеннің арандатушылығы ғана. Еркін (өз бетіңізбен) ойлаңыз! Барлық шешімді өзіңіз қабылдауға үйреніңіз! Және есте сақтаңыз, егер сіз басқаларды басқармайтын болсаңыз, басқа біреу сізді билеп-төстейтін болады, үшінші таңдау берілмеген. Өйткені кез-келген билік сіз өз сеніміңізбен қолдаған сендіру (иландыру) күшінен тұрады. Бір жағынан өмір сүргісі де келетін, бірақ өзі барып жыртқыштың азуына ілінетін қоян болмаңыз. Есіңізде сақтаңыз — бұл сіздің қайталанбас жалғыз ғана өміріңіз! Ол сізден басқа ешкімге тиесілі емес. Ол жерде сіз толық Қожайынсыз. Және ол жерде тек сіз ғана шешім қабылдайсыз! Алғашқылардың біріншісі болып барлық адамзатты азаптаған, еш негізі жоқ қорқыныштарыңыз бен соқыр сеніміңізден арылыңыз. Ақылды адамдар құлдық санадағы тобыр үшін жасаған, қоғамдық шектеулер мен біркелкіліктен (штампов) құтылыңыз. Оның орнына өмірдің бұзылмас шындығына, өзіңізге сеніңіз. Иллюзиядан арылыңыз. Байлық — бұл билік.

Біздер Ариманның еш жасырусыз айтқан қуатты сөздеріне таңғала үнсіз қозғалдық.

— ...Шын еркіндікке, бақыт пен байлыққа жетуге барлықтарыңыздың мүмкіншіліктеріңіз бар. Сенің отбасың молшылықта өмір сүріп, шөбере ұрпағыңа да уайымсыз өмір сүруге жететін бай болудың не жамандығы бар? Қалтаңда ақшаң болып елдерге саяхаттап, рухани орындарға барудың несі жаман? Өзіңнің жеке яхтаңмен мұхит ортасында әдемі күннің батуымен, тыныштық пен үйлесімде медитация жасап, өзіңнің рухани жетілуіңмен айналысудың не жамандығы бар? Ауқатты адам үшін өздерің білесіңдер, көптеген мүмкіндіктер ашық. Қаласаң — рухани дамы, қаласаң — атақты тұлғалармен әңгімелесіп, жеке аралыңда, жеке сарайыңда демал. Ауқатты бай адам үшін күштілер әлемінің қақпасы ашық болады. Және оны Далай-лама болсын, Рим папасы болсын, тіпті АҚШ президентінің өзі құшақ жая қарсы алады.

Сіздерге үнемі бай болу жаман деп ертегі айтып келді. Бай болған жақсы! Кедей болған жаман. Кедейлік — жасанды жұғылатын ауру. Естерінде сақтаңдар, өмір деңгейлеріңді жақсарту үшін қай елге немесе қай қалаға көшіп барсаңдар да, егер сізде уайымсыз өмір сүруге жететін ақша болмаса, сіздер бәрібір құл болып қала бересіздер. Себебі кез-келген елде, кез-келген билік жүйесінде бай-бакуаттылар кедейлерге үстемдік құрады, ал кедейлер байларға жұмыс жасайды. Бұл болған және солай бола да береді. Сіздің еркіндігіңіз тек қана сіздің капиталға ғана байланысты. Қаншалықты бай болсаңыз, соншалықты еркін әрі тәуелсіз боласыз. Сізге айтқанның қалғандары — жәй ғана ертегі. Балалар, өздеріңе босқа иллюзия суретін салмаңыздар! Оянындар да шынымен өмір сүріңіздер. Бұл әлемде өлместің күнін көрмей, шын өмір суретіндер тек мықтылар ғана. Өйткені бүгінгі барша әлемді ақша басқарады. Және құлдарға тек кедейлік қана жасанды таңылмайды, мен айтып кеткендей қорқыныш та саналарына сіңіріледі. Бұдан ақылды адамдар миллиардатаған қаржы пайда көреді.

Мен сіздерге әлемдік көшбасшы фармацевтикалық компаниялар қалай құлдық сана (немесе құлдың санасы) арқылы орасан зор көлемдегі пайда көретіндігі туралы мысал келтірейін. Олар жәй ғана белгісіз бір ауру туралы әлемдік дүрбелең туғызады. Бары осы. Бұл олардың кейін жүз есе кіріс әкелетін, алғашқы капитал салымы деп айтсақ болады.

— Түсінбедім, — деп Виктор таңғалды. — Бұл қалай?

— Өте оңай. Мысалға олар СПИД мәселесін ойлап тауып, түптеп келгенде науқас үшін осы мәселені шешуге қауқарсыз қымбат дәрі-дәрмектерді сатудан, өздерін тұрақты қаржы кірісімен қамтамасыз етті. Оларға тек барша әлемге туберкулёз эпидемиясының келуі мүмкін деп жарияласа болғаны, бұдан олар орасан зор пайда көреді. Егер олар жануардан немесе құстардан адамға жұғатын қандай да бір мутацияға ұшыраған тұмауды ойлап тапса да мен еш таңғалмас едім (әдеттегі ойлары таусылған кезде).

— Егер тіпті сол секілді вирус табиғатта болмаса, олар қалайша оны ойлап табуы мүмкін? — деп Стас шошына сұрады.

— Міне, көріп тұрмысың, тіпті сізде болжай «мүмкін» деп айтып тұрсыз. Ал сенімсіздік — құлдық сананың көрінісі. Ал егер айтылған ақпаратқа әлемдік көшбасшы зертханалардың бірнеше вирусолог ғалымдарының сатылып алынған пікірін қосатын болса, сіз бұл ақпаратқа еш күмәнсіз сенетін боласыз. Ал оларға ең бастысы, сіздің сенгеніңіз, сол кезде сіздің қорғаныс рефлексіңіз бен қорқынышыңыз, дәрілік өнімдердің әдеттегі жарнамасының барлығынан қоса алғаннан да анағұрлым артық жұмыс жасайтын болады. Ал вирус үшін еш қам жеменіз. Егер оқсыз атылған әсер етпей, тобырға өтпейтін болса, оны шын оққа алмастыра салады. Себебі табиғат-ана сол секілді вирус жасай

алмаса, адамдар оған көмектеседі. Және осының барлығы сол вирусқа қарсы вакцина арқылы миллиардаған пайда табу үшін.

Ал негізінде бұл жігіттер жарап тұр! Мен олардың жарнама жасаудағы, қомақты қаржы ағымының келуін ұйымдастырудағы керемет тапқырлықтарына таңдай қағамын. Және ең бастысы, салыстырмалы түрде барлығы әділ — сіз өз денсаулығыңызды ойлайсыз, олар өз қалталарын. Және олардың дәрі-дәрмегімен бір ауруды емдеп, орнына үш жаңа ауру түрін тегін аласыз. Нәтижесінде олардың мәңгілік демеушісіне, тұтқынына айналасыз. Бұл сіздің қорқынышыңыз, сенгіштігіңіз бен (әсерленгіштігіңіз) құлдық санаңыздың есебінен үнемі капиталды толтырудың тамаша идея емес пе?! Бұл үлкен бизнес. Ал үлкен бизнес – бұл билік. Барша еркін адамдар біреудің жетегінде кетпес үшін, адамдарға билік етуге ұмтылады.

Бұл ақпарат біздер үшін таңғаларлық болды деп айтсақ ештеңе айтпаған боламыз. Біздерге ол жарылған бомба секілді әсер етті. Үлкен балалардың бір сәтте эмоциялары бұрқ етті.

— Ал керек болса! — деді Виктор.

— Алдаудың, алдауы екен! — деді Стас.

— Мәссаған! Міне оңбағандар, — деп еш ұялмастан Женька наразы болды. — Мен енді олардан бір таблетка да сатып алмаспын!

Ариман жымыып, Женька жаққа қолын сілтеді.

— Өмір сүргің келсе демекші, сатып аласың, тіпті рахмет айтып аяғына жығылатын боласың. Және бұл тәуелділіктен ешқайда қашып құтыла алмайсың, себебі бұл өмір шындығы. Тәуелді болмас үшін, өз өміріңді басқалар саған тәуелді болатындай құру қажет. Және бұл, балалар, сіз ойлағаннан анағұрлым оңайырақ. Себебі әрбір адам үлкен мүмкіндікке ие, өйткені оның, егер қажет болса тау қопарып, мұхитты құрғататын аса құдіретті одақтасы (жақтасы) әрі көмекшісі — түпсанасы бар. Жер шарының 99,9% (пайыз) адамдары оны ақымақтыққа толтырып, шынымен дұрыс пайдалана алмайды. Бұл мені әрқашан таңғалдырады. Осы әлемде маңызды қаржы шыңына жетіп, әлем шыңын жаулап алатын мүмкіндігін, адам қайдағы жоқ ұсақ-түйекке жұмсайды. Және өзіне ұсақ мақсаттарды қойып ғана тынбайды, тағыда өзіне көптеген кедергілерді жасап, сол бойда оларды «менің оған қолым жетпейді», «бұл мен үшін мүмкін емес», «мен бұны өзіме жасай алмаймын» және сол сияқты сөздерді бұйрықтар түрінде түпсанасына енгізеді.

Мен адамдар түпсанасының күшін, осы ұлы күшті өмірде айтарлықтай жетістіктерге жетуге, орасан зор байлыққа кенелуге жұмсаудың орнына, қайдағы бір болмашыға, арзан заттарды алуды армандап босқа құртатынына қорқынышпен қараймын. Дегенмен көптеген адамдар үлкеннен бас тартып, ұсақ-түйекке табандылықпен басымдық береді. Миллиондар табудың орнына,

олар тиындарды армандайды. Және сонымен бірге байларға қызғаныш көзімен карап, шын мәнінде өзінің сол секілді жетістікке жетуі үшін ешқандай іс қылмайды. Сондықтан олардың барар жері — кедейлік өмір. Ал барлығы неліктен? Себебі адамдар өз болмысында ұсақ-түйекшіл келеді.

Сол себепті қоғам кедейлер мен байлар табына жіктелген. Адамдар өзі секілді ойлайтындармен бірігіп, сәйкесінше өзінің шекті ойлау шеңберінде өмір сүреді. Бірақ егерде кедей адамды байлардың ортасына салып жіберсе, бірнеше уақыт өткен соң ол адамда бай секілді ойлап, ақыр соңында өзінің ойын өзгертіп, өз қаржысын таба бастайды. Және бұл бірнеше тәжірибиелермен дәлелденген. Яғни, барлығы ойлау (немесе ой образы) мен адамның кең ойлауында жатыр.

— Ал қалайша бай адам секілді ойлауға болады, егер саған, мысалға дәл осы сәтте сол элита қоғамына қол жеткізу мүмкін болмаса? Басқа да жолдары бар ма? — деп Виктор сұрады.

— Сөзсіз бар. Барлығы сіздің қолыңызда, — деп Ариман жауап берді. — Ақыр соңында жоғарыда айтылған тәсілдердің барлығы жасанды. Бірақ бай болудың табиғи тәсілі де бар. Және осының арқасында бүгінгі күнде әлемді билеп тұрған мықтылардың тобына кіргендер әлемдік Олимп шыңына көтерілген. Бұған қол жеткізу үшін ең оңайынан бастау қажет — өзіңе және өз мүмкіндіктеріңе сену. Еш шүбә келтірместен сену — және сол кезде сіз қалағандай барлығы орындалады. Түпсанаңыздың күшін өзіңізге керекті бағытқа бұрып үйренген кезде сізге сәттілік, денсаулық, байлық пен билік өзі-ақ келеді. Ал қазір сізге түпсана күшін пайдаланудың тәсілдерін талдап, мәнін ұғыну қажет. Және бір минутта уақытыңызды жоғалтпай, кейінге қалдырмаңыз. Бойыңызды кедейліктің қапшығынан, мұқтаждық пен түңілуден арылту үшін өзіңізбен дәл қазір жұмыс жасауды бастаңыз.

Ең тиімді тәсіл мен сіздерге сәл киінірек беретін тиімді дұға формуласында жатыр. Ал оның кілті сенімде. Себебі өмір заңдылығында сенім дегеніміз не? Бұл сіз өзіңіздің түпсаныңызда өмірде шындыққа айналғанша мүлтіксіз ұстайтын (қолдайтын) анық қалыптасқан ойыңыз. Сіз тек өзіңізді, өзіңіздің бар күшіңізді білмейсіз. Сіздің түпсаныңыздың терең қатпарлары тек шексіз күшті қана емес, сіздің мүмкіншіліктеріңіз бен қабілетіңіздің сан түрлі спектрін де сақтайды. Олар әртүрлі идеялардың толық бір ақпараттық базасын қамтиды. Негізінде, сіз — ғұламасыз, тек ол туралы әлі білмейсіз. Өз түпсанаңызды тыңдап және басқарып үйренген кезде, сіз еш қиындықсыз қаржылық тәуелсіздікке жетіп, өз тағдырыңыздың иесіне айналып әрі қауіпсіздік пен молшылықта бақытты ғұмыр кешесіз.

— Осының барлығына тек қана өзіңнің түпсанаңның күші арқылы қалайша жетуге болады? — деп Руслан күмәнданды.

— Иә, болады. Мен өзім сіздерге айтқандарымның бірнеше рет куәгері болғанмын. Өзінің түпсанасының күшін қолданған, ең төменнен шыңға көтерілген, дені сау, бақуатты байға айналған адамдарды көрдім. Олар тек саналарына таңылған шынжырды үзе білді. Және өздерінің сенімінің арқасында оларды түпсаналары дүниелік, материалды және физикалық мәселелер тұтқынынан босатты.

— Демек, түпсана — өзінше бір иіңтірек (рычаг) болғаны ма? — деп Костя іскерше нақтылай сұрады.

— Жоқ. Түпсана — бұл тірек нүктесі. Ал сенім — бүкіл әлемді төңкеретін иіңтірек (рычаг). Балалар, бұл өмірде кездейсоқтық болмайды. Және өмірлеріңізде болғанның барлығы бақылаусыз ойлардың салдары, яғни сіздің түпсанаңыздың өнімі. Сондықтан сізді толқынға шайқалған басқарусыз кеме секілді өмірдің әр шетіне әрлі-берлі лақтырумен болады. Ал шындығында, балалар, сіздер өз өмірлеріңіздің режиссеры әрі продюсерісіздер. Сіз түпсанаңызға бұйрық бересіз, ол орындайды. Сіздің өмір деп аталатын кинофильміңіздің тамаша, көз сүйсінер сюжетін жасайтын шексіз мүмкіндіктеріңіз бар. Ал түпсана — бұл Швейцария банкіндегі қалаған нәрсенізге жұмсай алатын сіздің алтын қор деп айтсақ болады. Бірақ қарапайым адамдар есеп-шотты білмек түгелі, әлгі швейцариялық ақшалары туралы да білмей, өздерін ақымақша ұстайды. Ал барлығының себебі, оларға бұл туралы ешкім айтпаған. Міне осылай мүсәпір декорация арасында сюжеттерін түсіріп, өзінің шын мүмкіндігі туралы білместен, тиын санап өздерінің сұрлы күнделікті өмірлерін сүреді. Ендеше сіздер олар секілді ақымақ болмаңыздар! Бұл қазынаны кеңінен пайдаланыңыздар. Өйткені сіздің өміріңіз қайталанбас әрі жалғыз!

Ариман айтқан сөздеріне балалар ойланып, мәнін ұғынсын дегендей көп мәнді үзіліс жасады. Және осы кезде Володя жуан даусымен:

— Иә, өмір — өте аз уақыт. Рухани ашылу үшін игі іс жасап өмір сүргің келеді, бірақ барлығы әдеттегідей болады. Өмірлік жағдайлар тығырыққа соншалықты тіреп тастайды... — деді.

— Есте сақтаңыздар, сіздің өмірлік жағдайларыңызды алғашқы тудырушы, сіздердің ойларыңыз, — деп Ариман ғибратты (назидательно) айтты. — Дәл сол ой рухтың ашылуына алып келеді. Бүгінгі күнде білімді адамдарға рух (жан) әртүрлі функция атқаратыны, сондықтан өзіне тән құрылымы мен күші бар мүлдем екі болек сферадан тұратыны (қамтитын) белгілі. Оған ғылым әртүрлі анықтама береді: сыртқы «мен» (поверхностное, жалпылама, үстірт), тереңгі «мен», объективті ойлау және субъективті, сана және түпсана. Бірақ сіздерге түсіну оңай болуы үшін, сіздерге барынша түсінікті сана және түпсана (немесе бейсана) деген терминдерге тоқталайық.



Сонымен, рух сананың да түпсананың да бірегей комплексті өзара әрекеттесуімен анықталады. Шығыста: кіші «мен» және үлкен «Мен» деген түсініктер бар. Кіші «мен» — бұл біздің санамыз (ақылымыз). Үлкен «Мен» — бұл түпсана. Балалар, мен сіздерге үлкен бір құпияны ашайын. Шын мәнінде үлкен «Мен» бойымыздан сезінетін, өйткені ол біздің өміріміздің сценаристі, режиссері әрі продсері болатын санамыз (немесе ақылымыз). Және бұл бізбіз. Ал кішкене «мен» — түпсанамыздың тереңінде жатқан, біз сезінбейтін нәрсе. Ол орындаушы. Оған біз қандай бағдарлама орнатсақ, ол соны орындайды.

Осы мезгілде тыңдаушыларға қосылған Володя иығын көтеріп, күмәндана сөйледі:

— Солай ма еді?

Ариман күліп жіберді.

— Балалар, мен Шығыста да, Батыста да, ежелгі заманнан қазірге кезге дейін адамның рухани жетілуіне байланыстының барлығын бүге-шүгесіне дейін зерттеуге мүмкіндігім болды. Мен әрбір адамның қолы жете бермейтін сондай тарихи құжаттармен танысу мүмкіндігіне ие болдым. Сондықтан не айтып жатқанымды білемін. Маған сеніңіздер, көпшілік арасына таратылған ақпарат әрқашан ақиқатқа сәйкес келе бермейді. Өйткені аңыз жасаудағы осы бар процесті қаржыландыратын адамзаттың элитасы үшін көпшілік — бұл құлдар. Егер адамдарға, мысалға Исаның, Будданың және соларға ұқсас әулиелердің шын тарихи фактілерін ашатын болса, осыларды құпия күйінде ұстап отырғандардың бар құдіретті билігі (күші) тас-талқан болар еді.

— Енді, білмедім, — деп Володя тағы күмәнданды.

Бірақ Ариман оның күмәндарына еш назарын аудармастан, әрі қарай әңгімесін жалғастыра берді:

— Түпсаныңды басқарып үйрену үшін, сенім керек. Себебі сенім барлығының бастамасы (басы). Бірақ өз мақсатыңа жету үшін жалғыз сенімнің өзі жеткіліксіз. Тағы да мықты ішкі ой дисциплинасы керек. Сіз өзіңізге мінсіз басшы болуыңыз қажет. Бұл кәсіпорындағы басшылық іспетті. Егер басшы талап қоя білмесе, қоластындағылардың ешбірі оның бұйрығын орындауға асықпай, тек «мүмкін жасармын, мүмкін — жоқ» деп босаңсумен (жалқаулана) болады. Мұндай тәртіппен, өндіріс ақыр аяғы, қирап банкрот болады. Ал егер басшы қатты әрі талапшыл болса — қол астындағылардың ешбірі оның сөзіне қарсы шығуға (тыңдамауға) батылы жетпей, алдына қойған барлық міндеттерді нақтылы орындайтын болады. Ал жалпылама нәтижеде бар өндіріс ұтады. Бұл жерде де солай. Сіздің үлкен «Меніңіз», яғни санаңыз, кіші «меніңізге», яғни түпсанаңызға күшті, нақты бұйрықтарды беру керек, сол кезде қолыңыздан барлығы келеді. Егер бұлай болмаса, сізді қорқыныш пен

күмән жегідей жейтін болады. Сәйкесінше, миыңызда тәртіп болмайды. Және сіз бейбаққа (жолы болмаушыға) айналып, қызметшілеріне мүлдем жасалмаған жұмыс үшін айлық төлейтін нашар басшыға айналасыз. Өйткені барлығы болмаса да көпшілігі басшылыққа байланысты. Сізге жақсы ұжым берілген. Сіздің түпсаныңыз, сіздің әрбір тілегіңізге, өз басшысының көңіл-күйін сақ сезінетін қатал тәртіпке үйренген қол астындағылары сияқты. Ендеше осыны пайдаланыңыз. Оларға жұмыс жасауға қатал бұйрық беруге еш ұялмаңыз. Сол кезде ғана сіздің кәсіпорын, айналадағы адамдар сізге құрметпен қарайтындай байып, бәсекеге қабілетті болады. Яғни, турасын айтқанда, сіздің ішкі бұйрықтарыңыз, өмір сүруіңіздің сыртқы жағдайын өзгертеді: және қажеттіліктің орнына молшылықты, ауру тәннің орнына — денсаулықты, өзіңіздің қорқыныштарыңыз бен ырымшылдығыңыздың орнына — даналық пен сабырлықты, сәтсіздіктің орнына — жетістікті аласыз. Материалдық, рухани, интеллектуалды, қай жағынан қарасада сіз жеңімпаз болып шығасыз!

Өйткені, кішкене «мен» сүңгуір қайықты қозғалысқа түсіретін, машина бөліміндегі құдды бір матрос секілді. Ол сүңгуір қай бағытқа жүзіп бара жатқанын көрмейді де білмейді. Ол тек өзіне бұйрық берген капитанды ғана естиді. Бар команда капитан бұйрығына бағынады, сондықтан қайық білімді басшылықпен, сәйкесінше бар ұжымның келісілген жұмысының нәтижесінде керекті бағытқа жүзеді.

— Солайы солай, — деді Стас. — Ал кенет мен дұрыс емес бұйрық берсем? Болмаса жолымызда белгісіз өте алмас кедергілер болса.

— Бұл кедергі еңсерілмейді деп ешқашан өзіңізге айтпаңыз. Себебі кез-келген жағдайдан шығуға болады. Сіздің түпсаныңыз үшін алынбас қамал жоқ. Оның мақсатқа жету үшін көптеген құралдары бар. Ал сізге өзіңізді қоршаған шынайлықта оның ең дұрыс шешімдер жауабын көру ғана қалады. Буддистердікі секілді, естеріңізде ме? Олардың философиялық әдістерінің бірі еске түсіру. Керемет әдіс. Ендеше оны байлық пен жетістікке жету жолында, өзіңіз үшін пайдаланыңыз.

— Ал бұл еске түсірудің қандай тәсілі? — деп Ариманнан Андрей асыға сұрады.

— Буддистер қиын мәселелерді шешуде, өз санасында логикалық ой толғанысынан өткізуге болатын жолдарды іздемейді. Олар тек, бір кездері нақты шешімі табылған естеліктерді еске түсіру үшін түпсанасын жұмыс жасатады. Нәтижесінде осындай еркінсіген сана мен позитивтің, сабырлы ойлаудың арқасында қорқыныш, үмітсіздік жоғалып және сіздің күмәндана-араласуыңызсыз (кедергіңізсіз), барлық жағынан дұрыс жалғыз, нақты шешім келеді.

— Яғни біз интуиция деп атайтын нәрсе іске қосылады ма? — деп Андрей нақтылай сұрады.

— Иә. Ең бастысы түпсанаға кедергі келтірмеу, бұл шешімді табу жолындағы бір-біріне күмән түріндегі қарама-қайшы бұйрықтарды бермеу. Оған «Бұл қолымнан келмейді», «Менен ешнәрсе шықпайды», «Мен өтіріктің құрбанымын» және сол сияқты шеңберіңізді қоймаңыз. Өзіңізге қаншалықты қорқыныш суретін салатын болсаңыз, олар соншалықты өміріңізде пайда болады. Өйткені сіздің түпсанаңыз үшін қорқыныш пен күмән кезекті іске асатын шешімді білдіреді. Осылайша өзіңіздің алдыңызға өзіңіз қытай қамалын соғып, онымен қоймай бойыңыздағы жағымсыз комплекстермен үлкейтесіз, бұл өз кезегінде әртүрлі созылмалы аурулар мен жүйкеңіздің бұзылуына әкеледі. Күмәндану — бұл аз ғана уақыт ішінде пайда болып, кейін жоғалып кететін жәй ғана бу. Ендеше бу пайда болмас үшін және құнды судың буға айналып ұшып кетпесі үшін, яғни білімді қайнатуға жол бермеңіз. Өз ойларыңызды бақылауда ұстаңыз.

Есіңізде сақтаңыз, шешімдер нұсқасы әрқашан бар және олар жетерлік (көп). Тек жәй ғана тынышталып, түпсанаңызға ыңғайлы шешім нұсқасын табуға бұйрық беріңіз. Және ол табылатынына сенімді болыңыз. Ал сіз босаңсып (еркінсіп) бұл мәселе туралы ойлауды ұмытуға тырысыңыз. Өмірден толық ләззат алыңыз! Және оқиғаларды асықтыруға тырыспаңыз, өз түпсанаңыздың күшіне күмән келтірмеңіз. Әйтпесе бір жерді айналумен боласыз. Оның орнына: «Менің қолымнан келеді», «Мен бұны өзіме ала аламын», «Мен жеңдім», «Мен күштімін» деген бұйрықтар болуы керек. Яғни тек сіз үшін позитивті, бекімді сөздер (утвердительное). Және жақын арада, бір жағынан денсаулығыңыз бен жүйкеңізді сақтап, шешім пайда болады.

Өзіңіздің бұйрықтарыңыздың (бекім сөздер, установок) дұрыс болуын қадағалаңыз. Мысалға, егер сіз фирма сатып алғыңыз келсе, «Бұл фирма менікі болады» деп емес, «Бұл фирма әлдеқашан менікі болған» деп айтыңыз. Және солай болады. Шын мәнінде айтатын болсақ, сіздің дұға формулаңыз іске материализацияға айналады.

— Ал егер сені күмән іштей жегідей жейтін болса, не істеу керек? Түпсанаңа кедергі келтірмес үшін, бойыңдағы күмәнді қалай құртуға болады? — деп Руслан сұрады.

— Егер күмән пайда болса, түпсанаңызға өз бұйрықтарыңызды күшейтіңіз. Санаңызға сіңбейінше осы формулаларды тоқтаусыз қайталай беріңіз. Мысалға, осындай тұжырымдамада: «Менде қорқыныш, күмән жоқ, өйткені Мен Әміршімін және бар ойларым менің бұйрығыма бағынады. Барлық күмән жоғалады. Ойларыма тынышталып, маған бағынуға бұйрық беремін. Осы сөздерде өзіңізге, құдіретті бұйрықтарыңыздың әсерінен мұхитта толқындар

басылып (бұл сіздің санаңыз деп алыңыз), толық тыныштық орнайды деп ассоциативті елестетсеңіз болады. Бұл формулаларды 100% сенімділікпен, құдды бір дүрбеленді, үмітсіздікті, барлық жағымсыз ойларды кескендей айту керек. Осы ойлармен ұйқыға кетіп, осы ойлармен ұйқыдан ояныңыз, осы ойлармен күні бойы өмір сүріңіз.

Сіздің санаңыз өзіне сенімділігі, күшімен барша жағымсыздықты қорқытатын сақшы ит секілді болуы керек, себебі сіздің үйіңізді — түпсанаңызды зиянды әсерлерден сақтау үшін. Оның үйге кімді жіберу керек, кімді жібермеу керек туралы күші мен билігі бар. Ендеше сіздің таңдау еркіңіз болса, тек позитив, бақыт, молшылық, жетістік пен байлықты таңдаңыз. Нені ойлайтыныңызды бақылауда ұстаңыз. Ойларыңызда аморфтылық болмауы керек. Барлық тілегіңіз орындалады деген сенімділік пен нақты әрі анық айтылуы тиіс.

— Солайы солай, — деп Женька байыпты сөзін бастады. — Тек бәрібір де менің түпсанам осындай нәтижеге жетеді дегенге сену қиын. Егер ол шыныменде осыншама күшті болса, ендеше неліктен әлі күнге дейін ең болмағанда мен жақсы нәтиже көргім келген мәселелерде өзін көрсетпеген?

— Себебі сіз оны шыныменде дұрыс іске қосқан жоқсыз, өзіңіздің сенім күшін пайдаланған жоқсыз. Сіз тіпті түпсананың не екендігі туралы толық білмейсіз. Түпсана сіздің ағза секілді күрделі құрылымды материяны бақылауда ұстайды. Ол оның барлық физикалық функцияларын, эмоциясы мен күйін басқарады, оның қауіпсіздігін ойлайды. Сіздің ағзаңызды үнемі кең бақылауда ұстайтын және онымен салыстырғанда баланың ойыншығы секілді болған мәселелерге түпсана шешімді таба алмайды деп сіз шыныменде ойлайсыз ба? Оның барлық жұмыс көлемін сіз елестете де алмайсыз. Сіздің ағзаңызда өмірді қолдап отыру — бұл миллиондаған галактикаларды басқарумен (қолдап отырумен) бірдей шаруа!

Түпсана әрқашан өзінің Иесінің мүддесін қорғайды. Ол әрқашан сақ. Шаршау оған тән емес. Біздің ағзамыздағы ішкі күрделі процестерді бақылауда ұстағаны аз болғандай, ол сонымен бірге бар сыртқы ақпарат ағынын мұқият тіркейді. Мысалға, өз түпсаныңыздың күшіне көз жеткізгілерің келеді ме?

Біздің балалар қуана бастарын изеді. Ариман тоқтады. Артынан біздің топта кідіріп, оны тығыз топ қоршап алды. Тек Сэнсэй мен Николай Андреевич қана бір нәрселерді талқылап (немесе әңгімелесіп) ұжымнан біршама қалып, артқы жақта келеді.

— Ендеше дәл қазір көздеріңізді жұмып, ойларыңызды жинақтаңыздар, — деп Ариман ұсыныс жасады. — Өзіңізге ертең, бүгінгі таңертеңгі бар әңгімеңізді бүге-шүгесіне дейін еске түсіру туралы нақты бұйрық беріңіз. —

Менде осындай бұйрық беруге шештім, себебі ұсақ-түйегіне дейін еске түсіру мүмкін еместігіне сенімді болдым. — Көңіліңізді аударып, ертең ұйқыдан оянған бойда көзіңізді ашып, менің айтқан сөздерімді және тағы да еститін сөздеріңізді толық ұсақ-түйегіне дейін түпсанаңыз санаңызға береді деген күшті (ерікті) импульс жіберіңіз. Сіз әрбір сөзді анық есіңізде сақтайтын боласыз. Онымен қоса сіз менің сөздерімді тек ертең ғана емес, сонымен бірге өз өміріңізде мен айтқандармен кездескен кезде де есіңізге алатын боласыз.

Ариман саусақтарын қатты шертіп жіберді (щёлкнул пальцем). Оның даусы біршама қатты әрі анық естілді. Осы кезде күтпегендіктен мен тіпті селк етіп, қорқыныштан көзімді аштым. Аузымда құдды бір лимонның жартысын бір-ақ жегендей жағымсыз ащы-қышқыл дәм пайда болды. Бұдан сілекейім шұбыра бастады. Балалардың тыжырайған беттеріне қарағанда, осыған ұқсас сезімді тек мен ғана сезінбеген сияқтымын.

— Ал қалай, бұйрық бердіңіздер ме? — деп Ариман дауыс интонациясын жұмсартып, жымиды.

— Тьфу, — деп Володя түкірініп, осындай кенеттен болған өзінің дәмдік сезіміне таңғалды. — Бұл не пәле, лимон жеп қойғандаймын.

— Менде де дәл солай, — деді Виктор.

— Айтпақшы, сіздерге айтуды ұмытып кетіпмін, — деп Ариман сөзді іліп әкетті. — Бұл эффект лимон тілімін жеп қойғандай дәмдік сезінулерді тудырады.

— Ал керек болса «лимон тілімі»! — деп Костя Андреймен бірге құдды бір пулеметше түкірініп, мысқылдай сөйледі.

— Енді ертең таңертеңгісін, сіздер ұйқыдан ояна берген кезде сіздердің ойларыңызда менің сөздерім ағындай құйылатынына сенімді болыңыздар, — деп Ариман разы болғандай айтты.

Ал Женька болса құмға сілекейлене түкіріп, күле:

— Көрерміз, көрерміз сол ағынды. Бірақ менің бөгетім мен дамбымнан сол ағынның тек бірнеше тамшысы ғана өтетін шығар, — деді.

Ариман жымиды да, жігіттің көздеріне мұқият қарап:

— Сенде бөгет пен дамбының болғаны әрине жақсы. Өйткені білім су секілді. Су болған кезде бөгетте болады. Бірақ су көп болған кезде, ол бөгетті бұзады. Менің айтқандарым сенің су бөгетіңді бұзатын көктемгі су тасқыны іспеттес және ертеңгі күні бойы құдды бір жолындағының барлығын шайып кететін таудан аққан селдей миыңа жылдам құйылумен болады, — деді.

— Ал керек болса! — деді Женька, Ариманның осындай айналдырылған философиялық сөздерін тыңдап. — Осындай сөз саптаудан кейін менде барлығы түсіп кеткендей болды.

Біздің балалар күлді. Осы кезде Николай Андреевичпен келген Сэнсэй достарша Женьканың иығына қолын қойып:

— Бұл асқабақ піскен кезде, жапырақтары түседі демекші. Осы сөздерде XVI ғасырда өмір сүрген қытайдың ұлы шебері әрі ойшылы Чэнь Цижун айтпақшы өмірдің бар мәні жатыр.

Сэнсэй назарын Ариманға аударып, күліп тұрған біздің ұжымға біршама түсінбеушілік сезімін қалдырып, екеуі көңілді күліп жіберді. Тек Женька ғана:

— Түсінбедім? — деп сұрады.

Бірақ осы кезде біздің топ Ариманның артынан тағы да қозғала кетті. Стас болса, Женьканың жанынан өтіп бара жатып, басынан алақанымен сипады да:

— Ештеңе етпейді, асқабақ піскен кезде түсінесің! — деді.

Біздің ұжым осы туралы әзілдерін айтып біршама басылған кезде, Костя Ариманнан өзі үшін маңызды әңгімедегі үзілген сәттер туралы түсініп алуға тырысты:

— Демек, қарапайым сөзбен айтатын болсақ, біздің тілегіміз ешнәрсеге де қарамастан орындалады деп өзімізді сендірсек болғаны ма?

— Иә. Сіздің санаңыз тілектерді таңдайды, ал түпсана сіз сенген барлық нәрсені орындайды. Түпсананың логикалық ойлай алмайтыны көптеген психологиялық тәжірибиелер арқылы, оның ішінде гипноздық тәжірибе де бар, дәлелденген. Гипноз күйінде адам тұлғасы гипноздаушы қалағандай өзгереді. Себебі түпсана сендіргеніңіздің барлығына илана (соқыр сене) береді. Себебі иландыру дегеніміз не? Иландыру (сендіру) — сіз бақылап және жұмыс жасатып (оперировать) үйрену керек, орасан зор күштің катализаторы. Иландыруды (сендіруді) шебер меңгерген адам, барлық салада да, оның ішінде бизнес те бар, көшбасшылыққа шығады.

Иландыру (внушение) — шынайылық деп қабылданатын және іске асатын белгілі бір ойларды (идеяларды) мақсатты түрде ойша әсер ету арқылы ояту. Барлық қорқыныштардан арылу үшін сіз әрдайым өз-өзіңізді сендіруіңіз (иландыруыңыз) қажет. Яғни, түпсанаңызға мақсатты ойлармен әсер ету. Және ойша бұйрығыңызды нақты тұжырымдауыңыз қажет. «Осы үшін өзімдегі ең жақсының барлығын беремін» немесе «Мен осы затты алу үшін бар ақшамды беремін» деген ойларыңыз емес. Өйткені нәтижесінде сіз шыныменде қалаған затыңызға ие боласыз, бірақ абайсызда өзіңізге берген бұйрықтар ішіндегі сөздердің кесірінен, өзіңіз уәде бергендей бар жақсыдан немесе бар ақшаңыздан айырыласыз. Себебі түпсана әзіл мен ертегіні (присказок) түсінбейді. Ол сіз бағыттаған ойлар сызбасымен тура әрекет жасайды.

Өз-өзіңді иландыру (немесе сендіру) техникасы өте қарапайым. Негізінде бұл сол баяғы медитация, дұға секілді. Тек сен жәй ғана отырып, түсінбей

орындап, неге жетерінді білмей уақытыңды ақымақша босқа өткізбейсің. Алдыңа нақты мақсат пен мәселені шешуді қоясың. Мен айтып кеткендей барлық күмән мен қорқынышты жою үшін, сіз өз санаңызды босаңсыған, тыныштық күйіне әкелуіңіз қажет. Негізінде, физикалық босаңсу рухты тыныштандырып, оны илануға анағұрлым сезімтал етеді. Бұл күйде өзіңізге табанды түрде рапорт, бұйрық беріңіз. Мысалға, егер бұл денсаулыққа қатысты болса: «Менің денім сау. Мен бақытқа, тыныштық пен өзіме деген сенімділікке толымын». Ал егер бизнеске қатысы болса, сіз: «Мен баймын. Менің ақшам көп. Мен жағдайдың қожасымын. Мен тыныштыққа, айқындыққа, өз-өзіме деген сенімділікке толымын. Барлығы мен айтқандай болады». Егер бұл жеке қарым-қатынасқа байланысты болса: «Мен әдемі, ақылдымын, тамаша көрінемін. Менің тәнім сұлу. Мен өз тағдырымның патшасымын. Мен қалай бұйрық берсем, солай болады» деп айту керек. Бұл постулаттарды баяу, сабырлы, шабытты көңіл-күймен 5–10 рет қайталау қажет. Және осындай дұға-медитация күйін күніне жоқ дегенде: таңертең, түсте және кешкісін қайталау керек.

Қайталап айтамын, сіз бірінші кезекте өз-өзіңізді иландыруды (сендіруді) үйренуіңіз қажет. Ол мықты тұлға болу үшін ғана емес, сыртқы сендіруге иланбас үшін, басқаның қолында ойыншыққа айналмас үшін де қажет. Мысалға, сіздің жеке бухгалтеріңіз сізді «лақтыруды» ойлайды. Ал ондай жағдай бизнесте, балалар, сөзіме сеніңіздер жиі әрі көп кездеседі. Енді былай, әлгі есепші сізді алдап соғып өзі пайда көретін қалтаңыздағы ақшаны жымқыратын бір айланы табады. Және сізге өзінің өтірікші адамдары арқылы, жақын болашақта сіздің фирмаңызда үлкен келеңсіздіктер пайда болуы мүмкін, тез арада белгілі бір шешімдерді қабылдау қажет деген «ертегілерін» айта бастайды. Дәл қазір шығындансақ, кейін сіз артық шығындардан құтыла аласыз деумен болады. Егер сіз әлсіз әрі сенгіш болсаңыз, бұл хабар сізде қорқыныш ұялатып, бұл иландыруды шын деп қабылдайсыз, ал сіздің «брехгалтер» жақын болашақта байи түседі. Бірақ егер сіз мықты әрі өзіңізге сенімді болсаңыз, жан-жақтан болған барлық жағымсыз иландыруларға тырысқан әрекеттері жәй ғана босқа кетеді. Себебі сізде қорқыныштың болмауы және өз күшіңізге деген сенімділік жағдайды объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Әр заманда да сендіру күші адамдар тағдырында негізгі рөл атқарған. Сендіру күші арқылы өзіңе-өзің Қожа болуға болады және онымен қоймай өз билігіңе басқаларын да бас игізе аласың. Балалар, сіздерге бір құпияны айтайын, бизнесте бұл әдісті біршама жиі қолданады. Және кімдікі жақсы болса, сол жеңіске жетеді.

Сіз сендіруден тек қорғанып қана қоймай, егер тек өз тағдырыңыздың ғана Қожасы болғыңыз келмесе оны жиі пайдалануыңыз қажет. Әсіресе, бизнесте кез-келген жарнама, адамның сол немесе басқа тауарды алу керектігі туралы сендіруге (иландыруға) негізделген. Және сіздің қаншалықты сәтті сендіруіңізге қарай, қаржылық кірісіңіз де соған тікелей байланысты, сәйкесінше сіздің әл-ауқатыңызда.

Сендіру (иландыру) бәсекелестеріңе жалған ақпарат беру үшін де билік ету аясын кеңейту үшін де қолданылады. Мысалға, сіз жақсы (эфективно) жұмыс жасап тұрған фирманы алғыңыз келді делік. Ол үшін сіз алдын-ала оған жасанды түрде қандай да бір келеңсіздіктер туғызасыз. Кейін оның басшысына барып мейірімді досы секілді айтасыз. — Осы сөздерінде Ариман біртүрлі өзгеріп, шыныменде біреудің жұмыс кабинетіне кіргендей, жұмсақ үнімен сөйледі. — «Мен сізде үлкен келеңсіздік бар деп естідім?» — Және үнін өзгертіп, кадр сыртындағы диктор секілді сырттай сөйлей жөнелді: — Бұл оны жұмыстағы мәселелерін еске түсіруге итермелейді. — Кейін тағы да жанашырлықпен: — «Сізді үлкен компания қосып (жұтып) алмақшы деген сөздер айтылып жүр». Және бәсекелес компания есімі айтылады. Осы кезде басшының санасында, егер ол әлсіз тұлға болса, ал ондайлар көп, лезде өзінің қорқынышы мен алдын-ала сезінуінің жиынтығы оны келе жатқан оқиғаларды қиялдауына алып келеді. Және сіз оған кезекті соққыны бағыттайсыз: «Сіздің жүзіңіз өзгеріп кетті. Сізге жаман болып тұр ма?» Әрине ол ішкі сезімдерін жасыруға тырысады. Ал әрі қарай сіз жәй ғана айтасыз: «Мен сізге адал әрі ұяты бар кәсіпкер ретінде келіп тұрмын, себебі осындай әділетсіздіктен өтіп кете алмаймын. Мен сізге көмек қолын созуға келдім, себебі осы жағдайда менің ойымша дұрысы...» Және оның фирмасын ойдан шығарылған қауіптен қорғау үшін, өзіңіздің «біріккен» кәсіпорынды құру жоспарын көрсетесіз. Және дұрыс сендіру (иландыру) арқылы фирмасының тағдырын клиенттің өзі-ақ сіздің алақаныңызға салып, онымен қоймай осы қызметіңіз үшін рахмет айтатын болады.

Ариманның тамаша актерлік шеберлігінің арқасында, өздерін фирманы қосып алған дәл сол ақылды сезінгендей балалар разы болғандай жымыды.

— Бұл жерде иландыру күші сіз барған адамның темпераментіне байланысты қолданылады, — деп Ариман «нағыз кәсіпкер» курсың оқытуды жалғастырды.

— Ал егер сол фирма іскерлік нарықта мықты (тұрақты) болса ше? — деп Виктор қулана сұрады.

Ариман күлді де:

Ең орнықты деген арбаның өзі қажетті кедергілерге тап болса оңай аударылып қалады. Көп нәрсе сіздің өзіңізге қаншалықты сенімді болуыңызға



байланысты. Себебі егер сізге бизнес «акуласы» кездессе, кімнің-кімді жұтары әлі белгісіз. Бірақ айта кету керек үлкен бизнестегі «акулалар» арасында да, егер кім барлығынан көп өзіне және сендіру күшіне ие болса сол жеңіске жетеді.

Және барлығын қорытындылай өзінің мінсіз актерлік ойынымен Ариман:

— Сондықтан, балалар, өз өміріңді өзің құруың қажет. Естеріңде болсын, бұл әлемде ешкім тектен тек бір нәрсе жасамайды және ақшаны да жәй бермейді. Барлығы сіздердің қолдарыңызда. Өйткені бұл әлем сіз ойлағаннан әлдеқайда қарапайым. Сіздер інжілдік: «Сен (илан) және саған болады», «Есікті қағыңыз және сізге есік ашылады» деген пайымдауларды бірнеше рет естіген шығарсыздар. Батыл болыңдар (Дерзайте)! Себебі бұл әлем сіз үшін жаратылған және оның ішіндегінің барлығы сіздікі! Ендеше өз мүмкіндігіңізді жібермей, пайдаланыңыз. Үнемі барлығы жаман деп қиналып, зарқақсаудың, өз ойларыңмен өзіңді тозақ өмір сүруге қуып тығудың қажеті жоқ. Мұнымен сіздер не табасыздар? Көп адамдар өздерін бұл әлемде азап шегуші санайды, ақымақ, еш негізсіз өздеріне біреу бір нәрсе береді деп үміттеніп, бұл жерде жаман болса, белгісіз сол жақта жақсы болады деп елес арман жетегінде кетеді. Сұрауға рұқсат етіңіз: ол жақ — ол қайда? Ал бұл жер ше? Адамдар өздері не қалайтынын білмейді, толған «кейін», «әйтеуір бір күні» деген эпитеттер. Ал мен сізге айтамын, бұл ұрандар өздеріне сенімсіз, рухы езілген әлсіздер үшін. Олардың барар жері — кедейлік пен құлдық! Себебі адам өмірі миындағы басым болған ойлардың жемісі. Егер адам мықты болса, егер адам өзіне деген сенімділікке толы болса, ол барлығын дәл осы жерде, дәл қазір ала алады. Ол жер бетінде өзі үшін жұмақ жасай алады. Өйткені Жердегі жұмақты таныған адам, онда мәңгілік қалады!

Ариманның әңгімесін тыңдаған біздер қалай пансионат аумағына келіп қалғанымызды байқамай қалдық.

— О! — деп Володя айналасына қарады. Осы кезде біздер жазғы кинотеатр жанына келіп тоқтадық. — Біздер келіп қалыппыз.

Біздің топ айналаға таңғала қарай бастады. Шыныменде әңгіме кезінде жол мүлдем білінбестен, біздер жүрмей-ақ лезде кеңістікте орын ауыстырғандай әсерде болдық. Тіпті аяғымыз да сегіз километр жүргенімізге қарамастан мүлдем шаршамаған. Уақыт мүлдем жоғалғандай. Мұны осындай кезекті құбылысқа таңғалған балалардың барлығы да айтып жатты.

Кинотеатр жанына көп адам жиналыпты. Үлкен балалар асығып билеттер алуға кетті. Ал біздің абдыраған топ Ариманды қоршап, бір шетте қалды. Бізден біршама қалып қойған Сэнсэй мен Николай Андреевичте келіп, алыс емес жерде кідіріп өз әңгімелерін жалғастырды.

Біздер «бөрене секілді қатып» Ариманнан естігендерімізді ой сарасынан өткізіп тұрып қалдық. Және осы кезде назарымызды бір ер адам аударды. Киіміне және мойнындағы қалың алтын шынжыр мен қолындағы сақинасына қарағанда жұпыны емес екені көрініп тұрды. Өзі ішінде болған ұжым секілді ер адамда аздап масайған екен. Қасында оған үнемі күңкілдеп бір нәрсе туралы айтумен болған әйел адам, оның жұбайы екені анық. Және осы кезде әлгі ер адам ұжымында қызу бәстесу туындады. Нәтижесінде әлгі ер адам кинотеатрдың кірер есігіне қарай, сеансты күтіп тұрған адамдарды жара өтіп қозғала бастады. Ол адамдарды дөрекі итеріп сонымен бірге өзінің достарына қазір барлығына Виталий Яковлевич шарлатан және өтірікші екенін дәлелдеймін деп айқайлап, ол «сілімтікті» сахнадан лақтырып қана қоймай, «миды қатырмас үшін тұмсығын бұзамын» деп сес көрсете бастады.

Адамдар осындай бүлікшінің көргенсіз қылығына наразылық таныта бастады. Бірақ қызба ер адам айналасында тек достарынан басқа ешкімді көрмегендей еді. Есікке жақындаған сайын жүзі мен әрекеті соншалықты агрессиялы бола түсті. Кездейсоқ бұрылған мен Ариманның Велиарға біртүрлі қарағанын байқадым. Велиар еш сөз айтпастан наразы болған халық арасына сіңіп жоқ болып кетті. Және бірнеше секунд өткен кезде ерекше жағдай орын алды. Ер адам құдды резеңке допша өзін артқа қарай ұшырған (құлатқан) көрінбейтін кедергіге соқтығысқандай әсер қалдырды. Ер адамда толық конвульсиялық талма басталып, жұрт тым-тырыс бола қалды. Велиар болса еш білдірместен талып жатқан ер адамды қоршаған топ арасынан шықты да, ең қызықтыны жіберіп алғандайдай түр танытып әдеттегі Ариманның артындағы орнына қайтып оралды. Және болған жағдайға абдырап қалған халық арасында не кінәлау емес, не жаны ашығандық емес, түсініксіз күңкіл (наразылық) басталған кезде, Велиар тіпті болған жағдайға көңіл білдіргендей басын изеп, мұңая-жанашырлықпен қытайша бір нәрселерді айтып жатты.

Халықтың абдырап, таңғалуы ұзаққа созылған жоқ. Ер адамға зәрулері ұшқан достары көмекке келуге асықты. Олар бұл «бөренені» біздер жақын тұрған алыс емес жердегі сыртқы орындыққа әкелді. Николай Андреевич дәрігер ретінде қарап тұра алмады. Ер адамның тамыр соғысын басып, жедел көмектің қажетсіз екендігіне көзі жеткен соң, қайтадан бізге қосылды. Осы жағдайдың кінәлісі біртіндеп өзіне келе бастады.

— Ал керек болса, ол оны қалай жасады? — деп Ариман таңдайын қағып, орындықта жалпағынан жатқан ер адамға түксие қарады (с озорством). — Толық талмасы басталды.

— Иә, таныс «талма», — деп Сэнсэй Велиарға қарап күлді.

Қытайлық Сэнсэйдің қараған назарын байқап, өзі көзге осыншалықты көрінбес үшін Ариманның артына шегінді.

Осы кезде біздің дәрігер, диалогтың барлық нәзіктігін байқамай:

— Арақты аз ішу керек, — деді.

— Дұрыс, дұрыс, — деп Ариман сөзді іліп әкетіп Сэнсэйге жымия көзінің қиығын салды. Және жәй үнімен: Тілді де тіс арасында ұстау қажет, — деді.

Ер адам назарын өзінің тобына кідірттіп, айналасына бұлдыр қарады. Кейін орнынан тұрып, қолымен басын ұстап, қарлыққан даусымен таңғала:

— Ал не болып қалды? — деп сұрады.

— Қалай не? — деп жақын жерде тұрған Ариман таңғалды. Және қорқынышты даусымен: — Сен экстрасенс күшімен соқтығыстың! Енді сен оның қандай энергетикалық күшке ие екеніне көзің жетті ме?

Ер адам абдырай көзін жыпылықтатты. Оның тобы болса, не болғанын толық түсінбеген болуы керек, Ариманның сөзін растағандай түнеріп үнсіз тұрды. Осы созылған үнсіздік кезінде қолдарында билеттері бар үлкен балалар да келді. Үнсіз осы жағдайға бір сәт қана көздерін салып, біздерге:

— Жүріңдер тезірек. Әйтпесе бос орын қалмайды! — деді.

Велиар жігіттерге, кейін жігіттердің осындай сөздеріне мүлдем қиналмаған Ариманға таңғала қарады. Велиар біздердің өмір шындығымызды түсінбегенге ұқсайды: билеттерді сатып алып, ол орындарды біреу алып қояды деп қалай аландауға болады? Бірақ бұл жағдайға жігіттердің артынан қозғалып, Ариман сабырлы қараған соң, өзінің тілсіз сұрағына жауап ала алмай Велиарда артынан ілесті. Біздер қойылымның басын жіберіп алмауды қалаған көпшілік үймелеген кіре беріс есік жаққа қарай асықтық. Біздің негізгі ұжым Ариман мен Велиарды қонақша назарымен қоршап, алға қарай сап бойынша жүрді. Бұл тізбекті Татьяна екеуміз аяқтадық. Ал бізден кейін Николай Андреевич пен Сэнсэй келеді. Осындай реттілікпен біздер орнымызға жайғастық.

Мен ішім пысқаннан айналама көз салдым. Сэнсэй мен Николай Андреевич сыбырласып өздерінше әңгімелесіп жатты. Әңгімелері тыныш болғаны соншалықты, маған тек үзік-үзік сөздері ғана жетті. Оларға қарай құлағымды қанша түрсем де, ештеңе ести алмадым. Сондықтан назарымды Татьяна секілді балалар арасында Велиармен бірге отырған Ариманға аудардым. Маған біздің шынайылықта, осыншама көп халық жиналған таршылықта, әрі еңбекші қарапайым халыққа арналған ыңғайсыз орындықтарда Ариманның өзін қалай сезінетіні қызықты болды. Себебі оның соншалықты сән-салтанатқа үйреніп қалуымен, осындай жағдай оған ұнай қоймас деп есептеуге болады. Бірақ менің таңғалысыма орай, Ариман өзін әдеттегі келушідей (завсегдатай) ұстады. Өзімен Жапонияда болған кезекті күлкілі тарихын балаларға беріліп айтып жатқаны соншалықты, біздер тату отырған бояуы ұшқан, нөмір сандары сызылған ежелгі заманғы орындыққа тіпті назар аудармағандай көрінді. Бірақ

Велиарға қарасақ олай деп айтуға болмас. Оның түсінбеген жүзіне қарағанда, осының барлығын қорқынышты түстей қабылдағандай.

Қойылым басталды. Айта кету керек, біздің алдыңғы күні келгендегі көргенімізге қарағанда, бүгінгі репертуар біршама өзгерген екен. Бірінші болып сахнаға жас шамасы елулерде болған, толықша келген әйел адам шықты. Ол экстрасенстің ғажап мүмкіндіктері, оның сөзбен айтып жеткізе алмайтын қасиеті туралы қыза айта бастады. Өз уақытында Виталий Яковлевич ғарыштық кеме және ұшақтар секілді күрделі техникаларға диагностика жасаған екен. Осының арқасында ол ғарышкерлердің өмірін бірнеше мәрте аман алып қалған. Әрине бұл факті туралы ресми құжаттар арнайы қызмет орындарында сақтаулы-мыс. Тек бұрындары бұл құпия ұсталған екен. Есесіне біздің заманда бұл туралы еш қорықпастан айтуға болады. Виталий Яковлевич, сауықтыратын ерекше күшке ие деседі! Және алдыңғы күні «ұлы экстрасенс» сеансынан кейін, көптеген жұртшылықтың алдында соқырлықтан кейін көзі көрген, ұзақ мылқаулықтан кейін сөйлеп кеткен кішкентай сәбидің ғажайып ауруынан айығуына ерекше тоқтады. Ол Виталий Яковлевичтің ұлы күшінің алдында тіпті емі жоқ рак, СПИД секілді аурулардың өзі жазылатынын айтты. Және бұл «ұлы сиқыршы» тіпті айтарлықтай ара-қашықтықтан дәл диагноз қойып, уақыт пен кеңістікті тесе қарап (көріп), адамдарды және заттарды телепортациялай алады екен. Тіпті Исаның Лазарьды тірілткеніндей, ол да адамды қайта тірілте алады екен. Және әйел көптеген қайта тірілтулері заңды түрде нотариатталып тіркелген деп акцент жасады. Ол Виталий Яковлевичті ең әдемі эпитеттерімен мадақтап, оны жаңа Мессия (Мәсіх) деп атап, тіпті Исамен тең санауға дейін барды. Құтқарушы санап, біздің заманымызда Құдайдың ең жақсы көркем бейнесі арамызда жүр деп көрермендерді сендіруге тырысты. Осындай тәкәппарлық сөздерінен кейін Виталий Яковлевичтің өзінің сахнаға шығатын мәлімдеді.

Осындай отты сөздерімен жылынған көрермен қол шапалағын аямады. Сахнаға Виталий Яковлевич шықты. Оның тегіс қырынып, әтір жағылған бетінде шексіз тәкәппарлық тұр. Тәкәппарланған жымысымен шапалағын аямай соғып жатқан жиналған көпшілікке бүркітше көздерімен қарайды. Виталий Яковлевич әдепті жымиғандай түр танытты. Қол шапалақтаудан ләззат алып, сабырға шақырғандай қолын сілтеп, құдды бір генералиссимус секілді өзінің «ұлы сөзін» бастап кетті. Бұл жолы ол өзін үлкен «флюидті-ғарыштық» лекциясымен шаршатпай, өзінің жеткен жетістігін тоқтаусыз мадақтай «өзіне дейін соншалықты терең зерттелмеген ғарыштың ұлы заңдылықтары туралы» жиырма минуттық лекциясымен ғана шектелді. Өзінің жеңісінің дәмін татқан ол сахнада кеудесін көтеріп, тәкәппарлықпен қарайды. Бұл адам жарты жыл бұрын ғана кір-қожалақ түрімен жаттығу залында, біздің

ұжым алдында тыржалаңаш қарнына лас қасықтарды жабыстырып өзінің ертегісін айтты деп кім ойлайды?!

— ...Ғарыштық флюид энергиясы бойымда жиналған кезде, менің өте ерекше қасиеттерім ашылды. Бұл құдайы жарық тек мың жылда бір рет қана таңдаулылардың таңдаулысына ғана түседі. Өткен мыңжылдықта ол Буддаға, Иса Мәсіхке берілген. Ал қазір миссия (мәсіх) жарығы маған ауды... Мен баға жетпес қабілетке тек магнетизм емес, болашақты болжау, адам ойын оқу және науқастарды ауруынан сауықтыруды, өлілерді тірілтіп, жазылмас аурулары барларды толық өмірге қайтаратын қасиетке иемін. Мен әлемде алғаш рет ұлы Ғарыштың бар энерго-ақпараттық өрісі болып есептелетін барлық жерде болатын және оған кедергі жоқ қос флюидтік ағынмен емдеймін. Менің құдайы қасиетім тәнді, адам аурасын қалпына келтіріп, оның тағдырын өзгертеді. Құдайы көрегендік маған жарық нұрын шашып, құпия ілімдерді ашты. Осының негізінде мен өзімнің жеке он сатылы рухани жетілудің әдістемесін жасадым...

Әрі қарай Виталий Яковлевич өзінің жүйесінің артықшылықтары туралы түсініксіз эзотерикалық терминдерді қосып лепіре түсіндірді. Және соңында паңдана:

— ...Себебі уақытша тәнді ұлы рухпен, ғаламдық сана рухымен қоса білген мен секілді адамдар, Құдайдың ұлы күшіне ие болады! — деп жариялады.

Оның сөздерінен кейін тағы да ду қол шапалақ соғылды. Мен Ариман және онымен бірге біздің де балалар қол соққан кезде таңғалдым. Балалар әзіл үшін қол соқты ма, әлде Ариманға еліктеді ме мен үшін жұмбақ болып қала берді. Қол шапалақтаудан ләззат алып болған соң, Виталий Яковлевич сахнаға мыстан жасалған су құйылған табақшаны, сабын мен ақ сүлгіні әкелуге бұйрық берді. Конферансье-эйел сол бойда сахна ортасындағы орындыққа орналастырды. Виталий Яковлевич көпшілікке оның қолдары әрқашан таза болу керектігін айтып жатты. Себебі осындай тазалық оған адам аурасын нақты сезінуге, сонымен бірге мінсіз энергетикалық тазалықты қажет ететін күрделі энергетикалық операциялар үшін керек екен. Виталий Яковлевич су толы табақшаға келді де үнсіз жұрттың қарауымен асықпай қолдарын көрсете жуды. Неге екенін қайдам, бірақ осы шектен тыс жасандылық көрінісі менде Иса үкімі орындалғаннан кейін Понтий Пилаттың қолдарын жуған тарихпен ассоцияланды.

Қолдарын сүлгімен кептіре сүртіп, қойылым басталғанға дейін сахнаға барар баспалдақтарға толып кезекке тұрған, сахнаға шыққысы келгендерді шақыра бастады. Бірінші болып кішкене бойлы ер адам шықты. Өзінің толық дене бітімі және домалақ алға қарай шыққан қарны оны колобокқа ұқсатады.

Домалақ басының көп бөлігін шаштың орнына таздық басқан. Мұрнына түскен үлкен көзілдірігі сыртқы бейнесін толықтырып тұр.

Ер адамға микрофон берілді және ол жұрттың көзінше өзінің нашар көретініне үнемі болатын бас ауруына шағымын айта бастады. Виталий Яковлевич сабырға шақыратын қимыл жасады да қолындағы микрофонды алып, ер адамның аурасында бас пен көз аймағында қара тесіктерді көріп тұрғанын және аурасын «жамайтынын» айтты. Әлгі ер адамға бірнеше уақыт өткен соң денсаулығы жақсаратынын, өйткені алдымен рух емделіп, аурасы жамалып (дұрысталып), содан соң ғана тәні қалыпқа келетінін айтып, уәде берді. Ер адамнан көзін жұмуды сұрап, Виталий Яковлевич қолдарын үстінен қатты сілтеп, көз бояушының қимылымен (пассы) ауада әртүрлі кескіндеме (конфигурация) жасады.

Кенет, экстрасенс ақылды түр танытып ер адамның көз аймағындағы аурасын «бітеп» жатқан кезде, қол бағытына қарай магнитше ер адам да алға-артқа қарай жеңіл теңселе бастады. Оның теңселу амплитудасы тез арада күшейгені (табиғи емес) соншалықты, тәні еденге қырық бес градус бұрышта, барлық физика заңдарын бұзып салбырап (немесе ілініп) тұрды. Таңғалыстан зал гу ете қалды. Таңғалған жұрттың үнін естіген Виталий Яковлевич сәл басын изеп және осы парадоксты көріп, бұл құбылысқа, мәнісі неде екенін өзі де ұқпаған демекші таңғала қарады. Ер адамның тербелеуін жалғастырып, ол бүкіл әлемдік тартылыс заңы әсер етпеген оның тәніне қызықтап қарап тұрып қалды.

Мен жасырын Сэнсэйге көз тастадым. Және Сэнсэйдің Ариман жаққа қарай біртүрлі қарағанын байқадым. Бұл менің қызығушылығымды оятып, менде ол жаққа мойнымды бұрдым. Ариман біршама байсалды болып қалған. Ол сахнаға тура қарап тұрды. Оның жүзі тас мүсіндей. Тек бір сөздерді айтып жатқаны анық, білінер-білінбес еріндері ғана қимылдайды. Маған тіпті біртүрлі ыңғайсыз болды. Біздің балалар болған жағдайға қызығып, енді қазір не болады екен дегендей күтумен көздерін сахнадан алмады. Менде олардың артынан кеттім.

Виталий Яковлевич қол қимылының бағытын өзгертіп ер адамның үстінен қолдарымен жоғары-төмен жүргізе бастады. Және осы кезде, жүз келіден артықтау салмағы бар әлгі ер адам, барлығының көзінше еденнен шоршыған резеңке доптай жоғарыға жеңіл көтерілді. Басында аяғының ұшымен мүлдем салмағы жоқ адамдай табиғи емес тұрды. Көргеніне таңғалған алғашқы дауыстар алдыңғы қатардан шықты. Кейінірек біздер Виталий Яковлевич қолдарын әдеттегі қимылынан жоғары көтеріп, әлгі ер адамды қалай екені белгісіз сахна еденінен он сантиметрдей көтергенін көрдік. Бұл жағдай экстрасенске де түсініксіз болған сияқты, себебі келесі сәтте ол қолын одан

сайын жоғары көтерді, ал әлгі ер адам жерден жиырма сантиметрге жуық көтеріліп қалықтап тұрды. Кейбір көрермендер тіпті орындарынан тұрып кетті. Маған алғашқы секундтарда, Виталий Яковлевичтің ер адамның айналасынан белгісіз айла бұйымдарын табуға тырысып, абдыраған жүзіне қарағанда, өзі де түсінбегендей көрінді. Қолдарын сол деңгейде ұстап, ол ер адамның аяқ киімі мен еден арасындағы бос кеңістікті аяғымен тексере бастады. Мина алаңын аяқтарымен басқандай абайлады. Экстрасенсорлық қабілеттің осыншалықты анық құбылысы өзін де жұртшылықтан кем емес таңғалдырған сияқты. Бірақ бірнеше секундтар өткен соң, толық абдырауының ізі де қалмады. Ол жымысқа ұқсас түр танытып, назарын халыққа аударумен бірге маңғаздана басын изеуге тырысты. Таңғалған көрермендер қол шапалағын аямады. Ду қол шапалақтан шабыт алған Виталий Яковлевич ер адамды біресе жоғары, біресе төмен түсіріп халық алдында бірнеше қайта ойын көрсетті. Табиғаттың бұл тылсым сиқыры оны да көрерменнен аз қызықтырмағаны анық еді. Ақыр соңында өзіне риза болуға тойған соң, ол қайтадан ер адамды орнына қойып, оянуға бұйрық берді.

Ер адам шыныменде терең ұйқыға кеткендей көрінді, себебі ол көзін ашқан кезде жарыққа көзін сығырайтып, жиі жыпылықтаумен болды. Ер адам көзілдірігін шешіп, көзін сүртті. Және осы сәтте оның жады түпкілікті орнына келгендей болды-ау деймін, себебі ол басын сипап, басының ендігі ауырмайтынын және ең бастысы жанары толық қалпына келгенін айтып қуана айқайлап жіберді. Осыны көрермендерге айтып, Виталий Яковлевичке жүгіріп барып қолдарын рахмет айта қатты сілкіп, тіпті бетінен сүюге де тырысты. Ер адамның осындай жабайы таңғалысын күтпеген экстрасенс, артқа қарай шегіншектеп қалды. Зал тағы да ду қол шапалақтап жіберді. Көрермендерге сәл басын ие жымысып, Виталий Яковлевич ер адамның томпақ қолдарынан өз қолын жиіркене суырып алуға тырысып және оның экстрасенсті аузы жеткен жерін сүюге тырысқан ниетінен қашуға тырысты.

Осындай табынушысының шектен тыс рахметінен дер кезінде көмекке келген конференсье-әйел құтқарды. Ол ер адамға жақындап, оған бір нәрселерді түсіндірумен бірге Виталий Яковлевичтен ажыратуға тырысты. Бірақ ер адам қолын жіберуді ойламағаны анық. Дегенмен әйел адам тек табанды ғана емес, нағыз от-әйел (гром-бабой) болып шықты. Жағдайдың үмітсіз әрі созылып бара жатқанын көріп, ол өзінің жеңіліссіз тәсіліне көшті. Кеудесін көтеріп, өзінің күшті денесімен навигациялы атом мұзжарғыш кемесі секілді ер адамның қол амандасуын тіке бұзуға кірісті. Мұндай тегеурінге «колобок» түгелі, тас қамалында қарсы тұра алмайтындай көрінді. Қолдарды аяусыз үзіп, әлгі ер адамға әйел тіке басып, жолшыбай жасанды жымысымен бірнәрселерді айтып жатты. Ер адам сескене артқа қарай қозғалып, ал кейін

өзінің күшті денесімен кумиріне өтуге болатын барлық тесіктерді бітеген әйел адам оны сахна баспалдағынан түсіріп жіберген кезде, тағдырына көнгендей болды.

Жабысқан ер адамнан құтылған Виталий Яковлевич арқасынан ауыр жүк түскендей дем алып, тағы да қолпаштаған көпшілікке басын ие бастады. Кейін мыс табақшаға жақындап қолын жуды. Тек бірінші рет қолын жуған кезде қимылы жасанды болып көрінсе, ал қазір интелегентті ер адамға емес, салақ шошқа баққан адамға қолын бергендей қолдарын мұқият тазалауда еді. Ол қолдарын аппақ сүлгімен ұзақ сүртіп, күтіп тұрған көрермендерге қайта келді. Өзінің алдыңғы емінің ауырлығы туралы түсініксіз бір нәрселерді айта ақталып, экстрасенс қайтадан өзінің «энергетикалық флюид» туралы мылжыңын айтып, бәрібірде ешнәрсе түсінбеген көпшіліктің ду қол шапалағын тудырды.

Мәртебелі қол қимылымен Виталий Яковлевич көзін салмастан келесі пациентті сахнаға шақырды. Бірақ ол баспалдақпен тісі жоқ аузымен кең жымыып, жасы келген әженің жыбырлап келе жатқанын көрген кезде, алдыңғы пациенттің сүюге тырысқан ұмытылмас әрекетін жақсы есінде сақтағаны анық, үзілді-кесілді қолын сілтеді. Конферансье-әйел сол бойда әженің сахнаға шығар жолын жауып, оның артында анталап тұрған көпшілікке экстрасенс қабілеттерін көрсету үшін келесі пациентті өзі таңдайды деп ақырып жіберді. Кезекте тұрған адамдар күңкілдей бастады. Ал Виталий Яковлевич жұртшылық алдында абыройы түспес үшін, микрофонды алып өзінің көмегіне ең бірінші аурасы мүшкіл жағдайдағы адамдар мұқтаж деп жариялады.

Өзінің өткір бүркітше көздерімен баспалдақ қасында жиналғандарды қарап, өзіне келесі пацениетті саусағымен көрсетті. Ол жас шамасы он сегіздерде болған, кезектің артқы жағында тұрған әдемі, көрікті қыз баласы болып шықты. Көпшілік арасынан шыққан кезде, Виталий Яковлевич тіпті біршама маңғазданып жүзінде ақ пейіл жымыысы пайда болды. Кеудесін тәкәппарлықпен көтеріп және барынша өзінің ісіп тұрған қарнын тартып, ол қызға келді де, қолдарын оның жалаңаш (немесе ашық) иығына қойып, өзінше құшақтады. Және сонымен бірге сырқатына еш қатысы жоқ, есімі, қай жерден болатыны, қайда оқитыны туралы сұрақтарын қоя бастады. Жалпы сұрақтары аяқталған кезде, Виталий Яковлевич ақыры не алаңдатып жүргенін сұрады. Қызды ұйқысыздық мазалап жүрген болып шықты. Оған Виталий Яковлевич сол бойда көпшілікке қарап, іш пыстыратын жалғыз кештерін түрлендіретін, жас қыздар байыпты, тәжірибесі мол ер адамдармен танысуға мүмкіндігі болмаса осындай болатынын айтып әзілдеді. Виталий Яковлевичтің көңіл-күйіне жұртшылық та қосылып, ең күлкілі әзілді айтқандай күлді.



Экстрасенс қыздың сырт келбетіне бірнеше комплименттер айтып және өзінің даналығы мен тәжірибесі, ұлы күшінің арқасында, өзінің сырқаты (ұйқысыздығы) туралы қызға еш алаңдаудың қажеті жоқ деп жариялады. Өзінің «тәжірибелі» көздерімен қарап, қызға көз тиген болмаса дуаланған, аурасы «өте жаман күйде» деді. Кеуде аймағында бөтен энергия көріп тұрмыс. Кейін оған көзін жұмуды бұйырып, өзінің тағы бір әдіс-тәсілін көрсететінін айтты. Экстрасенс алдымен әлгі ер адамға жасағандай қимылымен (пассы) басынан бастады. Бірақ кейін оның қолдары қыздың денесін сипалап: басынан, бетінен, қолдарынан, кеудесінен, қарны мен аяғынан төмен түсе берді. Қолдарымен қыз денесін сипап, оны үнемі сілкіп, жабысқақ көрінбейтін заттан құтылуға тырысты.

Қызбен аяқтап болған соң, Виталий Яковлевич аз да болса оны жаман энергиядан арылтуға тырысқанын айтты. Бірақ бұл жаман дуаны толық жою үшін, оған аурасымен ұзақ әрі табанды жұмыс жасау керек деді. Ол қызға қойылым біткен соң, келесі сеансқа келісіп әрі қалай жасау керектігін түсіндіру үшін өзіне жеке келуді айтты. Бойжеткенді баспалдаққа дейін шығарып салып, экстрасенс қайтадан ендігі көмекші-әйелмен ауыстырылған таза суға қолын салды. Бұл жолы Виталий Яковлевич рахаттана жуды.

Айта кету керек қызбен болған осы көріністе, көрермендер әсіресе артқы қатар шулап кетті. Біздің топ Ариманнан күлкілі бір нәрселерді естіп, өздерінше шүйіркелесіп жатты. Николай Андреевич Сэнсэйге жартылай бұрылып тыныш қана бір нәрселерді талқылап отырды. Мен Сэнсэйдің Николай Андреевичке не деп жауап бергенін де, балалардың күлкісінен Ариманның айтып жатқандарын да естуге мүмкіндігім болмаған соң, ішім пысқаннан сахнада болып жатқанды қараудан басқа амалым болмады.

Виталий Яковлевич өзінің қол жуу процедурасын аяқтаған кезде, жас шамасы қырықтардағы көпшілік арасынан аянбай бұза шығып келе жатқан әйелге қарады. Оны қатты ұсқынсыз көрсеткен иығында үлкен ісігі (немесе жара) болды. Мұндай ісікті тіпті артқы қатарлардан көрудің өзі қорқынышты еді. Сондықтан кезекте тұрған адамдар оған жол беріп, алға шығарғаны таңғаларлық жағдай емес еді. Виталий Яковлевичке бұл бейбақты сахнаға шығарудан басқа амалы қалмады.

Экстрасенске жеткен әйел ұзақ уақыт булығы жылап өксігін баса алмады. Ақыры өзін Екатерина Дмитриевна деп таныстырып өз мәселесін, қанша дәрігерге қаралса да еш көмегі болмағанын айтты. Оған тіпті нәтижесіне ешкім жауап бермейтін қымбат ота жасауды да ұсынған. Виталий Яковлевич оған соңғы үміт сыйлаған. Бұл оның жаман сырқатынан айығудың соңғы үміті, себебі оның ота үшін көп ақшасы жоқ екен. Ал ана ретінде ол бұл өмірден кетуге құқығы жоқ. Өйткені оның ешкімнің қолдауынсыз өзі өсіріп келе

жатқан екі балапаны бар екен. Бірақ басқа жағынан бұл ауруымен азапқа түсіп, сәбилерінің болашағы үшін әрдайым қорқынышпен өмір сүргісі де келмейді екен. Сондықтан бар үміті Виталий Яковлевичтің «құдайы қасиетімен» сырқатынан ғажайып жазылуда екен.

Әйелдің тарихы көрермендердің жан ашыған, көңіл білдерген сезімдерін туғызғандай. Тіпті Ариманда өз әзілдерін тоқтатып, әйелдің әңгімелерін мұқият тыңдап, салмақты бола түсті. Экстрасенс жәй ғана басын изеп, паценттің осындай жан тебіренер сөздерінен кейін, қолынан келгеннің барлығын жасайтынын айтып сендірді. Кейін Екатерина Дмитриевнаға қазір астралды күйде осы ісікке ота жасайтынын айтып, көзін жұмуға бұйрық берді. Әйел көзін жұмған кезде, Виталий Яковлевич қолдарымен пассасын бірден бастап кеткен жоқ. Ол көрермендерге өзінің қолдарынан ғарыштық күшті тудыру үшін, ойын жинақтап, жұмылдыру керектігін айтты. Жалпы әдеттегідей өзінің кез-келген сырқатты емдеп жазатын ғарыштық құдіреті туралы мылжындады. Ал кейін салтанатты тыныштықпен көздерін бірнеше секундқа жұмды. Көрермендер демін ішке тартып бақылаумен болды.

Осы кезде өте жеңіл шерткен дыбыс естілді. Мен дыбыстың шыққан жағына қарай мойнымды бұрдым. Біздің балалар болған жағдайға таңдана тіпті орындықтарымен алға қарай жылжып кетіпті. Ариман болса балалардан айырмашылығы, өзінің орындығында бір қалыпты (салмақты) отыр. Оның қолдары кеудесіне бірінің үстіне бірі қойылған. Бар назарымен сахнаға қарап, еріндері дыбыссыз бір нәрселерді тағы да айтып жатты. Мен сахнаға үрейлене қарадым. Қазір ерекше бір жағдайдың болатынына неге екенін қайдам мүлдем күмәнім болған жоқ.

Виталий Яковлевич теңселді де көздерін баяу ашты. Оның әйелге қалай барғанына қарағанда, ол шыныменде транс күйіне енгендей көрінді. Осы кезде мен көкірек тұсымдағы «лотос гүлімнің» біртүрлі іске қосылғанын сезіндім. Әдетте ол өзінің нұрының жылуын бар тәнге таратып «үлкейетін» (немесе кеңейтетін). Ал бұл жолы ол белгісіз қорқыныштан жапырақтарымен қорғанғандай бүрісе қымтанып түйілгендей болды. Мен интуитивті деңгейде, сахнада көзге көрінбейтін өзгерістің, түсініксіз қорқыныштың болғанын сезіндім. Бұл түсініксіз үрей әр өткен секунд сайын күшейе берді. Көрермендердің барлығы қатып қалды. Экстрасенстің әрекетін бақылай, барлығы мелшейіп қалғандай күйде болды.

Виталий Яковлевич әйелге баяу барды да және біртүрлі саусақтарын ілмек (крючкообразно) тәрізді бүгіп, қолын үстіне сүртті. Бұл әрекеттері кезінде маған тіпті де қорқынышты бола түсті. Ол қолдарын әйелдің иығына жақындатып шеңберше айналдыра бастады. Қолының әрбір қимылы, менің санам үшін түсініксіз үрейлі қорқынышты сезімдердің үлкен толқынын

тудырды. Өзімнің айтып жеткізе алмайтын қорқынышыммен қоса, денемнің қол қимылының тактісіне қарай аздап теңселе бастағанын да байқадым. Келеке болудан қорқып айналама қарасам, осындай еріксіз маятникке тек мен ғана емес, білінер-білінбес теңселген барлық көрермендерде енген екен. Тіпті адамдардың төбесіндегі ауада ауыр, құдды бір тұтқыр (немесе жабысқақ) кисель секілді көрінді.

Экстрасенс өзінің «сиқырлы пассасына» тән емес түсініксіз қимылдарды жасай бастаған кезде, менің үрейім одан сайын күшейе түсті. Маған әйелдің иығының айналасындағы ауа тез тығыздала бастағандай көрінді. Және белгілі бір сәтте, мүлдем күтпестен экстрасенстің қолдары жылан секілді иық аймағына, тура ісікке сұғына кетті. Мен тіпті қорыққанымнан артқа қарай шегініп, селк ете қалдым. Әйелдің иығынан қан бұрқ ете қалды. Электр тоғының разряды секілді қатты шерткен дыбыс естілді. Және келесі сәтте экстрасенстің саусақтары тері астына бойлап, барған сайын тірі етке бойлай түсті. Ісікті ұстап, оны өзіне қарай тарта бастады. Әйелдің терісі созыла нәзік торсылдақ (перепонка) секілді, мінсіз тыныштықта, сықырлай етінен үзілген дыбыстары естіліп жатты. Қаны одан сайын көбірек ағып, ашық түсті жейдесіне қызыл дақтары пайда болды. Экстрасенс одан әрмен қатты тартып және әйелдің иығынан біртіндеп баяу қан болған тірі еттің толық бір тілімін жұла бастады. Ісік (жара) өзінің қармауыштарымен байғұс әйелдің тәніне жабысқан, қанға тоймаған сүліктер сияқты адам тәнінен ажырауға асықпады. Бірақ экстрасенстің қолдары аяусыз болды. Резеңке секілді созылған еті, өзіне тән дыбыспен жыртыла, иығынан тез ажырай бастады. Және бірнеше секундтан кейін қауіпті жарасы өзінің ұясын толық тастап, өзінен кейін иығында қанды қоймалжың (кровоавое месиво) қалдырды. Қорқынышы мен таңғалысынан зал бір деммен дүрс (немесе шу) ете қалды.

Қолында еденге қан сауғалаған еттің тілімін ұстай, экстрасенс оны тастай тұнған көрермендерге тағы көрсетті. Сахна жанында тұрған бірнеше адам есінен танып, жерге гүрс етіп құлап жатты. Жақын жерде тұрған адамдар басында үрейлене шегіншектеп, бірақ кейін есеңгіреген адамдар айналасында әбігерленіп қалды. Бұл инцидентке еш назар аудармастан, экстрасенс су құйылған табақшаға барды да ісікті суға тастай салды. Кейін сол сумен қан болған қолдарын жуып, ақ сүлгіге қызыл дақтар қалдырып қолдарын сүртті. Көрермендер әлі де көргенінен есеңгіреп оның әрбір қимылын шиеленісе (напряжённо) бақылаумен болды. Қолдарын сүртіп, экстрасенс жартылай ұйқы күйіндегі жүрісімен әйелге барды да, сол сүлгімен оның иығын мұқият сүртті. Ол қолын иығынан алған кезде, қоймалжың қанға толы иығында ешқандай зақымсыз сау терісін көрген кезде, көрермендер оның ішінде менде

бармын, таңғалысында шек болмады! Бұрынғы ісігінің ізі де қалмаған. Зал гу етіп бірнеше секунд өткен соң ду қол шапалақ үні басталып кетті.

Сеанс кезінде бірде-бір рет қимылдамаған пациент-әйел кенеттен оянды. Басында ол өзінің қан болған жейдесіне, кейін иығына қарап, өз көзіне өзі сенбегені анық, шошып кетті. Себебі терісінде жарақат түгелі тыртықта болмады. Ол шыныменде сеанс кезінде ешнәрсе сезінбеген секілді, өйткені ауырған жерін нұқып, мүлдем түсінбей делдал болды. Осы кезде Виталий Яковлевичте оянды. Қолынан қан болған сүлгіні көріп үрейлене, құдды бір қылмыс жасалған қарудай өзінен лақтыра, қорыққан адам секілді шоршып кетті. Кейін үнсіз таңғалысымен қан болған қолдарына қарады. Тек содан соң ғана алдындағы әйелге қарады. Көргені оны сөзсіз таңғалдырды. Өз көзіне өзі сенбей, әйелге абайлап жақындады да оның жаңа ғана ұсқынсыз ісігі болған иығының сау терісіне қолын тигізді. Ал әйел не болғанын ұғынғандай қуаныштан қатты айқайлап, бар күшімен Виталий Яковлевичтің мойнына жармаса кетті. Осындай күшпен құшақтауға үрейленген ол, демін ішке тарта тұншыға оның қылқындырған «шынжырынан» босауға тырысты. Экстрасенсті жіберіп, сахнаның шетіне қарай жүгіріп, қуаныштан жылап, секіріп, айқайлап, таңқалған көрермендерге өзінің сау иығын көрсетті.

Елестете алмайтын жағдай басталып кетті. Зал дүрс ете қалды. Біреулер қол шапалақтап, енді біреулер қарлыққанша «браво» деп айқайлап, басқалары қуаныштап жылап, енді бірі «бұл жаңа мессия» деп айқайлап жатты. Кезекте тұрған адамдар барлық көргенінен есеңгіреп тұрған конференсье-әйелді дөрекі итеріп сахнаға ұмтылды. Біреулері жүгіре экстрасенс алдында қолапайсыз жалбарынып жатса, енді біреулері төрт аяқтап жорғалай, ең болмаса оның киіміне қол тигізуге тырысты. Өз-өзіне әлі келе қоймаған Виталий Яковлевич өзіне әртүрлі тұстан айқайлап, жүгіріп келе жатқан халықты көріп, таяқ жеуден қорғанғандай қолдарымен қорқақтана бетін жапты. Бірақ адамдар оның аяғына жығылып, көз жастарымен өзін мадақтап жатқанын түсінген кезде, ол түпкілікті өзіне келіп, не болғанын түсіну үшін ақымақтай жымыды да қол соққан залға жеңіл басын изеді. Бірақ бұл абыржуы ұзаққа созылмады. Көрермендер оны «супермессия» деп танығанын түсініп, ол кеудесін тәкәппарлана көтеріп, үлкен шабытымен иіліп, жанында тізерлеп тұрған адамдарға өзінше (ұқыпсыз, небрежно) қолын берді. Ал олар болса оның киімін, қолын сүйіп, біреулері шоқына дұғаларын айтып, алдарында Исаның өзі тұр деп айқайлай бастады. Виталий Яковлевичтің разы болған күлкісіне қарағанда, тобырдың өзіне таңған бұл жаңа образы (бейнесі) қатты ұнаған секілді.

Біздің таңғалысымызға орай қойылым алдында Виталий Яковлевичтің мұрнын «бұзғысы» келген мойнына алтын шынжыр тағынған әлгі ер адамда

төрт аяқтап сахнаға шықты. Бұрынғы берген уәделеріне қарамастан ол құтырған көздерімен экстрасенсті қаумалай қоршаған адамдарды итеріп, аяғына өзі жығылып аяқ-киімін сүйе бастады. Ариман балалардың назарын сол ер адамға аударып, қол соққан көпшіліктен даусын шығару үшін қатты үнімен:

— Қарандар! Түпсананың күші қандай қуатты екенін көрдіңдер ме! Өз уақытында қойылған сөз деп осыны айт. Адам дұшпаннан фанатына айналады!

Біздің балалар таңғала бастарын изеді. Осы кезде халық шуылының арасынан Ариманға Сэнсэйдің айтқан дауысын естідім.

— Ариман! Мен енді бұған қарай алмаймын. Бұл енді тым артық... Біз Николай Андреевич екеүміз сіздерді сыртта күтеміз.

— Иә, бізде шығамыз. — Ариман Виталий Яковлевичті тоқтаусыз мадақтап мээ-майрам (ликующих людей) болған адамдар жаққа қарап қолын сілтеді. — Бұл жерде ендігі қарайтын ештеңе жоқ.

Біздер жазғы кинотеатрдан шықтық. Естігенім мен көргенімнен мен де, балалар да қатты таңғалды (были в шоке). Бас айналады. Басқаларына қайдам, бірақ маған іштей өте ыңғайсыз, тәнімде тағы да дискомфорт пайда болды.

— Міне көрдіңдер ме, адам түпсанасын қалай басқара алатынын, — деп Ариман мээ-майрам халықтың шуылы естіліп жатқан жазғы кинотеатр жаққа қарай көңілді басын изеді.

— Ал біз басында ол сандырақтап жатыр деп ойладық, — деп Руслан абдырай сөйледі.

— Угу, — деп оны Андрей қолдай кетті. — Қайдағы бір шарлатан шығар деп ойладық. Ал ол шыныменде күшке ие екен.

— Тіпті иығында жараның орныда қалмаған, ол оны қалай жасады? — деп Стас иығын көтерді. — Мистика дерсің!

— Не дұрыс болса, сол дұрыс, — деп Женька досымен келісті. — Мен өз басым ештеңе түсінгенім жоқ. Бұл бір! Және тіпті ісік ешқашан болмағандай терісі де теп-тегіс. Бұлай болуы мүмкін емес!

— Енді сен өз көзіңмен көрдің емес пе! — деп Ариман оған таңғалды.

— Көруін көрдім-ау, бірақ сонда да... э-э-э, — деп Женька өзінің ішкі сезімін айту үшін керекті сөздерді таңдауға тырысты, бірақ ақыры мұны жасай алмады. — Қысқасын айтқанда, болғанның барлығына сенгің келмейді!

— Адамның парадоксы міне осында! — деп Ариман күлді. — Ол тіпті өз көзімен көргенге де сенбейді. Тек өзіне қиялдап жасап алғанға ғана сенеді. Ал қиялы өзі тәрбиеленген қоғамның негізінен алынады. Яғни, егер оны әрдайым қоршаған тобыр, отаны (операцияны) тек хирургиялық скальпелмен жасауға болады деп сенсе, тұлға өз көзімен көрсе де, қиялында басқа ұғымды шындық

деп қабылдай алмайды. Саған мүмкін бұл әйел әдейілеп қойылған, ал ісігі табиғи емес, жәй ғана қызыл бояумен толтырылған муляж деген ой келген шығар.

Женька таңғала көздерін жыпылықтатты.

— Ал сіз қалайша... Мен жаңа ғана осы туралы ойладым!

Ариман одан бетер күлді де:

— Сенің ойларың болжауға келеді, себебі сен де барлығы секілді ойлайсың. Тіпті дәл қазір экстрасенстің аяғын сүйіп, оның емдеу қасиетіне сенушілердің өздері де, бірнеше уақыт өткен соң, осының барлығын спектакль, өздерін епті алдаған деп ойлайды. Барлығының осылай болғанына жалғыз күмән келтірмейтін, тек әлгі ісігі бар әйел мен оны (әйелді) сырқатынан айыққанға дейін білетін адамдар ғана болады. Ал басқалары үшін бұл қойылым жадыларында тек жалған (өтірік, алдамшы) болып қала береді. Қазір ғана қол шапалақтаған халық осындай эйфорияда, себебі олардың азда болса сенімдері оянды, ал ертең логикалары тағы да үстем болып, оларда басқалар секілді ойлайтын болады.

— Демек барлығына кінәлі менің ойлау қабілетім болғаны ма? — деп сұрады Женька.

— Әрине, — деп Ариман растады. — Егер сен өзіңнің қалыпты (немесе стандартты) ойлау қабілетіңді өзгерткің келсе және өзгерсең, саған анағұрлым көп нәрсенің есігі ашылар еді. Өйткені еркін адам тобырдан өзінің жеке ойымен және кез-келген мәселенің мәнін терең және кең түсінуімен ерекшеленеді. Егер сен қойылым кезінде шыныменде мәселенің «тамырына» үңілген болсаң, шын мәнінде Виталий Яковлевич әйелдегі ісікті ешқандай скальпелсіз ота жасау арқылы алғанын көретін едің. Мұндай ота жасауды тіпті адамды көрмесеңде, тек оның фото бейнесімен жұмыс жасай отырып та жасауға болады.

Сенімге ниет (тілек) қосылса — бұл осындай ота жасау секілді нағыз ғажайыптар жасауға болатын орасан зор күш. Және ол сен қалағанның барлығын орындай алады: қаласаң — адамды емде, қаласаң — өлтіре сал. Барлығы сенің қолыңда, дұрысы сенің шын ішкі тілегінде. Бұл күш — жәй ғана құрал, қалғаны — сенің қиялыңның шаруасы. Және мораль туралы ұмытыңыздар. Жалпылай алғанда ол жоқ нәрсе. Тек сенің жетілу (өсу) кезеңінде белгілі бір стереотиптерді сенің құлағыңа құйған. Ол элитаның тобырды басқару үшін жасаған стереотиптері. Бірақ элитаның өзі ол ережелерді сақтамайды, себебі ол кез-келген ережеден еркін, әйтпесе осындай шыңға шықпас еді. Және олардың сіздерден айырмашылығы тек еркін ойлауында ғана. Ендеше сенде еркін бол және сол кезде саған да мүмкіндіктер мен байлықтың есігі ашылады.

Балалар үнсіз тұрғандықтан, Володя жымия:

— Біздің елде бай болған тиімді емес. Адамдар арасынан шықпай жатып-ақ құлатады, — деді.

Ариман күлді.

— Енді ұзақ жыл құлша өмір сүргеннен, қысқа болса да молшылықта өмір сүрген жақсы. Ал негізінде, егер адамның басы орнында болса ол барлығына керек болады. Ал егер басы болмаса, бизнеске кірудің не қажеті бар? Бұл әлсіздердің емес, нағыз ерлердің ойыны. Әдетте басы жоқ осындай атқа шабарлар, бизнесте елестер секілді — өзі ештеңе жасамайды, басқаларына да жұмыс жасауға кедергі болады. Міне соларды алып тастайды. Өмір мықтыларды таңдайды демекші! Оның шындығы адамнан үлкен ерік күшін талап етеді, ал еркіндігіне аз емес ақша керек. Енді не істейсің, әлем осылай құрылған. Эрих Фромм айтпақшы: «Адам — өзінің тіршілігінің мәселесін шешуіне тура келетін жалғыз ғана мақұлық».

Осы кезде біздер жол торабына жетіп, пансионаттан жағалауға қай жолмен барған дұрыс деп біріге ойлана бастадық. Анықтап алған соң, біздер қайтадан жолға шықтық. Естігеніміз бен көргенімізден таңғалысымыздың әсерінен шыға алмай, тек кішкене сөздермен алмасып бірге келе жаттық. Пансионаттың аумағынан шыққан кезде ғана, біздер тағы да бос созылған жағалау жолымен білінбестен бөліне бастадық. Кеш қараңғыланып, жол да барған сайын нашар көріне бастады. Балалардың негізгі бөлігі Ариманмен бірге алда келеді. Біздер Татьяна, Костя, Андрей және мен олардың артында келеміз. Және айнала қараңғылана түскен сайын, біздерде өзіміздің үлкен ұжымға тез жақындай түстік. Бұл жолы біздің топты Сэнсэй мен Николай Андреевич түйіндеді. Олардың сырт пішімдері артқы жақта білінер-білінбес көрінеді. Біздің топқа қарағанда, олардың жүйкелеріне қараңғылық еш әсер етпегенге ұқсайды. Және әңгіме тақырыптары салмақты сияқты, себебі бөтен құлақтардан жасырғандай өте тыныш сөйлеп келе жатты. Есесіне Ариманның дауысы өте жақсы естілді. Оның дауысы қоршаған табиғат тыныштығында өктем естілді. Балалар Ариманнан түпсана туралы, өмірлерінде жетістікке жету үшін оны ең болмағанда Виталий Яковлевич секілді пайдалана білу туралы сұраумен болды.

— Виталий Яковлевич жәй ғана түпсанасының күшін, ол туралы тіпті білместен пайдаланды, — деп Ариман түсіндірді. — Оның феноменінің бар сиқыры осында ғана. Ал залда отырған көрермендер оның әсер ету объектісі болды. Және оның көмегімен Виталий Яковлевич олардың сенімін оятты. Әрине, осындай үйлесімділікте сеанстарының жағымды нәтижесі болмауы мүмкін емес.

— Демек, ол осының барлығын инстинкт деңгейінде жасағаны ма? — деп Руслан өзінің кішкене жаңалығын ашқандай айтты.

— Әрине. Адамдар ғасырлар бойы түпсананың күшін және оны тек ауруларды емдеудеумен қатар басқалай да қолдануға болатынын инстинктивті сезінген. Ал қалай пайдалануды білгендерді, олар адамдарды сырқатынан айықтырып, дуаны шешетін, тағдырға әсер ететін құпияны біледі деп ойлаған. Ал шын мәнінде адамға әсер ету тәсілі қарапайым. Құпиялығы мен хикметтілігін (причудливости) әсер алушы адам қаншалықты көрсе (немесе сенсе), иландыру да оған соншалықты күшті әсер етеді. Себебі құпиялы іс әрқашан қиялды қатты қоздырып (шарықтатып) жібереді, осылайша олар адам түпсанасын сендірген идеяларын жеңіл қабылдайтын күйге түсіреді. Айтпақшы, осы принцип негізінде әртүрлі діни рәсімдер, жоралғылар және талисман, амулет, тұмарлар (оберегах) туралы аңыздар пайда болған.

— Демек, тек қайдағы бір шамандар ғана емес, тіпті ежелгі адамдарда өздерінің түпсанасын әрқашан пайдалануға мүмкіндіктері болғаны ма? — деп Костя өзінің болжамын нақтылауға тырысты.

— Неге мүмкіндіктері болған? — деп Ариман таңғалды. — Қайта ежелгі адамдар бұл күшті жиі қолданған. Ал шамандар тарихы анағұрлым кейінірек пайда болған.

— Түсінбедім, — деп Женька күмәннің ізі бар дауысымен айтты. — Түпсананы қалайша ежелгі адамдар пайдалана алған? Олар барлығы топтасып жабайы өмір сүрді емес пе.

Ариманның күлгені соншалықты, біздің балалар да еріксіз күліп жіберді.

— Міне қалай ойлайтындарыңызды, көрдіңдер ме! Ал бұл нені білдіреді? Бұл ол замандар туралы сіздердің білімдеріңіздің тар екенін көрсетеді, мүлдем жоқ деп айтса да болады. Сіздер жаңа ғана өздеріңізге бала күндеріңізден бастарыңызға құйылған, элитаның өзінің қол астындағы миллиардтаған құлдарына арналған, штампталған стереотипті айтып тұрсыздар.

— Ал неліктен бұл штамп? — деп жаңа ғана барлығымен бірге түсінбей күлген Костя наразылық танытты. — Ал ғалымдардың сөздері ше, олардың археологиялық қазбалары?

— Сізді қатты ренжітіп аламын ба деп қорқамын Константин, бірақ адамзаттың өткен тарихын көбірек тануға мүмкіндік беретін шын құнды жәдігерлердің көбісі білімсіздіктен археологиялық мұрағаттарда, болмаса әлемнің алпауыттарының қол жетпес сейфтарында жатыр. Ал бұқаралық ақпарат құралдарында тек элита үшін ыңғайлы ғана ақпараттар жарияланады.

— Оларға осындай қиындықтар не үшін қажет? — деп Женька одан сайын түсінбей сұрады.



— Білім — бұл күш. Ал күш — билік, — деп Ариман барлық замандар мен халықтардың құпиясын айтқандай жұмбақ сөйледі. — Мен сіздерге үлкен құпияны аша аламын. Қазіргі адамзат, өзінің дамуы мен тылсым қабілеттер мүмкіндіктерін ашуда жоғары деңгейге шыққаны соншалықты, олар үшін бұл қарапайым нәрсе болған өткен өркениеттің қалдықтарынан туындаған. Онымен қоса ол адамдар бас миының 50% астамын іске қосқан, ал заманауи Homo sapiens — 10% төмен.

— Ал керек болса! — деп Андрей таңғалды.

Бірақ Руслан оның таңғалысын наразылықпен бұзып, бір деммен сөзін айта салды:

— Егер біздің арғы, арғы аталарымыз соншалықты ғұлама болса, ендеше біздер неліктен осыншалықты топаспыз? Себебі олардың «азып-тозған генінің» (захудалый) ең болмаса біреуі болуы керек емес пе?

Ариман күліп жіберді.

— Сіздер ақымақ емессіздер және гендеріңіз де жеткілікті. Бұл қабілеттер басынан-ақ әрбір адамда бар және ниеті болса ол оларды жетілдіре алады. Бірақ барлығының кілті тек сіздің санаңызда жатыр. Ал ол сізге элитамен таңылған құлдық ойлаумен кілтенген. Дегенмен бұл шын мәнінде жәй ғана перде, түтінді шымылдық. Барлығы сіздердің қолдарыңызда.

— Бұл элита дегендерің соншалықты кімдер? — деді Виктор ұнатпағандай. — Бұл күшті мемлекеттің билеушілері болмаса саясаткерлер армиясы ма? Бізге ненің болатынын, ненің болмайтынын айтатындай олар қайдан шықты (немесе қайдан пайда болды)? Тіпті ертең-ақ белгісіз бір елде революция болады да, халық бір деммен сол элитаның құл-талқанын шығарады. 1917 жылы болғандай!

Ариман рахаттана күлді.

— Сіздің біліміңіз бен пікіріңіз, әлемдегі болып жатқаннан тым алыста жатқанын көріп тұрмын. Бірақ оған сіздің кінәңіз жоқ, себебі сізді сол сенімдермен тәрбиелеген және сізге өз жұмысыңызды сапалы жасау үшін жеткілікті білімді ғана берген. Сізге азатсыз (еркінсіз) деп иландырған, ал шын мәнінде өзіңізді орналастырған жүйеге сіз басы-байлы тәуелдісіз. Және тағы да барлығы құл өзінің жұмысын басындағы ешқандай ақымақ ойсыз жасау үшін. Менің сөзіме ренжімеңіз. Себебі, мен осының барлығын сіз шын еркіндіктің не екенін түсініп, егер сіз өзіңізге жасанды таңылған ойлау жүйесін сындырсаңыз, оған шыныменде жетуге болатынын, сол кезде армандап көрмеген шыңдарға шығатыныңызды сіздің түсінуіңіз үшін айтып отырмын. Тіпті сол элитаның біреуіне айналып, өзіңіз әділ деп санайтындай, әлемді қалағаныңызша басқаруға болады. Тағы да қайталап айтамын, барлығы сіздің қолыңызда!

Ал элитаның өзіне келетін болсақ, оларды революция дауылымен құлатуға болады деген ойларыңыз бекер. Өзіне ыңғайсыз қол қуыршақтарының революция толқынымен шайып, орнына жаңасын қою үшін көбіне сол революцияға тапсырыс беруші элитаның өзі. Бірақ сіздер әлем элитасы туралы терең түсіну үшін мен сіздерге алдыңғы (немесе өткен) тарихын айтып берейін.

Олардың арғы ата-бабалары алдыңғы өркениеттің ерекше адам қабілеттері, білімдерін сақтап қалуға тырысқан тұлғалар болған. Бірақ бұл білімдерді ұрпақтан-ұрпаққа, тек өте сирек жағдайларда өздеріне мұрагер тауып беріп отырған. Яғни, олар ұрпақтан-ұрпаққа осы білімдерді беріп, одан әрмен жетілдіре сақтап, адамдардан құпия ұстаған. Адамзат саны айтарлықтай ұлғайған кезде және қоғамдық-экономикалық формация негізі пайда бола бастаған кезде көшбасшы-жетекшілер пайда бола бастайды. Бірақ көзге көрінген осы биліктің артында «білімді құпия сақтаушылар» немесе олар өздерін «құдай мен рухтардың қалаулылары (немесе таңдаулылары)» деп атағанды жақсы көретін, көсемдерге тек ақыл-кеңесін беріп қана қоймай, шын мәнісінде өз айтқандарын ақылды орындата білген адамдар тұрған. Бұл ерекше адамдар тобын әртүрлі атаған: шамандар, бақсы-балгерлер, сиқыршылар, дін басшылар және тағы басқалай. Бірақ олардың шын есімдері (аттары) Архонттар.

— Архонттар? — деп Костя қайталай сұрады.

— Иә. Грек тілінен аударғанда «басшылар», «әміршілер» деген мағына білдіреді. Бірақ та тарихқа терең үңілетін болсақ, бұл сөздің шын мағынасы «әлем әміршілері» (правители мира) деген мағына беретіндігі ашылады. Яғни архонттар өздерін, кейінірек құдайлар деп аталған жоғары (тылсым) күш пен адамдар арасын жалғайтын ерекше кастаға жатқызған. Өзінің тайпасына жауап берген жұртқа белгілі (немесе жария) тайпа көсемі, Архонт ықпалында болған (қол астында). Архонт шын мәнінде тайпаны көсем арқылы басқарып, әрқашан көлеңкеде болған. Бұл құпиялық адамдарға шын манипуляция жасауда үлкен мүмкіндіктер берді. Және көшбасшы-көсемдер көбіне тайпаның өзімен таңдалса, ал Архонт өзінің шын биліктің «сиқырлы өнерін» тек өзінің мұрагеріне берген. Яғни қолында шын билік бар ерекше каста қалыптасқан. Және ол қаншалықты билігін күшейтсе, қоғамның соншалықты көп адамын өзіне еңбек етуге мәжбүрлеген. Айта кету керек, дәл осы билік етуші топ кейінірек негізгі білімдерді иемденіп, қалған адамдарды өздеріне бағынышты еткен. Және бұл осы өркениеттің алғашқы элитасы.

— Ол кезде осындай адамдар көп болды ма? — деп Костя қызыға сұрады.

— Жоқ. Олардың саны тұрақты. Ол кезде де, қазір де — он екі адам және оларды бастаған плюс бір (адам) Жоғарғы Архонт.

— Неліктен он екі?

— Себебі бұл өркениет өзінің бастауын он екі адамзат отбасынан алады. Қазіргі заманғы Архонттар, алғашқы Архонттардың тікелей ізбасарлары. Енді былай, адамзаттың санының өсуімен Архонттар да адамдарды басқару мен манипуляция жасау өнерін жетілдіре берген. Адам аз болса — аз басшы, адам көп болса — көп басшы демекші. Олар толық бір халықтарды билеген жасанды (өтірік, жалған) элита деп аталатын өз қол қуыршақтарын әлемнің әр жеріне қойған. Онымен қоса олар, адам санасына билік етіп, манипуляция жасайтын билік етудің қызықты формасы — дінді де ойлап тауып, енгізген. Қоғамдық сананың өзгерісінің жасанды бұл формуласын, Архонттар адамның ең күшті екі стимулы — сенім мен қорқынышына негіздеп жасаған. Оған шын білімнің бірнеше тамшыларын қосып, үлкен құлдық тобырға сәйкесінше рәсімдеген. Және рухани мәдениетті монополизация жасау арқылы, бұл тәуелділікті мәңгі қалдырған.

— Қалай сонда? — деп естігенінен таңғалған Стас түсінбей сұрады.

— Енді, мысалға сізге белгілі, қазіргі таңда әлемнің жартысы қасиетті кітап санайтын Інжілді алып қарайық. Ескі Өсиет (Ветхий завет) кіммен жинақталды? Діни басшылармен, яғни Архонттармен. Ал Жаңа Өсиет (Новый завет) ше? Архонттардың қуыршақтарымен жинақталды (жазылды). Бұл жерде тағы не айтуға болады?

— Демек... бұл Архонттарың әлем діндерінің басында тұрған болып шыққаны ма?

— Шын мәнісінде, иә — билік басында. Ал егер дәлірек айтатын болсақ, әлем діндерінің басында олардың қуыршақтары отырған және солай бола береді де. Үлкен саясат пен бизнестің басында да — олардың қуыршақтары отыр (марионетки). Тіпті әлемнің тағдырын шешкен, мысалға Александр Македонский, Шыңғыс Хан, Әмір Темір, Наполеон, Сталин, Гитлер және осы секілді тағы да басқа адамдар, Архонттардың кезекті ақылды партиясын ойнаудағы, шахмат тақтасындағы жәй ғана шахмат тасы болған...

— Тоқтаңыз, тоқтаңыз, — деді мүлдем абдыраған Стас. — Қайдағы қуыршақтары?! Ал Иса, Будда, Мұхаммед ше? Бұл адамдар халыққа еркіндікті әкелген. Олар осы діни басшылардың қуыршақтары болуы мүмкін емес...

Ариман тіпті сөзін аяқтауға мүмкіндік бермей, өзінің өктем, тәкаппар даусымен:

— Ал қайда олардың еркіндігі?! — деді де, көп мәнді үзілісін жасап, тағы да талап еткендей сұрағын қойды: — Қайда?! Иә, адамдарды бір нәрсеге болса да үйретіп, білім беруге тырысқан ондай адамдар болған. Тіпті адамдардың қолында ең үлкен билік — Граальдің өзі болды! Сонымен? Барлығы немен аяқталды? Архонттардың кезекті жеңісімен және жоғалған Ілімдер негізінде

жаңа діннің пайда болуымен! Ал барлығы неліктен осылай? Себебі адамдар өзін өзгертуге (жетілдіруге) ерінеді. Себебі адамдар құлдық ойлауға, тобырлық өмірге үйренісіп кеткен. Олар барлық уақытта өздеріне билік етуді күтеді (қалайды). Архонттардың тырысқаны соншалықты, ендігі адамдарға ақымақ, топас болу ұнайды және өздерін алдаушылардың (манипулятор) шайналған түсініктемелерін күтумен болады. Оларға еркін адам болғаннан гөрі, тобырда өмір сүрген оңайырақ. Олар өз қолдарымен өздерін мәңгілік құлдыққа салады, ендеше қалаулары білсін, құл болып қала берсін. Ақыр соңында бұл олардың таңдаулары. Әркім өзі үшін шешім қабылдайды.

Ариманның осындай екпінді (қатты) сөздерінен кейін пайда болған тыныштықты ешкімнің бұзуға батылы бармады. Ал маған іштей біртүрлі жағымсыз, барлығы алдын-ала шешілгендей түсініксіз жақсы емес сезім пайда болып, өзіме іштей біртүрлі көңілім толмағандай, еңсеп түсіп, амалсыздық күйін кешкендей сезіндім. Ариман болса, үнсіздіктен кейін ендігі анағұрлым жұмсақ үнімен:

— Сондықтан, балалар, бұл әлем мәңгілік құлдықтың кебісін киген. Бірақ сіздерде еркін адам болуға мүмкіндік бар! Бұл үшін жәй ғана қаржылық тәуелсіз, бай адам болу керек. Сол кезде сізге барлығы, оның ішінде сіз үшін шексіз билік пен күштің қайнар көзі бар, нағыз рухани білімдер де ашылады, — деді.

Женька ұзақ үнсіздіктен кейін дауысын қалпына келтіргендей және тайсала:

— Қайдағы жоқ сандырақ секілді. Мен қалайша дәулетті болып, еркін адамға айналамын, егер мені бәрібір әлгі қалай еді... Архонттар басқаратын болса? — деді.

— Қателесесіз жас жігіт, қателесесіз, — деп Ариман жұмсақ үнімен айтты. — Бұл тәуелділік сіз үшін мәңгілік болмайды. Сіздің капиталдың құрылуының алғашқы кезеңдерінде әрине сіз тәуелді боласыз. Және бірінші кезекте сіз жұмыс жасап өмір сүретін мемлекетке. Ал кейін сіздің бизнесіңіз кеңейген кезде, сіздің бизнес жұмыс жасайтын мемлекеттердің заңдары деген жаңа кедергі пайда болады. Бірақ сіз бизнестен тәуелсіз болатын жеткілікті қаржы жинаған кезде, міне сол кезде сіз шыныменде еркін адамға айналасыз. Ал егер сіз бизнестің орнына саясатты қаласаңыз, ендеше кешіріп қойыңыз, сіз өмір бойы біреуге тәуелді болып қала бересіз. Себебі адамдарға қаншалықты үлкен билігіңіз болса, Архонттарға соншалықты тәуелді боласыз. Бірақ есесіне атақ-даңқ, үлкен ақша мен кеңшілік өмірді аласыз. Сондықтан әркім өз таңдауын жасайды.

Женька мырс етіп:

— Енді мен дым түсінбегенімді түсіндім. Бірақ түсінгенімнен түйгенім, еркіндік — салыстырмалы түсінік болғаны. Әркім оны өзі үшін жеке

анықтайды. Ал егер түптеп келгенде, біз барлығымыз құл болғанбыз және солай қала береміз, — деді.

Ариман күліп жіберді.

— Барлығы өзіңізге байланысты.

— Енді солай, — деп Стас мұрнының астынан күңкілдеді, — жақсы ән екен, басынан баста.

— Ал бұл Архонттар кастасына шыныменде кіруге болады ма? — деп Руслан кенеттен өзінің сұрағын қойды.

Үлкен жігіттер жауап ретінде оған күлкілі бір нәрсе айтқылары келген, бірақ Ариман олардың алдын орап, біршама байсалды түрімен:

— Әрине бұл қиын болса да, мүмкін. Егер сіз тек қаржылық тәуелсіздікпен қатар айтарлықтай рухани дамитын болсаңыз, олар сізді назарынан тыс қалдырмайды. Өйткені бұл каста уақыт өте жаңа мүшелерімен жаңарып отырады. Қартайғандары дүниеден өтіп, жаңалары орындарын басады. Бұл табиғи процесс.

— Ал оларды қалай іздеп табуға болады? — деп Руслан өзінің аңғал сұрағын қойды.

Ариман күліп жіберді.

— Егер мен айтқандарға жететін болсаңыз, олар сізді өздері-ақ іздеп табады, сөзіме сеніңіз, сіздей тұлғаны олар назарынан тыс қалдырмайды.

— Біз кімге керекпіз, — деп Женька күлді. Бұл Олимп біз үшін емес.

— Мінекей сіздің ең басты қателігіңіз осында, — деді Ариман риза болғандай. — Бұл біз әңгіме бастаған тақырып. Бай болуды әркім армандайды, бірақ бұл үшін ешнәрсе жасағысы келмейді. Тіпті ұрысқа кірмей жатып-ақ, жеңістен бас тартсаңыз, сіз өзіңізді жеңіліске байлайсыз. Сіз тек өз өміріңізде, ең төменнен биікке көтерілген шын мысалдарды көрмегенсіз. Ал мен оларды бірнеше рет көргем. Және ол адамдар ең қарапайымы болса да, өмір жолындағы ең бастысы — өздеріне сенуден бастаған, осылайша түпсаналарын керекті бағытта жұмыс жасатқан. Міне бүгін сіздер Виталий Яковлевичтің шеберлігіне таңғалдыңыздар. Дегенмен оның мүмкіндіктері қарапайым ғана. Бірақ сіздер оны қол жетпес биіктікке апарып қойдыңыздар. Ал мен сіздерге айтып тұрмын, өз ойларыңызды өзгертіп (аударып), тұлғалық қасиетіңізді төмен түсірмеңіз, оны кез-келген шектеуден ада қылыңыз. Өзіңізге сеніңіз! Және сіздің армандарыңыз шындыққа айналады!

Себебі түптеп келгенде адам үшін тек универсальды, оның ішіне емдеу күші де кіреді, бір ғана күш бар, оны қалай атағыларыңыз келеді өздеріңіз біліңіздер — барлығын білуші (всезнание), табиғат, Құдай, творчестволық Сана, — бірақ шын мәнінде осының барлығы түпсана күші. Кім ойын дұрыс жаққа бағыттай алса, сол күткен нәтижесіне қол жеткізеді. Бұл Жер бетіндегі түсі мен нәсіліне,

ұлтына және тағы басқа өзгешелігіне қарамастан барша адамға айтылады. Бұл принцип атеистке де, құдайға сенуші адамға да бірдей әсер етеді. Себебі бұл жерде ең бастысы — адамның сенімі. Түсінесіз бе? Неге сенгеніңде емес, қандай күшпен сенгеніңде. Өйткені сенің бар өмірің өзіңнің сендіру күшіңмен құрылған. Ал өмірдегі барша оқиғалар мен жағдайлар — сенің сеніміңнің жәй ғана нәтижесі. Иса адамдарға сенімде болындар деп босқа айтпаған. Естеріңізде ме, Марк Евангелиясының 11 тарауы 23 өлеңінде (стих): «Сіздерге ақиқатты айтып тұрмын: егер кімде-кім тауға: „көтерілде теңізге түс“ деп айтса және жүрегінде күмәні болмаса, сөздері орындалатынына сенсе, — оның айтқаны болады («Ибо истинно говорю вам: если кто скажет горе сей: „поднимись и ввергнись в море“ и не усомнится в сердце своём, но поверит, что сбудется по словам его, — будет ему, что ни скажет»). Сондықтан сіздерге айтамын: дұға кезінде не сұрасаңыздар да, орындалатынына сеніңіздер, сол кезде болады».

«Түпсанада әлемді қозғайтын күш жасырынып жатыр». Бұл сөздерді америкалық психологияның атасы Уильям Джеймс айтқан. Ежелгі аса құнды білімде: «Ішінен де, сыртынан да, үстінен де, астынан да» деп айтылған (Как внутри, так и снаружи, как вверху, так и внизу). Бұл ақиқатты барлығы өзінше трактовка жасаған: Зороастр, Лао Цзы, Будда, Мұса (пайғамбар), Иса. Бұл заң. Інжілде әрбір адамға сеніміне қарай беріледі деп айтылған. Ал сенім — бұл дегеніміз сана ақиқат ретінде қабылдап, оны іске асыру үшін түпсанаға жіберетін ой болмаса ерекше күй секілді.

Ариман кішкене үнсіздіктен кейін:

— Сондықтан Виталий Яковлевич өзінің түпсана күшін іске қоса алса да, бірақ біріншіден ол тек өте аз ғана пайызын іске қосты, ал екіншіден кенет білуімен соқырларша әрекет етті.

— Ал саған өте аз пайызы! — деп Андрей таңғалды. — Егер оны толық іске қосатын болса не болады?

— О! Сіздер оны тіпті елестете де алмайсыздар! — деп Ариман разы болғандай айтты. — Солай болуы керек шығар, мен сіздерге менің ақыл-кеңесіммен саналы түрде түпсанасының күшін іске қосып, өз өмірлерін қатты өзгерткен адамдардың кейбір өмір мысалдарын айтып берейін.

Ариман кішкене ойланды да сөзін бастады:

— Мен дұрысы сіздерге менің таныс бір пірәдарым туралы айтып берейін. Бір кездері онымен алғаш танысқан сәтте, ол ауру, өмірден қиналған (жапашеккен) адам еді. Өзінің мүлдем ешкім келмейді деп айтуға болатын шіркеуі (приход) болатын. Адамдарды да түсінуге болады. Кімнің көптен бері күрделі жөндеу көрмеген, қабырғалары құлағалы тұрған шіркеуге, тіпті денсаулығының әлсіздігінен қызметін соңына дейін жеткізе алмайтын

пірәдарға барғысы келеді дейсің? Бірақ пірәдар біршама қызықты адам еді. Бойында, — Ариман соңғы сөзін созды да, есіне түсіргендей: — көзге көрінбес, адамды тартып тұратын бір қасиеті болды. Біздер ішкі жан дүниемізді ашып әңгімелесе бастаған кезде, ол барлығы нашар екенін айта бастады: шіркеуге ешкім келмейді, қайырымдылық та жоқ, шіркеу қабырғасы біртіндеп құлап жатыр, ал оларды жөндеуге ақша жоқ. Денсаулық та әбден шаршатты. Оны дұрыстау үшін ол не жасамаған десеңші. Бірақ дәрігерлер де, қасиетті су да, дұға да — ештеңе көмектеспеген. Жалпы, торыққан күй. Ол адамда барлығы жаман болды. Шығар жолды көріп тұрған жоқ, ал шыдауға ешқандай күші де қалмаған.

Әрине оған біреу қалайша көмектесе алады, егер мәселе ол емдеуге тырысқан тәнінде емес, оның жанында болса! Оған қалайша қасиетті су көмектесе алады, егер оның сол судың қасиетті емдік күшіне деген сенімі болмаса! Өйткені қасиетті сумен сырқатыңнан жазылу судың емес, тек сол адамның сенімінің арқасында, яғни түпсанасының реакциясы арқылы болады. Басқа емес тек сол түпсананың емдік күші ғана ағзаны емдейді. Ал су — адам өз санасын емделуге сендіру үшін және одан көп емес жәй әдемі аргумент қана. Оған қалайша дұғалар көмектеседі, егер олар көбіне бағыты жоқ, абстрактылы болса? Пірәдар өмірін қателесу мен қорқынышта өткізген. Тіпті ол үшін Інжілдің өзі терең мұңға батудың себепкері болған. Оның жүрегінде қайдан үйлесімділік (гармония) табыла қойсын? Себебі психика мен физиология бір-бірін толықтырып, тепе-теңдікте болуы керек емес пе, керісінше әрқилы емес!

Сонымен менің оған жаным ашыды. Және оған бар мәселесі сыртқы емес, өзінің ішінде жатқанын түсіндіремін деп шештім. Мен оны дұрыс дұға жасауға үйреттім. Өзінің шексіз түпсанасының күшін іске қосатын, бойында таңғаларлық ерекше емдік қасиетін ашатындай нақты әрі тура дұға жасауға. Яғни, мен басында оған дұға алдында ойын жинақтап, дайындалу туралы толық айтып бердім. Ол үшін ойша тәніне бұйрық беріп, ағзаның және психиканың толық тыныштық эффектісіне жету керек. Жобамен бұл сіздер медитация күйіне енген секілді. Және жартылай ұйқыға кеткендей күйге түскен кезде, ол мен берген дұғаны қайталауы керек: «Құдай мейірімді және менің тәнімде мінсіз көрінеді. Менің түпсанам Оның құдіретті күшімен толуда. Ол мені өзіне ұқсатып жаратқан. Ол маған тәнім мен рухыма билік етуді берді. Ол бұл әлемді мен үшін жасаған. Бұл әлемдегінің барлығы маған тиесілі. Мен өз өмірімнің Әміршісімін. Байлық, денсаулық, сәттіліктер менің өмірімді толтыруда. Менің түпсанам мені қайтадан Құдайы жаратқан күйімде қайта жасайды».

Мен оған бұл дұғаларды күніне он екі рет айтып, бір айтуында он екі рет қайталау керектігін түсіндірдім. Және мен бұл дұғаны айтып қана қоймай, оған қалай жұмыс жасайтынын түсіндірдім. Осындай дұғаны табанды түрде күніне осыншама қайталайтын болсаң, саналы талдау ақылы (санамыз) болып табылатын біздің миымыз, бұл дұға формуласын ереже-бұйрық күйінде қабылдайды. Және оны ақыл қабылдаған бойда, бұл ой бұйрығы, «түпсана миы» деп аталатын көкірек (в солнечное сплетение) тұсына беріледі.

— Иә, көкірек тұсы туралы бізге Сэнсэй айтқан, — деп Андрей сергектене сөйледі. — Ал ол шыныменде біздің түпсана миы болғаны ма?

— Сөзсіз. Бұл туралы сіздерге Сэнсэйдің айтпағанына таңым бар. Дәл осы көкірек тұсы (солнечное сплетение) екінші түпсана миы болып табылады. Оның үстіне дәл сол жерде сіздердің бар ойларыңыз бен образыңыз жанданып (немесе іске қосылып) өмірдегі оқиғаларға материализацияланады... бірақ біздің пірәдарға оралайық. Менің айтқандарымнан кейін ол осы дұғаларды орындауға табанды түрде кірісіп кетеді. Және бірнеше күннен кейін ол біршама жеңілдікті сезінеді, ал бір ай өткен соң, медициналық тексерістен өткен кезде, денсаулығы анағұрлым жақсы болған, кейін толықтай қалпына келген. Оның үстіне осы дұғаны талмай айтумен, менің кеңесім бойынша ол өзін — тамаша сөз шеберімін (шешен, оратор) деп иландырған. Және қалай ойлайсыздар? Түпсанасының өзгеріс күші көп күттірмеді. Оның қаржылық жағдайы тез көтеріле бастаған. Келушілерде көбейіп, шіркеуге, пірәдардың уағыздарын тыңдауға келген адамның көптігінен, шіркеу барлық адамды сыйғыза алмаған. Қомақты қайырымдылық қаражаттары да түсіп, шіркеуді толық күрделі жөндеуге мүмкіндік туған. Ол пірәдарды әртүрлі қалалар мен елдерге шақыра бастайды. Есімі тез көпшілікке мәлім болып, атағы шығады. Және қазір жарты әлемді өзінің дәрістерімен аралап, көптеген елдердің астаналарында болып, атақты адамдармен танысып үлгерді. Түпсана феномені туралы кітап жазып әрі мен берген әдіспен көптеген адамдарды үйретті. Міне түпсана күші! Матфей Евангелиясындағы 21 тараудың, 22 өлеңінде (стих), Інжілде айтылғандай: «Сенім бар дұғамен не сұрасаңызда, аласыз». Өйткені әркімге сеніміне қарай біріледі деп айтылған. Міне көрдіңіздер ме, түпсана күші адамдармен не жасайтынын! Ал осы күшті әлгі пірәдар басқара білмегенде, бұл өмірде ешкімге керегі жоқ боп дүниеден өтер еді.

— Тағдыры қайғылы болатын еді, — деді Стас.

— Иә. Бірақ ол қайтадан өзін жасап, нағыз адамға айналды, — деп Ариман тағы да қайталады. — Басқа адамдар үшін де дәрістерімен әлемді аралап, көпшілікті осыған үйретіп көп жақсылық жасады. Адам өзін-өзі танумен айналысты деп осыны айт.



— Иә, егер Женька өзін-өзі танумен айналысса, кейін оған үңгірде өмір сүруге тура келетін шығар, — деп Стас әзілдеді.

— Неліктен? — деп Женька сөзін түсінбеді.

— Қалай неліктен? — деп жігіт қулана күлді. — Өзіңнің болмысыңды танып туған планетанды сағынасың. Ойлап көрші, түпсанаңның түбінен қандай неандертальды табатыныңды?!

— Иә, жарайды. Қандай болсада туғаным. Мені ең болмаса үңгірге қарай тартады, себебі менің неандерталым азды-көпті болса да ойлаушы адам. Ал саған, өз приматыңмен (маймылыңмен) өмір бойы ағаштан ағашқа секіріп банан теру ғана қалады!

— Приматпен?! — деп Стас күлді де, Ариманға қарап: — Еш назар аудармаңыз, негізінде ол ақылды жігіт. Тек ақылының кейбір клиникалық ерекшеліктері бар... — деді.

Балалар күліп жіберді, ал әзіл біткен кезде, қайтадан әңгіме тақырыбына оралды.

— Демек, біздің сеніміміз түпсанамыздың жұмыс бағытын анықтайтын болғаны ма, — деп Виктор тұжырымын жасады. — Және егер де сенім абстрактылы болса, түпсана бізге де иллюзия мен аңыз тудыратын болғаны ма?

— Бұл өз алдына солай, — деп Ариман басын изеді.

— Сонда да пірәдар өмірін қайта басынан бастаған жоқ, — деді Володя жуан даусымен. — Оның азды-көпті болсада келушілері болды емеспе. Яғни, түптеп келгенде бұл адамға өзінің өмірін ретке келтіру үшін жәй ғана денсаулық пен жұмыс жасау қабілеті жетпеген.

— Жақсы, — деді Ариман. — Мен сіздермен кеңесімді тыңдаған және мүлдем ешкім емес болып, өмірлерін су жаңа беттен қайта бастаған және түпсанасының күшімен орасан зор байлыққа жетіп, қоғамда жоғарғы орын алған адамдардың өмірі туралы да айтып бере аламын.

Балалар қызыға Ариманға қарады. Ол әңгімесін асықпай бастады.

— Бір кездері саябақта қыдырып жүргенімде, назарым бір үйсіз (бомж) қаңғыбасқа түсті. Жас шамасы елуге таяп қалған. Ұсқыны кір-қожалақ, киімдері алқа-салқа. Бөтелкелерді жинап, арықтаған денесін әрең сүйретіп жүр. Онымен сөйлескен кезде, жасы бар-жоғы қырық бірде екенін естіп таңғалдым. Және өмір тарихы да әдеттегідей — отбасы, достар, жұмыс, алкогольизм және нәтижесінде көше мен тығырыққа тірелу, — бірақ мен сонда да оған көмектесемін деп шештім. Оны ашық әңгімеге тартқан кезде, маған өмір бойы бір нәрседен қорыққанын айтып берді. Басында жұмыссыз, ақшасыз қаламын деген қорқыныш, кейін отбасын қалай асыраймын, басшыларымен жанжалдасудан, оны жұмыстан шығарып, көшеде қаңғырып қаламын ба деген

қорқыныштары болған. Қорқыныштарынан аз да болса арылу үшін ащы суға жүгіне бастаған. Алғаш ішкен кезде босаңсып, жеңіл сезінген, қорқыныштары уақытша жоғалған. Екінші, үшінші рет ішкен кезде өзін бұл өмірде «батыр» санаған. Осылайша ащы суға тәуелді болып қалған. Басындағы мәселелерін уақытша ұмытқаны, олар жиналмаған дегенді білдірмейді. Ақыр соңында ащы суға тәуелді болғанын түсінген кезде, мәселелері одан сайын көбейген. Бір жанжал екіншісін тудырып, қар көшкіні секілді үстіне құлаған. Нәтижесінде — өмірде ең қорыққан үрейі, өмір шындығына айналады. Жұмыссыз, үйсіз, тура мағынасында көшеге лақтырылған.

Бұл түпсананың феноменін көрсететін классикалық мысалы екеніне назарларыңызды аударыңыздар. Адамда эмоциямен күшейіп үстемдік ететін ой, күшке ие болады. Және дәл осы күш түпсана үшін бұйрық болып табылады. Ал түпсана өздерің білетіндей эзілді түсінбейді. Ол адам өзін иландыратын және сенетінге бар күшін салып эффективті (тиімді) орындайды. Не үшін мен сіздерге үнемі бұл дұғаны тек медитация күйінде орындап қана қоймай, қалаған тілегіңе қол жеткізгендей қуану керек деп айтамын. Бұл эмоциялар түпсанаға бұйрық береді. Ал түпсана оны орындайды. Бірақ адамдардың көпшілігі барлығын керісінше, жылдан жылға бойында ең күшті эмоцияны — қорқынышты күшейтіп, осылайша өмірлерін адам төзгісіз қылады. Бұл ер адамның өткен өмірі — көбінің әдеттегі жіберетін қателігінің көрінісі. Өзі өсірген және ойша мақұлдап эмоциямен күшейткен қорқыныштары іске асқан.

— Яғни ол өзінің түпсанасына жұмыссыз, ақшасыз көшеде қаңғырып қаламын деп бұйрық берген және бұл өмірінде болған ба? — деп Андрей өзі үшін нақтылай сұрады.

— Иә, — деп Ариман жауап берді. — Және түпсанасы бұл бұйрықты жүзеге асыру үшін ең тиімді тәсілді ойлап тапқан. Ащы суға әуестенген ер адам, оған тез салынып жұмысынан айырылады, барлық туыстары ол адамнан бас тартып, нәтижесінде 39 жасында еш қаржысыз көшеде қаңғыбас болып қалады. Қалған екі жылы саябақтар мен көше қуыстарында тұрақтап, бөтелке жинап жұрттың берген садақасымен мүсәпір өмір сүруіне әкеледі. Егер сол кезде мені кездестірмегенде, ол баяғыда-ақ тірілердің қатарында болмас еді, себебі өміріндегі қайғылы жағдайлардың шын себебі өзінде, дәлірек айтсақ оның ойларында екенін білмей өтер еді.

Ол маған ашылғаннан кейін, өзін осындай жағдайға түсірген шын себептер туралы, осы жағдайдан қалай шығуға болатыны туралы айтып көмектесемін деп шештім. Мен оған осындай тақыр кедейлікке апарған қандай күш екенін айтып, оны бақылап және басқаруды, қажетті бағытқа қалай бұру керектігін айтып бердім. Мен оны қарапайым ақиқаттарға үйреттім және ол шыныменде

ұғынды. Ал басқа жағынан, — деп Ариман күлді, — оның басқа жасайтын амалы болмады, себебі бұл оның соңғы мүмкіндігі еді. Және ол оны пайдалана білді. Бар-жоғы тоғыз-ақ жыл өтті. Нәтижесінде бүгінгі күнде сол ер адам ірі концерн басшысы. Менің ең жақсы көмекшілерімнің бірі. Ол ең төменнен, ең ластықтан өз күшімен көтеріле алды. Және оның кезекті кездесуінде, қолын алып, амандасуды өзіне үлкен құрмет тұтатын атақты саясаткерлер мен тіпті мемлекет президенттері де кезекке тұрған кезде, бұл маған қаншалықты рахат сыйлайтынын сіздер тіпті де елестете алмайсыздар. — Ариман күлді де ойлана сөйледі: — Егер олар тоғыз жыл бұрын тіпті көшедегі адамдардың өзі қолын бермек түгелі, оған тиынды да жиіркене тастағанын білсе...

— Енді әрине, — деп Руслан қызғанғандай айтты, — оған сіз көмектестіңіз, үйреттіңіз, ақша бердіңіз.

— Қателесесіз жас жігіт, — деп Ариман жауап берді. — Мен оған ешқандай ақша берген жоқпын. Біздің әңгіmemізден кейін, мен оны келесі жолы алты жыл өткен соң кездестірдім, ол кезде ол үлкен концерннің басшысы болатын. Және ол өзі менің командама сұранды. Әрине, мен оны өзіме алдым. Менің сөздерім текке кетпегенін көру маған жағымды болды.

— Ал керек болса! — деп Женька қатты таңғалды. — Алты жылда қаңғыбастан концерннің басшысына айналу?!

— Бұл жерде таңғалатын ешнәрсе жоқ, түпсана мүмкіндіктері шексіз, — деді Ариман.

— Барлығы тек сіздің қалаған мақсатыңызға қандай күшті салғаныңызға және оған қаншалықты сенгеніңізге байланысты.

— Ал сонда ақшасыз... қалайша? — деп Виктор түсіне алмай иығын көтерді.

— Мен оған әлемнің бар ақшасынан да құндыны бердім! Мен оған түпсана құпиясын аштым. Оның қалай жұмыс жасайтыны туралы құнды білімді бердім. Менің айтқандарымды түсініп, барлығын орындай бастады. Және оған ақшаның өзі келді. Себебі ақша дегеніміз не? Бұл жәй ғана өзіңе тарту керек энергия. Ақшаны жек көріп, ұнатпауға болмайды. Ақшаны жақсы көру керек. Өз капиталыңды өзіңді жақсы көргендей жақсы көруің қажет.

— Ал егер құпия болмаса, сіз оған не айттыңыз? — деп Володя сұрағын қойды.

— Сіздер үшін — құпия емес, — деп Ариман жауап берді. — Мен оған қалай өз түпсанаңды сендіру керектігі туралы айттым. Оған сіздің қалауыңыз өміріңіздегі ең күшті ниетіңіз екендігіне, орындалуына түпсананың ең күшті резервтері жұмыс жасауы тиіс сіздің ең басты бұйрығыңыз екендігін оған қалай дұрыс дәлелдеу керектігін айтып бердім.

— Бары осы-ақ па? — деп Руслан таңғалды.

— Ал түпсана іске қосылу үшін ең бірінші нені жасау керек? — деп Костя Русланның сөзін бөліп жіберді.

— Ең бірінші кезекте өзіңнің ойлау әдетіңді өзгертуің қажет, өйткені ол сіздің бар өміріңіз болатын адасуыңыздың, негізсіз қорқыныштарыңыз бен қате сеніміңіздің, ең бірінші қайнар көзі. Яғни біріншіден, мен айтып кеткендей жадыңыздан «мен жасай алмаймын», «барлығы үмітсіз», «менің қолымнан келмейді», «мен не істерімді білмеймін», «барған сайын жағдайым нашарлап бара жатыр» және сол сияқты көзқарасыңызды өшіріңіз. Яғни, жадыңыздан мақсатыңызға жетуге кедергі болатын бар деструктивті мен жағымсыздан арылыңыз. Не үшін осыны жасау керектігін тағы да қайталап айтамын. Мысалыға, егер түпсанаңызда сіз сенетін екі — жақсы және жаман ой болса, түпсана жаман ойыңызды, яғни сіздің күмәніңізді, қорқынышыңызды жүзеге асыратын болады. Ол солай құрылған. Себебі, мен тағы да қайталап айтамын, үрей — өте қуатты эмоция, демек ой-бұйрығы да тұрақты (күшті) болады. Себебі сіз өзіңіз білместен оған көп күшті, сеніміңізді бағыттап жібересіз, сәйкесінше бұл жаман сенімдер сіздің санаңызда үстемдік құратын болады. Сондықтан кімде-кім бұл өмірде неден қорқатын болса, ақыр соңында соны алатын болады. Сіз ауру мен қарттықтан, кедейліктен қорқатын болсаңыз, маңызды емес бірақ сіздің кез-келген қорқынышыңыз — түпсана үшін жүзеге асыру керек жәй ғана бұйрық. Сондықтан бірінші кезекте өз қорқынышыңнан арылу қажет.

— Ал бұл қалай? — деп Руслан сұрады.

— Жәй ғана оларға сенбеу, үрейленуді доғару. Қорқыныштарыңды мүлдем елемейтіңіз, өзіңіздің алдыға қойған мақсатыңыз бар екенін және оған жету жолында ешкім де ешнәрсе де кедергі бола алмайтынына өзіңізді сендіру.

— Өзіңді сендіру айтуға оңай, — деп Руслан күңк етті. — Өзіңе сендірумен айтасың-айтасың, бірақ жарытып ештеңе шықпайды.

— Ендеше ешнәрсе жасамай, тыныш отыру керек, — деп Женька оған күле ақылын айтты.

Стас Женьканы мазақтайтын мүмкіндікті жібермеді.

— Енді саған бұлай айту оңай. Сенің вакууміңде тіпті шаңда тұрмайды. Ал бұл жерде бір күн ара үйірі секілді ойлар мазаңды алумен болады.

Женька оған енді ғана жауап бергісі келіп еді, Ариман сол бойда сөзін бастап кетті.

— Сиқыры неде екенін түсінесіз бе? Адамдардың көбісі өміріндегі кез-келген кедергіге, санасындағы қорқыныштан бастап еңбек ақысының төмендеуі немесе жұмыстан қысқару, шығу секілді сыртқы жағдайларға өздерін мүсәпір санайды. Олар бұл жағдайлардан қатты қорқады, әрине ерте ме, кеш пе осыларды алатын болады. Себебі түпсана олардың бұйрықтарын

орындайды. Яғни байлық пен бақыттың орнына, әр күн сайын кедейлік пен өзінің мансабының құлағанын санасына сіндірумен болады. Бірақ адам өзін өзгертуге бел буса да, көбісінің қателігі, өз шешімдерінде тұрақтылық пен бірізділік жоқ. Енді адам өзін дамытуда бір күн, екі күн энтузиазмы болғанша айналысады. Кейін қолынан ештеңе келмейтінін көреді. Және: «Бұның барлығы далбаса!» дейді. Өзінің еріншектігін әлпештеп, өзін аяп, басқаларына қызғаныш көзбен қарай бастайды. Қайта әр күн сайын өз-өзіңмен табанды жұмыс жасап, танк секілді мақсатыңа бұза жарып жүру керек. Ал ол үшін жәй ғана өзің туралы ойыңды өзгертіп, өз күшіңе сену жеткілікті.

— Иә, мен өзіме қуана-қуана сенер едім, — деп Руслан сөзді іліп әкетті. — Бірақ жаныңда әрқашан сенен анағұрлым жетістікке жеткен біреу болады.

— Жақсы, мысалға спортты алып қарайық. Әр спорт түрінде өзінің чемпиондары бар. Және спортшы егер ол жоғары деңгейге жеткісі келсе, оған чемпионға қызғаныш көзімен қарап емес, әр күні өзімен талмай еңбек ету арқылы жету керектігін біледі. Спорттан өмірдің айырмашылығы бұл жерде сенің сапалы жаттығуыңа байланысты, өмір бойы тобырлар арасында құл болып немесе еркін адам болуың шешіледі. Егер бай болғыларың келсе, ешқашан ешкімге қара қызғаныш көзімен қарамаңыздар. Себебі бұл сізді кедейлікке итереді, ой тудырып, сәйкесінше сіз әлгі адаммен салыстырғанда жолы болмайтын, әділетсіздіктің құрбаны, жәбір көруші құл деген түпсанаға тіке бұйрық беріледі. Сөзіме сеніңіздер, егер сіздер қызғаныш көзқарасын, менде де осының барлығы бар деген өзіңіздің қуанышыңызға айналдырмасаңыз, сіз де сол күйге түсесіз.

— Қалай «менде барлығы бар» деп айтуға болады, егер менде ешнәрсе болмаса? — деп Виктор ұяла сұрады.

— Сіздің түпсанаңыздың күшінің іске асуы мен оған сенімнің кілті, міне, осы жерде жатыр. Себебі егер сізде көршіңіздегі бар үй сізде де болса, сіз оны қызғанасыз ба? Жоқ. Себебі ол сізде де бар! Сіздің қалағаныңыз шын қолыңызда бар секілді елестететін болсаңыз, өз тілегіңізді түпсанаға өзгермес бұйрық ретінде бекітіп (беріп), тілегіңізді түпсана арқылы материализациялайсыз. Бірақ сіз өзіңізге «осыны шіркін алсам» деп айтатын болсаңыз, бұл бұйрық түпсана тілінде «осы туралы армандау» деп аударылады. Және түпсана сізді қалаған тілегіңізді армандаумен ғана жұбататын болады.

Сондықтан «қалаймын» және «менде бар» деген сөздер — түпсана үшін мүлдем екі бөлек бұйрық. Мысалға, өзіңізге ұнаған автокөлікті қалау — бұл бөлек шаруа. Қалау (армандау) денсаулыққа зиян емес демекші. Яғни, үнемі осы тілегіңізді армандау туралы түпсанаңызға бұйрық бересіз. Немесе түпсанаңызға: «Мен бұл көліктің иесімін» деген бұйрығыңызды бересіз де осы

әдемі көліктің рулінде отырғаныңызды, оның ішкі салонын көргеніңізді шын елестетесіз, ол сіздікі болатынын білесіз. Сіздің бұйрығыңызды түпсана іске асырудың жолын табатынына сенімді болыңыз. Сіздің өміріңізде нәтижесі сізді осы көліктің иесі қылатын оқиғалар сөзсіз орын алатын болады.

— Ал егер, мысалға Стас екеуіміз бір көлікті қаласақ, ол кезде қалай болады? — деп Женька сұрады.

— Аландамаңыз, ол кезде әрқайсыларыңыз сол көлікпен жүретін боласыздар. Түпсана үлкен күшке ие. Егер керек болса, ол әлемді екіге, тіпті үшке бөліп жібере алады. Және сіздердің әрқайсыларыңыз осы әртүрлі әлемде (шындықта) сол көлікпен жүретін боласыздар.

— Сонымен, бай болу үшін жәй ғана өзіңе үнемі «мен баймын» деп қайталап сендірсең жеткілікті болғаны ма, — деп Костя сенбегендей күлді.

— Олай емес. Егер сіз попугай секілді өзіңізге «мен баймын», «мен ауқаттымын» деп қайталап, бірақ ол сөздерге сенбейтін болсаңыз және тек өзіңіздің шын мәніндегі кедей өміріңізді — бұл сенің жалғыз өмір шындығың және ешнәрсе өзгермейді деген ойды назарыңызда ұстайтын болсаңыз, ол сөздерді тіпті жылдар бойы қайталасаңызда ешнәрсе өзгермейтін болады. Мен айтып кеткенімдей, түпсана сенің көңіл-күйіңді, ішкі шиеленісіңді (қарама-қарсы пікірлеріңді) түсінбейді. Ол үшін сенің ойларың — іске асыру керек бұйрық. Ал ой болса күшпен толтырылуы керек, ал күш — барлығы орындалады деген сенім.

— Жоқ, рұқсат етіңіз, мен қалайша өзімнің бай екеніме сене аламын, егер тіпті қалай баюдың жолын да білмейтін болсам? — деді Виктор.

— Осындай тұжырым жасау көбісінің қателігі. Байлыққа жету жолы — бұл енді екінші дәрежедегі сұрақ. Бұл түпсанаңның жұмысы. Ол жауабын өзі табады. Сенің шаруаң оған нақты бұйрық беріп, бұйрықтарың тез және сен үшін тиімді іске асатынына жүз пайыз сенімді болу. Түпсана солдат болса да, өзінің генералынан, мен сананы меңзеп тұрмын, анағұрлым ақылды. Және бұйрықты орындауға бар күшін салатынына сенімді бол. Егер сен санамен қойылған мақсатты үнемі өзгертіп, қалай жасау керектігін айтып жаңаша қоятын болсаң, оның жұмысын анағұрлым қиындатасың және ол оны ешқашан орындамайды.

— Бірақ сонда да, ол оны қалай іске асыра алады, мен түсінбедім? — деп Виктор ойлана сұрады.

— Әрқалай болуы мүмкін. Ол керекті жағдайды жүзеге асыру үшін барлығын жасайды. Мысалға, сен күтпеген жерден лотериядан қомақты ақша ұтып алуың, карта, ақша толы чемодан тауып алуың мүмкін, мұрагер болып шығуың да ғажап емес. Немесе сенде ғаламат идея (ой) пайда болып, оны өте жақсы бағаға сатуың мүмкін.

— Менің идеямды кім сатып алсын? — деп Виктор күлді. — Бизнесе ең бастысы ақша.

— Олай емес, — деп Ариман сөзін соза, ендігі барлық балаларға қарап айтты. — Бизнесе ең құнды және ең бастысы — бұл жаңа идея және ақпарат. Ал ақша осы идея және ақпарат жұмысының нәтижесі. Айтпақшы, мен айтқан әлгі ер адам, өзінің қарқынды көтерілуін идеядан бастаған. Басында ол бірнеше айлар бойы мен айтқан дұға-медитациямен табанды айналысқан. Ал дұғасы келесідегідей болды: «Мен еркін адаммын. Мен бай, күшті, құдіреттімін. Менің еркіме адамдар мен жағдайлар бағынады. Менің ойларым (идеяларым) мінсіз. Олар өмір шындығына айналып, өткен әр күн сайын маған үлкен кіріс алып келеді. Аспан Әке, Саған менің жетістіктерім, бақытым, менің ауқатым мен материалдық өркендеуім үшін шүкіршілік (рахмет) айтамын». Ал қалай болды деп ойлайсыздар? Бірнеше айлар өткен соң алғашқы нәтижелері де пайда болды. Ал кейін оқиғалар бірінің артынан бірі тез болғаны соншалықты, ол сиқырлы байып шыға келді. Ең бастысы балалар, түпсанаға өздерінің «жол көрсетулеріңмен» кедергі жасамаңдар. Және ақыр соңында, түпсанаңыз сізді керекті жерге әкеліп, керекті адамдармен таныстырып, яғни сіз үшін барлығын жасап, сіздің бұйрығыңызды дәл іске асыратынына сенімді болыңыз. Өйткені өмірлеріңіздегі кез-келген жағдайлар, шын мәнінде кездейсоқтық емес. Бұл оқиғалар бойыңызда жетіледі, ал түпсана тек оның шын өмірде көрінуіне (іске асуына) жәй ғана себептерін іздейді.

Ариман үнсіз қалды, ал кейін:

— Сондықтан балалар, қанша айналдырсаңда барлығын сенім жетелейді, — деді. — Адамдар білімді алып, мүлдем іске жаратпайды деп айтсақ болады. Себебі жасағылары келмейді, ерінеді, жәй ғана сенбейді. Бірақ әрбір адамның аяғының астында жатқан көп мүмкіншіліктері бар. Әркім өз ойында өзін бай санап, өзінің қажеттіліктері мен қалауларын еш қиындықсыз орындап жатқанын көреді. Балалар бұл армандау емес. Бұл түпсана жұмысы. Ол сіздерге шындығында сіздердің кім бола алатындарыңызды көрсетіп тұр. Бірақ адамдар осыны түсінбейді. Олар өздерін төмендетіп, армандарында төмен ұстап, ал кейін тағы да түпсанасына олардың ешқашан бұған қолдары жетпейді деген бұйрықтарын береді.

— Егер мен иландыратын осы формулаларды қайталап айтатын болсам, түпсана мені қаншалықты тез байытады? — деп Руслан еш басыла алмай сұрады.

— Барлығы тағы да сіздің сеніміңізге байланысты. Бұл ойға кімде-кім шын әрі еш кірбіңсіз сенетін болса, яғни осы иландырушы сөздерге бар күшін салса, мен сенімді айтып тұрмын, онда ол адамда тезірек жүзеге асады. Әркімде

әрқалай. Әрине бір аптаның ішінде байып кетемін деп күту ақымақтық. Бір аптада сіз тіпті өз ойларыңызға тәртіп орнатып үлгермейсіз...

Ариман сөзін айтып жатқан кезде, қоршаған табиғатта барған сайын түн құшағына еніп, қараңғылана түсті. Сондықтан біздің назарымыз жан-жаққа кетпей, тек Ариманның айтқан сөздеріне ғана ауып, ол айтқандарды ой сарасынан өткізіп жатты.

— Түпсана күші шыныменде орасан зор, — деген Ариманның қараңғылықтан дауысы естілді. — Және ол біздің өнертапқыштық (ойлап табу) пен идеяларымыздың қоймасы (носителем). Сіздер мысалға өзінің замандастарына құпия болып қала берген ұлы ақиқаттарды Гёте қалай түсінді деп ойлайсыздар? Себебі Гёте өзінің түпсана күшін аша алған. Болмаса, мысал ретінде әлемді музыкасымен өзіне қаратқан Моцартты алып қарайық? Тек оның жаңашыл, тәуелсіз ойлауының арқасында жасырынған түпсана күші оянып, оның миын дұрыс бағытта жұмыс жасауға итермеледі. Осы сияқты әлемнің жүздеген талантты адамдары туралы айтуға болады: атақты ғалымдар, мүсіншілер, суретшілер, актерлер, дипломаттар, банкирлер, өз заманында атақты болған көшбасшылар. Мысалға, ұрлықшыдан Генералиссимус атағына жеткен, миллиондаған халыққа билік еткен Сталинді алып қарайық. Шахтер-слесарь мамандығынан ұлы державаның Генсек қызметіне дейін көтерілген сіздердің — Хрущёвті. Бонопарт қарапайым ешкімге белгісіз солдаттан бүкіл әлем таныған ұлы Наполеонға айналды. Ал Гитлер ше? Ол мүлде ешкім емес, тиын санаған қайыршы болған. Ал кімге айналды! Әрине, әлем үшін ол жағымсыз тұлға, фашист, бірақ бұл маңызды емес. Ол өзінің түпсана күшін өз мақсатына жету жолындағы құрал ретінде пайдаланды. Және фюрер атанды! Осы адамдардың барлығы атақ пен құрметке, өзінің жоғарғы орнына өздеріне сеніп және миларында керемет идеяларды туғызған түпсана күшін пайдалану арқылы жетті... Сондықтан балалар, егер сіздер өмірлеріңізді жақсы жаққа өзгертемін деген ойға сеніммен ұйқыға кетіп, осы сөздеріңізбен оянататын болсаңыздар, ерте ме, кеш пе солай болады. Естерінде болсын, сіздің шын байлығыңыз — сіздің бұйрық бойынша кез-келген идеяны тудырып және керекті оқиғаны дүниеге әкелетін түпсаныңыз. Дәл осы түпсана сіздің баға жетпес қазынаңыз! Бұл туралы тіпті Матфей Евангелиясында айтылған. Шын байлық туралы осындай сөздері естеріңізде ме, «ешкім жоя алмайтын, ұрылар көз тастап, ұрлай алмайтын» (где ни моль, ни ржа не истребляет и где воры не подкапывают и не крадут). Ендеше оны қолданыңыздар! Жоғарыдан берілген түпсана күшін пайдаланыңыздар!

Ариманның сөзінен әсер алған біздің балалардың жүзіне қарағанда, біршама шабыттанған сияқты. Тіпті менде де осы сөздерді естіген кезде, өмірімді жақсы жаққа өзгерту үшін, өз түпсанаммен толық жұмыс жасау туралы ниетім



оянып, көңіл-күйім өзгергендей. Бірақ мысалдары ыңғайсыздандырды. Оның үстіне өзіме тағы да үлкен «жақсыны» дегенді дұрыс түсінбедім. Менің өмірімде барлығы дұрыс, тіпті керемет сияқты.

— Бірақ ұлы адамдар секілді түпсана күшін іске қосу үшін, өзінде ең болмағанда бір нәрсеге үлкен талантың мен қызығушылығың болуы керек, — деп Костя өз ойын айтты. — Және сәйкесінше оны дамытуың қажет. Яғни, менің түсінгенім бойынша, кез-келген мамандықты пайдаланып, бай болуға болады.

— Сөзсіз, — деп Ариман растады. — Мен сіздерге одан да артығын айтайын. Мысалға сол баяғы медицинаны алып қарайық. Мен өзінің әріптестерінен білімі артық емес көптеген дәрігерлерді білемін. Бірақ олар өздеріне сенеді және өз құнын біледі. Сондықтан олар әріптестері секілді жылына он бір ай мардымсыз айлық үшін еңбек етпейді. Олар өмірлерін жақсы ұйымдастырғаны соншалықты, өздерінің басқа мамандардан артықшылығын клиенттеріне сендіріп, жылына бар жоғы бес ай ғана жұмыс жасап, миллиондаған доллар пайда көреді. Және осының барлығы тек өздерін лайықты бағалауда жатыр. Сондықтан балалар, кез-келген мамандықта, сіздер қаншалықты жақсы маман болсаңыздар да, өзіңізге сеніміңіз болмаса, өзіне сенімді адамдар рұқсат етпеген баспалдақтан әрі көтеріле алмайсыздар.

— Ал өзіңе ненің келетінін қалай білуге болады? — деп Костя тағы сұрағын қойды. — Мамандық таңдауда қалай қателеспеуге болады? Өз қабілетіңді мақсатыңа жету үшін, мысалға байлыққа жету үшін қалай дұрыс қолдану керек?

— Бұл сұраққа мен мысалмен жауап берейін. Менде бір қызықты оқиға болған. Бірде жас жігітті кездестірдім. Ол ақшасы да, мүмкіндігі мен таныстары да жоқ қарапайым отбасынан шыққан. Бірақ оның атақты, бай болсам деген үлкен тілегі болды, дегенмен өздерің түсініп тұрғандай, оны жақсы келешек күтіп тұрған жоқ еді. Оның үстіне ол сіздер секілді, өмірінде мақсатына жету жолында немен айналысу керектігін, қолынан не келетінін білмеді. Мен оған түпсана құпиясын ашып, әр күн сайын мына формуланы қайталауды айттым: «Менің түпсанамның ғұламасы мені мінсіз етеді. Ол маған өмірімдегі шын бағытымды көрсетіп, мені бақытты, сәттілік жолдасы болған, ауқатты адамға айналдырады». Бұл процесте ең бастысы өзіңнің түпсанаңа сену. Еш уайымдамаңыз, ол сізді керекті бағытқа өзі-ақ апарарды. Сіздің түпсаныңыз жасаған оқиғалар ағынына кедергі келтіріп қарсы тұрмаңыз, әйтпесе сіз қымбат жылдарыңызды жоғалтып, ешнәрсеге қолыңыз жетпейді. Яғни шын мәнінде сізге ешнәрсе жасаудың қажеті жоқ, барлығы өздігінен ұйымдасады, тек ең бастысы бұған сену ғана.

Бұл сөздерді әлгі жігітке де айттым. Және не болды деп ойлайсыздар? Ол осы дұғаға жауапкершілікпен қарап, мұқият орындайды. Және оның түпсанасы баюға ең қысқа әрі тиімді жолды табады. Жігіт біршама тез уақыт ішінде атақты актерге айналады, бірақ ол ешқашан осы жолды (мамандықты) таңдаймын деп ойламаған. Енді ол әлемдегі бай адамдардың бірі, бүкіл әлемге танымал және өзінің рөлдері үшін бірнеше «Оскар» алып үлгерді. Және ең қызығы оның материалдық жағдайы барған сайын өсіп көбеюде. Сондықтан егерде сіздер өмірлеріңізде нақты мақсат қойсаңыз, өзіңіздің логикаңызбен түпсанаға оны іске асыруға кедергі болмаңыз.

— Иә, — деп Татьяна мұндана сөйледі, — өмірде әйелдерге қарағанда ер адамдарға өздерінің армандарына жету анағұрлым оңайырақ.

— Сіз қателесесіз, — деп Ариман жұмсақ сөйледі. — Барша адамның жынысына, ұлтына, нәсіліне, өмір сүрген жеріне қарамастан, өзінің түпсанасының орасан зор күшін ашуға мүмкіндігі бар. Сіз үшін арнайы бір мысалды айтайын. Бірде көлікпен саяхаттап жүргенімде, көлігімді жуып, майын ауыстыру үшін бір көлік жөндеу орталығына кірдім. Көлігіме қызмет көрсетіп жатқан кезде, мен демалыс бөлмесінде теледидар қарап отырғанмын. Қызмет көрсетуші қыз бала маған кофе әкеліп берді. Мен оның жанарының біртүрлі сөніп, өмір сүріп емес, өлместің күнін кешкендей жүргеніне назарымды аудардым. Оны әңгімеге тартып, мәселелері туралы сұрай бастадым. Оның өмірі де көпшілік адамдардың тарихы сияқты екен. Ол кішкене еңбек ақысына өмір сүрген қарапайым отбасынан шыққан. Қаржының жетіспеушілігінен оқуын да жалғастыра алмаған. Тіпті тиын-тебен беретін осы жұмысқа да әрең орналасыпты. Бірақ оның көп арманы мен үлкен амбициясы болды. Дегенмен ол өзінің кедей өмірінен құтылып, өз арман-тілектерін іске асырудың бір ғана жолын — мүмкін болғанынша тезірек сәтті тұрмысқа шығып, өзінің материалдық жағдайын бекіту үшін күйеуіне көбірек бала туудан көреді. Бірақ мен оған түпсана құпиясы туралы айтып берген соң, оның өмірі мүлдем қатты өзгеріп кетті. Ол менің сөздеріме күмәнсіз сеніп қана қоймай, өзінің ойлауын да өзгертіп және бар күшін түпкілікті нәтижеге жету үшін жұмсады. Және қалай болды деп ойлайсыздар? Бүгінгі күнде ол табысты саясаткер. Және оның ықпалы әр күн сайын күшейіп, ол үлкен жетістіктерге жететін болады. Ал барлығы түпсана құпиясын біліп, оның күшін белсенді пайдалануда жатыр! Жақын болашақта ол туралы бүкіл әлем айтады және ол ықпалды саясаткерлердің біріне айналады... Сондықтан барлығы сіздердің қолдарыңызда, дұрысы бастарыңызда.

— Ал түпсананы ерекше қабілеттерді дамыту үшін пайдалануға болады ма? — деп Андрей өз кезегінде сұрады.

— Балалар, түпсана — сіздің тылсым ерекше қабілеттеріңіздің (сверхъестественные способности) өзі. Тек сіздер оны еш пайдаланбайсыздар. Мен сіздерге бұл туралы Сэнсэйдің айтпағанына таңым бар.

— Неге айтқан жоқ? — деп Володя Сэнсэйді қорғаштай сөйледі. — Ол бізге көп нәрселерді айтып, көрсетті.

Ариман күліп жіберді.

— Сөзсіз көбін айтқан шығар, бірақ барлығын емес. Егер ол сіздерге адамның ерекше қабілеттерін оятатын түпсананың алтын кілті туралы айтса, біздер осыншама алысқа әлгі экстрасенсті көру үшін бармас едік деп ойлаймын. Сіздерге әлемнің әр бұрышынан адамдардың өздері-ақ ағылатын еді.

— Ал бұл түпсананың қандай кілті? — деп Виктор қызыға сұрады.

— О, бұл шыныменде алтын формула. Ол тек бойында ерекше қабілеттеріңді ашып қана қоймай, адамдарға, оқиғалар мен жағдайларға әсер ете алатын түпсананың үлкен күшін ашады. Ол үлкен билік береді. Ашылған бұл күштің көмегімен, тек оймен ғана адамды ең жаман аурудан жазып болмаса өлтіре салуға, ол адамнан қорқынышы жоқ еркін тұлғаны немесе мәңгілік құлды жасауға болады. Ұлы идеяларды дүниеге әкеліп іске асыруға болмаса үлкен мегаполистерді қиратуға болады...

— Үлкен мегаполистерді?! — деп Руслан таңғалды. — Бұл қалай, атом бомбасымен бе?

— Олай күрделендірудің қажеті қанша? — деп Ариман күлді. — Анағұрлым оңай әрі тиімді жасауға болады. Адам ойы табиғат процестеріне әсер ете алады. Бұл формуланы білген адам тек бір ғана ойының күшімен жер сілкіндіріп, цунами, дауылдар мен әртүрлі табиғат апаттарын шақыра алады. Мүмкін бұл сіздер үшін фантастика секілді естілетін шығар, бірақ бұл шындық...

Ариман осы сөздерін айтқан кезде, кенеттен кешегі болған оқиғалар, Сэнсэйдің ойша әсер етуімен бір тамшы теңіз суы қатты дауылды шақырып, ал кейін құтырған табиғат апатын дәл солай басқаны анық есіме түсті. Әлгі қара үлкен толқындарды есіме алып, неге екенін қайдам, ол көкжиектен тағы пайда болатындай теңіз жаққа үрейлене қарадым. Әрине толқындар болған жоқ, бірақ қорқынышым басылудың орнына, тіпті керісінше Ариманның айтқан әрбір сөзінен тек күшеюмен болды.

Кешегі болған жағдайды тек мен ғана емес, достарымда естеріне алған сияқты.

— Жоқ, енді түсінікті, ойша белгілі бір кішкене аумаққа әсер етіп, дауыл тұрғызуға болады, — деп Андрей талқылай бастады. Кейін іскерше: — Оған арамыздағы ешкім күмән келтірмейді. Бірақ үлкен мегаполистерді қирату

деген?! Ол жерде қаншама адам өмір сүреді. Олардың да психикасы осы апатқа қалай болса да, тіпті саналы болмаса да қарсы тұрады емес пе.

— Мінекей өзің айтып тұрсың, саналы емес қарсы тұрады, — деп Ариман кекете ескерді. — Мұндай бытыраңқы қарсы тұрудың білінетін нәтижесі болмайды, себебі апат кезінде кез-келген жануар секілді, әркім өзін құтқаруға тырысады. Ал бұл формуланы саналы пайдаланған адам, табиғат апатынан тірі қалуға тырысып жатқан бар тобырыңнан анағұрлым үлкен күшті іске қоса алады. Сондықтан бұл формула, алтын формула.

— Ал бұл формуланың әсер ету механизмі қалай? — деп Володя сұрады.

— Ол жерде арнайы бір дыбыстардың көмегімен ой трансформацияланып зооосмос арқылы шынайлыққа өтеді, — деп Ариман байсалды жауап берді.

— Арнайы бір дыбыстардың көмегімен? — деп Стас қайталай сұрады.

— Иә, белгілі бір сөздердің дыбысы, — деп нақтылады.

— Сіз сонда белгілі бір сөздердің жәй ғана дыбысымен үлкен мегаполистерді қиратуға болады деп айтқыңыз келіп тұр ма? — деп Руслан сөзіне сеніңкіремей күңкілдеді.

— Жас жігіт, — деп Ариман менмендік даусымен сөйледі, — сөздің үнімен күшейтілген ойдың көмегімен, Ғалам дүниеге келген, оның ішінде сіз де барсыз. Мен барлығының бастауы болған, астрономдар айтатын үлкен жарылысты айтып тұрмын. Ал қандай да бір мегаполисті қирату үшін тіпті осы алтын формуланы қолданудың да қажеті жоқ. Ол үшін ұлы Архонттардың қарапайым формулаларының бірі жеткілікті. Мысалға: «IED SUEM SULAM»

Ариман бұл сөздерді зор үнімен күшті айтқаны соншалықты, денем тітіркеніп қана қоймай, ішкі қорқынышымды одан әрмен күшейткен, түсініксіз мазасыздық пен дискомфорттың ауыр толқыны өткендей сезімде болдым.

— Бары осы-ақ па?! — деп Руслан таңғалды да сол бойда Ариманның формуласын қайталауға тырысты.

Бірақ баланың сөздері түсініксіз әрі үйлесімсіз шығып, оған Ариман мен біздің балалар рахаттана күліп алды.

— Сіздер сөздерді дұрыс айтып үйренгеннің өзінде, бұл сіздерге ештеңе бермейді. Себебі дыбысқа ой күшін салу қажет және тек ол ғана емес.

— Қандай мағынасында? — деп Руслан түсінбеді.

— Бұл формула іске асуы үшін, сіздің нақты ой концентрациясы мен ішіңізде нақтылы болып жатқан процесті анық визуализациялау қажет, яғни микрокосмос деңгейінде жағдайды тудыру керек. Мысалға, сіз мұхитта дауыл тудырып оны белгілі бір мегаполиске жібергіңіз келеді. Ол үшін сіз, өзіңіздің дауыл пайда болып жатқан географиялық орнын көруіңіз қажет. Мысалы ретінде Атлант мұхитын алайық. Ішкі көру сезіміңізбен сіз өзіңізге нақты

(анық) берілген координатада жеңіл жел пайда болып, ол қалай күшейгенін, спиральша айналып жатқанын анық елестетуіңіз қажет. Бұл жел ағыны барған сайын күшейіп, қалай үлкейіп жатқанын. Ол дауылдың мысалға Мексика шығанағына қозғалып, жолында барған сайын үлкен күшке айналып, жылдамдығы күшейгенін анық елестетуіңіз қажет. Және осы орасан күштің жағалауға жақындағанын, белгілі бір мегаполиске, мысалға Жаңа Орлеанға төнгенін елестетіңіз. Және сіз барлығын бүге-шүгесіне дейін, табиғат апатының қандай күшпен қиратып жатқанын ішкі көзіңізбен көруіңіз қажет. Мысалға, қалай бөгетті бұзғанын, белгілі бір зауыттарды, қаланы су басқанын, көліктерді аударғанын, билбордтарды ұшырғанын, өрт шыққанын және сол сияқты. Жалпы, сол қаланың шын географиясын, сіздің дауылдың жасаған шын табиғат апатын елестетуіңіз керек.

— Ал керек болса! — деп Руслан таңғала айқайлап жіберді. — Ол үшін қанша нәрсені білу қажет! Мен тіпті қайда екені белгісіз қалай еді Орлеон түгелі, өз қаламның географиясын жарытып білмеймін.

— Ал сіз нені қалап едіңіз? — деп Ариман күлді. — Сіз өте құнды білімдерді меңгеруге ұмтылып тұрған жоқсыз ба. Ал ол үшін ең болмағанда қарапайым білім мен дағды (навыки) керек. Онсыз ештеңе болмайды. Барлығы мұқият дайындықты талап етеді... Әрине басқаша жасауға да болады. Егер сіз белгілі бір мегаполистің орналасуы мен географиясынан шамалы болсаңыз, азынан бастауыңызға болады. Яғни одан да оңайырақ, — белгілі бір жерде дауыл емес, жер сілкінісін тудыру. Және жәй ғана осы шақта жүзеге асырып қана қоймай, арнайы бір уақытқа, жылға бағдарлап қоюға болады.

— Бұл қалай? — деп Руслан таңғалды.

— Өте оңай. Мысалға, ойша 1993 жылдың 12 шілдесін таңдаңыз. Өзіңізге географиялық орынды, мысалға Жапонияны, Хоккайда батыс жағалауларын алыңыз. Және жер сілкінісінің күшін, жобамен Рихтер бағамы бойынша 7-8 балл деп есептеңіз. Сол оқиғаны іштей визуализация жасап әлгі Архонттардың формуласын айтыңыз.

Және Ариман тағы да зор даусымен әлгі формуланы қайталады. Осы сөздерін айтып болғаннан кейін, ішкі жан дүниеме одан сайын жаман болды. Басында ішкі ағзаларымның қатты қысылуы пайда болды. Ал кейін мені іштей қатты есеңгіреткен, жиіркенішті толқын өткендей әсер алдым. Осы сезімдерден кейін қатты үрей мен хайуани қорқыныш пайда болып, құдды бір сол жер сілкінісі болғандай және алыстағы Жапонияда емес, дәл қазір осы жағалауда болып жатқандай сезім пайда болды. Бұл күйдің қанша уақыт созылғаны белгісіз, мүмкін бірнеше секундтар ғана шығар. Бірақ маған ол мәңгілікке созылғандай көрінді. Балалардың Ариманмен кейінгі әңгімесі басымнан өткізген осыншама жағымсыз сезімдерден аз да болса алаңдатты.

— Бары осы ғана. Көріп тұрғандарыңдай барлығы қарапайым, — деп Ариман салмақты үнімен айтты.

— Мен түсінбедім, жер сілкінісінің күшін кімнің атымен атайды? — деп аңтаң болған Руслан тағы сұрады.

Ариман үнсіздік жасап, ауыр күрсінді де, кейін балаға күлкілі түсіндірді:

— Рихтер. Бұл жер сілкінісі кезінде пайда болатын сейсмикалық толқындардың энергиясына негізделген, ең жоғары мәні 9 баллдық магнитуда болатын сейсмикалық шкала. Ал Рихтер — ол америкалық сейсмолог, — деді де, күлкімен: — әлгі 1935 жылы осы шкаланы енгізуге ұсынған ер адам, — деп қосты.

— А-а-а, — деп Руслан даусын созды.

Ариман сол үнімен әңгімесін жалғастырып кетті:

— Бірақ егер сіздер бұл көрсеткіштердің қуатын білмейтін болсаңыздар, жәй ғана жер сілкінісінің күшін және оның кейінгі қирату деңгейін елестетсеңіздер болады.

— Түсінікті, — деп бала маңызды айтты да өзін ақтағандай: — Америкалықтар үнемі бір нәрсені ойлап табумен болады, кейін тіпті сөздерін айтумен тілің бұралады, — деді.

Русланның бос әңгімесіне Ариманның алаңдағанын қаламаған болуы керек, Виктор:

— Егер осы оқиғалардың барлығын іштей тудыратын болсаң, шыныменде өмірде болады ма? — деп сұрады.

— Сөзсіз, — деп Ариман растағандай айтты. — Өйткені сіз жай ғана іштей визуализация жасап қоймай, оймен әсер ету арқылы арнайы бағдарлама тудырасыз. Яғни ішкі микрокосмоста шынайы оқиғаны дүниеге әкелесіз, ал кейін арнайы дыбыстардың көмегімен эзоосмос арқылы оны сыртқы макрокосмосқа аударасыз. Және бұл жерде осы процестерді тудырудың әр уақытында эмоционалды бейтараптылық сақталуы керек, яғни болып жатқанның барлығына бейтарап көзбен қарау қажет. Сіз әсер етіп жатқан объектіңізге жанашырлық та, жеккөрушілік те сезінбеуіңіз қажет, бұл жағдайда сол жердің халқын меңзеп тұрмын. Яғни барлығына бейтарап қарау қажет. Әйтпесе ешнәрсе шықпайды. Себебі бұл эмоциялар басқа күштерді де іске қосуы мүмкін, ал нәтижесінде сіз қалағандай болмай шығады. Бұл істе машықтану үшін, есіңізде болсын, сіздің ниетіңіз, үнемі жаттығу мен белгілі бір уақыт қажет.

— Иә, бұл деген үлкен климаттық қару, — деді Володя. — Ерінбегеннің бәрі қолдана бастаса, ойлаудың өзі қорқынышты.

— Ауыр қару, — деп Виктор да келісті.

— Ең қорқынышты және ең қауіпті қару — бұл адамның өзі, — деп Ариман оларға күле жауап берді. — Бірақ бақытымызға орай, олар бұл туралы тіпті де білмейді.

Біршама жол біздің топ үнсіз жүрді. Тыныштықты Стас бұзды.

— Егер қарапайым осындай дыбыстық формула осындай нәрселерді жасай алса, әлгі алтын формула қандай мүмкіндікке ие?

— О-о-о, — деп Ариман рахаттана созды. — Оның мүмкіндіктері орасан. Ол дыбыс формуласын білген адамға мүмкін емес ешнәрсе жоқ. Мысалға, Әулие Агапитті алып қарайық...

— Агапитті? — деп біздің балалар елең ете қалды. — Сэнсэй бізге ол туралы күні кеше ғана айтқан.

— Солай ма? Ал ол сіздерге Агапитте осы формуланы пайдаланғаны туралы айтты ма? — деп Ариман сұрады.

— Агапит ол формуланы білген бе?! — деп біздің ұжым таңғалды.

— Әрине! Ол білмегенде кім біледі... Оның бейнесінде Қасиетті Рухтың өзі келді емес пе. Айтпақшы, бұл туралы сіздерге Сэнсэй айтты ма, жоқ па білмеймін, бірақ Агапит бұл формуланы тек өмірінде ғана емес, тіпті өзінің биологиялық өлімінен кейін де өсиетінде (хатында, жолдауында, үндеуінде) пайдаланған. Осы формуланың көмегімен ол өзінің пергаментте соңғы өсиетін жазып кеткен. Осы алтын формуламен пергаментке салынған күш, оның әсер ету радиусында болған әрбір адамды сырқатынан жазып, әлі күнге дейін әсер етіп тұр. Енді елестете беріңіздер, бұл формуланы иеленген адамның алдында қандай мүмкіндіктердің ашылатынын.

— Жоқ енді, Сэнсэй бізге Агапиттің Шамбала Бодхисатвасы болғанын және адамдар үшін көп игі істер жасағанын айтып берді, — деді Виктор.

— Адамдар үшін көп игі істер жасады?! — деп Ариман көңілі түскендей айтты да, кейін қылмыскерге сөйлеген прокурор секілді қатал даусымен: — Ол тіпті адамдарға өздеріне лайықтыдан да анағұрлым көп нәрсені берді! Ол адамдар әлеміне ең ұлы билік, биліктің билігі Граальдің өзін әкелді... — деді.

Ол тағы да бірнәрсе айтқысы келіп еді, бірақ оның қатал шыққан үніне назар аудармастан үлкен балалар хормен:

— Грааль?! — деп сұрады.

Осындай хормен сұрақ қоюдан Ариман дәл бір ұйқысынан оянғандай, ендігі әдеттегі үнімен:

— Не болды, бұл туралы Сэнсэй сіздерге айтқан жоқ па? — деп сұрады.

— Жоқ, — деп балалар бір ауыздан жауап берді.

Ариман күлді де, жауаптан жалтарғандай:

— Демек балалар, бұл туралы сіздерге айтудың әлі уақыты келген жоқ, — деді.

Ариман ең қызықты жеріне келгенде құпия үнсіз қалған соң, балалар оны әртүрлі сұрақтарының астына алды.

— Грааль — бұл біреу ме, әлде бір нәрсе ме? — деп Руслан білуге тырысты.

— Ал Грааль биліктің билігіне ие ме? — деп Володя таңғалды.

— Граальды Агапиттің өзі әкелді ме? Қайдан? Шамбаладан ба? Солай ма? — деп Виктор табанды сұрады. — Ал ол өзі шын мәнінде неден тұрады?

— Ал алтын формула неден тұрады? Ол қандай сөздер? — деп Стаста сұрағын қойды.

— Ал сіз оны бізге бере аласыз ба? — деп Женька да әңгімеге қосылды.

— Бұл біз үшін маңызды, — деп Ариманның жалтақтағанын сезіп, досы да сөйледі.

— Балалар, мен әрине сіздерге алтын формуланы да беріп, Грааль туралы да айта аламын, — деп Ариман айтқысы келмей сөйледі. — Бірақ сіздер алдымен ең болмаса қарапайым түпсана күшін пайдаланып үйреніңіздер. Басқа адамдардың еркі мен өмір жағдайларына тәуелді адам емес, өз тәніңіз бен өміріңіздің қожасы екендеріңізді сезініңіздер. Өз түпсанаңызды басқаруды, одан сіздің бар арман-тілегіңізді орындауды талап етіп үйреніңіз. Міне сол уақытта, осыларды үйренген кезде, мен сіздерге ұлы құпиялар туралы қуана-қуана айтатын боламын... Ал былай тіпті алтын формуланың сіздерге тигізер пайдасы жоқ. Қарапайым адам үшін ол жәй ғана сөздердің қосындысы, одан артығы емес. Бұл питекантропқа, ол үлкен жалтыраған жұмыр тас деп ойлайтын, көлікті бергенмен бірдей. Көліктің шын күші мен құндылығын тек оны басқара алатын адам ғана біледі.

Барлығы үнсіз қалды. Және осы кезде кенет Стас:

— Қызық, ал Саи Баба осы алтын формуланы пайдаланады ма? — деп сұрады.

— Әрине, — деп Ариман қалыпты болғандай айтты. — Және тек ол ғана емес, рухани дамуында айтарлықтай биікке көтерілген көп адамдар да пайдаланады. Сондықтан, балалар түпсаналарыңды өздеріңе қызмет етуге мәжбүрлендер, сол кезде өмірлерің қалай өзгергеніне таңқаласыздар. Тек ақымақ армандарыңызды тастап, мақсаттарыңызға табанды (мақсатты) жүріңіздер.

Бұл кезде алыста теңіз жақта сан-түрлі түспен жанған «шөкжұлдыздар» пайда болды. Олардың кескіні уақыт кеңістігін кезген үрілген желкені бар елес, ескі кемеге ұқсайды. Барлығымыз бұл ерекше құбылысқа көз салып, не екен деп ойладық. Балалардың айтқан болжамы әртүрлі болды, тіпті мистикаға (тылсымға) дейін кетіп қалды. Бірақ Ариман біздің қиялымыздың бар иллюзиясын бір сермегеннен-ақ жойып жіберді. Бұл оның яхтасындағы арнайы осындай көнелікпен жасалған жәй ғана иллюминация болып шықты.



Біздің қиялымызды мистикадан арылтып, Ариман бізге осындай яхтаның тірі көрінісін жасау үшін маманды табудың қаншалықты қиынға түскенін айтты. Және шыныменде түннің мақпал қараңғылығында ежелгі кеме секілді жәй ғана жарқырап жанып тұрған жоқ, егер назарыңды дұрыстап аударсаң, оның кескіні біздерге лагерге жол сілтеп тұрған үлкен жол көрсетуші (немесе жетекші) жұлдызға қосылғандай. Ариман жолмен емес жағалаумен жүруге ұсыныс жасап, біздер ұсынысын қабыл алдық. Бұл жерден яхта одан әрмен сұлу көрінді. Және Ариман бұл туралы:

— Мінекей, яхтаға қараңыздар. Бұл арақашықтықтан одан әрмен үлкен, қол жетпес жұлдыз секілді алыста, көкжиекте жарқырайды. Бірақ ол шын мәнінде қол жетпестей ме? Себебі әрбір басқан қадамыңыз сізді оған жақындатады емес пе. Және сізде ерте ме, кеш пе мақсатыма жетемін дегенге күмәніңіз болмаса, бұл шыныменде мүмкін және материалды. Бұл бизнесте де солай. Бизнес — бұл сіздің қадамдарыңыз. Байлық — сіз міндетті түрде жететін осы яхта. Тек жәй ғана қадам жасап, еш қорқынышсыз жолға шығу қажет. Және ертеңге, арғы күнге қалдырмау керек, себебі бұл сіздің бір орында тұрғаныңызбен бірдей. Дәл қазір осы сәтте іске кірісу. Сіз қаншалықты жолға тез аттансаңыз, соншалықты тез қалаған мақсатыңызға жетесіз. Барлығы оңай.

«Шыныменде барлығы оңай екен, — деп ойладым. — Тек бастау ғана керек, ал кейін барлығы инерциямен кетеді. Жарты жолда тоқтап қалмайсың ба? Өйтпесе саған да жоқ, оған да жоқ екіұдайлы жағдай орын алады. Пансионаттан да алысқа кетіп қалдық, яхтаға да әлі біраз жүру керек». Бұл жерден яхта шыныменде көз қызықтыратындай сұлу көрінеді. Бірақ бәрібір тегіс жағалау бойындағы жолға қарағанда, ылғалды құммен жүру анағұрлым ауыр екен.

— Және естеріңде болсын балалар, — деп Ариман ғибратты сөз бастады, — бұл әлемде тек күш ғана бағаланады, себебі әлем оның принциптеріне негізделген. Бұл жерде тіпті жақсы (мейірімді) болу үшін де күш керек. Тек физикалық қана емес, рухани да. Жақын болашақта әлем лезде түрленіп, барлығы бақытты болатын планетаға айналады дегенді, тіпті армандамай-ақ қойыңдар. Айналаға көз салып өмірге шын қараңыздар. Өйткені осындай арманның тіпті алғышарттарының қиымы да жоқ. Алысқа кетудің қажеті жоқ, өздеріңіздің отбасыларыңызға, достарыңыздың отбасына қараңыздар. Өйткені тіпті отбасында да әрбір мүшесі басқасына манипуляция жасауға, өзінің маңыздылығын көрсетуге, өзінің тәкәппарлығын қанағаттандыруға тырысады. Сізді жұмыста, оқуда қоршаған ұжымға қараңыз. Бұл деген таза өсекшілер тобына бөлініп, кім ақылды, кім кінәліні, кімнің мықты екенін үнемі анықтаумен болатын тоқтаусыз тайталас емес пе. Ал егер үлкен масштабта алатын болсақ, мысалға мемлекет деңгейінде? Адамдар билік үшін бірін-бірі

таптап, өз мақсатына жету үшін барлығына баруға дайын. Қалай ойлайсыздар, оларға билік не үшін қажет? Халықтың қажеттілігін қанағаттандыру үшін бе?! Әрине жоқ! Олар тек өздері үшін ғана, өздерінің өзімшіл мақтаныш сезімін қанағаттандыру үшін, өз капиталын үлкейту үшін ғана тырысады. Олар әлемнің алпауыттарының қолында жәй ғана қуыршақ екендерін жақсы түсінеді, сондықтан сәтін пайдаланып биліктен қолдарына түскенді жымқырып қалуға тырысады. Қарапайым адамдардың көбісі оларды адамсүйгіштіктің (человеколюбия) шыңына шығарады. Ал шын мәнінде олар да барлығы секілді, еш артықшылығы жоқ пенделер. Тек олар мен сіздердің айырмашылығыңыз, олар айлакерлеу, әбжілдеу және өздеріне сенімді. Олардан мейірімділікті күтудің еш мәні жоқ. Олар оны тек бірінші кезекте өздері үшін пайдалы болғанда ғана береді. Және оны халыққа, «жомарт қожасын» көрген кезде сілекейі шұбырсын деп, аш итке сүйек бергендей лақтырады. Ал түптеп келгенде өзіңіздің аңғал армандарыңызбен сіз кімге керексіз? Ешкімге де. Өзіңіз мықтыға айналмай, сізге ешкім көмектеспейді. Сондықтан сізде бір ғана жол бар — ол адамдарды ақылды басқару (адамдарға ақылды манипуляция жасау). Өзге жағдайда басқалары сізге билігін жүргізетін болады.

— Мен басқа адамдарға қалайша манипуляция жасай аламын, егер оны жасап білмейтін болсам? — деп Андрей таңғала сұрады.

— Бұл сізге жасай алмайтын сияқты көрінеді. Өзіңіз үшін қалағанға жету үшін ойлап табатын, әртүрлі қулықтарыңызды есіңізге түсіріңіз. Тек сіздің ұлы комбинатордың көрінуін тұрмыстық деңгейдегі ұсақ-түйекке, достар мен туысқандар арасында ғана жібересіз. Ал өмірде айтарлықтай жетістікке жеткен адамдар, өзінің ішкі Аффиксына сыртқы әлемде масштабты көрінуге мүмкіндік берген. Бар айырмашылығы осында. Өмірде өз партияңды ойнауға үйрену қажет. Және тек ойнап қана қоймай, жеңіске жету керек. Ал шын мәнінде әрбіріңнің ішінде қандай ұлы Аффикс жасырынғанын, сіздер тіпті білмейсіздер.

— Аффикс? — деп Виктор қайталай сұрады. — Ал ол не?

— Аффикс — латын тілінен аударғанда *affixus* — қоса тіркелген (бекітілген) деген мағына береді. Ол біздің бір бөлігіміз. Ол біздің болмысымызды түрлендіріп, жаңа сапа беруге қабілетті, біздің ішкі «Меніміз». Қазір әрине бұл сөзді басқа мағынада қолданады, бірақ бұл маңызды емес. Сондықтан, балалар әрбіріңнің кез-келген істе, мейлі саясат болсын, мейлі бизнес болсын шыңына жетуге мүмкіндіктерің бар.

Әңгімеде тағы да үзіліс пайда болды, Ариман бізге естігендерін ой талқысынан өткізуге мүмкіндік бергендей.

— Ал өз кәсібіңді бастаудың ең оңай жолы қандай? — деп Виктор кенеттен сұрағын қойды.

Ариман біршама келеке қылғандай үнімен:

— Егер сізде идея, қаржы болмаса және өз түпсанаңызбен жұмыс жасауға ерінсеңіз, ең оңайы келесідегідей жасауыңызға болады. Делдалдық алыпсатар фирмаға жұмысқа орналасыңыз. Мамандықтың еш маңызы жоқ, көше сыпырушы болсын, жүк тиеуші болсын маңызды емес. Бірақ жұмыстағы әр минутыңызды рациональды пайдаланыңыз. Болып жатқан процестердің мәнін түсінуге тырысыңыз. Сұраңыз, ықыластаныңыз, тыңдаңыз, бақылаңыз, фирма қалай жұмыс жасайды, оның жеткізушілері, өнімін сатып алушылар кімдер. Және бар жұмыс схемасын түсініп алған кезде, еш қорықпастан өзіңіздің фирмаңызды ашыңыз. Егер қаражатыңыз болмаса, біреуден алыңыз немесе банктен кредит алыңыз, болмаса сіздің өнімді көтерме бағамен алатын фирмамен келісіңіз. Ал кейін былай жасаңыз. Сіз жұмыс жасаған фирмаға жеткізуші компанияның өнімін аласыз, тек сәл жоғары бағада. Сиқыры неде? Мысалға, фирма олардан тауарды бір долларға сатып алып, 1,5 долларға сатып, 50 цент пайда көреді деп алайық. Ал сіз олардан қымбатырақ 1,1 долларға сатып алып, сатып алушығаларға арзанырақ, мысалға 1,4 долларға сатасыз. Сіз әр тауардан 30 цент пайда көріп, осылайша сізге тауар әкелетін фирманы да, сізден тауар алатын сатып алушыны да өзіңізбен әріптес болуға қызықтыратын боласыз. Өйткені оларға сізбен жұмыс жасау тиімді болады. Осылайша, сіз бұрынғы жұмыс берушілеріңіздің бизнесін кесіп, өз ісіңіздің иесі болып шыға келесіз.

— Жоқ, қалай сонда? Бұл дұрыс емес, — деді Володя. — Адамдар саған жұмыс береді, ал сен оларды жәй ғана сатып кеткен болып шығасың?

— Сіз нені айтып тұрсыз, Володя? Бұл әскер емес, бизнес. Осындай процесс бизнес үшін табиғи, себебі бұл жерде джунглидағы секілді: айлакер және ақылды ғана тірі қалады, — деді Ариман. — Жеке ештеңе жоқ, тек бизнес деп айтпақшы.

— Иә, істі осылай айналдырып жіберу үшін өзгерудің мықты шебері болу керек, — деп Виктор күле айтты.

— Осының барлығын осылай айналдырып жіберу үшін адамдармен қалай қарым-қатынас жасап білу керек?! — деп Виктордың сөзіне еш назар аудармастан Женька сөз бастады.

— Әрине. Сіз адамдармен сөйлесу өнерінде шебер болуыңыз қажет. Өртүрлі тұлғалармен қалай сөйлесу керектігін, оларға қандай амал-тәсілдердің келетінін білуіңіз шарт. Сырттай жақсы сөйлесетін (көпшіл), жылы жүзді адам болуыңыз керек. Шынайы болу, яғни адамдармен сөйлесуде ашық әрі тіке болыңыз, бірақ ешқандай жағдайда өзіңіздің жоспарыңызды айтып және

толық ашпауыңыз қажет. Тек оларға арналған ойынның бөлігін ғана әдемі суреттеңіз. Және мұны өзіңіздің жоспарыңыз бен ниетіңіздің түпкілікті нәтижесі секілді көрсетуіңіз қажет. Оның үстіне сіз серіктестеріңіз үшін болжамға келмейтіндей болыңыз. Басқа жағдайда, егер сіз өз шешімдеріңізде болжамға келсеңіз, өзіңізді алдауға жетелейсіз. Яғни сіздің жүрісіңіз алдын-ала оңай болжанып, осылайша олардың алдауына түсесіз. Демек сіздің жүрістеріңіз алдын-ала оңай болжанып, сіздің есебіңізден басқаларына өз партиясын ұтымды ойнауға мүмкіндік бересіз.

Бірақ сіз болжауға келмейтін болған кезде, өз ойыныңызды жүргізуге мүмкіндігіңіз болады. Тіпті іскерлік келіссөздер кезінде бұл қасиет сіздің пайдаңызға жақсы стимул болады. Себебі екінші жақ соңғы минуттарға дейін сіздің қандай шешім қабылдайтыныңызға сенімді болмайды, демек егер оған келісім-шарт пайдалы болса, олар сіз үшін айтарлықтай жеңілдіктер жасайтын болады. Онымен қоса, өзіңіздің болжамға келмейтін бизнес «ақуласы» деген имиджіңізбен, сізге байланысты қитұрқы істерін жасағысы келген айлакерлердің жаман ниетін жоғалтасыз.

— Ол үшін өзіңе біршама сенімді адам болу керексің, — деп Виктор ойлана сөйледі.

— Әрине. Ол қасиетсіз сіз шын кәсіпкер бола алмайсыз. Жасаған кез-келген ісіңізде өзіңізге сенімділікті көрсетіңіз. Мен бұған сіздің назарыңызды бірнеше рет аудардым. Өзіңіздің пікірді өзгертпеңіз, принципке барыңыз. Және сіз бір нәрседе қателестім дегенді ойыңызға да алмаңыз. Себебі әңгіме кезінде, егер адамға бір нәрсе айтып, өзіңіз іштей күмәнданатын болсаңыз, ол адам түпсана деңгейінде сіздің күмәнданғаныңызды сезінетін болады, сәйкесінше бойында сізге деген сенбеушілігі туындайды. Тек өзіңіздің позицияда табанды әрі батыл тұру керек. Адамды сіздің дұрыс айтқаныңызға сендіруіңіз керек. Егер ол ақ түс деп есептесе, ол түстің сұр екенін көруге итермелеңіз. Сенімін өзгертіңіз. Ал егер сізге осындай психологиялық қысым көрсетудің тәсілін білетін лайықты қарсылас кездесе, сіз секілді ол да бәрібір өз айтқанында тұрса, ендеше жауап ретінде күліп: «Сіз солай болғанын қатты қалайсыз» (Это вам так хочется) деп айтыңыз.

— Иә, — деп Руслан күңк етті. — Принципке бару қиын емес. Ал адамға тікелей қалай ықпал етуге болады?

— Барлығы оңай. Адамға ықпал ету үшін оның әлсіз тұстарын білу қажет. Адамды басқару үшін оның психологиялық қажеттілігін қанағаттандыруға ойнау қажет. Қалай болғанда да, оның негізгі екі струнасына: Эгосын мақтау түріндегі өзімшіл мақтаныш сезіміне және тоқтаусыз қолпаштаумен оның маңыздылығына әсер ету. Бұлар барлық адамда бар, тек біреулерінде күшті, басқаларында әлсіз.

Ал егер сіз жақсы музыкант болсаңыз, «адам» деп аталатын осы аспаптың басқа да шектерін меңгере аласыз, мысалға материалдық қызығушылық, творчестволық еркіндік, қауіпсіздік, қоршаған адамдардың қолдауының маңыздылығы, махаббат, қызығушылық, жетістік, өзін-өзі құрметтеу және тағы басқалары. Ең бастысы бұл шектерді сылдырлата тартып адамның жүйкесіне тию емес, естігеннен адам таңғалып, ерекше қуанышпен сіздің тапсырмаларыңызды орындайтын жүректі баурап алар мелодияны ойнау. Міне сол кезде сіз шыныменде ол адамның жұмысының ең жоғарғы нәтижесіне қол жеткізесіз. Ал сіздің қызметкеріңіз қаншалықты тиімді жұмыс жасаса, сіз соншалықты көп ақша табасыз. Бұл туралы әркез есте ұстау қажет!

— Ал адамның басында қандай қасиеті басым екенін қалай анықтауға болады? — деп Виктор сұрағын қойды.

— Өте оңай. Ол үшін жәй ғана сол адамды тыңдап, ол нені айтатынын, өзінің назарын қандай сәттерге ұстайтынын, ол қандай мәселелерді шешуге талпынғанын, сәйкесінше осы сәтте өзінің қандай психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысып жатқанын білу қажет. Оларды білсеңіз, оның психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруды өзіңіздің ісіңізге бағыттап, оның өмір симфониясының оңай дерижёрына айналасыз... Ал негізінде адамдардың барлығы бірдей, — деп Ариман түсіндіруін жалғастырды. — Және түптеп келгенде жекелеген тұлғаға да, көпшілікке де бір нәрсе жасатқызу үшін, қамшы тәсілін немесе тәтті нан тәсілін пайдалану қажет, болмаса екеуін кезектестіріп қолдануға болады. Өйткені адам психологиясы осындай, оны жұмыс жасату немесе жұмыстан бас тарттыру үшін ол одан ләззат алуы керек немесе эмоциональды, болмаса физикалық ауырсынудан қашу үшін жасайды, дәлірек айтсақ, ауырсынудан емес, оның алдындағы қорқынышы болған кезде ғана мүмкін болады. Сондықтан егер сіздің «тәтті нан» тәсілі қолыңыздан келмесе, «қамшыны» батыл қолдана беруіңізге болады. Сізде басқа таңдау жоқ. Әйтпесе қалған өмір бойы бөтеннің қамшысының астында беліңізді бүгіп, басқалардың тәттісін қағумен боласыз.

— Қандай мағынада қамшыны пайдалан? Ұру керек пе? — деп Руслан түсінбей сұрады.

— Физикалық күш көрсету — ең ақырғы шара. Және негізінде психологиялық ауырсынумен салыстырғанда, қорқыныш пен қысымнан тиімділігі аса үлкен емес, — деді де Ариман сөзін жалғастырды: — Егер сізде ұжым жұмыс жасайтын болса, сіз «бөліп алда билей бер» принципі қолдануыңыз қажет, барлығы сізден қорқып әрі құрметтеу үшін. Сіз ұжымыңызда болып жатқанның барлығынан хабардар болу керексіз, олардың ойлары, қалаулары, ұмтылыстары және өзіңіздің пайдаңыз үшін олармен ақылды манипуляция жасауыңыз тиіс. Сіз қызметкерлер арасындағы барлық

өсек-аян мен ұрыс-керісті білуіңіз қажет. Егер сіз біреудің сіз туралы өсек айтып, жаман жағыңыздан көрсеткісі келгенін білсеңіз, еш ойланбастан ол адамды жұмыстан қуыңыз. Жақсы еңбек ақы төленетін орын ешқашан бос қалмайды. Қалаушылар әрқашан табылады. Есесіне басқаларына үлгі болады. Сіз, барлығы өзіңізбен дос болып, бір-бірлеріне қастық көзбен қарайтын атмосфера қалыптастыруыңыз қажет. Сол кезде барлық істі біліп отырасыз. Өйткені әрбірі, шын мәнісінде сізге жағу үшін басқалары туралы барлығын айтып, сіздің фирманың абыройы үшін «қам жейтін» керекті адам болып көрінгісі келеді. Басқа жағдайда, егер қол астыңыздағылар жақындасып кететін болса: сізді әр күн сайын тонап, жұмыста түк бітірмей, сіздің үстіңізге мініп паразитше өмір сүретін нәтижеге келесіз. Және ең бастысы бұл туралы сіз ештеңе білмей, тек қанша күш салсаңызда барған сайын фирмаңыздың жұмысы нашарлағанына таңғалумен боласыз.

— Жоға, — деп Володя күңк етті. — Егер ұжым жақсы, бірлігі мығым болса, керісінше олай болмайды.

— Сіз тек әскери тұрғыдан қарап тұрсыз, — деп Ариман оған жауап берді. — Бизнес — бұл адам қарым-қатынасының ең бірінші мақсаты адамгершілікпен емес, қанша ақша табатынымен анықталатын, мүлдем басқа саласы. Мен сізге қарапайым мысал келтірейін. Сіз базарда дүңгіршек аштыңыз делік. Қызметке екі-үш адамды аласыз. Егер сіз бастапқы кезден бастап өзіңізді қатал басшы ретінде көрсетпесеңіз, олар бірігіп сіздің артыңыздан қолдарын жақсылап майлайтын болады. Басқалары үшін кезекші болып біреуі сауда жасап, ал екеуі басқа тауарларды алып келіп, сіздің дүңгіршекте өздерінің тауарларын тыныш сата бастайды. Ал үшеуі сізге тауарларыңыздың өтпей жатқаны туралы ертегіні айтатын болады. Нәтижесінде сіздің артыңыздан күліп, қолдарын майлайды, ал сіз жалға алған дүңгіршектің ақшасын, салықты және өз қалтаңыздан олардың еңбек ақысын төлеп қырғын шығынға батасыз. Бірақ сіз бірінші күннен-ақ әрқайсысы бір-бірінен бәсекелесті көріп, сізге жіберген қателіктері туралы айтуға асықса, сол кезде сіз болып жатқанның барлығынан хабардар боласыз. Сәйкесінше, бұл сіздің де кірісіңізге әсер етеді.

— Ал бізді пионерлік балалық шақтан бастап достық ұжым болуға баулыды, — деп Женька мысқылдай сөйледі.

— Енді дұрыс, — деп Ариман күле жауап берді. — Сіздерден жеке мүліктің иесін емес, мемлекеттік өндірістің пролетариатын жасады емес пе. Мемлекеттік өндірісте пролетариат жұмыла бірігеді де, мемлекетті алдайды, — деп Ариман Женькаға қарап күлді. Сен айналаға қарашы. Барлығы бәрін тонауда! Мысалға, жұмысшы шегені ұрлайды, жақсы оны қоя берші. Мұны мемлекеттік өндірісте ешкім байқамайды да. Ал енді ойлап қарашы, сенің

мысалға көлік шеберханаң болсын делік. Ол жұмыс жасау үшін сен қанша қаржыңды жұмсадың. Және сен ақша төлеп отырған жұмысшың көлік шеберханаңнан шегені ұрлап кетеді. Жәй ғана шеге сияқты, бірақ ол да ақша тұрады. Мейлі 5–10 тиын болсын. Бірақ бұл ақшалар сенің қалтаңнан кетіп жатыр емес пе! Ал егер бірнеше адам өзіне шегеден алса. Бұл енді доллар. Сенің долларың! Бұл шегені ұрлап, жұмысшы сенің қалтаңнан әмияныңды суырып, ақшаны алғанмен бірдей. Сенің ақшаңды!

— Міне, оңбаған! — деп Женька Ариман суреттеп берген жағдайға еніп наразы болды.

— Дұрыс, себебі бұл сенікі, — деп Ариман тағы күлді. — Және мұндай жағдайға кәсібінде жол беруге болмайды, әйтпесе күйрейтін боласың. Сондықтан жеке капитал үшін жұмыла ұрлыққа бару келмейді. Жеке мүлік иесі, яғни сен, әр басқан қадамыңды санап, әр кеткен тиыныңды есептеп отыруың қажет. Әйтпесе ұжым арасында, сенің орныңа сол тиындарды санайтын, әрине сенің пайдаңа емес, бір пысық табылады. Сондықтан, адамдармен жұмыс жасау кезінде, қатал бақылау және сәйкесінше бәсекелестік атмосфера керек. Және саған үш адам жасасын, мейлі бес жүз адам қызмет етсін бұл маңызды рөл ойнамайды. Егер сен өз өндірісіңнің қожасы болмасаң, қуыршаққа айналып, өмір бойы әркімнің табанын сүртумен боласың... Бизнесіте жазылмаған арнайы ережелер бар. Егер сен оларды сақтамайтын болсаң, сені жәй ғана жеп қояды. Естеріңде болсын балалар, бизнесіте ешкімге сенуге, сенім білдіруге болмайды...

— Тіпті сенің серіктесің туған бауырың болсада ма? — деп Виктор таңғалды.

— Тіпті серіктесің туған бауырың болсада, — деп Ариман растады. — Оны бірінші кезекте сенің кәсіпорныңдағы жалғыз ұрыдай бақылауда ұстау қажет. Тек сол кезде ғана сен, кәсібің үшін кенеттен болатын ыңғайсыздықтардың алдын алатын боласың. Шын достық бизнесіте болмайды. Сізге бұл туралы қандай ертегі айтса да, естеріңде болсын, ол жерде барлығы ақшамен анықталады. Ал сенің ең жақсы досың — сатқын рөліне ең бірінші кандидат. Себебі ол сен туралы барлығын біледі. Ол саған таңғалатынын айтып, ал артыңнан сенің оған қарағанда табысты екеніңе қарапайым қызғаныштың торын тоқумен болады. Бизнесітегі дос адам — ең жаман жау, себебі сенің фирмаңның бар қателіктері мен әлсіз тұстарын біледі. Сондықтан бизнесіте сіздің жақын достарыңыз болмауы керек, ешкім сіз туралы ештеңе білмеуі қажет. Естеріңде болсын балалар, сізді қаншалықты аз білетін болса, соншалықты ұйқыңыз тыныш болады.

— Бизнесіте барлығы осыншалықты күрделі болғаны ма? — деп Андрей таңғалды.

— Өкінішке орай, бұл өмірде адамдардың санасын ақша билейді. Егер сіз табысты кәсіпкерге айналсаңыз, барлығымен бірге адами қызғаныштың да не екенін түсінесіз. Және сізге барлығы, туыстарыңыздан бастап мүлдем танымайтын бөтен адамдарға дейін қызғаныш көзімен қарайтын болады. Тіпті сізді әрқайсысы өздеріне бір нәрсе беруге міндетті деп ойлайтын болады. Бетіңе қарап саған сүйіспеншілігін айтып, құрмет көрсетеді, ал көзіңді ала бере сенің оларға қарағанда ақылды, еркін екеніңді көріп жек көретін болады.

— Бірақ неліктен? — деп Костя өзін үлкен кәсіпкер ретінде ойында көргені анық, түсінбей сұрады.

— Себебі сен өзіңнің жағдайыңмен бірінші кезекте олардың мүсәпірлігін және жолы болмағандығын көрсетесің. Бұл жағдайдан қорқудың қажеті жоқ. Мен сізге басқа жағынан қарауға кеңес берер едім: сен біреуге қызғаныш көзімен қарағанша, саған қызғанышпен қараған жақсырақ. Мен осыларды сіздерге естудің жағымды емес екендігін түсініп тұрмын, бірақ балалар — бұл өмір және одан ешқайда қашып құтыла алмайсың. Бизнес — көшбасшылыққа шыққан чемпиондар жеңімпаз болатын спорт секілді. Ол адамға қызғаныш көзімен қарау табиғи құбылыс. Бірақ кім?! Осындай нәтижелерге жету үшін өзімен жұмыс жасауға жалқауланған әлсіздер мен жолы болмағандар. Өйткені бизнес — бұл әркім тек өзінің күші мен мүмкіндігіне ғана сенім артатын өзінше бір спарринг секілді. Сенің мақсатың бұл спаррингты қалай болғанда да жеңу, сол кезде ғана сен шыныменде бай боласың. Бұл жерде барлық әдіс-тәсілде жақсы. Егер сен әрекетіңе күмән келтіретін болсаң, сенің шатасқан күйіңді біреу тез пайдаланып, сені нокаутқа жібереді. Және сен жеңілесің. Сондықтан бұл жерде ешқандай күмән болмауы керек. Бизнес — бұл қиын ойын. Бұл әдіс-тәсілге ешқандай шеңбер жоқ, ережесіз жекпе-жек секілді. — Ариман күліп жіберді. — Сенің мүмкіндіктерің тек өз кәсібіңді жүргізетін сол мемлекеттің заңымен ғана шектеледі. Және егер сен қатты соққы жіберіп, ал серіктесің құласа, оған сенің не кінәң бар? Кінәң жоқ. Ол құлап қалды, демек ол әлсіз болды, соққыны жіберіп алды, ұрысқа дайын болмай шықты. Сондықтан сен ұттың, ең жақсы спарринг үшін жүлдеге ие болдың. Ал бизнесте жүлде — ол ақша.

— Сіз бизнесте тиым салынған ешқандай әдіс-тәсіл жоқ деп айттыңыз, — деді Стас. — Ал ендеше теледидардан адал кәсіпкерлер туралы бар әңгіме ше?

— Әңгіменің барлығы осында, тек бос әңгіме ғана. Және әдетте бұл образға мүлдем кереғар адамдар туралы айтылады. Сіз шындықпен кездескен кезде, шын мәнінде «адалдықтың» бизнесте де, саясатта да тек адамдарға жәй ғана манипуляция жасау үшін қолданатынын түсінесіз.

— Бірақ бізді адал болуға үйретті емес пе, — деп Татьяна жасқана сөйледі.



— Сөзсіз, жақсы, — деп Ариман іліп әкетті. — Бірақ өзіңе, өміріңдегі принциптеріңе адал болуың керек, бірақ ол түптеп келгенде сені тек өзінің арам ойлары үшін ғана пайдаланып кететін сені қоршаған адамдарға байланысты емес. Және негізінде, сіздерді адалдық ұғымына кімнің және қалай үйреткенін ойлап көріңіздер? Сіздерге егер адал жолмен, ұятыңмен ақша тапқың келсе, бар да зауытқа жұмысшы немесе көше сыпырушы бол, бөтеннің қоқысын сыпырып, саған «мейірімді» басшының тиынды бергенін күт деп сендірген. Ендеше өзінің ұятымен тәуекел етіп сенен бай болған адамға қызғаныш көзімен қарама. Өйткені ол оңбаған, ал сен — адалсың! Және әлгі бейбақ байдың балаларының ұрты уылдырыққа толып жатқан кезде, сенің отбасың картоп пен ботқаны жеп жартылай аш отырсын, есесіне сен — адалсың. Сенің балаларың жыртылған шұлықпен жүрсін, ал байдың баласы — импортты жаңасын кисін, есесіне сен — адалсың. Әлгі бақытсыз өз денсаулығын әлемнің ең жақсы клиникаларында қалпына келтіріп ем алсын, ал сені жергілікті араққа тойған терапевт емдесін, есесіне сен — адалсың. Бірақ ол кезде қызғанышпен қараудың қажеті жоқ, себебі адал құлдың өмірін өзің таңдап алдың!

«Адал» адамдарда итке қожасы лақтырған сүйекті мүжу ұнайды деген пікір қалыптасқан. Ал неліктен? Себебі итке ешкім де етті бермейді. Адамдар өз ашкөздігін адал бөліске санап, етті өздері жейді. Қоғамда сол секілді: бақытсыз қожаға ет тиеді, ал адал құлға — сүйек қана. Ал молшылықта өмір сүріп, сүйекті емес, тәтті етті жеуді барлығы армандайды. Әрбір адам өзінің арманында ақшаны оңды-солды шашып жатқанын көреді. Бірақ, мен айтып кеткендей, миларына таңылған стереотиптері ол тілектерін орындауға кедергі келтіреді. Ал енді жақсылап ойланып қараңыздар, неліктен осындай стереотипті кедей бірақ адал болған жақсы, ал бай болған, яғни адал емес болған жаман дегенді сіздердің бастарыңызға не үшін құяды? Жауабы өте оңай. Бұл тобырдың құлдық санасы үшін элитаның дайындаған кезекті жәй ғана шеңбері, — деп кішкене үзіліс жасап, кейін: — Ендеше шын мәнінде кім адал? Басы шеңберден ада және жер бетіндегінің барлығы сен (адам) үшін жасалған, ендеше барда осы игіліктерді пайдалан деген жазбамен (өсиетпен) өмір сүретін адам ба, әлде үнемі кедейліктің қамытын киіп, өзінің болашағы үшін қорқумен еркін әрі бай адамдарға қызғана қарайтын құл ма? Енді олардың қайсысы шын Адам?

Біздер Ариманнан естіген жаңалығымызға қатты таңғалып келе жаттық. Бастапқы әлем мүлдем өзгеше, біздің көзімізге басқа, мәңгілік көлеңкеде тұратын «айдың» көрмеген бетін ашқандай әсер қалдырды. Шыныменде, біздер мұны бұрын қалай байқамағанбыз, мүмкін осындай өмірдің ұсақ-түйегіне назар аудармаған шығармыз. Бірақ ол ұсақ-түйек емес, сендіру

(иландыру) болып шықты. Бірнеше уақыт Ариманның айтқан жаңалығына біздер үнсіз таңғала жүрдік. Тыныштықты, таңғала сұраған Виктордың даусы бұзды:

— Демек «адалдық» жәй ғана иландыру (бос сөз) болса, ал бизнесте мақсатқа жетудің бар тәсілі де жақсы болса, онда тіпті кәдімгі «лақтырып кетуде» дұрыс болғаны ма?

— Ал сен бұл құбылысқа тереңірек үңіл, — деп оған Ариман ұсыныс жасады. — Кімді лақтырады? Сеніп қалушылар мен ашкөздерді. Сеніп қалу — бұл тек адамның басқаның есебінен жеңіл байып, сіздерде «на халяву» деп айтпақшы, жасырын ниетінің жалпы нәтижесі ғана. Көзі ашкөздікпен бітелгендерді де лақтырып кетеді. Оның үстіне сен айтпақшы «лақтырушылармен» өзінің жеке маңыздылығын азықтандырады. Және нәтижесінде, адам өзінің интеллектуальды мүмкіндігін артық бағалайды. Сондықтан жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды. Егер сіздің бизнестегі спарринг-серіктесіңіз «әлсіз» болып шықса, оған өзінің ашкөздігінен басқа кім кінәлі? Спарингке шығар алдында өзіңнің иллюзиялы армандарының жетегіне ермей, өз мүмкіншілігін шын есептеу керек еді. Бизнестегі серіктесің барлығын бәске тігіп ұтылып қалса, өзі кінәлі. Ендігі оның ақшасы, фирмасы, оның бизнесі — сенің лайықты марапатың. Сен күштірек, ақылды, пысықтау болдың — сол үшін жүлде де сенікі!

— Жоқ, мораль қайда, ар-ұятты қайда жібереміз? — деп Володя ойлана сұрағын қойды.

— Мораль мен ар-ұят — біршама шартты әрі салыстырмалы ұғымдар. Бұл әлемде сізге ешкім осы түсініктер туралы біржақты жауап бере алмайды, себебі әрбір адам оларды өзінің көзқарасы бойынша, алған тәжірибесі мен осы әлемдегі өзінің маңыздылығына сүйеніп трактовка жасайтын болады. Мысалға әскери адамды алып қарайық. Басқа емес сіз соғыста, әсіресе егер ұрыста өлім мен өмірді таңдау тұрса мораль мен ар-ұяттың не екенін білесіз деп ойлаймын. Дұшпаның сені өлтіруге талпынып жатқан кезде мораль мен ар-ұят туралы не айтуға болады. Бұл өмір рингіне оны сіз құлағынан тартып әкелген жоқсыз. Ал өзі шыққан екен ендеше ісіне сай жауапты күте берсін. Бизнесте де сол секілді. Ол жерде ашық соғыс түсінігі жоқ, ол жерде бәсекелестік деген түсінік бар. Дегенмен алпауыт адамдардың бәсекелестігі шыныменде көптеген соғыстардың себепкері болған. Ал кейін көпшілік үшін, яғни құл тобыры үшін белгілі болған, соғыстың қалған себептері, — бұл жәй ғана тобырдың бойында ұлттық рухын көтеру үшін, қойшысы (қожасы) үшін мақтанш сезімін тудырып, онымен қоса тобырды маңызды мәселелерден алаңдату үшін айтылған жәй ғана ертегі. Артық ештеңе жоқ.

— Ал халық — тобыр ма еді? — деп Володя үн қатты. — Бұл адамдар емес пе.

— Әрине адамдар, бірақ ақымақ адамдар. Олар билік қандай әсем сөзбен сәнделсе де, ақылды адамдар басқаратын және солай бола беретін құлдар. Өйткені тобырдағы адам — жеке тұлға емес, жәй ғана тобырдың бір бөлігі. Сөз бастаушының (оратор) сөздеріне елігіп, тобырда ол өздігінен ойлауға, оқиғаны және «деректерді» шын бағалауға қабілетсіз. Себебі тобырда адам өзі секілді мыңдаған адамдарды көріп, осындай бірегей орасан зор күштен шабыт алады. Бұл шыныменде орасан зор күш, бірақ бұл адамның да, сол топтың жеке алғандағы мүшелерінің де күші емес. Бұл оратордың күші! Сол адам осы күшті түрлендіріп оны керекті бағытқа жібереді. Және осы күшімен әрбірінің санасына лепірме сөздерінің арасына мұқият жасырылған иландыруларын салады. Яғни көпшілік алдында сөз сөйлеуші тұлға аралық суггестияның механизмдерін (механизмы межличностной суггестии) қолданады. Артық ештеңе жоқ. Сондықтан қанша айналдырсаңда тәжірибелі қойшының жетегінде жүретін, тобырдың аты тобыр. Бірақ қазіргі заманда тобырды басқаруды анағұрлым әдемі сөздермен алмастырған, бірақ одан мәні еш өзгермейді. Балалар, бұл сөзімнің жағымсыз естілетінін түсінемін, бірақ бұл шындық. Ал шындық әрқашан ащы. Мен тек өмірдің қандай екендігіне сіздердің жәй ғана көздеріңізді аштым.

Балалар бұл өмір, түптеп келгенде ешкім ешкімге керек емес, ешкім жайдан-жай ешнәрсе жасамайды. Мысалға кез-келген мемлекетті алып қарайық, саяси сайлаудың (таңдаулардың) қалай өтетінін қараңыздар. Адамдарға алтын тауды беруге уәде береді. Ал сайлаудан кейін? Қойлар табыны мен есектердің арқасында өздерінің жұмағына жетіп, ал кейін қақпаларын тарс етіп жабады. Халық қалай кедейлікте өмір сүрді солай қала береді. Себебі сайланған саясатшы ең бірінші кезекте кімді ойлайды? Бірінші өзін, өз қалтасын. Кейін отбасын. Ал кейін қолын сүйіп, жасаған «игі істерін» ұмытпас үшін өзінің қол астындағыларды (нөкерлерін). Себебі халық, түптеп келгенде ешкімге керек емес. Аяғына тұра алса, екі қолы жұмыс жасай алса болды, жарайды. Ол қайда кетеді, күңкілдейді, наразы болар, бір нәрсе қылып өлместің күнін көрер. Өйткені олар құлағалы тұрған қорада өмір сүріп, қоқыстан тамақтанатын, таңертеңнен кешке дейін талмай жұмыс жасайтын, жұмысшы мал секілді. Олар элитаға пайда әкелу үшін талмай жұмыс жасап және көбейіп, өзінің қожасына жаңа күш түріндегі құлдарды, яғни өзі секілділерді көбірек әкелу үшін ғана өмір сүреді. Бұл сөздерді естудің жақсы емес екенін әрине түсінемін. Бірақ айналаға көз салыңыздар. Және бұл өмірдің шындығы. Менің айтқан сөздерімді тағы да естеріңізге түсіріңіздер, себебі ол өмір шындығы!

Сіздер құлдық заманынан бері бір нәрсе өзгерді деп ойлайсыздар ма?! Ештеңе де өзгерген жоқ. Тек құлдарға әсер етудің тәсілдері өзгеріске ұшырады, бірақ адамдар өзгермеді. Құлдарды басқарудың формасы өзгерді, бірақ құлдықты ешкім жойған жоқ! Сіз бүгінгі әлемге қараңыз, билік ететін элита өзінің баюы үшін тобырды қалай пайдаланады. Олар жәй ғана халықтарға өздеріне тиімді концепцияны мәжбүрлі таңып, көпшіліктің жүріс-тұрысын және талғамын өздері қалыптастырып, адамды стандарттап және арнайы бақылауда ұстайды.

— Олар мені қалайша билеп-төстей алады, — деп Женька наразы болды, — егер мен не жасау керектігін өзім анықтайтын болсам. Мен еркін адаммын!

— Сіз еркін адамсыз? — деп Ариман мысқылмен қайталап сұрады. — Жақсы. Арғы күні ағылшын патшайымы атақты қонақтардың құрметіне Букингем сарайында қонақтарды қабылдағалы жатыр. Ендеше сол жерде кездесіп, әңгімемізді сол жерде жалғастырайық.

— Ағылшын патшайымы? Англияда? — деп Женька шын таңғалды. — Ал мен ол жерге қалай барамын?

— Бірақ сіз еркін адам емессіз бе, — деп Ариман күлді де, мысқылдап: Ал маған айтыңызшы «еркін адам», сізде ең болмаса Англияға баратын қаржыңыз бар ма? Байқасаңыз, мен тіпті қонақ қабылдайтын әлгі сарай туралы да айтып тұрған жоқпын.

Женьканың жауап беруге абдырап қалғаны анық, үнсіз қалды. Оған көмекке келуге Стас асықты.

— Бірақ шын еркіндік адамның географиялық орын ауыстыруымен анықталмайды. Мен шын еркіндік адамның ішкі жан дүниесінде деп түсінемін. Бұл оның ойлары, қабылдау сезімі, ақыр соңында таңдауы емес пе. Егер мен өзіммен-өзім болсам, элита қалайша маған мәжбүрлеп бірнәрсені таңа алады? Мен қалай өмір сүру керектігін өзім шешемін.

Ариман күлді.

— Жас жігіт, сіз солай ойлайсыз, себебі өз өміріңізді толық талдаумен айналысқан жоқсыз. Сіз қалай өмір сүрудесіз, өмірде сізді әртүрлі шешімдерді қабылдауға не итермелейді. Шын мәнінде сіздің өміріңізді, сіздің талғамыңызды, қабылдауыңызды, сіздің таңдауыңызды біреудің епті басқарып, манипуляция жасағанын сіз тіпті де байқамайсыз. Себебі элитаға еркін адамдар емес, құлдар қажет! Тек сіздің түсінігіңізде сізді басқару үшін ең аз дегенде үстіңізден қарап тұратын, қолына қамшы ұстаған біреу болуы керек. Бұл жалған сенім (жалған наным, ескішілдік). Заманауи әлемде оның жаңа технологияларымен барлығы анағұрлым оңайырақ әрі тиімді. Элита сіздің санаңыздан, сізге қалай өмір сүру керектігін және кімді, нені ұнатуды, өміріңізде неге басымдылық беруді айтатын бақылаушыны епті жасаған. Және

оны адамға әсер етудің ең ежелгі тәсілімен — қазіргі кезде жарнама деп аталатынның көмегімен жасаған.

— Ал неліктен жарнама ежелгі тәсіл? Ол тек аз уақыт бұрын ғана теледидарда пайда болды емес пе, — деп Руслан түсінбеді.

— Ол сізге солай көрінеді. Ал шын мәнінде бұл құбылыс ақылды адам бар кезден бері өмір сүріп келеді, — деп Ариман жымия жауап берді. — Қазіргі жарнама сөзі ежелгі латын тілінің *reclamare* сөзінен «айқайлау», «жария ету» дегенді білдіреді. Және ертеректе ол жазбаша түрде де жиі қолданылған және әсіресе ауызша, қажетті ақпараттарды арнайы — базардағы жар салушылар, хабаршылар (глашатай), жаршылардың және сол сияқты адамдардың көмегімен қолданған. Бұл адамға ықпал етудің ежелгі тәсілі. Және ол адамның өзгермейтін психологиялық ерекшеліктеріне, яғни өзі сенуді қалағанға сену және қалағанын шындықтан көруіне негізделген. Ақылды жарнама жәй ғана адамдағы «ұйықтап жатқан» тұтынушылықты оятады. Ол еліктіріп және оны еліктеуге итермелейді.

— «Ұйқыда жатқан тұтынушылық»? — деп Юра қайтадан сұрады. — Ал ол нені білдіреді?

Ариман сол бойда түсіндіріп берді.

— Мысалға, сен бір нәрсеге сенімсіздігіңді сезініп, өзіңнің бағанды түсіріп, бірақ сонымен бірге өзіндегі бұл сезімдерді басуға тырысасың. Бірақ олар сенен ешқайда кетпейді. Олар тек түпсанаңда «ұйқыда» болып, бұл жеке эмоционалды мәселені немесе толық психологиялық мәселердің комплексінің жақсы шешілуін күтумен болады. Және осы сәтте алдыңда саған армандағанды береді деп сені иландыратын жарнама пайда болады. Және осының барлығы ең жақсы жағынан көрініп, әрине сенің көңіл-күйіңді көтереді, себебі түпсанада сенің «ұйқыда жатқан» қанағаттандырылмаған қажеттіліктеріңді оятады. Нәтижесінде сен Павлов иті сияқты таныс қоңырау үнінде, сілекейің ағып, саған «тәтті сүйекпен» жасырып бергенді алуды қалайтын боласың.

Жарнама эмоционалды әсер етудің кең спектрін пайдаланады. Ол сенің табиғи қажеттіліктеріңе жүгінеді. Мысалға деніңнің сау болуы, табысты болу, байлық, бақыт, сұлу көріну; сенің атаққұмарлығыңа (*тщеславию*), өзіңнің маңыздылығыңа, өзімшіл мақтаныш сезіміңе (*мании величия*), әлеуметтік статусыңды көтеруге деген ұмтылысыңды және тағы сол сияқты. Яғни, шын мәнінде адамдар тобырымен өзінің амбициясының жетегінде кетеді, ал оған қоғамдағы үстем болған пікірлерді пассивті қабылдайтын негізгі қажеттіліктер кіреді, тенденциялар, әлеуметтік көпшілікпен өзіңді идентификациялау, осылайша өзіңнің жеке психологиялық және эмоционалды

мәселелерінді реттеймін деген жасырын үмітің. Бірақ осының барлығы элита епті пайдаланатын дәл сол қамшының өзі.

Оянындар да айналаға қараңдар! Өйткені шын мәнінде сіздер мызғымас (берік, баянды) деп есептегенді, сіздер секілді адамдар ойлап тапқан. Тек олар кішкене өздеріне сенімді және табандырақ. Қоғам өмір сүретін заңдарды кім жазады? Адамдар. Сәнге кім бағыт береді? Адамдар. Идеалды кім анықтайды? Тағы да көпшілікке өз ойын епті таңа білген адамдар. Ақылды адамдар толық бір халықтар үшін батырларды, табынатын мінсіз адамдардың мүсінін дүниеге әкеледі. Және бұл алғашқы қауымнан бастап бүгінгі күнге дейін барлығында болған: тағамды таңдаудан бастап, көрнекі өнердің тауарларына дейін. Мысалға Пикассо картиналарын алып қарайық. Мен оған қарағанда аяғыммен жақсы сурет саламын. Ал оның туындыларын көпшілікке, шебердің неоклассицизм рухындағы өткір-мәнерлі (обострённо-выразительных), кубизмнің негізін қалаушы, өнер туындыларының қоғамдық маңызы өте үлкен деп мадақтаумен жеткізеді. Немесе Малевичтің «Қара квадратын» алып қараңыз. Адамның көңіл-күйі болмай, жәй ғана, іші пысқаннан парақты қара бояумен сиялаған. Ал адамдар сияланған осы параққа таңғалып, ол жерден терең философия табады. Және солай бола береді, өздеріне жария еткенге сенулерін де жалғастыра береді! Өйткені бұл көпшілікті басқарудың психологиялық механизмдері арқылы өткен.

Немесе үлкен Джон Рокфеллерді алып қараңыз. Бұл адамның аты аңызға айналып, ол адамды барша әлем біледі. Және ол тірі кезінде-ақ миллиондарын қайырымдылыққа жұмсап, балаларға сыйлық (гостинцы) берген мейірімді қария образына айналған. Ал шын мәнінде — бұл жәй аңқау жұрт үшін «әлеуметтік пікірді» қалыптастыратын сөздермен ақылды ойнау ғана еді. Джонның жұтырлығы соншалықты, ондай адамдарды іздеп табудың өзі қиын. Ал қайырымдылық туралы не айтуға болады? Балалар бір ғана қарапайым ақиқат естерінде болсын: ірі кәсіпкерлер ешқашан ақшаларын қайырымдылыққа босқа шашпайды. Олар сол проектіге тек өздеріне пайдалы болған кезде ғана, өздерінің кәсіптеріне жарнаманы, өздерінің абыройларына, қоғамдағы құрметіне пайдасы болған кезде ғана шығынданады. Немесе лас ақшаларын заңдастырудың (тазартудың) епті тәсілін көрсе ғана барады. Бірақ ешкім жайдан-жай саусағын да қимылдатпайды. Сонымен Джон Рокфеллер өте ақылды қадамға барды. «Қымбат» қайырымдылық арқылы өзінің атын жарнамалауға капиталын шығынданамас үшін ол анағұрлым жақсырақ жасады. 1903 жылы Рокфеллер өзіне жас репортер Айви Лиді отбасының жеке «кеңесшісі» етіп жұмысқа алып, еңбегін жақсылап төлейді. Және бұл репортершы публикацияларында қоғамның пікірін мүлдем өзгертіп, дүниеқоңыз Джоннан өз заманының ұлы игі іс жасаушысы, адамдарға

камқорлықпен қараушы адам бейнесін жасайды. Сондықтан естігендеріңіз бен көргендеріңіздің барлығына сене бермеңіздер. Бұл әлем — тұтас театр ойыны!

Сондықтан балалар, ойланыңдар, жақсылап ойланыңдар, кім болғыларың келеді, осы тобырдың маңыраған бір мүшесі ме, әлде сол тобырдың шопаны ма. Өйткені тек сол кезде ғана шын түсінігінде Еркіндіктің, жұмақтық өмірдің не екенін сезініп, түсінесіздер. Себебі сіздер руханиятқа ұмтыласыздар. Бірақ сіздер бұл өмірде өздеріңе жұмақтық жағдайды жасауға мүмкіндіктерің болмаса, егер осы жерде өздеріңді тақыр кедейлік өмірге байлап, ауру мен қорқынышпен өмір сүрсеңіздер, ендеше сіздер ол жақта жұмаққа түсуге қалайша үміт артасыздар? Әр нәрсе өзіне ұқсайтынды тартады (Подобное-то притягивает подобное)! Себебі бір нәрсені жасап шығару үшін өзің жасаушы болуың керек емес пе! Ал ол үшін түпсананды басқарып, білім мен күшке ие болуың қажет. Ендеше өзгеріндер, еркін адам болыңдар! Және бұл әлем баяғыда-ақ ақылдылар мен ақымақтарға бөлінген, ақылдылардың қасында болыңыз, әйтпесе сізден ақымақты жасайды.

— Иә-ә-ә, — деп Виктор ойлана созды, — қалай айтсақ та өмір деген қиын нәрсе.

— Алғашқы жетпіс жылы ғана қиын, ал кейін үйренісіп кетесің, — деп Ариман күлкімен айтты.

Балалар күлді.

— Ал егер байсалды айтатын болсақ, бар күрделілігі сіздерге таңылған таптаурындардың (стереотипы) шынжырын үзіп, өзіндегі құлды өлтіруде жатыр. Ал қалғандары өте оңай, — деп Ариман жалғастырды. — Барлығын қолыңа алып, өзіңнен басқа адамды, еркін адамды жасауың қажет! Мінекей сіздер қаншама нәрсені: өз түпсаналарыңмен жұмыс жасауды, өз кәсіптеріңді бастауды білесіздер...

— Ал бизнесте қалай табысқа жетуге болады? — деп кенеттен Руслан сұрағын қойды. — Енді, тек менен ғана сатып алатындай?

— Өте оңай. Дөңгелекті ойлап табудың қажеті қанша, егер дайын велосипед тұрса.

— Ага, — деп Женька қостады да, күлкімен: — бастысы, оның жүрісі кезінде дөңгелекке қарағанда таяғы аз болса болғаны, — деді.

— Жарнаманы пайдалан, — деп Ариман Русланға қарап сөзін жалғастырды. — Ол сенің тауарыңның немесе қызметіңнің өзің қалағандай көп тұтынушыларын қалыптастырады. Көбейту кестесі секілді сенің жарнамаңның бес алтын ереже-мақсаты бар: 1) мәлімдеу (хабарландыру); 2) қызықтыру (зажигать); 3) сендіру (убеждать); 4) иландыру (внушать); 5) есіне салу (напоминать). Сенің жарнамаң қаншалықты ерекше болса, соншалықты көпшіліктің жасырын шегіне (струн) әсер етіп, сен соншалықты бай әрі

табысты боласың. — Және ендігі балаларға қарап Ариман: — Мен сіздерге үлкен бір құпияны ашайын: адамдар өздері нені қалайтынын өздері білмейді. Естеріңізде ме, Салтыков-Щедриннің «бір нәрсені қалаймын, бірақ не екені түсініксіз: конституцияны ма, әлде ақжелкек қосылған бекіре балығын ба» деп жазғаны. Және осыған ұқсас күй әрбір адамда болады. Ендеше осы екіұдайылықты пайдаланыңыздар. Адамға сіздің өнім түріндегі «шын қажеттілігін» анықтауға жарнама арқылы көмектесіңіз. Естерінде болсын, егер жақсылап жарнамалайтын болсаң, тіпті боқты да пайдамен сатуға болады. Және адамдар оны ерекше ықыласпен сатып алатын болады, тіпті сол үшін бір-бірімен төбелесуге дейін барады. Бернард Шоу айтпақшы, егер адамдарға үнемі жылқының арты — сұлулықтың шыңы деп айта беретін болса, бірнеше уақыттан соң олар оған сенетін болады. Адамдар — жәй ғана адамдар. Егер өздері алдануды қалайтын болса, ендеше солай-ақ болсын.

Ариман бірнеше уақыт үнсіз жүрді де, кейін күле сөйледі:

— Менің ойыма өмірімдегі осы тақырыпқа байланысты бір күлкілі оқиға түсті. Біршама ертеректе бір шаруларыммен Германияда болып, түскі ас ішу үшін кішкене қалашықтағы жергілікті мейрамханаға тоқтадым. Қаланың орталығында орналасқан, біршама жайлы, әдемі безендірілген және керемет асханасы бар мейрамхана екен. Бірақ мені түскі ас кезінде ол жерде ешқандай келушілердің болмағаны таңғалдырды. Мен мейрамхана иесінен мұның себебі неде екенін сұрадым. Ал иесі маған қанша тырысса да, не жасамаса да, халықты бұл жерге тарта алмай қойғанына шағымданды. Тұрақты келушілер жоқ десе де болады. Және әр күн сайын шаруасы нашарлай бастаған. Енді мен оған әзіл ретінде мейрамхана жанына есекті байлап қоюға кеңес бердім. Және сіздер қалай ойлайсыздар, ол барлығын тура мағынасында қабылдаған болып шықты. Көмекшісін жақын маңдағы ауылға жіберіп, есекті алып келіп, есік алдына байлап қояды. Ойлап көріңіздерші, есектің қандай күйде болғанын?! Күні кеше тыныш қана жайлауда шөбін жеп жүрген ол, қайда екені белгісіз үнемі көліктер мен адамдар жүретін шулы жерге тап болады. Есек қорыққанынан қатты бақырып, әрине адамдардың назарын аударған. Лезде бақырған үнге адамдар жиналып, бұл одан да көп адамның жиналуына әкелді. Халық мейрамхана айналысында топырлап, көбісі есекке қарап мейрамханаға кіре бастаған. Бірнеше күннен кейін сапарымнан қайтып келе жатып сол мейрамханаға барсам, бос орын болмады. Бірақ иесі мені көріп, өзінің жұмыс бөлмесіне түскі ас ішуге шақырып, менің кеңесімнің өзіне қалай көмектескенін айтып берді. Осылай екеуміз достасып кеттік. Сол күннен бері әлгі мейрамхана иесінің шаруасы тез өрге домалады. Енді ол ірі қалаларда үлкен мейрамхана желісі бар атақты әрі құрметті адамға айналды. Және барлығы менің кеңесімнің арқасында деп айтуға болады.



— Және ол адамға пайда әкелген әлгі есектің де, — деп Женька қосты.

Балалар күлді, ал Ариман разы болғандай айтты.

— Міне көрдіңіздер ме, сіздер бизнестің мәнін ұғына бастадыңыздар. Шын мәнінде бұл істе қиын ештеңе жоқ. Тек әрқашан бір бас жоғары болып, басқалары көрмегенді байқап, оны өзің үшін пайдалана білу. Естеріңізде болсын балалар, мен тағы да қайталап айтамын, егер сіздер өз Аффиксіңіздің таланты мен қабілетін ашуға қол жеткізсеңіз, сіз басқа адамдардың да түпсанасына ықпал етіп, оларға өзіңізге пайдалыны жасатқыза аласыз. Бірақ барлығы өзіңізбен, түпсанаңызбен жұмыс жасаудан басталады. Ал қалғандары — бұл енді техникалық әдіс-тәсілдер. Түпсана сіздерді идеямен және сіздің жобаны іске асыру үшін қажеттінің барлығымен қамтамасыз етеді. Ең бастысы — дұрыс қалыптасу, дұрыс ойлау және ең маңыздысы сізде барлығы іске асады (болады) деген шын сенімнің болуы! Сіздердің назарларыңызды Киплингтің мынадай керемет өлең жолдарына бұрғым келіп тұр. Оны мұқият тыңдаңыздар.

Ариманның даусы өзгеріп, ерекше таза, шабытты әрі тамаша үнге айналды. Оның көмейінен таңғаларлық сөздер төгілді:

«Масыл топқа мұқалтпағай жігерінді

Тұқыртып жатса да, табалап жатса да,

Өзіңе сен, сыбанып ап білегінді

Міз бақпағай жазықсыз кінә тақса да.

Жұлдызың тумаса оңынан – еш талмастан күте тұрып

Алдаушылар өтірік айтса да, жалғандықтан бойыңды ада қылып,

Кешірімді де бола біл, бос дабырламай.

Жомарт жүректі, басқалардан ақылды болғай.

Армандай біл, бірақ құлы болма оның

Ойға да шом ақиқаттан алыстамай,

Жақсы да, жаман да ұшырасар жолда шырақ,

Тең қабылда, дауыстары өтірік екенін ұмытпа бірақ.

Айтқан сөзіңе сара бермей,

Жылпысты ақымаққа күлкі етсең, ішіңнен тын.

Бар өмірің бұзылып, құрдымға кеткен кезде,

Қуанышты үмітпенен

Барлығын қайта бастауға талпын.

Еңбекпен тергеніңнің барлығын

қуанышты үмітпен бәске тіге біл,

Барлығынан ұтылып, бұрынғыша кедей болсаң

Кеуденді өртемесін қайғы мен мұң.

Жүрегіңменен жүйкеңді және тәнді  
Қызмет жасат өзіңе жаның барда бойыңда.  
Барлығы әлдеқашан бос болып, өртке оранған,  
«Алға жүр» дейді саған ерік күші ғана.  
Ұлық болсаң кішік бол, дұрысы сол  
Өзегіңді өртесе де, көпшілікке шыныңды айт.  
Дұшпанға да досқа да тіке айтқын  
Уақыты келгенде барлығы сенімен санассын.  
Уақытты ысырап етпей, мағыналы  
Ғұмырдан сүр мағынаға толасып шақ,  
Сонда саған күллі жахан бағынады  
Сонда қалқам, Нағыз Адам боларың хақ!»

Ариман үнсіз қалған кезде ауада салтанатты тыныштық орнады. Біздер осы тамаша өлеңге тамсанып жәй ғана келе жаттық. Созылған тыныштықты бірінші болып Виктор бұзды.

— Не деген қуатты өлең, ешқашан естіп көрмеппін.

— О, өміріңізде әлі одан да артығын еститін боласыз, жас жігіт. Бастысы жәй ғана құлақ тұру емес, тыңдап (естіп) үйрену, — деді Ариман.

Бұл өлеңге қатты таңғалған біздің ұжым, жолымыздың соңғы нүктесіне қалай жетіп қалғанымызды байқамай да қалдық. Осылай терең үнсіздікті сақтап біздер жағалаудағы жанған отқа дейін жүрдік. Ең таңғаларлығы жағалаудағы от жанында Ариманның тапсырмасымен біздің «мүлікті» күзетуге қалған тек екі матрос қана емес, бізден қара жолда артта қалған Сэнсэй мен Николай Андреевич отырды. Және олардың шай ішіп отырғанына қарағанда, біздерді күткендеріне біршама болған сияқты. Қара жол (грунтовой) айналмалы болғанына қарамастан, тіке жүрген біздерге қарағанда олардың анағұрлым тезірек жеткені анық еді.

— Міне парадокс! — деп Женька от жанындағы Сэнсэйді көріп күлді. — Ал сіздер біраз артта қалып қойды деп ойлап едік!

— Күркетауықта (индюк) солай ойлаған, — деп Николай Андреевич жайдары күлді, — бірақ сорпадан бір-ақ шықты.

— Енді иә, ғасыр өмір сүр, ғасыр оқы, — деп Стас әзіл аралас айтты.

— Ал бізге жолдан бұрылып жолды қысқартқандай көрініп еді — деп өз кезегінде Виктор таңғалды. — Ал жүру анағұрлым ұзақ әрі қиын болды. Егер біздер білсек...

Женька өзінің желкесін қасып, ақылды түр танытып:

— Маған бұл ойдың (ақылдың) не керегі бар, уақытында келмегесін (Кабы мне тот разум наперёд, что приходит опосля), — деді.

Бұл клоундасынан барлығы тағы да күлді. Және күлкі басылған кезде Сэнсэй сөз бастады:

— Соломон бірде айтқан екен: «Мен қараңғы түнекке қарағанда жарықтың пайдалы екендігі секілді, даналықтың да ақымақтықтан пайдалы екенін көрдім... Бірақ жалғыз тағдыр кемеңгерге де, ақымаққа да келетінін білдім» депті.

Сэнсэй Ариманға қарап, екеуі неге екені белгісіз мұңая күлімдеді. Балалар Сэнсэйдің айтқандарының мәнін толық түсінбей, бизнес туралы үзілген тақырыпты Ариманмен жалғастыруға тырысты. Бірақ Ариманның өз жоспары болғаны анық еді. Ол балалардың назарын өзінің яхтасының сұлулығына біртіндеп аудара бастады. Күндізге қарағанда түнгі қараңғылықта ол шыныменде әдемі көрінеді екен. Яхта көз тұндырарлық жарық иллюминацияларымен жарқырайды. Олардың көп болғаны соншалықты, шашқан жарығы яхтаны өзінше бір қанық аурамен қоршағандай көрінеді. Яхтадан құлаққа жағымды әуен естіледі.

— Сізде ол жерде немене, кешкі дискотека ма? — деп Женька жымыя сұрады.

— Енді соған ұқсас бір нәрсе, — деп Ариман күлді.

— Сіздің ұжымның жолы болғыш, — деп Женька қызғана айтты. — Сіздей адаммен, осындай яхтада әлемге саяхат жасау! Ух! Самал желмен! Яхтаның іші сыртқы сұлулығынан кем түспейтін шығар?

— О, іші анағұрлым әдемі, — деді Ариман. — Айтпақшы, менің ұсынысым бар. Егер сіздер қатты шаршамасаңыздар, сіздерді менің яхтамды көруге шақырамын, әрине егер қаласаңыздар. — Және қызықтыратын даусымен: — Айтпақшы ол жерде тек жақсы әуен ғана емес, балмұздақ пен жеміс-жидектер де бар.

— Қалаймыз, қалаймыз! — деп балалар хормен қуана айтты.

Ариман достарша күлімдеді де өзінің көмекшісіне:

— Велиар ұйымдастыр, — деді.

Велиар сыпайы тағзым жасады да балаларды қайыққа қарай алып кетті. Менде басында барлығымен бірге барғым келген. Бірақ суға және шайқалған қайыққа қарап, тағы да біртүрлі жағдайым нашарлай түсті. Ағзам қайтадан біртүрлі ішкі дискомфорттың дабылдарын бере бастады. Және барлығымен бірге жүзу ниетім өздігінен жоғалып кетті. Бірақ шынымды айтсам, мен яхтаны қатты көргім келді, оның үстіне біздің балалардың барлығы, Татьяна мен тіпті Николай Андреевичте кетті. Бірақ менің ағзам үшін күн қатты ауыр болған секілді. Мен онсызда лагерге әрең жетіп едім. Өзіміздің шатырлардың жанында қалған соң, ерік күшін еңбегі сіңген демалысына жіберді деп айтпақшы, мен мүлдем босаңсып кеттім. Лезде ағзамды әлсіздік басып

демалуға деген ниетім пайда болды. Сондықтан біздің балалар яхтаға баруға қайыққа мініп жатқан кезде, ақылыммен өмірімді енді қайтып көруге болмайтынды жіберіп жатқанымды түсіндім. Бірақ менің тәнімнің осындай ыңғайсыз күйі (конфуз) мені түпкілікті түрде, келеңсіз жағдайлар орын алмас үшін өз шатырыма тезірек жету туралы шешімге байлады. Ариманның яхтаға бару туралы осындай қызықтыратын ұсынысынан амалсыздықтан бас тартып, мен өзімнің шатырыма қарай қозғалдым. Және бойымды түсініксіз күй биледі: бір жағынан осындай ыңғайсыз сәтте ағзамның әлсіздік танытуына ашуым келсе; ал екінші жағынан — ақыры барлығынан демаламын деген тыныштық пен қуаныш болды. Қалай болғанда да өзімнің «үйіме» жетіп, бұл күйге терең үңілген жоқпын. Тек аздап тынығуды ғана шештім, себебі ертедегі адамдар айтпақшы ең жақсы дәрі — ұйқы.

Қанша уақыт өткенін білмеймін, бірақ көзімді бір нәрсе болғандай біртүрлі сезіммен аштым. Шатырға Татьяна әлі келмеген екен. Мен өзімді тындай бастадым. Менің күйім біртүрлі ерекше болды. Және осының барлығы түс пе, әлде барлығы шыныменде өнімде болып жатыр ма, ақыры түсінбедім. Егер мен ұйқыда болсам ендеше неліктен ойларым осындай анық әрі ерекше, құдды бір жаңадан туылғандай бойыма күш толып, түсініксіз шабыт алғандаймын. Таңғаларлық, бірақ мен ауырсынуды сезінгеннен гөрі, ауырсынуды өзіме-өзім жасап жатқанымды түсінгендеймін. Өзімнің сезімдерімді толық түсінбестен төсектен көтеріліп, шатырдан шықтым. Тәнімде ерекше жеңілдік сезіледі. Және ол біртүрлі бір сарынды қозғалатындай (плавно). Мысалға егер мен қолымды көтергім келсе, ол тек бірнеше сәттен кейін ғана көтерілді. Бұның барлығы мен үшін біршама қызықты әрі біртүрлі еді.

Қоршаған ауа біртүрлі тығыздалғандай. Бірақ мені қатты таңғалдырғаны айналадағы тұнған тыныштық еді. Әуезді әуен де, балалардың көңілді дауысы да, тіпті жағалаудағы үйреншікті толқын үні де естілмейді. Бұл әлемдегінің барлығы өліп қалғандай айнала таңғаларлықтай тыныштықта болды. Бұл мендегі араласқан сезімдерді тудырды: айналаның барлығы өлі еді, бірақ мен оның тірі екенін түсіндім, дегенмен ол өмір сүріп жатқан жоқ. Ол бір мезгілде өлі әрі тірі секілді.

Мен басымды жоғары көтеріп үлкен аспанға қарадым. Ол мақпал картинаға біреу ұсақ жарқыраған гауһарларды шашып жібергендей, жарық жұлдыздармен көмкерілген. Ғарыштың осындай сұлулығы мен тыныштығы маған одан сайын шабыт берді. Мен назарымды теңізге қарай бұрдым. Бұл тұңғиық қараңғылықта Ариманның яхтасы жалғыз жансыз (өмір жоқ) жұлдыздай жарқырайды. Мен тіпті осындай салыстыруыма өзімде таңғалдым. Бірақ кейін оның шыныменде өмірсіз екендігін түсіндім. Ол жерде ешкім болған жоқ, балалар да, матростар да. Әуезді әуен түгелі, әңгіме дауысы да

естілмейді. Яхтада әлгіндегі көңілді, уайымсыз өмір ешқашан болмағандай. Құпиялы тыныштық қана емес, уақытты сезінуім де ерекше болды. Дұрысы, әдеттегі уақыт түсінігі мүлдем болмағандай. Құдды бұл түсінік мүлдем жоғалып кеткендей. Өзінің болғандығы туралы тіпті аз да болса дәйек қалдырмай, шексіздіктің құпия қорларының бірінде жоғалғандай әсер қалдырады.

Осындай бір ғана сәттің мәңгілікке созылғандай, тоқтап қалған ерекше сезімінен менің тіпті денем тітіркеніп кетті. Барлығы біртүрлі шынайы емес, үйреншікті еместей, мен шынайылықтың мүлдем басқа сферасына түскендей болдым: жақын бірақ соншалықты алыс, жаныма жақын әрі жақсы таныс, бірақ соншалықты бөтен, өзінің жаңашылдығымен, уақыттың жоқтығымен (безвременьем), абсолютті тыныштығымен қызықтырады. Мен осындай әдеттегі, бірақ мүлдем ерекше таңғаларлық әлемге тамсанумен болдым. Және осы сәтте дауысты естідім.

— Ұрпақ келеді де кетеді, ал жер мәңгілік жасайды. Таң атып, күн батады және күн өзінің шығатын (таң ататын) жеріне асыға ұмтылады... Барлық өзендер теңізге ағады, бірақ бұдан теңіз толып кетпейді: өзен суы аққан жерге қайтадан су ағу үшін олар қайтады... Не болу керек болса сол болады, не жасалу керек болса, сол жасалады, күн астында еш жаңашылдық жоқ... Өткен шақ туралы естеліктер жоқ; бірақ болатындар да, болатындардан кейінгілердің жадында сақталмайды...

Басында маған дауыс жұлдыздардан, белгісіз бір төбе жақтан шыққандай көрінді. Мен басымды көтердім, бірақ жарықтан басқа ешнәрсе көрмедім. Кейін ол аяғымның астынан естілгендей көрінді. Бірақ аяқ астында тек ылғал құм ғана болды. Кейін дауыс мені жан-жағымнан қоршағанын сезіндім де айналама қарай бастадым. Бірақ қай жерге қарасам да, айнала қараңғылық еді. Және тек соңғы сөздер маған дауыстың шыққан жерін көрсетті. Тек қазір ғана жағалаудағы сөнгелі тұрған алау жанында Сэнсэй мен Ариманның отырғанын байқадым. Оларды көріп қуанып қалдым. Бірақ оларға қарай бір қадам баса бергенім сол еді, кенеттен әлем сілкінгендей болды. Біртүрлі жыртылған матаның даусына ма, әлде электр тоғының разрядына ұқсас па әйтеуір түсініксіз табиғи емес қатты дауыс шықты. Және сол бойда біресе анық, біресе түсініксіз дыбыстар ағыла бастады. Олардың ағылғаны соншалықты, құдды бір желді ауа райында шытынаған терезе әйнегінен өкпек жел соққандай болды. Әлем дәл екіге бөлінгендей. Еркімнің күшімен мен бұл дыбыстарды түсінуге талпынып, назарымды жинақтауға тырыстым, осы әлемдер арасында жасандылықтан шынайылыққа теңселгенді сындыруға күш салдым. Таңғаларлық, бірақ бұл қолымнан келді. Өзімнің назарымды жинақтауды

күшейтіп, мен басында үзінді сөздерді ести бастадым, ал кейін біртүрлі болып жатқан әңгімені естідім.

— Мен қатты шаршадым, Ригден, қалай шаршағанымды білсең, — деген ерекше тұнық дауыс естілді. Барлығына қарағанда бұл Ариманның дауысы секілді. — Күн сайын қайталана беретін сол баяғы бір нәрсе. Бұл бірқалыптылық (серости) ішінде ешқандай творчества жоқ.

— Демек сен, Абраккас, жақсы жұмыс жасағансың, — деген Сэнсэйдің әуезді дауысы естілді.

— Маған көптен бері жұмыс жасаудың да қажеті жоқ, — деп Ариманның сырлас дауысы мұнды-мінеуші (осуждающий) үнге айналды. — Қазір «энтузиастардың» көптігі соншалықты, бұл жерде кәсіби шеберлерге бітіретін ештеңе жоқ. Тіпті осыған қараудың өзі жалықтырып жібереді. Және сен осы жобадан бір нәрсені шығаруға болады деп әлі үміттенесің бе?

— Мүмкін, әлі бір нәрсе жасауға болатын шығар. Өйткені Әкенің (Отче) ойы болжамсыз, Оның еркінің ісі сарқылмайды (Ведь замысел Отче неисповедим и промысел воли Его неисчерпаем).

— Білмеймін, Ригден, білмеймін... Бүтіннің бір бөлшегі қанша дегенмен бөлшегі, себебі ол өзінің жекелігінде бүтіннің сипаттамасын қайталайды. Осындай жағдайда және материяның превальвациясында оның бүтін бір бірлікке айналуы екі талай, оның үстіне бұл жобаның аяқталар сатысында.

— Тіпті бөлшектің осындай орналасу конъюнктурасында да оның бүтінге айналуға әлі мүмкіндігі бар, — деді Сэнсэй.

— Енді иә, әсіресе оның болып жатқанды елемегенін ескеретін болсақ, ол миллиардтан бірге тең болады, — деп Ариман мысқылдады.

— Мейлі солай-ақ болсын, бірақ бұл сонда да олар үшін шын мүмкіндік, — деп сұхбатшысы ойлана жауап берді.

Кішкене үнсіздік орнады. Демімді ішіме тартып, мен өз орнымда тұрдым, назарымды жинақтаудың арқасында бұл әңгімені анық естідім, құдды бір кеңістікте естілетін саңылау пайда болғандай және осы концентрациямды жоғалтып аламын деп қозғалуға қорықтым.

— Мені бір ғана нәрсе жұбатады, ғаламдық осы дәрменсіздіктің (бессированию) соңы келеді, — деді Ариман. — Сондықтан маған, осы шын мүмкіндіктерге босқа уақытымызды зая қылып жатқандай көрінеді. Өте көп күш пен амалың кетеді, бірақ еш нәтиже жоқ.

— Мүмкін сенікі дұрыс шығар, бірақ...

— Әрине менікі дұрыс! — деп Ариман нақтылы сөйледі. — Мен бұл құрылымды аяғынан басына дейін зерттеп шықтым. Сіздер бұл жерде тек сирек қана боласыздар, ал мен бір сәтке де кете алмаймын. Сен өткен жобаны есіңе алшы!

— Иә ол кезде барлығымызға жұмыс жететін еді.

— Және нәтижесі де көзге көрініп тұрды. Ал бұл жерде ше? Біріңғай стандарт қана... Сондықтан бір нәрсе шығарудың мүмкін болуы екі талай, — деді де, мұңая: — Осының барлығы мені қаншалықты жалықтырғанын сен білсең. Мен осы бітпейтін тәжірибелерден шаршадым. Және осыны бастаудың не қажеті бар еді? Бұрындары қандай жақсы болған, — деп қосты.

— Ендеше бұл кімнің идеясы?! Кім сені мәжбүрледі, Абраксас? Өзің сұрандың емес пе!

— Иә, Ригден, егер бастаманың орындалуы осыншалықты жаза болатынын білсем, — деп Ариман мұңая күлді.

— Жасампаздықтағы табиғи процесс, — деп сұхбатшысы мұңды жымыды.

Осы сәтте біреу дауысын бар күшіне қойғандай, әлем өз үнінде дәл бір жарылғандай болды. Дауыс толқыны осы үйреншікті емес әлемді быт-шыт қылып мыңдаған жарықшақтарға бөлгендей. Және кәдімгі әлемнің жиналған дауысы құдды бір қайнаған ағынның үлкен сынған аквариумы арқылы, осы кеңістікке бір деммен түсіп кеткендей әсер қалдырды. Маған жаман, хайуани қорқыныш шабуыл жасады. Осындай айтып жеткізу мүмкін емес қатты дауыстан мен отыра, бар тәніммен бүрісіп, көздерімді тас қыла жұмып, қолдарыммен құлақтарымды жаптым. Қорқыныш бар тәнімді басып алды. Денем дірілдей бастады. Қорқыныш қар көшкіні секілді күшейе берді. Бірақ осындай қатты какофония даусының арасынан, менің таңғалысыма орай біздің балалардың тамсанған дауыстары естіле бастады. Бұл менің болып жатқанға қорқынышымды біршама жеңілдетті.

Маған аз да болса сабама келіп және көзімді ашуға көп ерік-жігерім қажет болды. Және ақыры бұл болған кезде, әлемнің дауысы тағы да қайтадан өзінің қалыпты күйіне келді. Басында мен жағалаудағы толқындардың шолпылын естідім. Кейін полубасында біздің ұжым тұрған Ариманның яхтасын көрдім. Балалар аспандағы ұсақ, әртүрлі от шашуға тамсана қарап қолдарын сермеп әрі қуана «ура» деп айқайлап тұр. Жаңа от шашу атылып, аспанда, теңіздің үстінде әдемі, көздің жауын алатын жұлдыз қалықтады. Оның әдемі болғаны соншалықты, мен барлық қорқыныштарымды әп сәтте ұмытып оны еріксіз тамашаладым. Үлкен кеңістікті өзінің қайталанбас нұрымен жарқыратып, аққан жұлдыз орнын келесі от шашуға беріп сөнді. Келесі от шашу аспанды көптеген кішкене алауларымен ерекше қызыл түске бояды. От шашуға тамсана қарап тұрған мен, бірнеше уақыт оның ғажайып түстегі, шеңберлі, фонтан секілді ерекше ою-өрнек түріндегі көрінісін бақылап тұрдым. Бұл үздіксіз от шашулар балалардың тамсана айқайлаған дауыстарымен, олардың ысқыра қол шапалақтауымен бірге жүрді. От шашудан теңіз аспаны жарқырағаны соншалықты, жағалау күндізгідей жап-жарық болып кетті.

Мен айналама көз салып, қатты салқындықты сезіндім. Тәнім баяғыша жеңіл дірілдеп тұр. Және бұл таңғаларлық емес. Себебі мен салқын құмда жалаңаяқ тұрған екенмін. Оның үстіне теңізден жағалауға дымқыл ауаны әкеліп салқын жел де есіп тұрды. Осының барлығын тек қазір ғана сезінгенім қызық. Үстімдегі спорттық киімнің мені жылытпағаны анық еді. Осындай салқыннан бүрсең қағып, мен Сэнсэй мен Ариман отырған отқа баруға асықтым. Тәнімдегі ерекше жеңілдік жоғалып кетті.

Әлем тағы да біртүрлі қатқыл, салқын әрі жайлы еместей көрінеді. Бірақ ол маған бала күнімнен таныс бастапқы сол әлем еді. Неге екенін қайдам, бірақ мен бұл әлемді жаңа ғана сезінгенімнен айырмашылығын тек алғашқы минуттарда ғана түсінетінімді, кейін барлығы өз қалпына келетінін ұғынғандаймын. Сондықтан отқа жақындап, мен сезіне алған сол ерекше сезімдерді жадыма қайта түсіріп, ләззат алуға тырыстым. Бұл кезде мен тағы да Сэнсэй мен Ариман әңгімесінің жалғасын естідім. Бірақ бұл жолы олардың дауысы қалыпты естілді. Және ер адамдардың дауысы мен отқа жақындаған сайын әдеттегідей күшейіп, кезекті от шашу гүрсілінде жоғалып отырды.

— ...Және сен, Сэнсэй, олардан жарытып бір нәрсе шығады деп үміттенесің бе? — деп Ариман яхтасындағы үзіліссіз мерекені тамашалағаны анық, өзінің қалыпты дауысымен айтты.

— Әрбір адамның мүмкіндігі бар, — деп Сэнсэй жауап берді. — Сондықтан Ариман, олар үшін шешімді сен де, мен де қабылдай алмаймыз. Таңдау еркі оларға тиесілі.

— Иә...таңдау, — деп Ариман ойлана айтты.

— Енді сен қалай қалап едің, Демократия, — деп Сэнсэй әзілдеді.

Ариман ұйқысынан оянғандай, ол да әзілімен:

— Ох, маған осы «demos kratos»-ың!

Екеуі дауыстап күліп жіберді. Осы кезде мен жанған отқа келіп, аз да болса жылынуға тырыстым. Менің келгенімді ешкім күтпеген секілді.

— О, — деп Ариман таңғала айтты, — мен сені яхтада деп ойласам.

Осы сөздерінде ол Сэнсэйге біртүрлі жымысқылана қарады. Ал Сэнсэй разы болғандай жымиды да, жеңімпазша сөзін айтты.

— Демек, барлығы емес, — деді де, ендігі маған бұрылып: Кел отыр. Не болды, жаурадың ба? — деп сұрады.

Осы кезде кезекті от шашу гүрс ете атылып, жағалау күндізгідей жарқырап кетті. Сэнсэйдің маған соншалықты мейірімді, жылы көз қарасынан, ішкі жан дүнием бірден тынышталып, жағымды әрі жақсы болды. Және ең бастысы тоңған сезімім лезде жоғалып кетті.

— Жоға, — деп мен жымидым да, кейін мақтанғандай: — мен жәй ғана тәнімді шынықтырудамын, — деп жауап бердім.



Сэнсэй менің жалаң аяғыма назарын аударды да қамқор ата-анаша:

— Тәніңді шынықтыру — бұл әрине жақсы (закалка). Бірақ оған біртіндеп үйрену қажет. Сондықтан саған бүгінше осы да жететін шығар деп ойлаймын. Дұрысы барып аяқ киіміңді киіп ал, — деді.

Мен салқын құмда бүріскен өзімнің жалаң аяқтарыма қарадым. Жақын болашақта сырқаттанып қалу мүмкіндігі мені де қуандырмады. Сондықтан мен Сэнсэйдің айтқандарын орындауға асықтым.

Мен кроссовкамды киюге кеткен кезде, от шашу да аяқталып, шаттанған біздің балаларды жағаға әкеле бастады. Әртүрлі таңғалыстың шуылы мен гаммасы осы құрлықтың тыныш кеңістігін жылдам толтырды. Мен өздерінің эмоция ағынын маған төгіп жіберген балаларға қосылдым. Олар Ариман мен Сэнсэйді қоршап, өздерінің көрген әсерлерімен бөлісе бастады.

— Сэнсэй, бізбен бекер бармай қалдың. Ол жерде сондай сұлулық! — деп Женька қолдарын қимылдата қуана айтты. — Ол жерде сондай мүсіндер (скульптуры), картиналар, кез-келген әлемдік мұражайың қызығады.

— Ага! — деп Виктор қолдады. — Ал жиһаздарды айтсаңшы, патша сарайынан кем түспейді.

— Және барлығы қызыл ағаштан жасалған, — деп Руслан өзінің мүлкі секілді мақтана сөйледі.

— Және нағыз алтынмен көмкерілген! — деп Татьяна да ерекше шабытпен айтты.

— Ең бастысы ежелгі безендіру мен заманауи құрылғыларды жақсы үйлестіре білген, — деп Володя таңғалды.

Ариман бірінің сөзін бірі бөліп, яхтаның қымбат мүліктері туралы көздері жана айтып жатқан балаларға риза болған көздерімен қарады. Бірақ балалардың жабайы таңғалысымен салыстарғанда Николай Андреевичтің абдыраған түрін көріп, біртүрлі мұңдана сұрады:

— Ал сізге ұнады ма?

— Иә. Өте әдемі яхта. Мен тек түсінбедім, — деп Николай Андреевич Сэнсэйге сұрақ көздерімен қарады. — Сыртына қарағанда іші әлдеқайда үлкен екен.

— О, бұл менің ерекше мақтанышым, — деп Ариман жауап беруге асығып, ерекше атап өтті. — Бұл сәтті жобалаудың арқасы. Және онымен көп мамандар жұмыс жасады. Олар кеңістіктің кең (жалпақ) иллюзиясын жүзеге асыра алды.

— Таңғаларлық, — деп Николай Андреевич санасында, салыстыруға келмейтінді салыстыруға тырысқандай.

Бірақ балалар бұл туралы Николай Андреевичтің тағы не айтатынын күткен жоқ. Олар тіпті бұл жағдайға еш назар аудармаған сияқты. Олардың тағы да тағамға, жабдықтарына, көңіл көтеру мен от шашуға көбірек байланысты

катты таңғалыстары туралы әңгімелері басталып кетті. Бұл тізгінсіз эмоциялар ағыны таңға дейін жалғаса берер ме еді, кім біледі, бірақ Ариман яхтасын көруге шақырғандай бұл әңгімені де кенеттен үзіп жіберді.

— Мен сіздерге барлығы ұнағанына және сіздерге тамаша демалыс болғанына қуаныштымын. Бүгінгі күн сіздердің бақытты болашақтарыңызға жақсы стимул болсын. Балалар, осындай бар байлыққа сіздердің де оңай қол жеткізетіндеріңізге мен сенімдімін.

— Біз тырысамыз! — деп Руслан бәріміз үшін шаттана айтты.

— Соған үміттенемін, — деп Ариман жымия айтты да, Сэнсэйге, екеуі айтылғаннан анағұрлым көп нәрсені білетіндей біртүрлі қарады. — Бірақ, өкінішке орай, жолға шығу қажет. Теңіз шақырады деп айтпақшы.

— Қалайша, барлығы біткені ме? — деп Костя қапаланды.

— Өкінішті, сізбен тағы да әңгіме-дүкен құруды қалап едік, — деді Виктор. — Сіз секілді адамды күн сайын кездестірмейміз.

Ариман Сэнсэйге разы болғандай жымиып көзін тастады да, Викторға жауап берді.

— Еш алаңдамаңыз. Біздің әлі талай әңгімелесуге уақытымыз болады.

— Шын ба?! — деп балалар қуана сұрап, одан сайын шаттана түсті.

— Ал біз сізді жақын аралықта көреміз бе?

— Сіздер ойлағаннан да жақын аралықта, — деп Ариман жымия жауап берді де қоштаса бастады.

Айта кету керек, балалар Ариманмен таңертеңгі кездесуге қарағанда өте жылы қоштасып жатты. Барлығы дерлік қолын ұзақ ұстап, көптеген рахмет сөздерін жаудырып, тіпті біреулері соңғы сұрағын қоюға асықса, енді бірі жәй ғана өзінің бар таңғалысын білдіре алмай, оның қолын эмоционалды сілкумен болды. Тек жалғыз Сэнсэй ғана таңертеңгі кездескеніндей қолын беріп қысқа қоштасты. «Бикештер» Ариманнан қолдарынан сыпайы сүюді алды (ендігі біршама үйренісіп қалған). Және осы жалпы халықтық «ағайыншылдықтан» кейін (панибратства), барлығы Ариманды шығарып салуға кетті. Матростар қызыл алауларын жағып, қайықтың борт жанына қойды. Олар моторды алып тастап, қайтадан ескектерін шығарды. Ариман қайыққа тұрған кезде, яхтадан жанды баурайтын Бетховеннің «Ай сонатасы» («Лунной соната») әуені ойнай жөнелді. Әуен өте тамаша еді. Оның үйлесімді әрі жанға жайлы болғаны соншалықты, оны табиғаттың өзі орындап тұрғандай әсер қалдырады.

Қайық жүзіп кеткен кезде, балалар Ариманның артынан қол бұлғап, бар жақсылық пен сәтті сапарды тілеп, өздері қалай суға еніп кеткендерін байқамай қалды. Осылай біздер толқытатын, жүрек тебірентер қоштасу сәтіне таңғала тұрып қалдық. Алаумен жарқыраған қайық, жағалаудан баяу алыстап,

ескектерінен шыққан су шолпылымен өзінің мұнды әуенінің тактісінде кетіп барады. Осының барлығынан көзіңе еріксіз жас үйіріледі екен.

Кейін ұжымы яхтаға көтерілген кезде, Ариман соңғы рет қолын бұлғады. Мотор іске қосылды. Яхта бұрылды да, өзінің жарқыраған ғажайып иллюминациясында, ұлы композитордың әуенімен, ай сәулесі түскен теңіз жолымен ұзай бастады. Көзге көрінбей ұзап кеткен кезде, балалар мұңая судан шықты. Әуеннің естілмегеніне де біршама уақыт болса да, менің басымда шексіз айналған пластина секілді бұл тамаша әуен қайта-қайта ойнаумен болды. Балалардың тек бір күннің ішінде өзінің ақылдылығымен, сән-салтанатымен, сыпайылығымен және онымен бірге ұрыс өнерінің асқан шебері, іскерлігімен, ашықтығымен тек ұнамды болып қана қоймай, жас жүректерді жаулаған Ариманмен қоштасудан көңіл-күйлері болмағаны анық еді.

Артқы жақта тұрған Сэнсэйді көріп, балалар сол бойда оны сұрақтың астына алды.

— Сэнсэй! Ал ол бізге тағы қашан келеді? — деп Руслан талап еткендей үнімен сұрады.

— Жақында деп айтса, демек солай болады, — деп Сэнсэй байсалды жауап берді.

— Иә, әлемдік еркек! — деп Володя тамсана айтты.

— Және барлық жағынан, — деп Женька да сөзіне қосылып таңғалды.

— Бұл анық, — деп Виктор растады. — Ол қалайша... Шындықты... дөп басып айтты! Міне нағыз ой еркіндігі, міне нағыз интеллект күші!

— Ал оның қанша ақшасы бар? — деп Андрей Сэнсэйден ашкөздене сұрады. — Ол өте бай адам ба?

— Енді мен соншалықты қаржысы көп басқа адамды білмеймін. Оның қолында әлемнің алпауыт корпорациялары шоғырланған.

— Ал керек болса! — деген таңғалған сөздер балалар арасында тарап кетті.

— Осындай ақылды басымен таңғаларлықтай жайт емес, — деді Стас.

— Ол әлгі элитаның элитасына кіретін шығар?! — деп жартылай таңғала, жартылай сұрағын қойғандай Женька айтты және басына жаңа ой келгендей: — Ол Архонт! — деді.

— Олай болмағанда, — деп Сэнсэй ешқандай энтузиазымсыз айтты. — Ол Жоғарғы Архонт.

— Ариман элитаны басқарады ма?! — деп балалар таңғала хормен сұрады.

— Иә, — деп Сэнсэй солай болуы керектей жауап берді де: — Оның шын есімі Абраксас, — деп қосты.

— Абра... кім? — деп Женька таңғалды.

— Абраксас, — деп Сэнсэй қайталады.

Бірақ бұл есім балаларға ештеңе білдірмегені анық еді. Есесіне менің ішкі жан дүнием салқындап кетті. Бұл есімді мен осы біртүрлі кеште бірінші рет естіп тұрған жоқпын. Демек мен галлюцинацияға теңеген әлгі от жанындағы әңгімелер шын мәнінде болғаны ма? Мұны түсінгеннен тәнім суықтанып кетті.

— Хм, ал ендеше біздер ол туралы әлі күнге дейін неге еш жерден естімегенбіз? — деп Виктор таңғалды.

— Естідіңдер. Және бірнеше рет. Тек ол өзінің бірнеше лақап аттарымен танымал.

— Әрине, осындай бизнесті басқарған соң еріксіз жасырынатын боласың, — деп Володя жанашырлықпен айтты.

— Бұл анық, — деп Сэнсэй де күлді.

— Тоқтаңыздар, біздер естіп жүрген қандай лақап аттар? — деп өзінің болжамдарына шатасып, басында өзіне белгілі танымал әлемнің бай адамдарын есіне түсіргені анық, Виктор түсінбей сұрады.

Барлығы демдерін ішіне тартып, Сэнсэйге қарады.

— Қандай атпен? — деп Виктор қайталай сұрады.

Сэнсэй қалтасынан темекісін алып, асықпай тұтатты. Кейін күмістей жарқыраған ай сәулесі түскен теңіз жаққа назарын салды. Және түнгі қараңғылықта жеңіл сүтті ақ тұман түтінді жіберіп, шаршаңқы даусымен:

— Ібіліс (Сатана), — деп жауап берді.



